

Құл-Керім ЕЛЕМЕС

ЖАРЫҚ

жыр кітабы



«Сөздік-Словарь»

Алматы

2014

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5
Е 45

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы
бойынша жарық көрді

Елемес Қ.

Е 45 Жарық: жыр кітабы / Құл-Керім Елемес.– Алматы: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2014.– 304 бет.

ISBN 9965-822-90-5

Бұл жинақ ақынның соңғы жылдары, әсіресе Хақты, хақиқатты тануға бар ынты-шынтысымен ден қойған тұстарындағы өз көзі жеткен шындықтың санаға ұрылған сәулелері дерлік. Мұнда ақын оқырманын жалғаннан шынды айыруға, илаһи тазалыққа, «адам қайдан келді, қайда келді, қайда барадыға» ерекше назар аудартады. Әрі Адам баласын жалғанға малданып мәңгі опық жеп қалмауға, амал дүниесі болып табылатын бұ дүниеде о дүниесі үшін де қызмет етіп, мүмкіндігінше шындыққа қарманып қалуға, екі әлемін тең ойлауға жетелейді.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 9965-822-90-5

© Елемес Қ., 2014
© «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2014

РАС

- 1. Мұсылман адам тағымен де, тілімен де Аллаһтың жолында күреседі. Жаратқан Иемнің атына ант, сендер (ақындар) ататын оқтың үші өткір.*
- 2. Кімде-кім ижтихад етудің нәтижесінде ақиқатты дөп басса, оған екі сауап беріледі. Ал қателессе бір сауап беріледі. Хадис*

Бисмилләһир-Рахманир-Рахим!
Хаққым, Сені жырлап өту – мұратым!
Жыр бер Өзің,
Нұр бер Өзің жырыма,
Құлың ем ғой жырдан тапқан мұратын?!

Бисмилләһир-Рахманир-Рахим!
Сөзде менің жалғаным да, расым.
Сөзде жайдым жайылса егер құлашым,
Болсам болдым Хақ сөзімен бір ақын.

Сөзден осы құл екенім сезіндім,
Хақ сөзімен жамандықтан безіндім.
Хақ сөзімен ақ-қараны айырып,
Хақ білдірді өзге кім һәм өзім кім!

Хақ сөзі анық хақиқатты білдірді,
Хақ сөзі ашты мендей пақыр ділгірді.
Хақтың сөзі ақындығымды айқындап,
Анық етті санамдағы бұлдырды...

Бисмилләһпен көзімді аштым – көр екем!..
Бисмилләһсыз «төр» дегенім «көр» екен!..
Бисмилләһпен екі әлемімді анықтап,
Бисмилләһпен кірді қашқан берекем!..
Солай, анық болды адам Құл – Керекең!
Шүкір!

2011.8.13

СҮЮ

Адам нәм Адам баласы,
Аллаһты сүйсе жарапты.
Жын менен Адам баласын,
Сүйге Ол Өзін жаратты!

Аллаһты сүйгем, нұр өпкем,
Өр сәтім жарап мың күнге.
Аллаһты сүйген жүрекпен,
Адамды сүймеу мүмкін бе?

Адамды сүйгем жүрекпен,
Өр сәтім татып мың күнге.
Адамды сүйген жүрекпен,
Қазақты сүймеу мүмкін бе?

Қазақты сүйгем жүрекпен,
Өр сәтім татып мың күнге.
Қазақты жүйген жүрекпен,
Қалқаны сүймеу мүмкін бе?
Жоқ!

2002.10.31

СЕН

«Ия, Аллаһ!» десем, жарқылдап
Жүрегім нұрға толады.
Аллаһты құлдың артында,
Бір іздеушісі болады!

«Аллаһ!» деп өткен Абай да,
«Аллаһ!» деп өткен Шәкәрім.
Солардың тұнған арайға,
Жүземін аппақ шәнәрін...

Жүземін аппақ шәнәрда,
Иманнан, нұрдан қашалған.
Солардай нұрын шашарда,
Нәпсіден аулақ қаша алған!

«Ия, Аллаһ!» десем, арайлап
Жүрегім нұрға толады.
Аллаһты құлдың қалайда,
Бір іздеушісі болады!..
Сен!

2002.2.10

МАХАББАТ ПА?

«Хаққым болсын Саған, – дейтін, – жан құрбан!»
Құдай берді құштарлық ол жанды ұрған.
Хақ лебінің бір мысқалы ол, мүмкін,
Соқыр, мылқау, керемді де жандырған!

Дүниенің тартылысы ол – махаббат.
Жасындардың жарқылысы ол – махаббат.
Рух пен тәннің әр тынысы ол – махаббат,
Сезімдердің шарпылысы ол – махаббат!..

Ал, онда –

Хақ пен өзін ұламаған махаббат,
Хақты айтқанда жыламаған махаббат,
Хақтың аты аты құрлы арудың,
Жан-діліне ұнамаған махаббат,
Махаббат па?

Хақты көрмей, қызды көрген махаббат,
Нақты көрмей, ізді көрген махаббат,
Хаққа құлдық ісін жаннан өшіріп,
Нәпсілерге үздіге ерген махаббат,
Махаббат па?

Хақ сырына қанықпаған махаббат,
Хақты құлға танытпаған махаббат,
Сонша ма ыстық сүйіспендік күшімен,
Хақты бір де қана ұқпаған махаббат,
Махаббат па?

Жүректерді аралаған махаббат,
Жүрген жерін жаралаған махаббат,
Өзі берген құштарлықпен Аллаңты,
Бір сүйеге жарамаған махаббат,
Махаббат па?
Жоқ!!!

2007.2.8

ҚАП-АЙ

Екі ұшы күндіздің қараңғы,
Екі ұшы өмірдің жап-жарық.
Күндізі жұтқандай қараңды,
Өмірдің ортасында отырмын дағдарып.

Пендемін, не дауа, ғарыппын,
Жарыққа назарын салмаған.
Басы мен аяғы жарықтың,
Ортасын жарықтай алмаған!

Өмірімнің ортасын қарайтып,
Шетіне жете алмай – жарыққа,
Екі бір дүниемді тарайтып,
Анығында айналдым ғарыпқа...
Қап-ай!..

2007.1.25

ҚАЙШЫ

Аузы ашылып көрімнің,
Өткенімді жерлеп тұр...
Құл-Керім мен Керімнің,
Арасында жер, көк тұр...

Аузын ашып көрімнің,
Жап-жарық нұр өтті есіп.
Құл-Керім мен Керімнің,
Жатқаны бұл беттесіп.

Тұтасымды тұмшаған,
Қараңғымнан арылып,
Жарығыма ұмсанам,
Екіге хақ жарылып...

Алдыңгүнім қап-қара,
Ал, бүгінім жап-жарық.
Қараңғымды қап-қара,
Шығып келем қақ жарып!..
Әлхамдулилләһ!

2002.11.26

СЕСКЕНУ

«Жерде жүргенде дандайсып асқақтама. Өйткені, сен Жерді әсте жара алмайсың.
Бой жағынан да таулармен иық тірестіре алмайсың» (*Құран. 17с – 37а*)

Өзіңнен үмітімді ұштағам мен,
Рухым нұр, тәнім сенсің ұшпағанмен.
Дәретсіз бір баспауға қақылы едім,
Жер,
Сені басқаным-ай күс табанмен!

Жер,
Сені басқаным-ай аяғыммен.
Астамсып шұқып аса таяғыммен.
Бірақ, сен мызғымастан, «мыңқ» деместен,
Жатырсың сабаз қалпы баяғыңмен...

Жер-ау, Жер,
Сен недеген төзімдісің?
Сыйлаған Аллаһ қандай төзім күшін?
Мүмкін, сен бір алмастан жатырсың ба-ау,
Жаратқан сенен бізден көзіңді шын?!

Біз – құлға менменсіген елес үндеп,
Айтып та жатырсың ба-ау «өлесің» деп?
«Паң, пақыр көкке қарап кердеңси бер,
Түбі ақыр қойыныма келесің» деп?!

Жер,
Сені жібердім-ау таптап-ақ тым.
Шіркін-ай, қайтіп ақыңды ақтамақпын?
Жүрісім мынау менің «Құдай» деудің
Орнына ізін кесіп ақ тамақтың...

Жер – Ана-ай,
«Құлыным» деп құшармысың?
Жоқ әлде қос бүйірден қысармысың?
Отын боп Жаһанамға жанар ма екем,
Ұша алмай Жәннәт – бақта ұшар құсым?!

Аллаһ – Ол шексіз Ұлы, кешірімді!
Бірақ, «мен» өмір еттім кесірімді...
Аруақты құдай тұтып* қара бастым,
Аллаһқа тарыс жауып «есігімді»...

Аллаһ – Ол шексіз ұлы, Рахымды!
Кешірер (бұрғам Оған мұратымды!)
«Серіксіз, иманы пәк болса екен» деп,
Халқының қамын жеген бір ақыңды!
Аллаһ – Ол шексіз Рахман! Рахымды!

* Аруақты құдай тұту – кейбір қазақи таным меңзелген

МАХАББАТ ГҮЛІ

Махаббат гүлі – ғашықтық,
Ғашықтық болса, ол, қашықты
біріне бірін ынталап,
Қасиет қосар асық қып.

Махаббатты егер жер десек,
Ғашықтық соның гүлі өскен.
Жер жоқ па гүлің нөлге есеп,
Кем қалмақ солай үлестен.

Таптасаң жерді табанда,
Ардай ақ гүлін жаныштап.
Қалай ғана өсіп бағаң да,
Жаратқанға өрлеп «жан» ұшпақ?

Қалай ғана, адам, сафтығың,
Жаралған қалпы сақталмақ?
Қалай ғана артып сақтығың,
Адамдық мұрат ақталмақ?

Махаббат, ғашық бірісіз
бірінің күні қаран-ды.
Нұры ол Хақ, Хақтың нұрысыз,
Адамның күні қараңғы.

Аллаһтан берген адамға,
Қасиет олар тым нәзік.
Болмаса олар адамда,
Кетпек-ті адам мүлде азып.

Айтсақ шын ойдың ашығын:
Бастырған Хаққа қадамды,
Махаббаты мен ғашығын,
Сақтаумен адам адам-ды.

Сүйеге Хақты арналған,
Қасиетті осы пәсейтіп,
Адам қанша ма қармалған,
Нәпсісін жөнсіз есейтіп?!

Тұрса да тәнді алқымдап,
Ғашығын тиған маздаған,
Сабырын сары алтындап,
Жетті Оған адам аздаған.

Махаббатсыз шын жоқ ғашық,
Махаббат та жоқ ғашықсыз.
Талайдың жүргені от басып,
Еді олар Хаққа асықсыз.

Асығың – Аллаһ, Хаққа асық,
Арыңмен Оны, ал, мақта.
Аллаһың ғана жақтасып,
Жеткізетұғын Жәннәтқа!

2011.8.14

ҚҰЗЫР ЕТУ

Бабына келтіріп ем жыр құлағын,
Бұлақтай тастан аққан сылдырадым.
Немесе анасынан аулақ қалып,
Қайта ұшқан құлындайын құлдырадым...

Дұрыс!

Сыйы ғой бұл да Хақтың берген маған,
Қалайша кереметсіп кердең қағам!
Етуге Хаққа шүкір қақылымын,
Берілсін төмен, кейде өрден бағам.

Мақтау да, мадақ та Бір тән Аллаһқа!
Мәңгі істің мағынасы, мәні Аллаһта.
Құлқымен құзырына байланғасын,
Жақсының жана ұшады жаны Аллаһқа.

Бірақ та, адаммын ғой, айыптымын.
Бірімін Хақ алдында айыптының!
Қалшиям қайтерімді білмей қатып,
Қалайын ойлағанда ғайып күнім.

Қабірім не болады тар ма, кең бе?
Жағымды іс жауап берер бар ма менде?
Жауап бере алмайды екен Нәкир, Мүнкәр
Сұраған сұрағына арға кенде.

Ниетсіз қылған құлдық тиын дейді,
Әй, қайдам, ниет сондай иінбейді.
Нәпсі ме, нәпсі сайқал сайқаң қағып,
Менменсіп мен байқұсқа күйінбейді.

«Қой» деймін, «тоқтал» деймін, «арыл» деймін,
«Ағыңнан Хақ Аллаһқа жарыл» деймін.
Сүйеді ол дүниені өліп-өшіп,
Бәрібір зарық оған, зар іл мейлің...

Ием-ай, сонда да Өзіңе үміттенем!
Қараймын қаһарыңа үмітпенен!
Енсем деп Құзырыңа құл пейілмен,
Келемін көңіл жүйрік күлікпенен!

Қабыл ал тілегімді,
Құдіреттім!
Өзіңсің құдіреттісі Құдіреттің!
Өзіңсің таубаларды қабылдаушы,
Сондықтан құзырыңа құзыр еттім!

Кешірші тастан қатты кінәмді,
Аллаһ?
Қалдырма қас бойымда күмәнді,
Аллаһ!
Айырар ақ пен қара,
Дос пен қасты,
Жолшырақ берген бізге – Құранды,
Аллаһ!

2011.8.14

ИНШАЛЛАҒ

Салған көпір,
Не мектеп,
Немесе екен бақ сынды,
Артымда қап емектеп,
Асқақтатар жақсымды.

Алар жаттап бар өрен,
Көңілдерін көнші етіп.
Жалғыз шумақ қара өлең,
Қалдыра алсам енші етіп.

Екі-ақ тармақ немесе,
Алтынсарин көзіндей –
Оқыса кім он есе,
Сауап жиған сөзіндей -

Сөз қалдырсам жетер ед,
Әрі жарық, әрі шын.
Оқығанның еселеп,
Ашатұғын ғарышын.

Себебі әр ғасырдан,
Жетті бізге тармақ бір.
Жебедейін атылған,
Жетесінен саулап нұр.

Хақ үні бар демінде,
Хақ шындық бар діңінде,
Жыр жаза алсам менің де,
Жанар бағым түбінде.
Иншаллан!

2011.8.24

ӘУЛИЕ

Хақтан хақтап пәгеюін сұраған,
Әулие, ол – Хаққа ғашық бір адам.
Хақ болғасын қабыл оның дұғасы,
Сонда да одан сұм болады сұраған.

Бірі өзінің әулиесін білмейді,
Бірақ та ылғи қылған ісі гүлдейді.
Басқа біліп оның әулие екенін,
Дұға еткізіп дұғасынан нілдейді.

Бірі өзінің біледі әулие екенін,
Хақтан сұрап хақтандырар мекенін.
Дүниеге пысқырмайды өткінші,
Деп біледі дүниені «не теңім».

Енді бірін жұрт та, өзі де біледі,
Күндіз күлмей, түнде аз кірпік іледі.
Хаққа шексіз құл болған соң қалтқысыз,
Хақ алдында қабыл шексіз тілегі.

Бәрі солай әулиелігі ашылған,
Иманының нұры әлемге шашылған.
Солай рас,
Бірақ солай екен деп,
Адасады әулиеге бас ұрған!..

2011.8.24

ЕҢ ЖАҚСЫ СӨЗ

Дүниенің бар болуы – Ләә иләәһә илаллаһ.
Тілеулердің нар болуы – Ләә иләәһә илаллаһ.
Дүниенің жақсы сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Ақиқаттың нақты сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Пәк иманның нұрлы сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Пәгеудің сырлы сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Екі әлемнің ауыр сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Мұсылманның бауыр сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Хақ Аллаһқа сенім сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Қай құл айтса соның сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Жаратылыс мақсат сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Зікірлеудің жақсы-ақ сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Дінге адамды ашар сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Ділге шуақ шашар сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Алғаш Адам көрген сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Хаққа уәде берген сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Адам иман еткен сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Ақиқаттан өктем сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Екі өмірдің сұлу сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Жан жібітер жылу сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Адам алып қайтар сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Ақтық демдегі айтар сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Тірілердің тауап сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Өлгендердің жауап сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Мақшарда іске асар сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Таразыны басар сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Құл Жәннәтқа кірер сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.
Бәрін Хақтан білер сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.

Адам, сені шақырамын «осы сөзді айт, тыңда!» деп.
Осы сөзсіз, адам саған, екі әлемде дым да жоқ!..

2011.8.24

ЗІКІР

Жамандық іздеп өзіңнен,
Жалған дос болып жанайтын.
Аллаһсыздар көп сөзіңнен,
Аллаһтың атын санайтын.

Шімірікпесін байқарсың,
Хақ атын «қайталапсың» деп.

Өліге қайтіп айтарсың,
«Хаққыңнан аулақ қапсың» деп.

Ол үшін Рас өтірік,
Өтірік рас ол үшін.
Кетеді-ау ертең от ұрып,
Ашиды жаның сол үшін.

Білдіру болмас білмеске,
Білдірген Хаққа шүкір ет!
Құр ойнап, босқа күлмеске,
Зікір ет, Хаққа, ал пікір ет!

Хақсыздар қарсы бола алмас,
Иманың болсын жолдасың.
Зікірсіз тыныс бол алмас,
Бір сөзің Хақсыз болмасын!

2011.8.25

НӘПСІ КҮШІ

Жетпіс үш бір нәпсіде
Шайтан күші бар екен.
Найынсап дүр нәпсіге,
Қап кетуде бар есем.

Шайтансыз-ақ малғұнның,
Атқаратын міндетін.
Нәпсі бауыр әркімнің,
Жегізуде күнде етін.

Нәпсі екі аша нәрсе екен,
Біреуі – тіл, «тән» – бірі.
Құлдыққа ол қарсы екен,
Хақ алдында мәнді ірі.

Оңайлау шын тән тыю,
Тыю қиын, әй, тілді.
Талай сөзді жан қыю,
Әй, тіл айтты,
Айтылды...

Тұратыны ол марқайып,
Сені итеріп кемеске,
Тән тозғанмен қартайып,
Тіл тозбайды емес пе.

Жоқ тілді ұру бассалып,
Қоймау үшін ырқына,
Жүрген содан тас салып,
Сахабалар ұртына.

Ондай биік қайда, қап,
Ондай төзім жоқ бізде.
Тән-тілді онда байлап ап,
Нәпсіні оларға өткізбе.

Сөйт те нәпсіңді ақылға,
Ақылыңды иманға
бағындыр, сөйт, мақұл ма?
Өзің Хаққа иланда!

Сөйтсең бағың жанады,
Сөйтсең құс боп ұшасың.
Сонда хақтап манағы,
Хақ Иенді құшасың!
Иншаллан!

2011.8.25

ИМАН КҮШІ

Хақ атымен басталмаған іс қаран,
Хақ атымен сөйленбеген сөз мәнсіз.
Хақ атымен істелмеген іс харам,
Хақсыз сүрген өмірдегі кез жансыз.

Аспен,
Жерге толған сыйлық етсең де,
Хаққа серік қоссаң кетер жиғаның.
Бағың жанар бермесең де бес теңге,
Серіксіз нәм берік болса иманың.

2011.8.25

ҚИСЫҚ

Ақылсыз болса ұл кетер,
Нақылсыз болса қыз кетер.
Ата-ана қалар аңырап,
Айтқаныңменен жүз бекер.

Ертсе де татыр жүз нөкер,
Ақылды талай жүзді өтер.
Ибалы болса алғаның,
Жаныңды жылтып ізгі етер.

Сіз десер туған, біз десер,
Үмітіңді үзбе, үз, бекер.
Біліксіз болса бауырың,
Маңыңды терең құзды етер.

Қарақшы болып із кесер,
Опасыз қара жүзді есер.
Имансыз болса ел патшасы,
Басынан халық құз көшер.

Көңіліңді суық күз-ді етер,
Күн шықса жерден сыз кетер.
Майдансыз болса дос-жолдас,
Араны жалтыр мұзды етер.

2011.8.25

ЖАМАН

Жақсы көру көрсетпейді жаманды,
Улап, торлар у-сойқы ойлар санаңды.
Кей сұлулық ой кірінің шапаны,
Ақтан қараны айырмау да жаман-ды.

Ферғауындай ақылшы еткен Қаманды,
Әуексітіп Қамандайын жаманды.
Мұса әкелген хақиқатты танымай,
Былықтырған,
Ылықтырған заманды...

2011.8.25

КҮЗЕТ

Қадір түні – қадірлі түн, мың айдан да сауапты!
Кірсіз,
Мінсіз сексен жылдық құлдықты ойла, сауатты!

Екі әлемі жарқыраған нұрлы иманмен гүлдеген,
Сексен жылға адамзатты ырысты ету бұл деген.

Періштелік тазалыққа бір-ақ сәтте өту бұл.
Сексен жылдық мінсіздікке бір-ақ түнде жету бұл.

Бұл қалауды білген құлды жіберетін шүлен ғып,
Бұл не деген мейірімділік,
Бұл не деген шүлендік?

Тал бойынан жоқ ететін тауба еткеннің кесірін,
Бұл не деген жарылқану,
Бұл не деген кешірім?

Бұл не деген рахымдылық,
Бұл не деген мейірім?
Шатастырма бұл мейірмен ата-анаңның мейірін!

Хақ сыйлаған бұл қадірлі отыз күндік жарықта,
Оразаңды тұттың ба шын, онда айналдың жарыққа.

Шүбәланба, болды солай, Хақ нұрына кенелдің!
Қалпың бұзба, халың сақта, сенсің бірі кемелдің!..

Сонда бұл түн қандай жарық, қазыналы түн еді?
Мұндай сыйды тұрған сыйлап адамзатқа Кім еді?!

Ойлан бауыр,
Орныңнан тұр, бұл дүние жалған-ды!
Қанша ақылды шайтанға еріп, нәпсісіне алданды.

Тырдай мынау дүниені өтсең дағы аралап,
Көзіңді енді соқыр ет те, харам жаққа қарама.

Тіліңді ме, тіліңді жұт, өсек, сыбысты ұмыт та,
Өзіңді ұста дініңе еніп – мұсылмандық тұнықта.

Сеніміңде серік қоспа – Хақтан басқа жоқ тәңір!
«Бар» дегендер болмақ оттық, табынам деп жоққа құр.

«Хақ!» деп қана құлдығыңда берік болсаң нағында,
Шүбәланба, ой-қой бауыр, кіреріңе Ғадынға!

Ал ендеше күзетейік Оразаның соңғы онын,
Болмайық та ұйқы ұйытқан, нәпсі мінген тоңмойын!

Ұйқы деген ұры халық, ал күзетіп Нұр сыйын.
Ұйқы өлтіріп, құры қалсаң өксігенің бір тиын!

Жетері хақ дарғайыңа **Сен** салғанға сабырлы ер!
Оят та онда, о, Аллаһым, мүминіңе сабыр бер?!

2011.8.26

АДАМ

Хақ рас,
Құран рас,
Рас діні!
«Хақ» деген растайды рас мұны.
Тірілтіп өлмей тұрып, Хаққа шүкір,
Танытқан шын расты қыр астырып!

Хақ Өзі сүйген құлын дара етеді,
Барды жоқ, жоқты жоқтан бар етеді.
Тәңірін танымаған «Барды жоқ» деп,
Наданды Намұрттай хар* етеді.

Ондайлар көз, жүрегі, құлақ тұрып,
Шындықты естімейді құлақ түріп.
Анықты «көрдім» демес көзі көрмей,
Білмекті «білмеймін» дер жылап тұрып.

Бұл үшін адам деме перделіні,
Һәм «пенде» дей көрме әсте зерделіні.
Аллаһын естіп, көрмей нанатын бар,
Адам сол адамдықта жердегі ірі!

2011.8.26

*Хар – суқараңғы

КЕНДЕЛІК

Сақтан «саңлақ, даңықты, ұлы, салмақтым»!
Сезген білмек ауырлығын салмақтың.
Даңық – изар, екен бізше алжапқыш,
Ұлылық ол шапаны екен Аллаһтың!

Даңық кімді арбамады қазақта?
Ұлылық та тіркелмеді аз атқа.
Хақ: «екеуін иелемек болса кім,
Салам, – депті, – сол құлымды азапқа*»!

«Кешір Аллаһ, тауба!» делік – қайтайық!
Хаққа ғана мақтау, мадақ айтайық!
Құл лайықсыз шынды жалған малданып,
Жүре бермей «ұлымын» деп қайқайып.

Ұлы Аллаһ,
Аллаһ дана,
Даңықты!
Ұлы, өйткені Ол – жаратты да, дамытты
Аспан,
Жерді,
Жел,
Күн,
Айды, күллі істі,
Екі әлемді,
Жәннәтті һәм тамұқты...

Ол жаратты өсімдік,
Хайуан,
Жәндікті,
Ол: «бол!» деді, боп бәріне жан бітті...
Ол жаратты өлім,
Өмір,
Жоқ-барды...
Нұр,
Сәулені,
Жасынды,
Отты һәм құтты...

Ол жаратты періште,
Жын,
Адамды!
Періште ме, пәкизат ол табанды.

*Құдыс хадис. Имам Муслимнен

Жын ба, жын да тұрақсыздау мақұлық,
Адам – халиф, бірақ көбі надан-ды...

Адам рас жаратылыс соңғысы,
Күтілді одан болмақ бәрі оңды ісі.
Қос қасиет – ақыл, нәпсі беріліп,
Болсын делді тек жәннәттық сом кісі.

Адам бірақ тілін алып малғұнның,
Жоқшысына айналды, әттең, бал күннің.
Болды міндет дүниеден қайта өрлеу,
Еншісінде Хақ білер жәй... ол кімнің!

Соны білмей кердеңсиді көп пенде,
Хақтан қорқу кәперінде жоқ та емге.
Аңғармайды тұрса да өлім алқымдап,
Адам рас ақиқаттан бек кенде!

2011.8.26

ТӘРТІП

Ханға тәртіп келмесе,
Жұртқа тәртіп кеу қиын.
Ол жоқ қоғамды, ендеше,
«Ашық қоғам» деу қиын.

Ханы иманды болмаса,
Халқы иманды болмайды.
Имансыз боп сорласа,
Халық үшін сол қайғы.

Иманды боп келеді,
Адам өмірге анығы.
Мұнда да Оған сенеді,
Ақиқатқа қанығы.

Иманменен келгеннің,
Сенбегені неткені?
Сенімсіз боп өлгеннің,
Имансыз боп кеткені.

Мәнсіз өмір – өмірдің
Құлшылықсыз өткені.
Сеніммен кеп дүниеден
Сенімсіз боп кеткені.

2011.8.28

БОЛАДЫ

Бұзылуы адамның
Көруінен болады.
Аллаһқа емес шайтанға
Еруінен болады.

Қарақшылық хан жолын,
Торуынан болады.
Жаманшылық Хақ ісін
Жоруынан болады.

Азу құлдың арлыға
Қозуынан болады.
Ақымақтық әдептен
Озуынан болады.

Ұятсыздық ұятты
Ашуынан болады.
Кедейшілік орынсыз
Шашуынан болады.

Құдайсыздық Құдайды
Танымаудан болады.
Хақ ісіне ақылды
Жанымаудан болады.

Менменшілдік көңілдің
Тасуынан болады.
Әлжеттілік әлінен
Асуынан болады.

Жеменгерлік шүкірдің
Жоқтығынан болады.
Ақылсыздық қарынның
Тоқтығынан болады.

Мақтанпаздық құл өзін
Зорсынудан болады.
Такаппарлық басқаны
Қорсынудан болады.

Білімсіздік «білдім» деп
Марқаюдан болады.
Ілімсіздік сенімнен
Ортаюдан болады.

Нәпсіқорлық пенде өзін
Тектеместен болады.
Иман нұры жүректе
Көктеместен болады.

Өзімшілдік, озбырлық
Сараңдықтан болады.
Кісіліксіз надандық
Арамдықтан болады.

Жамандықты ұмытпау
Жамандықтан болады.
Жақсылықты ұмыту
Надандықтан болады.

Кекшілдік пен жаңылдық,
Білімсізден болады.
Қарсы шығу шындыққа
Ілімсізден болады.

Жігерсіздік жігерін
Жанымаудан болады.
Мұның бәрі Тәңірін
Танымаудан болады.
Солай!

2011.8.28

ҚҰРАН

Құранда тұрып ілім сені күтті,
Менменсіп білмедің-ау соны «мықты».
Онда: **«Мен жын, адамды тек Өзіме
жараттым құлдық үшін*»** делініпті!

Менменсіп оқымадың Құранды ашып,
Санаңды күдікті ауыр күмән басып.

Құранды оқысаң саф шын көрер ең,
Жалғанда жалғанға емес Шынға ерер ең.

Шынға еріп, шынданар ең періштедей,
Хақты нәм Хақтың ісін терістемей.

*«Зәрият» сүресі, 56-аят

Ғаламның он сегіз мың сырын біліп,
Кетпес ең кездейсоқты ырым қылып.

Таубаңа келіп солай танып Хақты,
Өткенге өкінер ең жанып қатты!

Дүние өтірігін рас біліп,
Дүрмектен алыстар ең құлашты ұрып.

Тірілер Хақ алдында күніңді ойлап,
Істеген біліп-білмей мінің бойлап,

Таубаңа тағы-тағы, тағы келіп,
Хақ құлдың қараүзер ең нағы болып!

Күнәдан шыбын-шіркей қашып солай,
Өзіңді жарқырар ең ашып солай!..

Бар кітап бір харфіне тең келмейтін,
Оқымай адам оны жөнделмейтін,

Құранды – сөзін Хақтың оқымауың,
Ол сенің – екі әлемдік тоқырауың!

Ол сенің – Хақ Аллаһпен сырласпауың,
Хақ берген бойдағы игі сырды ашпауың!

Ол сенің – надандыққа тірелуің,
Ол сенің – тірі жүріп тірі өлуің!

Ол сенің – Хақ ілімін қате алуың,
Қате алып хақсыздыққа маталуың!

Ол сенің – өзіңді-өзің аша алмауың,
Жаныңа жарығыңды шаша алмауың!

Ол сенің – айырмауың ақ-қараны,
Ол сенің – ақ білуің қап-қараны!

Ол сенің – жұмсамауың ақылыңды,
Адамдық қор еткенің асылыңды.

Ол сенің – рух, жан һәм сезім жайлы,
Білмеуің не делгенін өзің жайлы!..

Екі әлем,
Періште,

Жын,
Жаралды Адам,
Жаралып Хақтан зат жоқ нәр алмаған.

Жалғыз зат Аллаһ қана жаралмаған,
һәм Аллаһ сөзі – Құран жаралмаған!

Себебі, жаралмайды Жаралмастың
Сөзі де, Өзі де хақ!..
Нәр алмас кім?!

Білсең бұл хақ Құранның мәртебесі,
Жіберген бізге оны Хақ, мәрт еді Осы!

Білмеуің міне осыны – Құран білмеу,
Көзіңе ілмеу Хақты – Құранды ілмеу!

Көзіңе Құранды ілмеу – Хақты «жоқ» деу,
Басыңнан екі әлемдік бақты жөткеу!
Басыңнан екі әлемдік бақты жөткеп,
Пәниде-ақ тозақ оты жақты беттеу!..
Солай!

2011.9.3

КӘЛИМА

Адам ба,
Адам Кәлиманы айтпақ керек.
Айтып, сеніп иманды байытпақ керек.
Таусылып дәм өмірден озарда да,
«Ләә иләһәә илаллаһ» деп, қайтпақ керек!

Босқа өткізбей өмірді жоққа өкпелеп,
Аллаһ нұрын жүрекпен өпек керек.
Нұры ішінде Аллаһтың сүріп өмір, –
Осы Сөзбен пәниден өтпек керек.

Шырқағанмен шыңында әнді басқа,
Сенбейтіндер бары рас мәңгі Расқа.
Өмір мәні – кәлима, қайталап өт,
Өмірде одан нәрсе жоқ мәнді басқа!

2011.9.4

СҰРАУ

Біреуге аз,
Біреуге Хақ көп береді...
Ал адам бергенді әрең өткереді.
Сондықтан адамға адам бере алмайды,
Беру не, сұрағанды жеккөреді.

Хақ қана күллі істі өткеретін,
Өзінен сұрағанды еп көретін.
Хақ қана беріп тұрса бере алмайтын,
Басқадан сұрағанды жеккөретін.

Хақ бәрін көрнеу-көмес көре алатын,
Жоқ жоқты жоқтан бар қып өре алатын.
Өзінен сұрағанды жақсы көріп,
Өзінен сұрағанға бере алатын.

Болса да жерден тысқар күн атағы,
Сұрау ол Хақтан тыстан күнә тағы.
Хақ қана жақсы көрмес сұрамауды,
Хақ қана сұрағанды ұнатады!

Тағдыры істің барлық сірә Хақтан!
Хақ құлын бармен, жоқпен сынамақ сан...
Бере алмас сұрап құлдан қорлық таппай,
Сондықтан не сұрасаң сұра Хақтан!

2011.9.3

АҚ ПЕН ҚАРА

Білмеймін деп ойламайды еш надан,
Басқа білед деп те ойламайд еш надан.
Надандық ол – мойындамау Хақ барын,
Надан надан – хақиқаттан еш қаған.

Сенімі бар сенбес Хақсыз ешке адам!
Барда сенім қалмас надан еш те адам.
Сенімділік – Хаққа сену қылаусыз,
Адам ба адам – ақиқатты қостаған!

Надан Күннің шығуына бір қарап,
Оны: «Тәңір, – десе, – тұрған нұрлап-ақ!»

Адам демек: «Аллаһ Күнді жайнатқан,
Хақ күшімен Күн осылай нұрламақ!»

Адам – білу, Бардың* барын анықтап,
Шүбәсіз нәм шексіз білу қанықтап.
Надан – білмеу, Бардың, бар ғып Жаратқан
Өзін Шынның анығында танып та!

2011.9.4

СОНІКІ

Анық шындық менікі емес, Хақтікі!
Хақтікі шын хақтығы хақ Нақтікі!
Хақтікі жөн хақтығы рас Растікі,
Өйткені мен Хақ бар еткен бақтікі!..

Мен өйткені Хақ бар еткен құл-ақпын,
Ақиқаттан аққан жалғыз бұлақпын!
Білдірілген,
Білетіннің білдірген
Бір шынымын, бір-ақ шыннан* гүл аттым!

Себебі сол, қалай менікі рас-ты!
Растау да құлға ауыр іс расты.
Рас білген растығын Растың,
Жан аспаған ақиқаттан бір асты.

Сол себебі Хақтікі жөн, жөні сол!
Хақ құлына жөн білу де жеңіс ол!
Хақтың құлы – Хаққа құлдық бағынан
Өніп шығар хақиқаттың жемісі ол!

Сондықтан да емес дұрыс менікі!
Деу хақсыздық адам үшін «менікі!»
Күллі ғалам,
Мендегі де Хақтікі,
Хақтікі рас,
Барлық рас Сонікі!

2011.9.4

* Бар – Аллаһ тағала

* Бір-ақ шын – Адам атадан

ОБАЛ

Расты өтірікші қаралайды,
Өйткені ол растауға жарамайды.
Ал шыншыл *Хаққысы* ашқан хақ көзімен,
Хақты да, қараны да саралайды.

Бірақ шын өтірікке қараймайды,
Ол қайта ол өйткен сайын арайлайды.
Ол қайта шыншылға шын сырын ашып,
Шыншылдың жанын жарық сарайлайды.

Өтірікші Распенен өштесем деп,
Өзінше еткенімен өшпес еңбек,
Ақыры өлім оны оятқанда,
Шайтанға өкінеді «кетті есем» деп!

2011.9.4

САДАҚ

Ермек үшін жазбан мен де өлеңді,
Хақиқы өлең Хақтың сыйы – ол енді.
Шайнап берген нандай жайғап берсең де,
Түсінбес бар берген жазып өлеңді.

Жүрек шөлін қандырмай ма нұрлы өлең,
Сөнген ойды жандырмай ма нұрлы өлең.
Көңілсізді көл қылмай ма нұрлы өлең,
Танымсызды таң қылмай ма нұрлы өлең.

Ақылға ақыл қоспас па еді нұрлы өлең,
Тағылықтан тоспас па еді нұрлы өлең.
Түнергенді ашпас па еді нұрлы өлең,
Айрылғанды қоспас па еді нұрлы өлең.

Жоқ, қоспаққа себеп болмақ нұрлы өлең,
Болса егер хақ хақиқатпен бүрлеген.
Сіңіріліп сәлихалы нұрлы иман,
Иман бақтан болса әйтпесе нұр кеген.

Өлең дейін игеріп сөз – құйынды,
Хақ шындықты жырлау құлға қиын-ды.
Жан жыртығын жамау керек болса егер,
Сөзден гөрі жырмен жамау тиімді.

Ақын – мерген,
Ойы – садақ,
Сөз – жебе,
Ата алсаң ат дiттегенiң көзде де.
Ақиқатсыз көзді соқыр сияқты,
Бiрақ дарып кетпеуi шарт өзгеге.

Нұрлы өлеңнiң тиер жерi бұрыстық
болуы шарт,
Жөн орнауы дұрыстық.
Әкелерi болу керек туралық,
Орнатары болсын көпке ырыс-құт.

Хақ Құранмен қаруландыр сөзiңдi,
Ақиқаттан айнытпа да еш өзiңдi.
Қисықтардың қасында ұста қашанда,
Хаққың берген қайсар өлең – тезiңдi!

Түсiнбеске түсiндiрiп қиналма.
Одан да аттан Хақ Иеңе жинал да.
Әр сөзiңе абай болып,
«Аллаһ» деп,
Хақ жолында ұш жүректер мен миларға!

2011.9.5

СЫН...

Ақын болсаң ақ, хақ нәм зерек болғай!
Ақындары ем тартатын ерек толғай.
Хақты хақтар Хақ берiп жырлар жазсам,
Қайрандарға қалдым мен керек болмай.

Қырқындатып, қыздатып, қатындатып,
Жырға әйел қосқансып затын батып,
Жыр жазуға жалғандық бек әуеспiз,
Жаһаннамға түсiрер ақынды атып.

Жапырақтатып, шөптетiп, шөңгелетiп,
Өсектi, өтiрiктi дөңгелетiп,
Желектiнiң алысып етегiмен,
Желөкпелеп, желпiнтiп, жеңгелетiп...

Құйқылжытып, құйылтып, сорғалатып,
Төмен қарай тамақтан жорғалатып,
Қорғағансып намысты қоңын ашып,
Бет пердесiн жалғаннан қорғалатып.

«Сүйем сені, сүйемін, күйемдетіп»,
Саған ғана басымды иемдетіп.
«Сен ғанасың өмірде, сен болмасаң,
Қалар болды, – дегізтіп, – жүйем кетіп».

Етек жақтан бір ғана шыға алмайтын,
«Жыр» деп мүлде басқаны құп алмайтын,
Бір сөз айтсаң шыны бар ұға алмайтын,
Айтуды әсте Хақ жайлы құп алмайтын.

Айтсаң болды Хақ жайлы «жыр емес» деп,
Ақылына Хақ емес, жын елестеп,
Мүфти, имам дегенді «тұлға емес» деп,
Құранды «ертек немесе құр елес» деп.

«Өз тағдырың өзіңнің қолыңда» деп,
«Бала белде, ал қатын жолыңда» деп,
«Дүниені белінен жаныштап өт,
Айың оңда, ал Күнің солыңда» деп.

«О дүние» дей қалсаң, «кім көрді» деп,
«Өткіз қане ойнаумен күндерді» деп.
«Өзінді-өзің таны деп, таң атқанша,
Атыр қане сауықпен түндерді» деп,

Десең «жаса құлшылық», «тазамын» деп,
«Бұрқырата осылай жазамын» деп,
Иман жайлы ұят пен бір тіл қатпай,
«Қасиетті (жалғаннан) қазағым» деп.

Шақырғанды хақ дінге «ағымда» деп,
«Осы болар бұзылған нағында» деп,
«Бұзып жатыр халықты, сүзіп жатыр,
Жою керек көзін тез уағында» деп.

Мұсылмандық жүріске қарап көріп,
Әйел көрсе көйлекті араб көріп,
«Болды бұлар бұзатын ұлтты» десіп,
Есінде жоқ бұзғаны арақ беріп.

«Лирика» деп ат қойып жырға бұзық,
Кісіліктің жіптерін ырғап үзіп,
Қайран қазақ халқымды-ай қорлап бітті,
Жатқан иман орнында нұрға жүзіп.

«Жыр бердік» деп халыққа у ұсынып,
Көсемісіп, әзілқой қуы сынып,
Өзі ғана білгірі, данышпаны,
Елдің биік көтерер туы сынып.

Аңқау елдің арамза ақындар-ай,
Болау керек еді ғой затың да арай.
Тұнығыңды өздерің лайлайсыңдар...
Қайран Мұқаң,
Әй, қайран Қасымдар-ай!

Қайран Абай,
Әй, қайран Шәкәрім-ай!
Иман нұрын уыстап шашарым-ай!
«Ақынмын» деп бәлсінген бәтшағардың,
Бар қылығын бетіне басарым-ай!

Қайран Ахмет,
Әй, қайран Баласағұн!
Білерлерім кім биік, аласа кім.
Сендер білген шындықты Хақ білдіріп,
Жаздым аз жыр оқысын қаласа кім!

Қаласа кім Хаққа хақ бетін бұрсын,
Қатесіне қай кімді өкіндірсін.
Жырыменен Хақ берген хақты жазып,
Хақ жолына өз халқын бекіндірсін!

Дұрысы ақын сөйтуі ақындығы,
Хақта онысы Хаққына жақындығы.
Неге жаратылғанын түсініп нәм
Бақылауда болмысты басымдығы.

Тудырмаса екен бұл сөзім егес.
Сезіміңді мынаны сезіне кеш:
Ақылыңды аңдай біл, Хақты құлға
танытатын сол!
Әсте сезім емес!

Сезім нәпсі,
Сезу ол ақыл* жақын,
Сезген құлға сезімнен ақыл жақын.
Сезуді әсте сезіммен шатастырмай,
Хақтап өтер Хаққысын ақылды ақын!

Ақылдыға шындықтың сыры мәлім,
Біліп қайтпау қылмысын ұрыға мін.
Ақындықта ақылды ауызға ұрып,
Сезіміңмен шектелсең құрығаның!

2011.9.5

* Ақылға жақын

ЖОҚ

Қолына ұстағаны алтын қалам,
Жыры жоқ жалғыз ауыз алтындаған.
Әуелі Хаққын танып,
Хақты жырлап,
Болмай ма ақын ақын қалпында адам.

Нәпсісін нәжістерден тоса алмаған,
Ылғи да Хаққа аруақты қосарлаған,
Иесін қалай ақын бола алмақ-ты,
Жырына жалғыз рет қоса алмаған?!

2011.9.6

РУХ ПЕН ЖАН

Рухты «жан» деп,
Жан жайлы кеппіз жақ ашпай.
Рухсыз, жансыз, ақылсыз өскен ағаштай.
Тілейік Хақтан жан (нәпсіге) еріп адасып,
Істеген талай ісіміз үшін оғаш қай...

Кіргенді «жан» деп,
Шыққанды кеппіз «рух» деп,
Жоқ олай емес, кірген де шыққан рух тек!
Жан ба, жан – нәпсі ұшатын алып әр неге,
Қоздыратын да, тоздыратын да «бұрық» деп.

Жансыз болса ағаш «нәпсісіз екен» деп түсін,
Әне сол жаннан көретіні адам бек қысым.
Жан адамдағы ақылды алса басқарып,
Екі әлемде адам өтеді сор мен от құшып.

Рух ол – адам тән қабында алған отырып,
Жан ол – тән бірде ақылды, ал бірде есірік.
Тән қабын тастап кететін де рух, һәм тағы,
Әл-Мисақта әлгі серт берген Хаққа да осы рух!..

Сондықтан жан мен рухты біліп даралап,
Жанға еріп рухты алмайық кірлеп, қаралап.
Рухқа бәрін басқартып иман (сеніммен),
Өтейік «Хақ» деп дүние бағын аралап.

2011.9.6

БАЯН

Хақ алдында еш білгір жоқ,
Елші алдында данышпан.
Етілгенге бес күн құрмет,
Болдым деме «данышпан!».

Хақтың ісін Хақ біледі,
Құлдікі Оның аяны.
Хақ па, Хақ Ол нақ біледі,
Құлдағысы баяны...

2011.9.6

СӨЙТ

Аллаһ жолға салған құлды,
Ешкім де азғыра алмайды екен.
Аллаһсыз қап азған құлды,
Ешкім жолға салмайды екен!

Салмайды емес, сала алмайды,
Өйту құлдың қолында емес.
Салынған құл қала алмайды,
Құдайсыздық жолында егес.

«Хақ» деп атта алға аттарда,
«Аллаһ» деп ал тынысыңды.
Тек «Хақ» десең Жәннәттар да,
Жарқырарсың күні сынды.

Тіпті түкке,
Түкке алданба,
Білгенге өмір салмақ, бөгет.
Арнал солай құтталғанға,
Аллаһты «Аллаһ, Аллаһ» деп өт!

2011.9.6

ТАЙҒАҚ

Шешінгенге «ки» демей,
Киінгенді «шеш» дедік.
Есіргенге «тый» демей,
Күйінгенді «өш» дедік.

Ізгісізді «ірі» атап,
Екі жүзді «ер» дедік.
Құдайсызды «пір» атап,
Азғынға «өне, төр» дедік.

Діні бардан шошынып,
Жыны барға жанастық.
Қарақшыға қосылып,
Сараңдармен санастық.

Сатқындарды қашырып,
Ғалымдарды байладық.
Құлығымызды асырып,
Жұртты жұттық айла ғып.

Жалған дінді жаудырып,
Жалғыз дінді күндедік.
Жұртты шыннан аудырып,
Бір ұлтты еттік мың бөлік.

Ақылшы етіп наданды,
Наданға елді басқарттық.
Адам көрмей адамды,
Адамдықтан бас тарттық.

«Таниық-ау» демей бір,
«Танытамыз» деп ұштық.
Етпей ерді егей-дүр,
Жасаудамыз жегіш қып.

Иман, Ұят, Қанағат,
Тауба, Шүкір бек кеміп.
Хақтық ашық сана қап,
Кеттік екі беттеніп.

Кешір, Аллаһ, Өзің кеш!
Дұғам осы-ай айтар мың!
Дарғайыңа сөзімде еш,
Кір қалдырмай қайтарғын!
Әмин!

2011.9.6

ДІН

Өмірде жалғыз бақты – діні адамның,
Діні аман болады пәк күнәдан мың.
Жаратқан адамды Аллаһ дін үстінде,
Күн емес діні жоқ па күні адамның.

Дін бе, дін Аллаһ берген нұры адамның.
Қорлық сол, діні жоқ па, бұл адамның.
Басқадан сұрап босқа күнә таппа,
Бүйірі шығар Хақтан сұрағанның.

Екі әлемі ырыстамақ діні аманның,
Дінсізге өз байқалмайды міні адамның.
«Аллаһ» деп күні туар жылағанның,
Аллаһсыз сүйері жоқ құлағанның.

Қашанда жолы жарық дінді адамның,
Құдайлы көкірегі Күнді адамның.
Діні жоқ,
Хақ Иесін танымаған,
Жүрегі,
Жүзі қара сұм наданның.

Аллаһқа құл боп көркем қарыз жолдап,
Дінде өлмек дінді адамға парыз болмақ.
Сондықтан дін тұтыну құлға міндет,
Дінің тұт!
Міндетіңді* ұқ!..
Қарыз болма!..

2011.9.6

* Міндет – «Мен жын мен адамзатты Өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттымды» («Зәрият» сүресі, 56) біліп ғамал ету.

АЛАШ

Алаш ұранлы халық боламыз, ол рас.
Алашы – «Алла аш», басқаға білген жорымас.

Дәлел ме?
Дәлел – мұсылман жұртпыз біз деген!
«Алла аштап» сұрап, үмітін Одан үзбеген.

Мысалы, Алаш – «Алла жол, бағым, барымды аш!»,
Дегені екені күмәнсіз менше, ей, қарындас!

Тіпті, Алаш – «Алла аш!» екені көңілді емдемек,
«Ялланың» – «ия, Аллаһ» екені сынды «мен» демек.

Мұндай сөз бізде көп-ақ-ты, халқым, көп бізде.
Соларды ескер, салыстыр ойдан өткіз де!

Мысалы, құда – парсыша «Құдай» деген сөз.
Ал «құдыяр» ма – «Құдай – Жар» деген көген сөз.

Мысалы, «Алаш – алапес елдің аты екен»,
Деген сөз қалай ақылға саймақ?
Жат екен!..

Солайы даусыз, күмәнсіз болса сөз жоқ-ты.
О дағы болжам қисыны шыннан өзгек-ті.

Хан аты да емес,
Ел аты да емес «Алаш» ол,
Ежелден діншіл ұраны қазақ – «Алла аш!» ол!

Айтыла «Алла аш» – «Алды аш» – «Алаш» боп өзгеріп,
Жеткен сөз өзі шыннан тұр бізге сөз беріп.

Қазақ ұраны – «Алла ашта» тастай біріккен.
Аруақтағанда үріккен қойдай іріккен...

Онысы Хақты ұмытқаны еді шіріктеп,
Танымнан азып тозғаны еді шіріктеп.

«Алла ашы» қалып батырын кетіп ұрандап,
Тозғаны үшін басынан ұшқан Тұран – бақ!

«Алла ашын» тастап, «аруақтап» қазақ шабам деп,
Астына түсті құдайсыздардың сабан боп...

Солайша сақал,
Қырқылды қыздың бұрымы,
Тіректен Ұлы күшейгенде ырым-жырымы...

Себебі, Аллаһ Жалғыз-ақ еді, Бір еді!
Ол – Ояу,
Білгір,
Әуелсіз,
Соңсыз,
Тірі еді!..

Оны ұмытқанның жоқ болмақ еді тірегі!
Сенімі азып,
Жабылмақ еді жүрегі...

Ел болдық қайта Хақ беріп тәуелсіздікті,
Қоялық енді хақсыздық – Әуелсіздікті!

«Аруақтап» шаппай,
«Аллааштап» ұрандаталық,
Ұлт болып ұйып бір ғана Хаққа маталып!

Тек сөйтсек қана бақытты халық боламыз!
Нұрлап тұрмақ-ты кетсек те жоқ боп моламыз!..
Иншаллаһ!

2011.9.7

СЕН ҒАНА БАРСЫҢ

Аллаһымды ойлап атырып таңын Аллаһтың,
Құзырына Аллаһ жүрегім жібін жалғаптым.
Езіліп жүрек,
Есіліп көңіл елжиді,
Көтеріп күшін бойдағы ауыр салмақтың.

Құранын оқып Құдіретпенен сырласып,
Жанымда жабық жабылып қалған сырды ашып,
Аллаһыма әрі өзіме жақындап келем,
Ақ нұрда балқып екі де басып, бір басып.

Шіркін десеңші, жамалын көрсем Иемнің!
Ием-ай, Саған ілтипатыммен сүйендім!
Құранды қондыр,
Әлім жеткенше амал ғып,
Жұқтырып алған шәййын нұрмен күйемді!

Аллаһым, Өзің қателерімді кешірші?
Рух, тәнімдегі кір атаулымды өшірші?
Таудан да биік,
Тастан да қатты кінәм бар,
Кешіріп, Ием, Жәннәт бағыңа көшірші?!

Мәңгілік мекен Ғадынға кірсем, шіркін-ай!
Бұзылмас еді мәңгілік болып шырқым-ай!
Онда кіргеннің мәңгілік нұрлап бақыты,
Онда кіргеннің балта шаппайды мұртын-ай!

Шіркін-ай!..

Ғадынға иә,
Фердауысқа иә кірейін!
Үкіміңе айтқан үмітпен құлақ түрейін!
Дем бер Хақ Өзің, шайтанның сақтап шәрінен,
Тура Өзің баста, «жүр» дегеніңмен жүрейін!

Саған сенемін,
Сенен басқа ешбір жоқ тәңір!
Басқаға сенген кірері даусыз отқа құр.
Саған сенемін,
Сен ғана барсың, Мәңгісің,
Мүмкін емес-ті болуы әсте жоқта нұр!..
Сенен басқа, Аллаһ, Сенен басқа әсте жоқ тәңір!!!

2011.9.7

ХАҚ ДІНІ

Хақтың дінін қаралама,
Хақ діні,
Ардан таза әділеттің ол ақ тіні!
«Жаман» тұтса періштедей пәкгейіп,
Періштеден де алға етеді жақсыны.

Хақтың діні хақ құзырдың мекені,
Діндегінің даусыз құзырда екені.
Құзырға адам дінде ғана жетеді,
Дінде жоққа құзыр оның не теңі!..

Хақ дін құлдың арылатын аймағы,
Хақ алдында ол ап шығатын айғағы.
Құлды есейтер Хақ қалыбы дін деген,
Жоқ онда орын жамандыққа қайдағы.

Жамылып ап Хақ дінінің шапанын,
Шатуы дерт рухани шатаның.
Жұртты бұзып,
Құдай қарғар іс қылып,
Басын кезген «әулие мен атаның»...

2011.9.8

ХАҚСЫЗ

Лаухулмақфузда әркімнің тағдыры айқын жазылған,
Анық білдік біз оны Құрандағы назылдан...

Құдайсыздың білімі табиғатқа тірелген,
Сондықтан да Аллаһқа сенімінің нұры өлген.

Құдайсыздың танымы көргенінен өтпейді,
Хақты ілімі сондықтан хақтауға оның жетпейді.

Құдайлылық көрмей-ақ нану болса ғайыпқа,
Құдайсыздық нанбау ол көрмеген соң ғайыпқа.

Бақастықпен былыққан зейіні мен зердесі,
Шындықты оған танытпайд тақаппарлық пердесі.

Біз «сақтасын» дегенмен,
Сақтанбайды ол өзі,
Тек қарсы өтер Хаққына адамзаттың ол езі.

Бар қып өзін жаратып,
Бар қып өмір берсе де,
Танымайды ол Тәңірін таныр ақыл берсе де.

Құдайсыз боп қалады ол айыпта ма, айыпта!
Нақ мүмин бе, нанады ол Аллаһына – ғайыпқа!..

Хаққа ұшсын құл, сондықтан, тек Хаққысын мақтасын!
Өзін қор ғып Хаққына қарсы өлуден сақтасын!

2011.9.10

ІЗДЕУ

Жалғызды «Бір» деп жалғыздай алмау нанымнан,
Көзқарастардың біреулеспеуі танымнан.
Түсініктердің түрлілігі де ілімді,
Үйренудегі, игерудегі алымнан.

Ілімін Хақтың игеру құлда пәс болса,
Ақылы надан, Аллаһ ісіне қас болса,
Барына Хақтың, Жалғыздығына нанбайтын,
Құлағы керек,
Жүрегі қара тас болса,

Онда ондай адам көргенге ғана нанбақ-ты.
Талдаусыздықтан Тәңірдің сырын сан жақты,
Жаратып өзін,
Ғаламды мүлтсіз бақырып
тұрған бір күштің Хақ екенінен танбақ-ты.

Өйткені оның көңілі жабық, көзі ашық,
Жалғанды шындап шырқауда жұрттан сөзі асып,
Құдай боп алған құл екенінде күмән жоқ,
Ақылға сеніп дүниеге өзі қожасып.

Дүние құлы болмақ-ты залым, ол мыстан,
Жасамақ құдай
Құдай бар еткен ол мыстан.
Өйткені надан көргенге ғана сенетін,
Іздемек Хақты жаратқан Өзі Ол болмыстан.

2011.9.10

ХАҚ ТІЛЕУ

Аллаһу Әкбар,
Аллаһсың, Әкбар – Ұлысың!
Сен ғана барсың, Басқа тәңір жоқ құл үшін!
Сен жаратқалы жасап келе атқан мекенім,
Сен нәсіп еткен станым қазақ – Ұлысым!

Әлхамдулиллиәһ, Қазақстаным – мекенім!
Мұндағы қазақ бір бауыр елі Мекенің!
Адам атаның бір ұлы болса бұл қазақ,
Мен қазаққа ұлмын, Хақ Саған құлдық етемін!

Өзіңе құлдық еттім де таптым менімді,
Иман нұрыңмен жібіттім қатқан көнімді.

Адамның бақты Өзіңе ғана серіксіз
сенімде екен! Бекіттім, шүкір, сенімді!

Атамыз қазақ болғаныменен мұсылман,
Адасулардан күніміз көп-ті қысылған.
Мезгілдер өтті халық боп бастан кешірген,
Дәреттен, құлдық, хабарсыз қалған ғұсылдан...

Сан шүкір Хаққа,
Орнады қайта басқа бақ!
Қазақтың қазір ғаламдағы аты асқақ-ақ!
Сен берген, шүкір, бастағы бақты дос қолдап,
Қаймыға бізге қадайды көзін қас қадап.

Шүкір,
Сан шүкір, мадақ Өзіңе Хақ Ием!
Халқымның әйтеу қалмағаны анық тағы иен.
Елді одан ары дінімен көркейт,
Дінімен
көркейген жұрттың қалмайды қаңсып бағы иен!

2011.9.10

ӘЙ, МЕНШІЛІК

Менімнің жауы, әй, меншілік,
Қазір-ақ қойсам имандап,
Қазір-ақ тауып кемшілік,
Қазір-ақ шықтың сыйдаңдап...

Менмендей берсең сыйдаңдап,
Мен қайтып Хаққа иланбақ?
Онда тез өшіп иман қап,
Кетпей ме бойдан жиған бақ.

Ей, меншіл Хақтың пендесі,
Ырыққа Ол үшін көнде осы,
Жарасын меннің емдесіп,
Кәне өтші ал менмен меңдесіп.

Сөйтсең мен – менім хақтанып
Хақты хақ танып, мақтанып
кетпей «мен-мен» деп, Нақтанып
үндесер шынмен сафтанып!
Иншаллаһ!

2011.9.11

СӨЙТКЕСІН

Хақ ашып өзін салынса адам жолға хақ,
Тек Хаққын пәктеп хақ махаббатын жолдамақ.
Ойы да, сөзі, ісі де хақтап, біреулеп,
Жат қылықтардан жанталаса өзін қолға амақ.

Өрлетіп солай өрлегендердің Хақ қалап,
Рухы,
Жаны,
Ниеті кірсіз ақтамақ!
Ақылы, ойы, санасы самғап ғарышқа,
Болмысыменен Тәңірі Аллаһ жақтамақ!

Сөйткесін адам жалғанын жойып шыңданбақ.
Расы гүлдеп, рухы асқақ шыңданбақ.
Нанымы бекіп, танымы кеңіп Аллаһын
Танумен анық құлданбақ,
Сәттеп құнданбақ!..

Сөйткесін адам ақ сүйіп халқын, мекенін,
Аллаһ хақ,
Дін шын,
Құранның рас екенін,
Болмысыменен шек, шүбә қалмай мойындап,
Әлемдік екі рухының таппақ хош емін!

2011.9.12

ЕКІ ТАЛУ

Саулықта Хақты танысаң бір-ақ, білгірім,
Ауырғанда Оны танысың екі, ділгірім.
Себебі, емге данышпан таппай Оны асқан,
Ұшумен Оған айқындалады бұлдырың.

Қысқанда науқас тұлаңды қара тер басып,
Ес кеткен ақыл елпектеп оны қорғасып,
Айдағанда ауыру тұрқында тәннің жан қалмай,
Сасқалақтамақ адамды қара қор басып.

Ақылдан ақыл,
Мендіктен менмен «ер*» қашып,
Алқымдап ажал, елестеп көзге көр қашық,

*Ер – жайшылықтағы адамның өз ішкі мені

Рух пен тәннің үйлесімі ұшып тараптап,
Көңілді қайғы,
Жүректі үрей, сор басып...

Шырқырап рух жер таппай қалар бұғынып,
Алдына келер өміріне Аллаһ жүгініп...
Аурудың сырын Аллаһ қана Өзі біледі,
Бұл істі ғайып білмек жоқ адам ұғынып...

2011.9.12

САҢЫРАУ

Серікшілдің құдайы жасалады қолымен,
Ол жүрмейді сондықтан хақиқаттың жолымен.
Оның жолы отты жол апаратын тозаққа,
Өмірі оның ұқсайды тірі жүрген өлімен.

Жасалатын құдайдың «құдайы өзі» екенін,
Сездіргенмен сезбейді ол рухани мешелің.
Аллаһ Өзі ақ жолдан адасқаннан сақтасын,
Аллаһ бермей таппайсың ондай сордың еш емін.

Қалай құдай болады жасалатын, жасайсың?
Құдай Құдай болмай ма жарататан, жасайтын!
Қалай құдай болады илеп жасап қамырдан,
Қарны ашқанда қайтадан тамақ етіп асайтын?

Мына күмбез көк аспан,
Жер және оның таулары,
Ондағы аң, құс, өсімдік, миуа, бақша-баулары...
Берін берген Аллаһты бұт, аруаққа теңейтін,
Серікшіл де,
Бұтшыл да хақ Аллаһтың жаулары!

Жасағанды «құдай» деп, Жаратқанды танымау,
Баласына Адамның қандай қарғыс, жаным-ау!
Неге берген ақылды ойласаң-ды соған сап,
Ей, көзі бар көр соқыр,
Құлағы бар саңырау!

2011.9.12

ҚАСИЕТ

Хақ Ол Хақ,
Хақ Хақ,
Ұлының Ұлы Ол Ұлысы!
Ұлының ұлы ол, қашан да ұлы ұлы ісі!
Қасиет беріп Ұлы Өзі хақ қып жаратқан,
Хақтау ол Хақты хақтанған нақ хақ құл ісі!

Құл сондықтан да хақ қалу керек тұрқында,
Тек Хақ боу керек Хақ берген қан мен ұрқында.
Басқаның бәрін болмыс пен ойдан шығарып,
Қасиеттеу керек қасиетін сақтап ғұрпында.

Қасиет ол – нығмет Хақ берген құлға бір белгі,
Қасиетпен құлға қасиеттелсін деп нұр келді.
Қасиетпен адам жаралып қара топырақтан,
Биік боп бардан*,
Халиф боп барға* түргелді...

Сондықтан құлға шайтанға ермеу бір міндет,
Шайтан ол құлды сәт сайын шалып жүр күндеп.
«Жаралмаса адам болар ем мен деп халифа,
Адам кеп аздым, «адам» деп мәңгі құрыдым» деп.

Мақсаты оның тозақтау «жауы» адамды,
Аңдулы ол содан адамдағы әрбір қадамды.
Адам тек Хаққын зікірлеп, жүріп хақ дінмен
Сақтанбақ одан бес фарыз, дос қып азанды...

Сөйтсе адам сафтап, өмірлеп өтпек бір қалпы,
Қасиет құлдық сақталмақ сонда нұр қалпы.
Сондықтан да адам тек «Хақ» деп ғана хақтанып,
Сақтасын өзін хақ дін ішінде жырғалтып!..

Себебі: қасиет бағаламаудан қашады,
Хақ дінін Хақтың сағаламаудан қашады.
Бойынан бір сәл әлсіздік көрсе әлгі адам,
Өз-өзін мінеп табаламаудан қашады.

Әдетті жұққыш жамандық бастар жанды елтіп,
Шәриғат салып тазаламаудан қашады.
Шайтанға еріп шатқаяқтаған нәшүкір,
Нәпсісін арсыз жазаламаудан қашады...

2011.9.13

* Бар – күллі, барлық жаратылыс

БІЛУ

Өмір ме ішпек, ұйықтамақ, жемек, күлмек құр?
Жоқ, мысалы, Аллаһ: «дана бол, бәрін біл» деп тұр!..
Даналық деген – Аллаһын танып, Аллаһтың
Өзін де,
Сөзін,
Дінін де «бір» деп білмек-дүр!

Білумен құлдың адамдық құны аспандап,
Бойынан пенде, тақаппар, менмен, астам қап,
Шынына жетіп өзіндегі өзі Хақ берген,
«Хақ» деп тек рухы жарықтар емес пе асқан бақ?!

Білумен құлдың құлдығы өзін сақтамақ,
Саф алтындайын болмысыменен сафтана-ақ.
Туғанда қалай пәк болса, кірсіз, сенімді,
Сол халын иман халымен халдеп, нақтамақ.

Білумен құлдың менінің мәні шешіліп,
Бойының міні, ойының сұмы кешіліп,
Рухын тұсап мандытпай келген дүниеге,
Құлдықтан Хаққа құтыла жүйткір көсіліп.

Білумен құлдың өлімге достығы айқындап,
Қорқуы одан алмасып Хаққа қайтымдап,
Құлантазара адам боп Аллаһқа ұшады,
Өз-өзін кешпей күн сындап, апта, ай сындап...

2011.9.13

ӨР АЛЛАҢ

Сен ғана барсың, ия, Аллаһ!
Аллаһ жоқ Сенен еш басқа!
Расұл – елшің Мұхаммед,
Адамзат тәжі ол көш баста!

Сендірдің Өзің бұл шынға жолға сап,
Рухым, денеммен,
Басқа Аллаһ Сенен жоғына, Сен ғанаңа, Аллаһ, сенем мен!

Көзімді аштым соқыр ем,
Ояттың өлі ем, тірілдім!
Орнымнан иман нұрыңмен Сен берген, Аллаһ, тұрылдым.

Ол рас жасап Сен берген өмірді мұнда тауысып,
Өзіңе қайтам,
Мақсатым – жүзіңді көру қауышып!

Жүзіңді көру ең ізгі иманды құлдың арманы,
Жүзіңді көріп, Жәннәтта бақыты – құлдың қалғаны!

Әлхамдулиллән,
Жүрегім бұл шынға әбден иланды!
Өмірдің басқа жоқ мәні сақтаудан кірсіз иманды!

Сақтауға кірсіз иманды Өзіңнен қуат сұраймын?
Өйткені жарық Өзіңмен дүние, жарық нұры Айдың!..

Жүзіңді көріп Жәннәтта қалуды мәңгі бер, Аллаһ?!
Сен барсың, басқа еш тәңір жоқ!
Сен ғана Барсың, Өр Аллаһ!!

2011.9.14

САТҚЫН

Дін сыртында адамға адам жақпайды,
Дін ішінде адамды адам сатпайды.
Себебі, адам хақ білумен Хақ ісін,
Хақ дінімен хақиқатын сақтайды.

Дін сыртында білмегесін шындықты,
Боп бір өзі алады да шын мықты,
Шын Мықтының үкімінен қалыс қап,
Қару қылад қасиетіне сұмдықты.

Сұмдық оны бастамайды шындыққа,
Бастайды ол тек қулық пенен сұмдыққа.
Қулық, сұмдық құлды Хақтан айырып,
Сатқындыққа апарады құлдықта.

Тек мүддемен ғұмыр кешіп ол сосын,
Әуел сатып ана – Отанын, өлкесін,
Тілін,
Дінін,
Арын сатып, намысын,
Сосын ақыр қасыр соңы желкесін.

Дін сыртында адамға адам жақпауы –
Міне осындай сатқындықты сақтауы.
Аллаһқа емес, малғұн шайтанға ілесіп,
Иманда ұйып, дінде үйлесім таппауы.

КІЛТ

Кілті Сенің қолыңда жүректердің,
Танысын деп Өзіңді жүрек бердің.
Сосын оны толтырдың иман нұрға,
Болмасын деп иесі құры еттердің.

Сол иманмен таныды Өзіңді адам,
Дін,
Елшіңді,
Ақиқат Сөзіңді адам.
Таныды да кейі оның Өзің беттеп,
Кейі шыннан кердеңдеп безінді адам.

Танығанның болмысы жарықтады,
Ақ-қараны, жоқ-барды парықтады.
Танымаған жүрегі тасқа айналып,
Тірі жүріп өмірде-ақ ғарыптады.

Адам солай сенімнен қақ бөлініп,
Кейі шайтан,
Ал кейі Хақ телініп,
Жатты бірі Жәннәтқа сапар шегіп,
Жатты бірі тозаққа тап болынып...

2011.9.14

БАСҚА

Сенім басқа, бауырым, құлшылық басқа!
Өміріңді, дұрыс ол, құлшынып баста!
Сенім болмай әуелі құлшылық болмас,
Маңдайыңды жарсаң да құлша ұрып тасқа.

Сенім – нану,
Құлшылық – нанған қылатын,
Хақ фарызы Хақпенен жалғандыратын.
Құл әрине сенім мен құлшылығымен,
Хақ Аллаһқа жолдамақ арман-мұратын.

Дұрыс, нанған – мұсылман, емес «ол емес».
Бірақ құлдық қылмасаң он есе кемес
игіліктер Аллаһтан тиіс келуге,
Қалуың деу мақұрым «кемесе кемес!»

Құлдық дағы сенімнің қорғаныс бағы,
Сенім ғана гүлдемек қорғаныстағы.
Тіпті сенім қорғансыз жалаңаш қалған,
Құлға келген бақыттың қолдан ұшпағы.

Хаққа нанған құлшылық тұрмайды етпей,
Оны қойып кетпейді сырнайды беттей.
Оны қойып кеткеннің дүние беттеп,
Орнықпас мен – адамы, иманы көктей.

Өзін білген мүмкінсіз тұрмауы бағып,
Шайтанданған болмаса тұрлауы бөдік.
Хаққын танып,
Фарыздың міндетін ұққан,
Сенімдінің құлшылық қылмауы кәдік!..

2011.9.14

ӨТТІ

Өтірікке малданған,
«Су деп сағымға алданған»,
Берген соған кезекті,
Суайттық кез өтті.

Шындық жасап жалғаннан,
Жамандықпен жалғаннан,
Жоққа адамды нандырған,
Адамды естен тандырған,
Жалғаншылдар бексіген,
Өмір өтті-ау өксіген...

Сананы ластық торлаған,
Адамды адам қорлаған,
Білместіктің жаманы-ай!
Әй, пенделік – заман-ай!..

2011.9.14

ЕКЕУ

Ұяттың негізі иманнан,
Оны ұққан иманын нықтамақ.
Иманмен Хаққына иланған,
Ұятын иманмен мықтамақ.

Бұл екеу бар болса мият бар,
Бұл екеу бар құлды сыйлаңдар.
Иман бар адамда ұят бар,
Ұят бар адамда иман бар.

Иман бір миуа бақ сияқты,
Ұят ол жемісі – сый мәнді.
Иманын сақтаған ұятты,
Ұятын сақтаған иманды.

«Аллаһ жоқ» дегенге иланба,
Күн тұрмақ Олсыз жоқ қияқ та.
Адамның адамдығы иманда,
Ал иман көрінісі ұятта.

Болмақ тек иманың жиғаның,
Өмірде басқа одан жоқ та ісің.
Ұятың кемісе – «иманың
жойылып баратыр» деп түсін!

2011.9.15

ХАҚТЫ ОЙЛАУ

«Мен сондаймын құлым қандай ойласа!»
Бұл Хақ сөзі хикіметті, ойлы аса!..

Бұны бізге хақтығымен өпкізген,
Елшісі Оның хақиқатпен жеткізген.

Еш нәрсеге ұқсамайды Хақ бірақ,
Сен де ешке онда ұқсатпа Оны нақтырақ!

Тек Өзіне Ұлы болса Ол қандай,
Ұлы Ол, Ұлы, Ұлы нағыз Ол сондай!

Кейлер Күнге ұқсатты, ұста соны есте,
Күн бірақ та Ол жаратқаны емес пе?!

Өз жаратқан затына Өзін ұқсату,
Құл өзін тек тозақ отқа ұстату!..

Бұл, жайлы Өзі «биік ойла» дегені!
Басты Өзіне иіп ойла дегені!

Тек Өзін, тек сүйіп ойла дегені!
Құранды ойға құйып ойла дегені!

Үмітті ешбір үзбей ойла дегені!
Уайымға жүзбей ойла дегені!

Өзіне ешті қоспай ойла дегені!
Тек Өз жолын қостай ойла дегені!

Мақтау,
Мадақ айтып ойла дегені!
Ақиқатқа қайтып ойла дегені!

«Кешірет» деп сеніп ойла дегені!
Сынақтарға көніп ойла дегені!

Жүрегімде тұр деп ойла дегені!
Тәңір Ол тек – Бір деп ойла дегені!

Естіп,
Білет Ол деп ойла дегені!
Ілімі Оның мол деп ойла дегені!

«Көп еске алып тек Өзі Ұлы – Егені,
Тек Өзіме құлдық жаса» дегені!..

Иә, бұл сөзді бұдан да кең түсініп,
Құл боу шарт құл Хаққынна өзін ұсынып!

Жақсы ойласаң жарылқайды Хақ сені!
Жат ойлауға қақың құлдық жоқ сенің!

2011.9.17

БІЛГІ

Кімнің нақ кім екенін Хақ біледі,
Құл шексіз нанбаққа Оған хаққылы еді.
Құлға Хақ үкімі мен міндеттері,
Құранда жазуда анық нақтылы еді.

Кімнің не істегенін Хақ көреді,
Құл үшін қай іске де Хақ төре еді.
Құлға оны «қылмадым» деп бұлтару жоқ,
Тұрған соң «дәптерде амал» нақ дерегі.

Кімнің не сөйлегенін Хақ естиды,
Ойыңды Ол сыбыр тұрмақ нақ естиды.
Сондықтан құлға тура жүру фарыз,
Жоқ етіп нәпсідегі әбес күйді.

Хақ қана хақиқаттың иесі-дүр!
Хақпенен хақиқаттың жүйесі бір.
Хақтың хақ Хақ екенін, Нақ екенін,
Түсінбей өтіп кетпе түйесі құр...

2011.9.17

БЕР

Әр харф,
Әр сөзіме шындық бер, Хақ?
Шынсың Сен,
Не берсең де шын ғып бер, Хақ?
Әр сәтін өмірімнің шын ғып сүріп,
Құл етші не айтсам да «шындық» дер, Хақ?!

Жараттың рас қылып, рас келіп,
Ісімді мұндағы әрбір рас көріп,
Құл боп хақ құлдығымды растайын,
Өзіңе жүрегімді рас беріп!

Жар Аллаһ,
Жаббар Аллаһ,
Дана, Керім!
Аша гәр, тек Өзіңдік санада орын!
Қылайын дегеніңді, қуатта Өзің,
Жақта Өзің,
Жарылқа Өзің Панагерім?!

2011.9.17

ӘЛЕМ ТІЛІ

Хақ Құранын Аллаһ бізге түсірді араб тілінде,
Тұрғаны анық онда ақиқат, екі әлемдік ілім де.
Оны білу біздегі өлшем Онан алған білімде.

Дүние біреу,
Әлем екеу,
Дүние әлем ішінде,
Құран тілі – әлем тілі, Хақ сөзімен күшінде!
Адам соны түсінбеуде надандығы үшін де.

Әлем тілі болғасын ол дүниенің де тілі анық!
Дәлелдеуді керек етпес бұлтартпас бұл бір анық!
Жазылған нәм хақ Құранда күллі болмыс сыры анық.

«Ағылшын» ол қатынас тіл, қарын тілі немесе,
Қарын тілден дарын тілдің артығы анық он есе!
Бұл шындықты білу еш жоқ хақ дінге адам кемесе.

Құран тілмен қаруланған биге шықпақ екі алып,
Жұртпен әуел қатынаспақ һәм Аллаһқа бет алып.
Құран құмар Хақ Аллаһпен сырласары өте анық.

Онан жалған, шынды біліп,
Ақ пен қараны айырып,
Адамға азып, адаспақ жоқ жаман беттеп, жай ұрып.
Ал, тірі өлі саналмақ-ты одан қалса еш қай рух.

Білгесін тіл Құранды оқып,
Хақтың хақтап әмірін,
Таниды адам тек Аллаһ Хақ Жалғыз Ұлы Тәңірін!
Сосын «Басқа Тәңір жоқтан» болмайды онда жаңылым!

2011.9.18

СЫН

Адам Хаққын танып, Хақтың хақ Құранын оқысын!
Хақ Құранмен қаруланып, хақ иманмен бекісін!
Адам сөйтіп адам болмақ!
Сөйтпейтін бар, сондықтан,
Ақымаққа дүние бір, ақылдыға екі сын!..

Ақымаққа сын біреуі, ол – білмейтіннен ақымақ.
Ақылдыға сын екеуі, ол – білетіннен ақылы ақ.
Білмейтіннің жеңіл міні – білмей істейт бір істі,
Білетіннің ауыр міні – біліп істейт бақылап.

Ақымақта ақылына қондыру жоқ ақылды.
Тіпті ол сөз деп білмес Хақтың сөзін – нұрлы нақылды.
Ал ақылды ақиқатты екі етпеу шарт бір тыңдап,
Өйткені, ол ақымақтық етпеуімен ақылды.

2011.9.18

ЗІКІР

Күн де «Аллаһ» деп шығады.
Ай да «Аллаһ» деп туады.
Жел де «Аллаһ» деп соғады.
Жер де «Аллаһ» деп жатады.
Көк те «Аллаһ» деп тұрады.
Шөп те «Аллаһ» деп өседі.
Гүл де «Аллаһ» деп ашылады.
Жауын да «Аллаһ» деп жауады.
Шуақ та «Аллаһ» деп шашады.
Ағаш та «Аллаһ» деп мәуейді.
Теңіз де «Аллаһ» деп толқиды.
Мал да «Аллаһ» деп өседі.
Хақ белгісі осы еді!..

ШЫРАҚ

Су әдеті – жыру.
Жол әдеті – жүру.
Қыран әдеті – бұру.
Қасқыр әдеті – қыру.
Көл әдеті – тұру.
Шөл әдеті – құру.

Су атасы – бұлақ.
Шам атасы – шырақ.
Қамыс атасы – құрақ.
Бәйге атасы – пырақ.
Біліп алғын, шырақ!

АСУ

Бұл қандай ауыр дерт еді?
Құмарлық бойды өртеді.
«Дүние» деген дүр нәпсім,
Дүлейдің күйін шертеді.

Жүректі жырға аша алмай,
Жындылықтардан қаша алмай,
Асудан өксіп қайтамын,
Абайлар асқан аса алмай!
Ә-әй!...

ҚАЗАҚ-АУ

Салтың қайсы қазақ-ау,
Дінің қайсы?
Діннен тайып жетілген күнің қайсы?
Абай айтқан бейнеңнен артқа кеттің,
Біліп қане түзелген мінің қайсы?

Біліп қане түзелген түрің қайсы?
Сақтамайтын, сақтайтын сырың қайсы?
Жеңіл асты, ауырдың үстіндесің,
Хаққа өрлеткен кәсіпте қырың қайсы?

Тұтынғанды қош көрдің арам асты...
Киінгенді қош көрмей, жалаңашты
жаның сүйді,
Сондықтан – арың – қызың,
Ашпайтұғын, масқара-ай, араны ашты!..

Сұмдық болды, бұл іске бет үйренді,
Көре-көре көзбен, діл, ет үйренді.
Ел болатын ұлтыңның жәйі осылай,
Бұғанасы, әй, қайтып бекиді енді?

Ұят жоқта иман жоқ емес пе еді,
Имансыз жоқ айдардан жел еспегі.
Күрес иман, тек ұят үшін ғана –
Екі әлемін ойлаған ел өстеңді.

Ұят, иман болса тек бәрі болмақ!
Бұлар болса сақтайт Хақ әрі қолдап.
Бұлар болмай бұ дүниең харан болмақ,
О дүниең онан да ары болмақ!

Ұят, иман әуел сол керек бізге,
Өзінді-өзің олсыз құр жер еткізбе.
Дамығаның дүниеде мәселе емес,
О дүниеңе әуелі керекті ізде!

Сондықтан да, қазақ-ау, тұт ұятты,
Енгіз қайта үйіне құт – ұятты.
Әйел қойма ашылған ұяттысы,
Әйел ұлттың ұяты «құпия» атты!..

Сосын ерді тый, қазақ, зина еткеннен,
Әйел ерсіз түк қылмас үйреткенмен.
Әйел қылмақ еркекті қашаннан жоқ,
Ерді тимақ шарт бүйдә сүйреткеннен...

Сөйтсең ұлттан арылып зор мін тақ қап,
Ұят, иман қайтып өз орнын таппақ.
Сөйтіп рухы асқақтап Хақ алдында,
Ұлт тек сонда қалмақ-ты формын сақтап!

Иман, ұят бар адам бұзылмайды,
Олсыз ұлт та қырмандай қызылдайды...
Олсыз халық азаптан құтылмақ жоқ,
Баса бермек азғындық жүзін қайғы...

2011.9.19

ӨТІРІК

Рас тұр,
Қасында өзек өтірік тұр,
«Рас» деп өтірікті көпіріп тұр.
Сөзінен шындық өшіп, жалған өсіп,
Бойынан шіріндінің қошы ұрып тұр...

Жидіген пәлекеттің иісін-ай,
Қайтарған хайуанша күйісін-ай.
Шылп етпей, шімірікпей Барды «жоқ» қып,
Жандырып жамандықты түйісін-ай.

Өтірікші бәтшағардың сөзінше онда,
Өзі бар, Бар еткен жоқ өзін сонда.
Құдай-ау, бұл не деген жалақорлық,
Құдай-ау, бұл не деген өзін шоңдау?!

Уақытын жұмысаумен өтірікке,
Ақылын шығындаған көпірікке,
«Жалған, – деп, – бұның» қайтіп ұқтырасың,
Хақ жайлы қараңқалған есірікке.

Өтірік – өтірікші қазынасы,
Жатпайды ол әуіре боп қазып ашып.
Ол оның ұшында тұр тілінің тек,
Береді ол содан бүрке азынатып.

Үлкені өтіріктің Хақты «жоқ» деу,
Саны жоқ кішісінің, ақты «көк» деу...
Жан сеңі нәм өтірік баста бақты
Жоқ ету орып, шәйіп, тақсыреттеу...

2011.9.19

АЗҒЫН

Тәңірідей табынған бар өлеңге,
Бір сөзі жоқ ақыл болар әлемге.
«Өлең жұртты құтқарады» деу де әуел,
Не демексің ондай хақсыз, кереңге?!

Құтқаратын Хақ емес пе ед халықты,
Жаратқан да Ол «халық» деген алыпты.
Жыр да Оған тән егер болса салихты,
Бұл анық қой жұрт білетін қалыпты.

Жұрт құтқарар не бар екен өлеңде?
Болса ақиқат, жөн-ау, тағы өлеңде.
Сонда жұртты құтқаратын нәпсіқор,
Аруақ бастап, жын сасыған өлең бе?

Аллаһ жайлы бір сөйлем жоқ бойында,
Құрылған тек жынойнақ пен ойынға,
Аллаһ Құран, дінмен тосқан сұмдықты,
Жазып, жырлау өлең бе екен?..
Қойындар!

Жырдан бұлай бұт жасаған не сұмдық?
Надандардың бұл ісінен шошындық!
Наннан құдай жасап қарны ашқанда,
Жеген араб жәңілдері секілді...

Қой ақыным, таубаңа кел,
Хаққа қайт!
Жазсаң өлең хақиқатты хақтап айт!
Жырлайсың ба, жырлауға анық лайық Сол,
Оны білген қыз-қырқынды мақтамайт!

...Әлгі сөз ол Хақ Аллаһқа қарсылық,
Шайтан Оған айтақтаған қарсы қып.
Хақ жауының барар жері жәнәннам,
Дүниесі де өз ойындай таршылық!..

«Ақындарға ереді, – деп, – азғындар*»,
Хақ айтты ақын міне осындай азғын, хар!
Кіріп, әлде кейпіне енген адамның
сөзіне ерген еліктірген бәз жындар...

2011.9.19

* «Шұғара» сұресі, 224-аят

ТІЛЕ, ХАЛҚЫМ

Патшаң залым болса егер тіле, халқым,
Жұрттың боу шарт ол үшін жүрегі алтын.
Алтындығы жүректің – Хаққа иман,
Жүрегі алтын халықтың тілегі алтын.

Алтынданған жүрекпен алтын тіле,
Алтын жүрек патшаға қалпын тіле.
Алтынданған жүрекпен жұртты бастар,
Алтын жүрек патшаға қарқын тіле.

Тіле халқым, не етсең де Хақ көреді,
Шын тілеген тілекті Хақ береді.
Хақ береді, сен Соған, «берет» деп сен,
Хаққа сенген қашан да Хаққа ереді!

Хақтан жомарт жомарт жоқ шүбәланба,
«Хақ» деп қана қызмет қыл, шық «алаңға».
«Хақ» деп қана малың бақ, сал егінді,
«Хақ» деп қана шық болсаң шығар аңға...

Ісің удан боп келіп, сөзің жалын,
Көңілің надан болмасын, көзің ғалым.
Залым жұртқа залым хан беріледі екен,
Патшаң бетер боп жүрме өзің залым!..

2011.9.19

ХЛУЕТ

*Бір қарастан естен танса шайхтар,
Мың қарайтын біз сорлыға сөз бар ма?..
Мақсум Зарлы*

Сол үшін де керек кейге хлует,
Хақтың анық қалу үшін құлы боп!
Ол хлует өзің боп өт еркіңе,
Сөйтіп хақтан өздегі өздің бірі боп!

ҚҰМАЛАҚ

(Ей, Мұхаммед, айтыңыз):

(222). «Мен сендерге жындар кімдерге түсуі туралы айтайын ба?

(223). Олар барлық күнәға батқан өтірікші-жалақорларға түсіп,

(224). Естіп алғандарын оларға тастайды.

Олардың (жындардың) көбі өтірікші».

«Шұғара» сүресінен.

«Келеді, – деп, – тағы да бір Пайғамбар»,
Күту де кей хақиқаттан тайғандар.
Құранда енді келмейтіні айтылған,
Мұхаммед хақ, хақ ол соңғы Пайғамбар!

Құран,
Хаққа нанбайтұғын залымдар,
Білгендей-ақ дүниенің жалын бар,
Бірі жұртты Хақ бастамақ елші боп,
Бірі күтіп «соңғы» елшіні жалындар.

Бірі Мәді,
Бірі Иса боп барады,
Дүниеге соқыр діндер тарады...
Хаққа осылай қарсы шығып жатқанда,
Хақтан зауал кеп қалмаса жарады.

Аллаһты емес, пір тұтқандар атаны,
Аруақ кезіп алды тауып жапаны.
Бақшыларға жынның тисе шатағы,
Бақсыларға керек шықпақ атағы.

Дін жамылып, шымқай шаңқан ақ киіп,
Бағынғанға жалған қояр «бақты» үйіп.
«Әулие екен десе, – болды, – атасын»,
Науқас – «жынын» жереді алып «сап тиып».

Ол оны анық «әулие екен» деп қалат,
Жатқаннан соң жалын жұтып, от жалап.
Солай сезіп, қосса серік жеткені,
Артық оған қойылмайды бек талап.

Мінсіз боуды жүргенде іздеп, дінсіз боп
шыға келу оңай солай құнсыз боп.
Бірақ та олар «хақ жолдамыз, – дейді, – анық»,
Шүбәланбайт, сұрасаңыз «кімсіз» деп.

Міне осылай бақсы, «әулие», «пайғамбар»,
Шайтанға еріп шарапатын шәйғандар,
Жұртты азғырып,
Рухтарды ластауда,
Хақ жолынан кеткен ауып қайрандар!

Қылықтары бұл сұмдардың қанқұйлы-ақ,
Қанқұйлыны хайырымды хан тимақ.
Хан тимаса қанқұйлыны Хақ тимақ,
Хақ тиымы зауал болмақ, аңқима!

Қорық халқым, зауал келер іс қылма!
Хақ ісіне такаппарсып ысқырма!
Дініңді ұста,
Дініңмен тый дінсізді,
Жамандықтың қара қанын құстыр да!

Жамандық ол тимағанға тимек-ті,
Бұдан білген білгі өнеге түймек-ті.
Тимау оны жақтасқандық саналып,
Ақиретте тозақ отқа күймек-ті.

Одан – оттан сақтасын Хақ, сақтасын!
Сақтау үшін халық дінін сатпасын!
Сақтау үшін халық тиып азғынын,
Хақ Аллаһын – Мәңгі Иесін мақтасын!

2011.9.19

МОЙЫНДАУ

Шынсыз үшін айтпасаң қой «ақын» деп,
Хақтаған Хақ,
Хақтан аттар ақым жоқ!
Хақ білдірген хақты жазып кетейін,
Жалған жайсып жарқ етпей-ақ жасын боп.

Өтіріктен шын жақсысын шын білдім,
Шын ілім де несібі екен шын құлдың.
Қиял қумай шайтан шәрлеп қисынмен,
Жүрегімнің түбіндегі шынды ілдім.

Қазіргі шын бұрынғымнан басқа шын,
Кірпігімді малыр бұл шын жасқа шын.
Хақтың жолы – қасиеттің ақ жолы,
Ақ жолдағы құлын Хаққым растасын!

Бұрын дүние ішін кезіп жүріппін,
Жынға ілесіп деппін түнді «жырық түн».
Көз көргенім «осы-ақ екен әлем» деп,
Ай астында ойша сауық құрыппын.

Былайша айтсам «ертегі» екем бір өзім,
«Дірілдеткен дүниені» дүр өзім.
Самғатып ой, ой қармаған қисынды,
Етіп кеппін сырлап-сыптап жыр өзім.

«Ол не екенге»,
Не деріне бермей мән,
Деп салыппын «дерттен биік өрлейді ән».
Құсқа балар, ұстап алар жоқ белгі,
Белгісізге айналыппын керлі ойдан.

Не түсе алмай,
Не ұша алмай ары аттап,
Жалған көкте жатып қаппын ғарақтап.
Шайтан залым шаш-етектен ап тұтып,
Жыртып кепті мен бейбақты парақтап.

Бірінші ақын болу үшін күресте,
Қай бір «шыңда» қатып қаппын сіреспе.
«Сонда қане хақиқаттан не жаздым»,
Деп ойласам түспей тынды бірі еске.

Абай жырда қолданбапты теңеу көп,
«Сияқтысыз» сілтепті Хақ демеу боп.
Ол өлеңді даңық үшін жазбапты,
Хақ білдірген хақты айтыпты теңеу жоқ.

Хақты «хақ» деп,
Нақты «нақ» деп тыныпты,
«Бу сияқты» демепті еш те тымықты.
«Аллаһ рас, Құран шын» деп шындапты,
Сондықтан да нұрдай таза тұныпты.

Ал мен бе, әуел «Хақ» демедім, «қыз» дедім,
«Қарға түскен қайда кеткен із» дедім.
Көлденеңдеп көзді сүзсе құнажын,
«Бұқасың сен, қыл бұрауды үз» дедім.

Мендік өлең осылайша бұзылды,
Қырау қатты, кірпігіне мұз ілді.
Хақты, әттең-ай, хақтай алмай қақында,
Парақтар ақ паңсық сөзбен сызылды...

«Хақ жоқ» десе боп бермек-ті сезімге,
Сезімнің тек ар болмайды өзінде.
Сезім ұят, иманменен сүйкімді,
Ол екеусіз әлем оның көзінде...

Хақтың жауы тізгін үзген нәпсі екен,
Нәпсі қуған адам хақсыз бақсы екен.
Адам адам боп қауы үшін мәңгіге,
«Хақ» деп, Хақтың жолын тұту жақсы екен!

Сонда ақын да лақпайды екен лас оймен,
Өмірде де айналыспай әсеймен,
Хақтап,
Нақтап өтеді екен дүниеден,
Рух биік, халмен құлдық пәсейген!

Пәстік құлдың нақ болмысы әуелгі,
Пәстікте құл таппақ өзін әуелгі.
Даңықты,
Ұлы,
Биіктердің Биігі,
Такаппарлық Хаққа ғана тәуелді!

Мұны білген «бәрі Хақтан нәсіп» деп,
Алқымай бос ақиқаттан асып бек,
Меніндегі менін ашып құлдықпен
Хаққысына хақ ұшпақ-ты ғашық боп.

Жыры дағы өзіндегі өзі боп,
Өзін тапқан ақылының сөзі боп,
Жап-жарық нұр шырақтарға айналмақ,
Оқығанның көзін ашар көзі боп.

2011.9.20

ӘМИН

Құштарлығымды арттыр да,
Аллаһ!
Іштарлығымды арттырма,
Аллаһ!
Жәннәттің дәмі Исламда екен,
Енгізіп дәмін таттырған,
Аллаһ?!

Жамандығымды жасырған,
Аллаһ,
Жақсылығымды асырған,
Аллаһ,
Жетпейтін баққа жеткіздің Өзің,
Талпынсам қанша ғасырдан,
Аллаһ?!

Құлдықты солай еткізген,
Аллаһ!
Шындықты көзден өпкізген,
Аллаһ!
Сан шүкір, тура жолыңа салып,
Жетпеске өлсем де жеткізген,
Аллаһ!

Енді адасқаннан сақтай гөр,
Аллаһ!
Сенім нұрыңмен сақтай гөр,
Аллаһ!
Өзің Хаққымсың, Хаққымсың Өзің,
Іс, болмысыммен хақтай гөр,
Аллаһ?!

Мен ғана емес, мүмінді хақта!
Елімді, қызым, ұлымды хақта!
Жалғыз хақ жолың – Исламға салып,
Күллі адам,
Адам құлыңды хақта!
Сөйтіп, қор етер кіргенді мәңгі,
Мәңгі отжалман тозақтан сақта?!
Әмин,
Аллаһу Әкбар!!!

2011.9.21

АДАМ, ОТАН, ҰЛТ

Бисмилләһир-Рахманир-Рахим

«Оларға елшілер келген қала (*Антакия*) тұрғындарын мысалға келтір (13). Біз бір кезде оларға екі елші жібердік. Бірақ олар екеуін де мойындамады. үшінші елшіні жіберіп (*ол екеуіне*) медет бердік. Елшілер: “Біз сендерге келген нағыз елшілерміз” деді (14). Олар: «сендер біз сияқты кәдімгі адамсыңдар. Рахымды Аллаһ еш нәрсе түсірген жоқ. Сендер құйдай өтірік айтасыңдар» деді (15). Елшілер: “Раббымыз біледі, біз расында сендерге келген елшілерміз (16). Біздің міндетіміз – (*айқын дәлелдер арқылы Аллаһтың әмірін*) толық жеткізу» деді (17). (*Кәпірлер:*) сендер бізге жаман ырым әкелдіңдер. Айтқандарыңнан қайтпасаңдар, гап жоқ сендерді таспен атқылаймыз, әрі біздің жан түршігерлік жазамызға тап боласыңдар» (18). Елшілер: «жаман ырым өздеріңмен кетсін! Нәсихатталуларың жаман ырым болып па? Олай емес, сендер шектен шыққан қауымсыңдар» деді (19). Қаланың шалғай жерінен біреу (*Хабиф Нәжжәр*) жүгіріп келіп: “Ей, қауымым! – деді, – елшілерге ілесіңдер (20)! Тура жол тапқан, сендерден (*өздеріңді иманға үндегеніне*) ақы сұрамайтындарға ілесіңдер (21)! (*Ол сөзін сабақтап:*) мен нәліктен өзімді жаратқан нәм сендер дарғаһына баратын Аллаһқа ғибадат қылмаймын (22)? Одан өзге тәңір тұтар болсам, мүбәдә Аллаһ маған бір залалды тағдыр етсе, олардың шапағаты маған еш септігін тигізе алмайды әрі мені құтқара да алмайды (23). Олай болғанда мен сөзсіз ашықтан-ашық адасқан боламын (24). Мен даусыз Раббыларыңе иман келтірдім (*сендім*). Маған құлақ салыңдар” деді (25). (*Солай дегені үшін оны залым ел тас атып өлтірді. Сол кезде оған:*) “Ұжмаққа кір!” делінді (*ғайыптан әмір берілді*), сонда бұл адам (*Хабил Нәжжәр*): “Өттең, қауымым білген болсашы (26), Раббымның мені есіркеп, ардақталушы еткенін!” деді (27). Біз одан кейін оның қауымына аспаннан қосын (*періштелер*) түсірдік. (*Сондай-ақ әрқандай қауымға қосын*) түсіруші де емеспіз (*өйтудың керегі жоқ*) (28). Бір ғана дауыспен-ақ олар сеспей қатты (29). Өздеріне келген пайғамбарды сайқымазақ еткен пенделерге неткен өкінішті десеңізші (30)! Олар (*Мекке тұрғындары*) өздерінен бұрын қанша елді (*қарсыласқандықтан*) ойран еткенімізді, өз қастарына әсте қайта айналып келмейтінін көрмеді ме (31)? Олардың барлығы (*қиаметте*) алдымызға жиналады (32). Өлі жер олар үшін бір нышан (*белгі*): Біз оны жандандырып, олар азық қылатын дән шығарамыз (33). Ол жерден құрма, үзім бақшаларын жараттық және арасынан бұлақтар ағыздық (34). Олар мұның (*Аллаһ жаратқанның*) жемістерінен және өздері қол екі істеген нәрселерінен жесін. Олар (*бұған*) шүкірлік етпей ме (35)? Жерде өнген нәрселерді, олардың өздерін және олар білмейтін нәрселерді жұп-жұбымен жаратқан Аллаһ (*нұқсаннан*) пәк (36). Оларға түннің өзі бір нышан: онан күндізді ажыратсақ, олар тас қараңғыда қалады (37). Күн белгілі шекте әрекеттенеді. Міне бұл – жеңіс пен ғылым иесі Аллаһтың белгілемесі (38). Айға жүріп-тұратын аралық белгіледік, қашан ол (*ең ақырғы шекке барып*) құраған құрманың бұтағына ұқсап қалғанға дейін (39). Күннің

айды қуып жетуі (екеуінің қосылуы), түннің де күндізді басып озуы (уақыттан бұрын күндіздің орнын басыуы) мүмкін емес. Әр біреуі бір жүлгеде жүзіп жүреді (40). Олардың нәсілдерін толтыра кемеге (Нұх пайғамбардың кемесіне) шығаруымыздың өзі олар үшін бір ғаламат (41). Әрі оларға сол кеме сияқты мінетін көліктерді жараттық (42). Қаласақ оларды суға батырамыз, сонда оларға бірде-бір арашашы шықпайды, олар құтқарылмайды да (43). Бірақ, мәлім мезгілге шейін (өмірде) игіліктендіріп, мархамат еткендеріміз мұның сыртында (44). Оларға: “Рахыметке қол жеткізулерің үшін, алдарыңдағыдан және арттарыңдағыдан (дүние және ахиреттегі азаптан) сақтаныңдар” делінді (45). Раббыларының аяттарынан бір аят келсе, одан бет бұрды (46). Оларға: Аллаһың сендерге берген ырыздықтарынан (жоқ-жітіктерге) садақа беріңдер” делінсе, көпірлер мұсылмандарға: “Аллаһ қаласа тамақтандыратын біреулерді біз тамақтандырамыз ба? Сендер анық адасқан екенсіңдер” дейді (47). Олар: “егер шыншыл болсаңдар, бұл уағда қашан іске асады?” дейді (48). Олар (саудасаттық және басқа да дүниелік істер жөнінде) керісіп тұрғанда оларды (тұтқиыл) жайрататын бір ашты дауыс күтіп тұрады (49). Олардың өсиет айтуға, үйіне қайтуға мұрсалары да келмейді (50). Олар сүр үрленген замат қабірлерінен тұрып, Раббыларына қарай жүгіреді (51). Олар: “әттеген-ай, бізді ұйықтап жатқан орнымыздан кім оятты?” дейді. (Ысрапыл періште қиямет болар алдында құдірет сүрін екі рет тартады. Осы екі реткі сүрдің арасында қабірде біраз тыныс болады екен. “Кім бізді оятты” деген сөз осыған қаратылған). “Мейірімді Аллаһтың уағдасы міне осы. Пайғамбарлар да шын айтқан” (делінеді періштелер жағынан) (52). Бір айғай шығысымен-ақ олар тұтас алдымызға жиналып дайын болады (53). Ол күні ешкімге әділетсіздік істелмейді. Сендер тек істегендеріңнің ғана бодауын аласыңдар (54). Ол Жәннәттықтар көңілді сауықпен шұғылданады (55). Олар да, жұбайлары да көлеңкелерде тахтарға сүйеніп отырады (56). Олар үшін Жәннәтта түрлі жемістер және тілегендерінің бәрі бар (57). Рахымды Аллаһтан оларға “сәлем” сөзі айтылады (58). Ей, күнәһарлар, бүгін жіктеріңді айырыңдар (59). Ей, Адам балалары, Мен сендерге “шайтанға табынбаңдар, ол расында сендерге әшкере дұшпан” деп серт бермедім бе (60)? “Маған ғана ғибадат етіңдер! Тура жол осы” демедім бе (61)? Шайтан сендерден расында көп халықты азғырды. Мұны түсінбейсіңдер ме (63)? Сендерге уағда етілген жәннәнам осы (64). Көпір болғандарыңның жазасына енді осыған кіріңдер (64). Сол күні олардың жағын қарыстырамыз. Бізге олардың қолдары сөйлейді, не істегендеріне аяқтары куә болады (65). Егер біз тілесек, олардың көздерін соқыр қылар едік. Сонда олар жол табуға ұмтылады, бірақ қалай көре алсын (66)? Егер біз қаласақ, тұрған орындарында олардың бейнелерін (маймыл, шошқа, тас сияқтыларға) өзгертер едік, сонда олар не ілгері жүре алмайтын, не кейін қайта алмайтын болар еді (67). Біз кімге ұзақ өмір берсек, сонда оның денесін әлсіретеміз (балалық, жастық, жігіттіктен кетіп, көртейеді, нашарлайды). Олар мұны

түсінбей ме (68)? Біз оған (*Мұхаммедке*) өлең үйретпедік. Оған өлең лайық та емес. Бұл тек тірілерге ескерту, көпірлерге (*азап туралы*) сөздің шындығын білдіретін ағыз-нәсихат және айқын Құран (69 – 70). Құдірет қолымызбен оларға хайуандарды жаратқанымызды, бұларды өздерінің иеленіп басқарып тұратынын олар білмей ме (71)? Біз хайуандарды оларға бойсынбырдық, олар кейбіреуін мінеді, кейбіреуінің етін жейті (72). Олар үшін хайуандарда қыруар пайда және (*сүт сияқты*) сусындар бар. Олар (*осы игіліктерге*) шүкірлік етпей ме (73)? Олар бір көмегі тиер деп үміттеніп, Аллаһтан өзге құдайлар жасап алды (74). (*Ол құдайлары*) оларға көмек беруге иқуатсыз. Бұл бұттар олардың өмірлеріне қарсы дайындалған бір қосын (*қиаметте олардың қылмыстарына куәші болып, азапқа душарласуына себепкер болады*) (75). (*Ей, Мұхаммед!*) олардың сөздері сені кейітпесін. Біз олардың құпия және әшкеріп істегендерінің бәрін білеміз (76). Адам баласы біздің өздерін бір тамшы судан (*мәниден*) жаратқанымызды білмей ме? Енді олар (*Аллаһқа*) ашық қыңырлық істейтін болды (77). Ол өзінің жаратылысын да ұмытып, бізге (*адамның тірілуіне қарсы шіріген сүйектерді*) мысалдап көрсетті. Ол: “мына шіріген сүйектерді кім тірілте алады?” деді (78). (*Ей, Мұхаммед!*) “Ту баста Жаратқан Ие тірілтеді. Ол барша жаратылысты біледі” деп айт (79). Аллаһ сендерге жасыл ағаштан от шығарды (*марх, ғафар деп аталатын екі жасыл ағаш біріне-бірі үйкелсе от шығады, жанады*). Сендер онымен от жағасындар (80). Көк пен жерді Жаратушының солар сияқтыны жаратуға құдіреті жетпей ме? Әлбетте жетеді. Ол – ерен Жаратушы, аса Білгір (81). Ол бір нәрсені (*жаратуды*) ниет қылса, Оның бұйрығы оған “бол!” деу ғана. Сонымен ол бола қалады (82). Күллі істің билігі Өз қолында болған әрі сендер дарғаһына қайтарылатын Аллаһ (*нұқсаннан*) пәк (83)»!

«**Ясын**» сүресі.

«(*Ей, адамдар*), сендердің ұлттарың – діндерің, расында, бір дін (*яғни, Ислам*). Мен болсам (*барлықтарыңның*) Раббыларыңмын. Ендеше Маған ғана құлшылық етіңдер! (92). (*Адамдар*) болса, істерін (*яғни, діндерін*) өзара бөлшектеп бөліп алды. (*Біліп қойсын*) Барлығы Бізге қайтушы (93)». (Мағаз, Мақаш Ахытұлдары нұсқасынан)

«**Әнбия**» сүресі.
Құран Кәрім.

Үлкен Отан – қара Жер,
Ол сыртқы Отан – күшті Отан!
Ал, кіші Отан мемлекет – мемлекет ол ішкі Отан!
Үлкен Отан – қара Жер адамзаттың Отаны,
Ол бақтамай анығы бақтамайды ішкі Отан!

Үлкен Отан – қара Жер, адамзаттың даласы,
Бір-біріне ол ықпалдас кіші Отандар қаласы.

Үлкен ұлтым – күллі адам,
Қазағым ол кіші ұлтым,
Үлкен ұлтсыз кіші ұлттың жазылмайды наласы.

Үлкен Отан, шоң ұлтта бірлік болмай, дін болмай,
Кіші ұлт, кіші отандар дамымайды мін болмай.
Кіші ұлт, кіші отандар үндеспеуден хақ жолда,
Қайран адам азуда көкірегінде дым болмай.

Қайран адам тозуда хақтай алмай Бір Хақты,
Жүру керек бір жолмен жүрмей бұзып ырғақты.
«Осы ғана өмір» деп, мойындамай ақыретті,
Тірі жүріп азаппен тіршілігін құрғатты...

«Бұ дүние-ақ» деген ой таластырып атаққа,
Қарсы адамды айдауда екі әлемдік шатаққа.
Ішкі отандар иесі «ферғауындар» хақсынып,
Сыртқы Отанды жалмауда айналдырып апатқа.

Хаққа шексіз иман жоқ, тіпті нанбай барына,
Шығып алды көп пенде шайтан малғұн жағына.
Хақ Аллаһпен қастасып,
Шайтан менен шайтан боп,
Жағып алды кетпестей «қара күйе» арына...

Тау,
Күнге де,
Ағашқа,
Аруаққа да табынып,
Бөлек,
Бөлек,
Бөлек боп барады адам қағынып...
Оранғанды мәнсұқтап, ашық жүрісті әспеттеп,
Зина әкелген пәлекет кетті індеттей қабынып...

Өлшем бұзу,
Өсім жеу,
Кесір жолды кеңіту,
«Қарасың сен, ақсың» деп адамды-адам кеміту...
Кіші отандар елінде болып жатқан шындық бұл,
Бір Аллаһқа бір жолмен, бір ниет жоқ тең ұшу...

Біл, ей, адам, бұл сұмдық... бір дінге қайт – хақ дінге!
Қасиет бар,
Жарық бар,
Мәңгілік бар хақ дінде!..
Аллаһ жалғыз,
Дін біреу білу оны бір міндет,

Ол да жалғыз Жер – Отан,
Адам біреу, білдің бе?!

Надан болсаң білмейсің,
Адам болсаң білгейсің,
Адамдықпен бұл сөзді ақылыңа ілгейсің!
Сыртқы Отанды аясаң, Хақ дінінде бірігіп,
Ішкі Отанда бақыттап, бұ дүние де-ақ гүлдейсің!

«Отан сүю иманнан!» – бұл Хақ діні үкімі!
«Осы дінді **Ол** қалады!»* – бұ да Растың бітімі!
Бұл сөзімен, Хақ Аллаһ, дініне тұр шақырып,
Хақ шақырса қайқандау қараңғаудың мүсіні.

«Өзің біл» деу, ей, адам, өзек тепті сөз болар,
Хақтың Сөзі,
Хақ діні сатылмайды бөзге олар!
Хақтың сөзін оқы да, Хақ дініне отырып,
Хақыңа қайт, әйтпесе қайтар жерің қоз болар...

Үлкен Отан тұрғыны үлкен ұлтым – бар адам,
Бір-ақ ұлтпыз біз деген ата Адамнан тараған.
Бір Аллаһтың құлымыз,
Дін бір, тек өң, тіл басқа,
Жөн болмақ-ты ақылмен ақиқатқа қараған.

Адам ата баллары ұлтқа ұрудан айналып,
Мекен еткен жерлерін меншіктеуге сайланып,
Кіші Отандар жасады, әмірімен Аллаһтың,
Кіші Отанда ұлт болды бауырынан байланып.

Хақ біледі анығын, қанша ғасыр өткенін,
Қанша ма рет Күн шығып, қанша беттен өпкенін?
Қанша ма рет дін бұзып шайтанға еріп шатақ сап,
Бір-бірінің бұл адам қанын судай төккенін?

Қаласымен жұтылды қанша ма өлке тұрғыны?
Білмейтін бұл ақиқат жер бетінің нұрғыны.
Тіпті кеше еді ғой қаны кеуіп болмаған,
Біз білетін Шыңғыс пен Гитлердің қырғыны...

Нұх,
Сәлих қауымы,
Сәбә,
Сәмут,

* «Бақара» сүресі, 132-аят

Елі Ғат,
Қарсы келіп Аллаһқа болғаны үшін жолы бәт,
Бірі дауыс,
Бірі су,
Тас жаңбырмен ал бірі,
Қор боп өшті дүниеден... тозаққа олар жолығат!..

Әй, адам-ай,
Жерде бұл Хаққа қарсы келем деп,
Шалқақтайсың шатасып, ойланбастан «өлем» деп.
Болғанменен көз, ақыл,
Ашылмаса көкірек,
Сүресің-ау, өмірді құлағы бар керең боп...

Әй, адам-ай,
Шоң Отан Аллаһ берген сыйымыз,
Ал кіші Отан – мемлекет, ол ұлт үйі – үйіміз.
Шоң Отанды қорғамай көркейткенмен кішіні,
Үлкен Отан бүлінсе кері айналар күйіміз...

Ойлайықшы Хақ біреу,
Отан біреу,
Адам бір...
Хақтың діні біреу-ақ, Хаққа жүрер қадам бір.
Бір адамда бір-ақ дін болуы оның заңдылық,
Дін көп,
Құдай көп болу пенде ісі надан, дүр!..

Аллаһ бізді ақыл мен сынап отыр сенімде,
Бір дінде боп,
Бір «Хақ» деу міндетің, біл, сенің де!
Бұзып алған дін менен жасап алған құдайға,
Сенуге түк қақы жоқ құл – адамның тегінде!

Күллі адам Адам мен Хауа ананың баласы,
Сары, қара, ақ, қоңыр, мейлі болсын аласы...
Хаққа қарсы антұрған құдайсызы болмаса,
Құран білген қауымның жоқ бұған еш таласы.

Соңғы Расұл кеп болған,
Ақырзаман жұртымыз...
Болмаған соң бір дінде салтымыз көп, ғұрпымыз...
Дүниеде аз жасаймыз,
Бойымыз да аласа,
Айшықталған әр тұста тұрқымыз бен ырқымыз.

Соңғы Расұл – Мұхаммед (сәлем болсын Аллаһтан)!
Оны жоққа шығарар қарғыс күткен Аллаһтан.

Ол әкелген хақ Құран – адамдықтың қалыбы,
Оны тұт та, турасы, Аллаһқа ұш,
Алға аттан!..

Құран білмей көп пенде шоң Отанның бетінде,
Қап қоюда қаңғырып хақсыздықтың өтінде.
Хақсыздықтың салынан халал, харамды айырмай,
Жеуде, тіпті, кейде адам бір-бірінің етін де...

Хақсыздықтың кебінен хақиқаттан сыртта қап,
Ойға кегенді істеуде улы судан ұрттан ап...
Ойға кегенді істеуде билік, байлық, жер үшін,
Дүниені сүюдей көкірегін құрт талап...

«Қауым өзін өзгертпей Хақ өзгертпейді!» – бұл Хақтың
Сөзі! Ақылды адамға керегі не бұлтақтың?..
Нәпсі,
Шайтанға арбалып мәңгі бақтың Жәннәттай,
Айырбастап жермек пе жәннәтқа құл тақтың?!

Таурат,
Зәбур,
Інжілді өзгерткесін надандар,
«Құранды оқып хақтансын, – деп, Хаққымыз, – адамдар»,
Хақ сөзімен құптады!
Адамдардың ендеше
Хақсыздықта қасарып қақы қанша табандар?!

Оң жол табу сондықтан қақы емес пе адамның,
Теріс жолда теңселмей настығымен наданның.
Хаққа жету деген сөз – кірсіздікпен кіршіксіз,
Басылуы емес пе әрбір басқан қадамның?!

Әй, адам-ай,
Сондықтан дініңді тап – Хақ діні,
Хақ Өзі адамға арнаған ақиқаттың ақ діні!
Әуел Хаққа шек қойма,
Сосын дінін «хақ» деп біл,
Жарылқайды Хақ Өзі дінін тапқан жақсыны!

«Дінде зорлық жоқ!»** – бұл шын хақ Құранның аяты!
Басқа дін жоқ хақ діннен, «дін» дегені жай аты...
Атаулыда қайбір дін Хақтан түскен не кітап,
Не бір дәлел,
Не пара,
Не жоқ бір де аяты...

* «Рағыз» сүресі, 11- аят

** «Бақара» сүресі, 256- аят

«Дін» деп сонда да азғын көп ойға кегенді атайды,
Сөйтіп жұртты бей күнә жалған дінмен матайды.
Хабарсыз қап дәл солай достасқан соң шайтанмен,
Көп қауымның жүрегі дінсіздіктен қатайды...

Әй, Адамның баласы, мекені бір,
Хақы бір,
Бойдағы иман шалмасын десең – сенім – ақты кір,
Аллаһ жалғыз,
Басқа Аллаһ жоқ һәм басқа дін де жоқ,
Хақты танып, сондықтан, Хақ дініне нақты кір!

Отансыз еш өлмек жоқ, Жер – шоң Отан тұрғанда!
Көр неденін білген құл, ел кеденін ұрған ба?!
Үлкен ұлттың,
Шоң Отан мәнін шыңдап түсінген,
Хақ дінге енбек киелі қапы қалмай нұрдан да!

Жерді Отан деп ұғынған ірге орынсыз бөлгеннен,
Сақтанады Хақты ұққан жат дінге елді телгеннен.
Сондықтан да қайда адам емес өлсе де отансыз,
Адамды онда сақта, Аллаһ, дінсіз сорлап өлгеннен?!..
Әмин!

2011.9.22

ХАЛЫҚ

Халық: «халық құдіретті» дер,
Жоқ, ол әсте құдіретті емес.
Хақты ғана құдірет білер,
Халықты әсте «құдірет» демес.

Халық рас құдірет болса,
Харлық қорлық кешпес еді.
Еш мұқтажсыз құдіретті Олша,
Жасап мәңгі өшпес еді.

Хақсыз оның жоқ түгі де,
Тек ол ештер жиынтығы.
Жете салар жоқ түбіне,
Жоқ бейшара ол қиын түгі.

Хақтау Хақтың анық сыйы,
Қанша десең де «емес» мейлі.

Хақсыз халық халық күйі,
Бір хақтыға теңеспейді.

Бұл өмірдің ережесі –
Иман барлық қалыпқа өлшем.
Бір хақтының дәрежесі,
Хақсыз күллі халықпен тең.

Хақшылдық ол – шын тірілік,
Мың өліден бір тірі артық.
Білсін мұны шын тіріліп,
Жүрген хақсыз құр мұнартып.

Халық – «Халиқ» – Жаратушы
атты Хақтың бір есімі.
Халық бірақ жаратушы
емес, жайлы ол, біл, осыны!

Топ ол мұқтаж хақ Аллаһқа,
Хақпен халық боп өседі.
Тағдыры оның хақ Аллаһта,
Хақсыз халық жоқ есебі.

Имансыздың тиын құны,
Тіпті халық болсын мейлі.
Жатқа Өзінен сиындыны,
Хақ ешқашан менсінбейді!

Малданбау шарт санына аса,
Хаққа қарсы салып егес.
Хақ Аллаһын танымаса,
Халық тіпті халық емес!

Көптігінің тиын құны,
Егер иман келтірмесе.
Онда оның қиын күні,
Ойтсе өзін сан өлтірді есе!

Құл боу Хаққа жиғаны кем,
Көп болса да ол өлген тексіз.
Халық халық иманымен,
Бір Хаққына сенген шексіз!

2011.9.24

ҚАЙҒЫ

Хаққын білген хақтардың сөзі біреу болады,
Көретұғын шындықты көзі біреу болады.
Жүрегінде сақтаған Хақ Аллаһын хақтаған,
Иманы бір болған соң өзі біреу болады.

Мысалы, Абай: «Аллаһтың сөзі де, Өзі рас» деп,
Мұқағали да «Аллаһтың бәрі айтқаны рас» деп,
Ділдері де,
Көздері,
Сөздері де бір Хақты,
Танып, біліп қалды өне өздері де рас боп!..

Сондықтан да «даналар сөзі неге ұқсас» деп,
«Бір-біріне неге олар Хақ ісінде ықтас» деп,
Айтар Хаққын танымас көңілі соқыр, көзі ояу,
Һәм тағы айтар ақылы ақиқатты ұқпас тек.

Аллаһ жалғыз, анық ол!
Анықтамас анықты
жалғанға еріп бұл істе жақсылыққа жанықты...
Жанықты да жалғанның жалған, шынын айырған,
Хақ Құранын қалдырып, алды таңдап тамұқты.

Шіркін, бірлік солайша Біршілдерде қалды да,
Олар кетті «Аллаһ» деп ақыл-ойда алдыға.
Ал хақсыздар, не дауа, хақиқаттан қағылып,
Қор боп қалды өркім бір құдай жасап алды да...

Көп құдайлыда идея,
Ағым да көп аңғыртқан,
Шайтан бас боп ақылмен ағымдарын жаңғыртқан.
Тәрк еткен соң Аллаһты ымыраға бір келмей,
Арсыз наданға айналды Аллаһ Өзі қаңғыртқан!..

Бірлемеуден адамда біреулемек болмайды,
Бірлемеген жүрекке Бірлік нұры толмайды.
Бір Аллаһын хақтамау күллі болмыс хақтаған,
Адам үшін ақылды бәрінен де сол қайғы!

2011.9.26

ШҮКІР

Ісім діндене бастады, сан шүкір!
Түсім діндене бастады, сан шүкір!
Сыртым діндене бастады, сан шүкір!
Ішім діндене бастады, сан шүкір!

Сөзім діндене бастады, сан шүкір!
Көзім діндене бастады, сан шүкір!
Төзім діндене бастады, сан шүкір!
Мендегі өзім діндене бастады, сан шүкір!

Жүрісім діндене бастады, сан шүкір!
Тұрысым діндене бастады, сан шүкір!
Дұрысым діндене бастады, сан шүкір!
Ырысым діндене бастады, сан шүкір!

Жүрегім діндене бастады, сан шүкір!
Тілегім діндене бастады, сан шүкір!
Жүрегім ішінде рухым – Хақ нұры,
Тірегім діндене бастады, сан шүкір!

Қадамым діндене бастады, сан шүкір!
Қабаным* діндене бастады, сан шүкір!
Бәрін де басқарып тұратын, сан шүкір,
Адамым діндене бастады, сан шүкір!

Бал тілім діндене бастады, сан шүкір!
Бар тұлым діндене бастады, сан шүкір!
Аллаһым бір Өзің тірілткен,
Құл-Керім,
Хар құлың діндене бастады, сан шүкір!..

2011.9.26

*Қабан – нәпсі

ҚАРҒАМ-АУ

Жасап тұрып құлшылық отырасың бек азып,
Хақ шындықтан қалыс қап, туралықтан не жазып.
Біліп-білмес Аллаһын, бар, не жоғы белгісіз,
Онда өмірі құлшылық қылмайтынға не жазық?

Хал жеткенше еске алып,
Хақты хақтап сәт сайын,
Деп отырып: «Мақтаулы Сенсің, Хаққым, Мақтайым»!
Күнәнді ойлап күйрейсің тұла бойың түршігіп,
Қабыр,
Мақшар,
Есеп күн,
Сиратты еске ап дайым...

Дүниенің ісіне әбден алып ысылып,
Құрық бойсыз қулықпен жүрген жалған құс іліп,
Өкінесің бауырға, нәм күнәнді шәя алмай,
Мәңгі бармен,
Мәңгі жоқ арасында қысылып...

Өкінесің, шүкір ғой, жанға, әрине, ол ауыр да,
Өкініште бар үміт әрі төзгенде ауырға.
Бірақ, сұмдық болмақ-ты қарсы кеумен Хаққына,
Онысына бір де рет өкіне алмас бауырға!

Бірақ құлға бола оған міндет ара қарғамау,
Олай ету қарсы кеу мәңгі бақтар Барға Анау!..
Ес жи кемі «дін айтқан хақ боп қалса қайтем» деп,
Қайтатынын білсе де қамсыз жүрген,
Қарғам-ау!

2011.9.28

ҰРЫ

Бір сынақпен болса да келген пәле қай қырдан,
Ұры түссе үйіне құлдан қорық қайғырған.
Анығы адам осылай керек еді қайғыру
Хақ ісіне,
Қайғың не, бермейді оған жай бір мән!..

Балағаттан кейін-ақ бес фарызын арқалап,
Уақыттар келеді құл көңлін жарқалап.
Алса алды құл, алмаса өтіп кете береді,
Қойылғаны қойылған күйінде қап бар талап.

Талап Хақтан болғасын, орындамау асылық
боп қамақ нәм мойынға қарыз болып асылып...
Анығы құл осында жоғалтқаны ұры алып
кеткен заттан есе артық еді ол үшін асылы!..

Қайғырса құл лайығы қайғыруға осы еді,
Демейді ол бірақ та: «байлық кімнің досы еді?»
Байлыққа емес нағы құл құлшылықпен өседі,
Хаққа сенген құлдықпен түгелденіп есебі!

Залымдық ол, әрине, ұрлық ісі бір надан,
Ол да өйтпес ед хақтанып болса иманмен нұрлаған.
Бірақ ұры тонаудың не екенін білдірді,
Сен де ұрысың анығы өз бағыңды ұрлаған...

Ұрлау емей немене мәңгі бағың кепілі,
Хақ өмірін атқармау секілді Хақ өкілі?
Ұрлық емей немене Жәннәтқа ұшпай құлдық қып,
Тозаққа өзіңді айдауың жалын атқан, от ұрып!

Біл, түссе ұры үйіңе – «сен де ұрысың» дегені,
«Сен де ұрысың, ал, қайт» деп ақиқаттың кегені.
Ұры түссе үйіңе қой өзіңді ұрлауды,
Қайта атқарып Хақ ісін бақ тап танып Егені!

2011.9.28

БІЛ

Жұртты діннен тосқан залым оңбайды,
Хабарлы бол, Хақ қарғаған ондайды.
Хақтың дінін жаю қайта бір міндет,
Дін жаюмен адам өзін сомдайды.

Дінді тосу – Күнді тосу секілді,
Жою ол тек Хақ алдында кепілді.
Дінді тосқан бәтшағардың өмірде,
Күллі қылған жақсылығы есіл-ді.

Дінді тосу – құдайсыздық белгісі,
Дінді тосқан адамдағы нөл кісі.
Дінді тосқан лағынеттің шайтан дос,
Өзі, сөзі, барлық игі өлді ісі...

Дінді тосу – Хақты тосу Жаратқан,
Адам етіп жоқтан бар ғып жаратқан.
Дінді тосу – Хақты тосу ғаламды
он сегіз мың құзырына қаратқан.

Дінді тосу – тосуды өзін пенденің,
Дегені оның «ақиқаттан кендемін».
Құл тосқанға дін қалмайды тосылып,
Хақ мінсіз Ол,
Болғанымен сенде мін.

Дінді тосу тосқан үшін бір сынақ,
Хақ тұр тағы құлын солай бір сынап...
Дін Хақтікі, сен, бәріміз Хақтанбыз,
Хақтан келдік,
Қайтуды Оған, біл, шырақ!..

2011.9.28

МОНТАНЫ

Ақымақпын, ақымақтарды «дос» деп кеппін,
Шындыққа достық жайлы бос беттеппін.
Кетті деп өзім менен өзім болып,
Жоғымды, барымды айтып ескектеппін.

Әй, рас оларсыз да ас батпайтын,
Болса олар көңіл шалқып асқақтайтын.
Көрмесем жалғыз сәтке сағынушы ем,
Қайрандар болды қазір қашқақтайтын.

Шын деппін, достығымыз рас деппін,
Ол достық мәңгілікке мұрас деппін.
«Жолымыз, мұратымыз, – дұғам да ылғи, –
бір болып асулардан бір ас» деппін.

Қатем сол оларды тым артықтаппын,
Көңлімді келсе-келмес хар сықтаппын.
Қазыр жоқ жанымда олар жалғыз қалдым,
Сөйтем деп басқа қайғы артық таптым...

Оларға тигізбен деп кесірімді,
Шығарып ақыл бойдан кесір үнді,
Аллаһтың ризасы үшін сұраудамын
Сұраса кешейін деп кешірімді.

Кешірім көп сұрадым кешейін деп,
Түйінді арадағы шешейін деп.
Ал олар бір кешірім сұраған жоқ,
Жүр ме екен ат кекілін кесейін деп?..

Әй, мүмкін, менмендерін жеңе алмауда,
Хақ діннен дерттеріне ем алмауда.
Бойдағы білместікті кетіруде,
Өздерін өздері өте кем алдауда...

Оң істің өзін ылғи теріс бөгеп,
Мұрындық бола тұра керіске көп,
Кісідей күнәсі жоқ монтансиды,
Құдды бір өздері тек періште боп...

2011.9.28

ОҒЛАН

Мадақ ол Хаққа,
Мен сені мақтайын деген жоқ едім,
Хақ Өзі хақтап хақсызға атылған қарсы оқ едің.
Дәл қазір жұртты тас қара надандық түнек ішінен,
Оятуда сен жалғыз-ақ парламент өзің боп едің!..

«Халық» дегенді халық өзі қорғап тұра алмай аттырған,
Күн өткен бастан халыққа өзіне-өзін саттырған.
Мысалы, Тұрар, Мыржақып, Ахмет, Дулат, Мағжандар,
Тұлғалар еді халықтың қамын ойлаудан сап құрған!

Сұмдық-ай деші, оянбақ,
Ой алмақ қашан бұл қазақ?
Қолқасына өзі қол саумен өзіне ылғи қылды азап.
Қайтадан тіпті ханданған,
Жанданған мына ғасырда,
Жарығын жалмап басқаға ету ғой өзін бұл мазақ!

Тексізден емес, тектіден тексіздік іздеу не сұмдық?
Арланын талай бұл қазақ жібермеп пе еді мешін ғып.
Қыранын қалың қарғаға қансоқталата шоқытқан,
Сұмдық-ай сұмдық, сұмдықтан,
Сұмдықтан мұндай шошындық!..

Абайла, ей, қазақ, абайла,
Туынды қолдан құлатпа!
Туынды қолдан құлатып, тұлғаңды қайта жылатпа!
Қамың жеп, қазақ, «ұлтым» деп, еңіреген оғлан ұлынды,
Қасқырша бассап бауыздап,
Тартқылай көрме лақша!

Көзіңді аш, қазақ, күн туды жұмулы көзіңді ашатын,
Кез емес мынау қазақтың қазақ өз қанын шашатын.
Самғайтын кезі бұл анық діні мен ділі үндесіп,
Ілім, ғылымды қанат қып, ілдірмей шаңға шашасын!

Ішінде ел қазір біздіңше шындық пен жалған тірескен,
Жалғанды шындық қозғауда ғасырлап мұздай сірескен.
Надандық жеңбек күш қылса,
Адамдық жеңбек іс қылса,
Байқау шарт, сұмдық басталмақ ортада шайтан ысқырса...

«Нем кетер» деме, ей, қазақ,
Басталса сұмдық нең кетпес?
Рухтан азса ұлысың жарасын жанға емдетпес.

Көз ашқан нұрға жүректі арсыздық бітеп антұрған,
Жайқалып жалған жақсылық шайқалып тынар,
Меңзетпес...

Бұл да бір сынақ арбасқан қараңғы менен жарыққа,
Қараңғы қамап жарықты итермелеуде жар, ыққа...
Жабылып бәрі жарықты өшірмекке өле кіріскен,
Айналып ақыр тынбасын біздің бұл қоғам ғарыпқа!..

«Ұлтшыл» көп, қызық, «тіл» дейтін, не етуді ол жайлы білмейтін,
Ауызша «салт» деп айғайлап, салтты өзі көзге ілмейтін,
Ділінде ұлт жайлы дыбыс жоқ, ол жайлы қоймас ұлуды,
Сөздері ғана жасырған халықсыз ішкі тұл кейпін...

Кигені басқа, ішкені, ұлтының кимін кимейтін,
Жүргенмен тілі «ұлтым» дап, жүрегі ұлтын сүймейтін,
Адамның,
Екі ғаламның Раббы – танып Аллаһын,
Тұтынып дінін ұлт тұтқан, Хаққына басын имейтін...

Көп бізде қазір осындай айырмас ақ пен қараны,
Ырысын ұлттың соруға ашылған абы* – араны.
Қазақты қазақ тілімен, дінімен тұтас сүю жоқ,
Қасқыр мен қойды бір қамап отырмыз жауып қораны...

Сұмдық-ай, қорлық болды бұл, ағымның бәрі осында...
Төрт мыңы төрт мың үй тігіп, айналды төрт мың қосынға...
Біріне кіріп біртіндеп арбаған абыға арбалып,
Айналып кетіп барады жауыңа жақын досың да...

Хаққым-ай, Өзің кешіргін?
Бәрі де Сенің сынағың
екенін біліп тұрсам да, пенделікпенен сынамын...
Көтеріп дінім беделін, біздегі жұрттың басына,
Біреулесуді бер, Аллаһ, қалдырмай бір де бір ағым?!

Сабыр қып жалғыз Иеге,
Аман болшы әуел, бауырым!
Ел мойнына ауыр жүк түссе арқалап жүрдің ауырын!
Тілейік Хақтан бауырдың, тез оянуын тілейік,
Оянса бауыр, Иншаллаһ, таниды бауыр бауырын!
Сондықтан сабыр Хаққа етіп,
Болшы аман, оғлан – бауырым!

2011.9.28

*Абы – жыланның бір түрі

СӨЙТ

Өн тыңдаса кенен,
Дін тыңдаса керең,
Қазақтың бұл несі?
Өзіл тыңдаса қарық болып қалатын,
Дін тыңдаса ғарып болып қалатын,
Адамдығы ма осы?

Өсек айтса шулаған,
Хақ дінді айтса улаған,
Надандық бұл неткен?
Жоқты мақтап бардай етіп өргеннен,
Турашылды тұрмастай ғып жергеннен,
Білместік бар ма өткен?

Шынды айтқанды талаған,
Жалғанды шын санаған,
Хақсыздық бұл қандай?
Қараңғыдан жарыққа шық, қазағым,
Хақ жолынан арып қашып, азағым,
Хақиқаттан танбай!

Арыңменен,
Барыңменен хақтанып,
Дініңмен бет Хаққыңа бұр сафтанып!
Сөйт!

2011.9.29

ШАРТ

Біл, бауырым, нәпсіде ақыл болмайды,
Болса онда адам шайтанға еріп солмайды.
Әгәр анық нәпсіде ақыл болса ма,
Адам іші жамандыққа толмайды.

Нәпсіде ақыл болмағасын жан азбақ,
Хақ фарызы – бес уақыт намаз ғап,
Дүние ісін күйіттемек, нәпсіге
қызымет қып...
Ақиретке қамы аздап...

Сондықтан да нәпсіге ерген оңбайды,
Хақтан тайып қара басар ондайды.

Тек нәпсіні хақ иманмен қапысыз,
Нұрлағанды Аллаһ түбі оңдайды.

Сондықтан да нәпсіні адам қолға ап шарт,
Оны иманмен орнықтыру болмақ шарт.
Оны иманмен орнықтырып, тазартып,
Адам адам күйі нұрға толмақ шарт!

2011.9.29

БОЛМАЙДЫ

Бала жейді әкені,
Болса әке егер күйгелек.
Бала күтіп мәпені,
Әке ол іске күйремек.

Әке бақты баласы,
Тілін алса екі етпей.
Хақшыл бала қаласыз,
Жан аялдар бекеттей.

Әкенің – бала иманды,
Қазынасы қалдырған.
Ал әке – оған сый мәңгі,
Жәннәт сарай салдырған.

Ата-ана әуел оңғай-ды,
Үйдей болмай қиранды.
Бала иманды болмайды,
Болмай ата-ана иманды!

2011.9.29

ТӘТТІ

Дүние-ай, шіркін, тәттіңді-ай!
Өмір ғып сүрдім тәттіңді-ай.
Тәтті деп сені сонда да,
Ойламапты екем тақ мұндай!

Дүние-ай, шіркін, тәттіңді-ай!
Тәтті деп сені тақ мұндай,
Ауыру жанды қыспаса,
Сезер ме ем қайдам тап мұндай?!

Дүние-ай, шіркін, тәттіңді-ай!
Болар ма ең тәтті тап мұндай?
Ауыру ажал сияқтап,
Тәттіңді тіпті таттым қай!

Сенен де өткен кең бар-ау...
Қимайтын сенің нең бар-ау?
Қымбатың сенің иманда,
Сезбеген соны ең қарау,
Көзді де көзсіз ең хар-ау!

Хақтауға хақты иман қап,
Сүрмеген сені имандап,
Тәттіңді өзіне у етер,
Сендегі тәтті сыйдан қап.

Дүние-ай, сенің тәттіңді-ай!
Тәттіңнен сезіп тәттімді-ай,
Тәттіңнен Тәттіме аттандым,
Тәттіңнен Тәттім – Хаққымдай!

Болса екен таза пактым қай,
Анадан туған аққымдай.
Ал, жаным, ал ұш Аллаһқа,
Қанатыңды ары қақ тынбай!

Кешірімші, Аллаһ, кешірімді,
Надандық та еткен кесірімді?!
Білесің қылған не сырымды,
Кешірімші, Ием, кешірімді?!

2011.10.1

БІРЛІК

Адамдағы көзқарастың көптігі,
Анығында адамда иман жоқтығы.
Хақ,
Құраннан қалғандардың қабарсыз,
Рухы аш, қарынының тоқтығы.

Аллаһша емес, «меніңшесі» асқынған,
Дүлейлікпен дүниені ғана бақсынған,
Адамдағы надандықта озу бұл,
Құдайлықпен бір-біріне тапсынған.

Санадағы көптігі құл құдайдың,
Білмеулік тек құл құдай кім, Құдай кім.
Беріп,
Алып,
Бар,
Жоқ ете алатын,
Жүректе шын жоқтығы Анық Құдайдың!

«Олай емес, меніңше бұл былай» деп,
Айтпақ пенде жүрегінде Құдай жоқ.
Ал «Хақ рас, тек Хақтікі рас!» деп,
Хақ құл ғана айтар жүрген «Құдай» деп!

Сөйткен құлдың сенім гүлі бүрлемек,
Емес әсте адамы азып, кірлемек.
Сөйткен құлдың барлық істе бағы артып,
Күллі барға көзқарасы бірлемек.

Ашылмаған ақылының кеніші,
Бардың тағы рухани кемісі,
Һәм Хақ жайлы ойы басқа надандай
көп ойлық ол – ақымақтықтың жемісі.

2011.10.3

САҚТАН

Шайтан малғұн – пенденің мұңайғанын,
Нәпсісінің сәт сайын тыңайғанын,
Тағдырына Тәңірдің қарсы келіп,
Дүниенің жегенін жылай қамын
ұнатады!

Шайтан – құлдың өз ойын тыңдағанын,
Дана айтқан ақылға қыңбағанын,
Дана тұрмақ Аллаһтың Құранда айтқан,
Хақ сөзіне қарсы кеп сынбағанын
ұнатады!

Шайтан малғұн – пенденің керіскенін,
Бір-біріне тек пәле теріскенін,
Хақ Аллаһқа ұйытқан хақ иманнан,
Айырылып бауырдан жеріскенін
ұнатады!

Шайтан – құлдың бір-бірін көшірмеуін,
Араздықты көңілден өшірмеуін,
Хақ дінге еніп хақтанып, ізгілік пен
Мейірімді жүрекке көшірмеуін
ұнатады!

Шайтан малғұн – достардың кетіскенін,
Көшірместей қас ойға бекіскенін,
Көршілердің есігін тарыс жауып,
Аллаһ сүймес сараңдық етіскенін
ұнатады!

Шайтан малғұн – жұбайлар жарылғанын,
Бармақ тістеп соңынан сарылғанын,
Махаббаттай Аллаһтың сыйын білмей,
Өкініштің отына қарылғанын
ұнатады!

Шайтан малғұн – ел мен ел жауласқанын,
Жақ-жақ болып жақындар дауласқанын,
Қасиетсіз заңдар мен қарша борап,
Жұрттың мәнсіз жаулауын қаулы аспанын
ұнатады!

Шайтан малғұн – жұрт дінге беттемеуін,
Хақсыздыққа қасқая бет кемеуін,

Хақсыздыққа қасқая қарсы шығып,
Хақиқатта адам боп көктемеуін
ұнатады!

Шайтан малғұн – хақшылдар бірікпеуін,
Хақсыздықтан жандағы үрікпеуін,
Ел тұтқасын ұстаған әкімдердің,
Хақтан қорқып тізгінін ірікпеуін
ұнатады!

Шайтан малғұн – ұяттың жоғалуын,
Құран емес, қолға жұрт доп алуын,
Иман емес, әзіл мен айтыс қуып,
Бар сияқты жоқ болып жоғалуын
ұнатады!..

Ендеше жұрт сақтансын малғұндықтан,
Шайтанға азбас шайтандай малғұнды ұққан.
Құран біліп,
Хақ біліп,
Хақ дінмен тек
жүріп хақтап, құтылсын «балғындықтан»!

Шайтандық іс – дінде жұрт таласуы,
Бақсы барып, тағдырға бал ашуы,
Құлдың қор боп шайтаннан жеңілуі ол,
Ол мазалар емес жай жан ашуы!

2011.10.3

ТҮСІНУ

Адам жанын адамның өз жанымен түсінбек,
Адамды адам сондықтан жоқ шынымен түсінбек.

Шын түсінік Хаққа тән, Аллаһтығы ол Аллаһтың,
Сондықтан да досқа «шын түсін» деме, салмақтым.

Түсінуге ол тырысса, түсінгені ол сені,
Түсінудің құлдағы әне сол-ақ өлшемі.

Түсінген де ол өзіне сендегімен ұқсас па,
Салыстырып көреді өзіндегі ұқсасқа.

Түсіну ол – ұқсату, «солай-ау ма» деп білу
түсінігін, немесе сенікімен дөп білу.

Тіпті анығы түсіну – кешірісу құлды құл,
Қайта достық орнатпақ кім шындықты білді бұл!

Сондықтан өз жанымен түсінетін басқаны,
«Түсінбедің» деуі адам адамдықта асқаны!

Немесе оның осы бір дүниенің кезінде,
Түсінікке жоқтығы түсініктің өзінде.

2011.10.3

СӨЙТУ КЕРЕК

*«Егер құлшылықтарың болмаса,
Раббым сендерді неге бағаласын».*
(Әл-Фурқан, 77)

Атағың,
Даңқың аспандап таулармен талғар теңессін,
Табысың судай тасқындап, айдарыңды аңқып жел ессін,
Бәрі-бір Хақтың алдында, сен бе, сен түк те емессің!
Әрі сол Хақтан басқа-шы, ешкімге керек емессің!

Жау бермес бауыр, дос, жолдас маңыңды қоршап тел өссін,
Олар сені алқап: «аспансың, асқар-ақ десін, белессің!..»
Ажал сені алмай қоймайды,
Ажалға сен түк емессің!
Өйткені Хақтан басқа, шын, ешке сен керек емессің!

Тынысың, дәмің Оныкі!
Табысың дағы Оныкі!
Жаралмақ, Тумақ, Қайта өлмек,
Тағысын-тағы Оныкі!..
Ойлама «байлық, бала, әйел менікі», деп сен, ол дағы
Оныкі, Оған ең ізгі құлдығың ғана сенікі!

Әуелі сеніп Аллаһқа, ете алсаң құлдық өмірі,
Алдында Оның анық ол күтуде сыйлық сені ірі.
Тақуасың ба, адамда артығы сенсің бәрінен,
Бақытты сенсің бірінші алдында Оның нөмірі!

Сондықтан хақ дін Исламдай айнымай тұтып сарадан,
Тартқызбай ажалға артыңнан бетіңмен тура бар Оған.
Көңліңде қылау қалдырмай,
Шерік те қатпай зәредей,
Күллі ісінді арнап жолына, құл болып шексіз әрі Оған,
Бар Оған!

2011.10.4

КЕПІЛ

Тәңір жоқ басқа,
Тек Аллаһ қана Егең, сөз!
Құлдық қыл Оған, құлдыққа жастық деген кез.
Бөлінген қойдай сыртында жүрсең кір оған,
Исламға кіру – «Жәннәтқа ену» деген сөз!

Жастық нұр шақ ол желбіреп желмен кекілі,
Нұрлай алмасаң бар тағы жойқын кесірі...
Нұрлайтын оны Хақ жолы – діні Ислам,
Ислам ғана нұрлап тұрудың кепілі!

Жәннәтқа енудің Ислам анық кепілі!
Немесе Ислам дүние сират көпірі.
Исламға енген Хаққына шексіз құл болып,
Пенделік қалмай жойылған адам кесірі.

Исламға еніп тырыссаң кірсіз құлдауға,
Өзінді-өзің үйретсең күнә қылмауға,
Сенімде Хаққа зәредей болсаң шүбәсіз,
Бармауың анық өзінді мұнда бұлдауға.

Шіркін-ай, адам, жастығын бағаламайды-ау!

2011.10.4

ТАУБА

Жанымды ауыр батпандай,
Тастады соғып мақтан қай.
Енді одан арыла алмаспын,
Хақ сөзін оқып хақтанбай.

Хақ Құранды оқып хақтанып,
Қайтадан жатпай мақтанып,
Жанымның кірін жуайын,
Нұрымен иман ақтанып.

Тауба еттім, Аллаһ, тауба еттім!
Бұрып бұл бетін нәубеттің,
Рас кеп, рас кететін,
Бірі еткін жаны сау көптің?
Әмин!

2011.10.5

БАЯН

Таң еді мана,
Ауып түс,
Күн батып барады...
Өткен бір күннің ойлы әнін тыңдатып барады.
Түсінген жанға ол күн бір сыр ұқтырғандай,
Ол күн бізге бір ғайыптық тіл қатып қарады...

Дүр-дүр-дү-үр...

2011.10.5

ҚОСЫН

Достық деген болады екен үш түрлі,
Әуелгісі иманға дос іш нұрлы.
Сосынғы екеу – даңық, мүдде достығы,
Немесе ол қанжар достық үш қырлы.

Сен бе, сен сол қанжар салған қынапсың,
Қанжар салды халы аян-ды қынаптың...
Бірі даңық,
Бірі көздер мүддені,
Ал біріне иман тұрмақ ұнап тым.

Даңық қуған даңқың қалса пәсейіп,
Шыға келмек шімірікпей қасейіп.
Мүддешілі сендегі ісі біткен күн,
Кері айналар кереметтей есейіп.

Тек сенімен иман досы қалады,
Хақ жолында шаңға бөгіп балағы.
Күлсең күліп,
Ал жыласаң бір жылап,
Сеніменен бірге тыныс алады.

Хақ жолының қасиеті осында,
Мін болмайды достығыңда, досыңда.
Хақ ырзасын мақсат тұтқандықтан да,
Айналасың мәңгілік бір қосынға.

2011.10.16

ТАЙҒАҚ

Қасамын қайта қанша ішсе,
Қоймаған қалып қап иен.
Күпірлік қылған қанша істе,
Құлынды кешші,
Хақ Ием?

Білмейтін,
Білгенге ұқсайтын,
Білмесім аңқыр кебімнен.
Анығы түкті де ұқпайтын,
Недеген ділгір едім мен?

Аллаһ,
Сен анық білгірсің!
Орныңды Өзің ұқтырдың.
Білмеген оны діл құрысын,
Орнымнан ұшып нық тұрдым.

Нық тұрдым,
Ендім дініңе,
Құраннан алып ілімді.
Қол создым кәусар күніңе,
Білген құл етші білімді.

Білейін сырын адамдық,
Білейін мәнін құлдықтың.
Басайын хақпен қадам нық,
Қақысында анық құлдықтың!

2011.10.17

КӨЗ

Шанағына Сыймағанды көз көрмес,
Көрмей сенбес көрмей Хақты өзгермес.
Көрмегені тұрмағанын көрінбей
Түсіндіру мүмкін емес ездерге еш.

Сөзді түсін,
Құран хақ сөз ол нақты,
Нақ Сөзін Хақ періштемен жолдапты.
Ақиқаттың сөзбен білгенге Иесін
Көзбен көру қайтып мүмкін болмақ-ты?

Сөз ақылда көрінеді өз күшінде.
Сөзді анық адам көру үшін де,
Сөзді көру мүмкін емес сияқты
Біл, соны біл шындық сөздің ішінде.

Ақыл білсең көрмей Оған нана бер,
Тек Ол ғана Жарылқаушы, Панагер!
Хақтың Өзін о дүниеде көресің,
Көрмей нанбас көкірегі қара көр.

Сөзін білсең Хақтың Өзін табасың,
Сондықтан да Құранның біл бағасын!
Рас, ол хақ – Құранның біл бағасын,
Аңсыз бейғам алшақтамай, Ағасы!

2011.11.11

ТЕРИС МЕЖЕ

Қасқыр ол аю шапса жөн-ақ еді,
Бүркіт те қасқыр алса жөн-ақ еді.
Қасқыр ол қойға шауып «ұран» болды.
Бүркіт ол қоян аулап «қыран» болды.

Қасқыр қой, не, ал тіпті, жарсын айғыр,
Қыран қоян, не киік алсын-ай бір,
Азусызды заңдылық жері екеуі,
Шындыққа адам бұл терең барсын-ай бір...

Хақ берді ойла адамға есті не ғып?
Бұлайша адам жалғаннан бөсті не ғып?
Қыран қасқыр, ал қасқыр арыстан ап,
Иттің итті жегенін естімедік.

Жергендейміз жағып шын өрлікті отқа,
Бүркіт алса қоянды өрлік боп па?
Қоян момын, қой момын, ал ендеше,
Қасқыр, қыран қай ісі өрлік бопты, а?!

Былай қойып көрсеткен Құран жолды,
Мақтайтыны қазақтың қыран болды.
Хақ алдында бермекпіз қалай жауап,
Көп наданға көкбөрі ұран болды.

Онсыздағы жетерлік бойда азабың,
Хақ таны, Құраннан ал ой ғажабын.
Қойдың жауы бөріні ұран тұтып,
Қыран мінез болмай-ақ қой, қазағым!

СЕЗІНУ

Ауырдым!..
Не екенін білдім ауырдың?
Айырдым тағы дос пен қас,
Емес кім, жақын бауыр кім?

Ауырдым!..
Басымнан өтті ауыр күн.
«Ақыры қайыр» деуші еді,
Қайырлы ет соңын ауырдың!..

Хақ берген саулық қандай бақ,
Танымау Хақты дерт екен.
Жазғанды көру маңдайға,
Жазылған Хақтан серті екен.

Тұрса да күтіп қабірің,
Саулықта күледі екенсің.
Бойдағы әр мүше қадірін,
Ауырсаң біледі екенсің.

Науқассыз – қамсыз еркінді ұқ,
Ескертем соны, әй, бекем құл.
Бірінші анық еркіндік,
Деніңнің саулығы екен,
Біл!

2011.11.18

ШҮКІР

Хақ Аллаһым!
Хақ Аллаһым – Тақ Аллаһым!
Тақ Аллаһым – Нақ Аллаһым!
Нақ Аллаһым – Пәк Аллаһым!
Пәк Аллаһым – Саф Аллаһым!
Саған құл боп, екі әлемдік,
Таптым міне бақ, Аллаһым!
Аллаһу Әкбар!

2011.11.20

АҚЫМАҚ

Хақ Өзі берген хақ иманымды үйіріп,
Хақ жыр жазып ем қарадың мұрын шүйіріп.
Шөңге мен шөпке үйлесіп қалған көңіл-ай,
Хақ жырдың сені кетпей тұрған-ау иіріп.

«Қызық сөз» айттың, қеремет кері баға айттың.
Күлем бе бұған, жылайын ба, әлде, а, қайттым?
Қыз жайлы қызып «қызық» сөз айтсам, «бәле-ай» деп,
Мүмкін-ау, сенің астынан ауың «тағы айттың»!

Құлағың сенің «Хақ» деген сөзге қақырап,
Ішіңде білем сайтаның ұлып жатыр-ақ.
Хақ келдің Хақтан, хақ кету жолын тапсайшы,
Соңынан малғұн солықтай бермей,
Ақымақ!

Болғасын тек бір ашуы жанның орынды,
Бейғамдық тұнған көзіңнен көрдім сорыңды.
Жарық қой жалған, өтерсің әйтеу жарықсыз,
Қараңғы, әй, бауыр, нұрларсың немен көріңді?!

2011.12.3

АЛЛАҢЫМ

Сен берген ғылыммен мақтанып,
Жүрексіз ауызбен сақтанып,
Жүрген мен пақырды арылтшы,
Болайын сафиың сафтанып!

Сенсіз мен бұл дерттен құтылман,
Сенсіз мен сорлымын ұтылған.
Сенсіз мен мәңгілік тұтқынмын,
Қорлықпен отыңа тұтылған.

Тек менмін, менмін тек айыптың!
Мақтауға Сен ғана лайықсың!
Нәпсімдей азғынымды арылтшы,
Иесі, Аллаһым, ғайыптың!
Әмин!

2011.12.4

АШУРА ТҮНІ

Дүниеге өмір салған өрнек екен,
Сезгенге уақыт дәмі кермек екен...
Анықты білдіріп Хақ, білген хақ құл,
Неге жол жалғандыққа бермек екен?!

Иесі екі әлемнің Хақ тағала!
Анық құл адам жалғыз Хаққа ғана!
Сондықтан, «Ол ғанам!» – шын ағарғаным,
Жаға алмақ қай антұрған аққа қара?!

Арыма,
Иманыма күзеттемін,
Ісімнің қисықтары түзеткенім.
Барымды салып қанша жармассам да,
Өзім боп кетпеді, өттең, ізет менің!

Мен одан оқудамын дұрыстықты,
Құл қылар қылса дінде бір іс мықты.
Өйткені, Аллаһ дінін адам үшін
жаратып екі әлемдік ырыс қыпты.

Хақ дінмен бар-жоғымды сезудемін,
Шын жолда шындық іздеп кезудемін.
Білгесін дүниенің жалғандығын,
Харлықтан хал жеткенше безудемін.

Санамды,
Болмысымды сафтамаққа,
Әмірін Хақ тағала ақтамаққа,
Халімше Хақ құзырын мекен тұттым,
Қадірін адамдықтың сақтамаққа!

Бауырым, сен де нанғын бұл аныққа,
Нәпсідей малти бермей «быламықта».
Адамның бағы мәңгі жанбақ емес,
Танымай Хақ Аллаһын құл анықтап!

2011.12.5

АЖЫРАУ

Жаратқан жар боп, жаралған тамшы мәниден*,
Жалғыз кеп көпке қосылад адам пәниден.
Өмірді мұнда дінді мен дінсіз бір сүрмек,
Мына үйден Азан,
Шырқалып озан ана үйден...

Азанды үйдің құлдығы Хақпен ұласып,
Жүректерде иман қауашақ жарып, гүл ашып,
Пәнидің емес, бақидың мұңы мұңданып,
Қияметті ойлап тұрғыны жатар жыласып.

Озанды үйдің сауығы тынбай сайрандап,
Құлдығы қалар «қызыққа» батып қайрандап.
Дүние оты орап ап шынды көрсетпей,
Бейшаралардың бақтарын тынар ойрандап.

Жалғаннан солай иманмен нұрлы қор жиып
Аттанса бірі, аттанар бірі сор жиып...
Жалғыз кеп көпке қосылған адам осылай,
Өтеді жалғыз арқалап бақ, не зор күйік...

Қайтқан құл жалғыз қосылад көпке бақида,
Ол жайлы хабар айтылған анық уахида...
Бақида дінді-дінсіз бір болмайд, мұнда бір
болғанмен жүру бөлек болса да ақида.

2011.12.5

АҚЫЛ

Ақылды ақылы жоқ тыңдамайды,
Ақылсыз ақылсызды сындамайды.
Ақылды ақылды айтқан тыңдатпауға,
Ақылын ақылсыздың жың қамайды.

Ақылды Аллаһты ұққан дана тыңдар,
Ақ иман нұрлағасын санасын бар.
Ақылды пенделікпен адаспаған,
Толмаған балағатқа бала тыңдар.

Дана оны тыңдайды өзін өсірмекке,
Бір нұсқау берер тұста есірмекке.

*Мәни – ер киесі ұрық

Ісінен рас деген жалған шығып,
Тигізіп қоймау үшін кесір көпке.

Ақылды бала тыңдар білу үшін,
Ілімді сарайына ілу үшін.
Қалған көп ақылды әсте тыңдамайды,
Себебі, Хақты таныр құлығы сұм.

Дінсіз көп «ақыл айтпа, білем» дейді,
«Өмірді ақылсыз да сүрем» дейді.
Адамның басқалардан артығы ақыл,
Ақылсыз адам ісі бір өнбейді.

Болғасын жарық онда сана күткен,
Ақылмен Хаққа сенер дана біткен.
Ақыл ол адамзаттағы артығы анық,
Ақылмен Хақ тану да дана діттен.

Нұрланған нұрлы ақылмен саналары,
Даланың біз білетін даналары,
Ақылмен сенген шексіз Хақ Аллаһқа.
Адамның Хаққа сенген дана бәрі!

Ақылды ақылдылар құп алады,
Ақылды ақылды ғана ұға алады.
Адам ол ақыл алмай адам болмас,
Адам тек ақылынан сыналады.

2011.12.5

ҰРАН

Иманды ұлт адам атын ұрандамас,
Түсінген қыран құлқын қырандамас.
«Аллаһ» деп, Аллаһынан бақ тапқан ел,
Хақ жолдан бұра тартып бұрандамас.

Тік жүрер,
Тура тартар хақ құзырға,
Екенін біліп бақтың хақ құзырда.
Бәрін тек Хақ берерін білген қауым,
Демейді Хақты тастап «бақ Қызырда».

Шаппайды ұрандатып атасы атын,
Жол олын біледі анық шатасатын.

Ол жолдың біледі анық қарғыс жолы
екенін шайтан сұмға отасатын.

Шабады егер шапса «Бір Аллаһтап»,
Жарықтар екі әлемді «Нұр – Аллаһтап».
Ендеше, хан – қазағым, қаққың артсын,
Сүр өмір,
Отыр,
Жүр һәм тұр Аллаһтап!!!

2011.12.19

ОРЫН

Орныңды біл, ей, адам ғаламдағы,
Сен үшін і ол анық ғалам дағы.
Бірақ, пенде, дүниеге махаббаттай,
Шығар қане дертінді санаңдағы!..

Шықса ол сүю табасың орыныңды,
Қалыптайсың шын адам форымыңды.
Үйлесіммен ғаламдай үйлесесің,
Адам деген шығарып зор үніңді.

Орның білсең, адам-ау, дінденесің,
Сөйтсең ғана дін сынды күнденесің.
Сонда адам боп сафтанып айналасың,
Саф Адамға жемейтін мін денесін.

Сонда ғана биіктеп періштеден,
Растансың жалғанды терістеген.
Сонда ғана шындықпен бетпе-бет кеп,
Жамандықты жоясың өрістеген.

Адам тапса орынын ғаламдағы,
Жойылады зұлымдық ғаламдағы.
Адам солай адамдық орнын тапса,
Пенделік хал көкке ұшпақ арандағы...

2011.12.19

ҚАУЫП

Мемлекет – үй, не бірі оған жуықтың.
Шаңырақ – ұлт, қосатын басын уықтың.
Ұру – уық, шаңырақ тұрмас уықсыз,
Ұлт дінмен ұлт,
Дініңмен Хаққа жуықсың!

Хақ ұлтты ұлт қып хақ дінмен хақтап жаратқан,
Дүниені жайып үстіне ұлт-ұлт қып таратқан.
Бас Отан біреу,
Ауа,
Су біреу,
Дін біреу,
Құран бір,
Соңғы Елші бір,
Хақ бір Жаратқан!..

Ұлт пен тіл басқа болғанмен діл бір – жүрек бір!
Өң түрлі...
Бірақ ішіп-жеу, кию, тілек бір!
Хаққа иманменен қауымның бағы жанбақ-ты,
Иман жоқ жүрек жүрек емес ол, құры ет-дүр!

Адамдар жеке иманды болса ұлт сауықпақ,
Сау ұлт қана өзін иманмен алар сауыттап.
Ұлтта иман болмай мемлекетте қорған болмайды,
Қорғансыз мемлекет мемлекет боп тұру қауіпті-ақ!

2011.12.19

ПІСУ

Жер қараңғы болғасын,
Жарық жерге түседі.
Жарық жерге толғасын,
Қараңғылық піседі.

Қараңғының піскені,
Жердің жарықтағаны.
Хақтың* жерге түскені,
Құлдың нарықтағаны.

2011.12.20

*Хақ – Құран

БҰЗҒЫ

Имансыздың оспағы көп, коспағы жоқ көңілге,
Оспағынан айғыз-айғыз тыртық қалар көңілде...

Оспағымен осып-тіліп,
Жан-жүректі жұлқылап,
Нұрдай мөлдір адам көңлін табанға ұрар жыртып ап.

Хақты еске алар ой әлемін оспақтатып, шимайлап,
Рух шыңын жібереді теп-тегістеп, мидайлап.

Суық сөзі сұмаң қағып болмысыңды аралап,
Жібереді жан-жүйеңді жазылмастай жаралап.

Күйдіреді,
Жандырады,
Суытады,
Мұздатып,
Жанға лезде жара салып, асқындырар сыздатып.

Оспақы сөз салған тыртық рухта өшпей сақталмақ,
Сондықтан да оспадардың оспағынан сақта,
Аллаһ?!

2011.12.19

АҚ ЖАУ

Аллаһ жаудырды ақ қарды,
Ақ қар басты бақтарды.
Періште әкеп әр гүлін,
Хақ міндетін атқарды.

Аллаһ, осы жаудырған,
Ақ нұрыңды аударма!..
Берекет пен нұр етіп,
Тұр әмсе ылғи жаудыр да!

Аймағымды ағарттың!
Ақпен жанымды ағарттым!
Жауар тағы ақ нұр деп,
Үмітімді тағы арттым!

2011.12.20

ЕГЕР

Адам дінде болмаса –
Тек жалғанға сенеді.
Хақтың емес халықтың,
Айтқанына көнеді.

Адам дінде болмаса –
Тек жалғанды сүйеді.
Иер басты Аллаһқа,
Бұт-бұрханға иеді.

Адам дінде болмаса –
Уәдеде тұрмайды.
Жомарт Аллаһ берсе де,
Жоққа мойын бұрмайды.

Адам дінде болмаса –
Қиянатқа қыңбайды.
«Жан» қалауын елемей,
Тән қалауын тыңдайды.

Адам дінде болмаса –
Еш айтқанға көнбейді.
Көрмеген соң көзі анық,
Хақ барына сенбейді.

Адам дінде болмаса –
Өзін салып қайқаңға,
Жүрмей тура жолда аса,
Айналады шайтанға...

2012.12.30

ОЯН

Анық соны білсін адам: Адам әсте өлмейді!
Бірақ төнге бөлгеніндей рухқа көңіл бөлмейді.
«Қайтып келген кім бар екен?» – көп наданның габы бұл,
Ол ақиқат өлген анық қайтып мұнда келмейді.

Өлім екеу – әуелгісі тірі жүріп дінде өлу,
Дінде өлу – Хақты білмеу, хақсыздықтан күнде өлу.
Өлі күйі өмір сүріп, таусылған сәт дәм-тұзы,
Өтіп хақсыз дүниеден оттық мәңгі сұм болу.

Екінші өлу – дінмен сүріп бұл өмірді айтудай,
Баянды етіп нұрлап, пәктеп дүниеден қайту жай.
Оның аты әрине «өлу» болғанменен заты оның
Міне осындай дінде оянып, дінмен Хаққа қайту жай.

Бұл өліммен өлгендерді «өлді» деген ақымақ,
Бұл сырды ұққан кешегі өткен Ибраһим ақын-ай.
Ақымақтың анығында кіші-үлкені болмайды,
Жатады олар дүниеден мәңгі өтпестай қатынап...

Олар үшін өлу деген – мәңгі жоқ боп жоғалу,
Өмір сүру – бір келетін өмірге би боп алу.
Міне осындай түсініктің иелері үшін де,
Өлім анық – екі өмірде хақсыз қор боп жоғалу!

Адам біреу,
Бірақ оның түсінігі осындай,
Хақ шындықта қақ бөлінген екі қарсы қосындай.
Әл-Мисақтағы уәдесін ұмытып қап бұл адам,
Қарғыстарға ұшырауда Хақтан келген тосын қай...

Әй, адам-ай, дініңе қайт,
Хақ қалаған дін біреу,
Хақ Біреуін айтқан едік, мынау тағы мұнды* іреу.
Әлемге артық тигізбе қол үйлесімін бұзарсың,
Білген жанға бір шындық бар,
Неге Ай,
Жер,
Күн біреу?!..

Бірақ бұлар Хақ жаратқан мүшелері ғаламның,
(Бұл да ескерту, себебі, адам түсінігіне алаңмын!..)
Хақ Бірлігі бұл бірлердің Иесілік Бірлігі,
Немесе Аллаһ Иесі осы он сегіз мың ғаламның!

Мұхаммедтік сүйөменен сүйө сені бек қиын,
Өйткені өлі дінсіз құлға сүйө құны көк тиын.
Өйткені Аллаһ сан пайғамбар,
Жіберсе де көп кітап,
Секем алып, селт етпейді шайтанға ерген көкмиың!..

«Өлім оятудан бұрын керек екен ояну»,
Хақ жаратқан зат, күллі істен ақыл терең ой алу.
Дәлел ме, адам малға иесің, күллі барға ие Хақ,
Көрмей сенбей қор болма онда,
Сенбеу – қорлық бой алу!

*Мұн – есті, бірақ білері аз

ЖОҚ

Хақ, Сен бермей хақтық жоқ!
Хақтанудың қиыны-ай.
Тауысатын нәпсі жеп,
Пенделік қу дүние-ай!

Балам «хақ болса» екен деп,
Бар күшіңді салғанмен,
Кетіп босқа есең бек,
Бет келесің жалғанмен.

Жалған жалған анық ол,
Шындау мүмкін тағы емес.
Ақ Иеңді танып өл,
Басқаша өлу бақ емес!

Балаң соны білсе, әттең,
Қартаймас ең сақтық жеп.
Хақ ісіне бұлтақпен,
Құлға ешқашан пәктік жоқ!

2012.1.7

ИІС

Нан ісінен сезінесің жер ісін,
Жер ісінен аңғарасың көр ісін.
Егер жерден аңғардың ба көр ісін,
Онда жалған дүниеден жерісің!

Нан ісінде жер ісінің бары анық,
Жер ісінде көр ісінің бары анық.
Нан,
Жерден соң иіскеп бақ та адамды,
Сосын жайлы ол хақ Құранға қара анық...

Ақыл, сенім, бір сырлы ойды түйісінде,
Һәм болғанмен өзгешелік киісінде,
Жермен,
Нанмен хақ Аллаһтың хақтығы ол,
Бір ұқсастық болса адамның ісінде!..

Болса да адам ақылынан жоқ күткен,
Жерсіз,
Нансыз ғұмыры оның жоқ тіптен.

Жер мен нанды игіліктеп жаратып,
Халифа еткен Хаққа құлдық еттік кем!

Жер,
Нан,
Адам ұқсасы анық иісі,
Жер мен нансыз жоқ тағы адам күйісі.
Өз иісін жер мен наннан сезген құл,
Құлдық ғұмыр сүруі шарт тиісі!

2012.1.12

ЖАНЫ АШУ

Хақтан басқа ешкімнің ашымайды жаны ешке,
Оның сыры құл әсте жаратушы еместе.
Аллаһ құлға мейірім берсе ғана ол мейірлі,
Ал болмаса өмірі қор боп өтпек егесте.

Жаны ашуды хақ кімге бағыш етсе ол елжіреп,
Хақ жолында іс қылмақ болмысымен елбіреп.
Зәре қалмай бойында Хаққа құлдық етумен,
Кіршіксізге айналар нұрдай таза мөлдіреп.

Адамға тән тағы бір жаны аз, не көп ашуы,
Пәк сенімнің бойдағы тасуы, не қашуы.
Сенім тасса бойдағы сындыру жоқ шөп басын,
Сенім қашса адамнан тек бұрқамақ ашуы.

Жаны ашуды берсе Хақ рухы ашылып адамның,
Хаққа басқан қандай бір нұрланғаны қадамның.
Тасты ерітіп тамырсыз басса мамық бауырға,
Айналғаны жібекке қасқыр мінез наданның.

Жаны ашуы адамға Хақтың берген сыйы анық,
Ашуы үшін көпке жан хақ Хаққыңды сүй анық.
Хаққын сүйген құл тұтас нұрға айналмақ,
Хақ жолда
Жан ашуың не сенің, өз рухын да қияды!

Бұл биікке жетуі құлдың нағыз сафтауы,
Қылаң қалмай бойында сафилығын сақтауы.
Бұл биіктен көріну адамдағы адамдық,
Періштеден жоғары өз міндетін ақтауы!

2012.1.12

ЕКІ НҰР

I

Хақ нәсіптеп өзінді,
Еттім, шүкір, зират!
Кағба.
Алмадым көзімді.
Жүрекке нұр ұялап!

Көретінді түсімде,
Өңімде, Аллаһ, көрсеттің.
Мін қалмауын ісімде,
Мойыныма борыш еттің.

Мекке басқан әр қадам,
Меккеде алған әр тыныс,
Түсіріп жүкті арқадан,
Хаққа еттірді жарқын іс!

Мина барып, міне бақ,
Арафатта тек сұрау...
Мұздалифа түнеп ап,
«Жамаратты» соққылау...

Кәғбатоллаһты айналып,
Сафа,
Мәруә да сағилау –
Хаққа мәңгі байланып,
Хақ боп қалу қағида-ау!

Сосын шашты алдырып,
Қоштасу да бір бақыт.
Меккені ойда қалдырып,
Мәдинә ұшу – нұрға тік!..

Қасиетті Меккем-ай!
Қайтіп қиып кетем-ай?!
Ардағыма Мұхаммед,
Болған жарық мекен-ай!
Жер жарығы Меккем-ай!

II

Жүрмін сені сағынып,
Қасиетті хақ Меккем!
Аллаһыма бағынып,
Өзімді ылғи бақты етем!

Саған сырттай сүйініп,
Ардай таза ақ мекен,
Аллаһыма сыйынып,
Әмсе шындық жаққа өтем!

Сағыну ол – махаббат,
Махаббатты Хақ бермек.
Омен өзін оқалап,
Хақтайды адам Хаққа өрлеп.

Хаққа өрлеген құл текті,
Хаққа өрлеген құл өктем.
Хақты сүйген ұл текті,
Сені сүйген жүрекпен.

Жерде нұрлы жоқ сендей,
Хақ хақтаған хақ мекен.
Адам атамды өпкендей,
Өбем сені ақ Меккем!

III

Мәдинә Мінәууәра,
Қаласы Пайғамбардың.
Әрі оған сынала да,
Еріп дін жайғандардың.

Мәдинә Мінәууәра,
Қаласы Расұлдың.
Қаласы мына қала,
Адамда шын асылдың!

Мәдинә Мінәууәра,
Қаласы Елшінің хақ.
«Емес» деу күнә ғана,
Соңғы елші ол шынында-ақ!

Мәдинә Мінәууәра,
Қаласы Мұхаммедтің.
Еріп ол ғұламаға,
Хақтауды нысана еттім...

Мұхаммед соллоллоһу
ғаләһи уә сәлләмға,
Дінде ер,
Қарғыс жауар
Ермеген есалаңға!..

2012.1.12

ЕСКЕРТУ

Сендерге анықты ұқтыра алмай барам өзімді өлтіріп.
Жүректі иман,
Көкіректі хақ Құранға толтырып,
Хақ жолында тек Хақ ісін хақтауларың шарт еді,
Адам болып ақиқатшыл болмай жортқан бөлтірік...

Мен кетірген қателікті етпеулерің шарт еді,
Нәпсі қуған найынсапсыз ақылдының арты еді.
Ал анығы ақиқатқа уызында жарыған,
Аллаһ жолын тек қуған құл адамзаттың нарты еді.

Сендер білген хақ шындықты талай бітеу білген жоқ,
Білместіктен талай бітеу Хақты көзге ілген жоқ.
Күлді өмірде, бірақ-бірақ, анығына келгенде,
Шын күлкінің не екенін шіміріге білген жоқ.

Білу менен білмеудің шын екі арасы жер мен көк,
Білген биік,
Ал білмеген кетер төмен жермендеп.
Білген биік хаққа шығып қасиеті ханданса,
Ал білмеген жатар төмен төрт аяқтап ербеңдеп...

Бұ дүние әлем менен жәлем толы бір мекен,
Көз қуантар қызығы мол, бұзығы да бірге, тең...
Екі әлемін деп сүрген құл «бақытты етем, нұрлы етем»,
Дінмен болар,
Дінденгенге бұ да нағыз нұр мекен!..

Сондықтан да қате толы істі сендер етпеңдер,
Ақ иманмен Аллаһ берген ақылдардан көктеңдер.
Екі әлемнің қоры болып қалары анық Хақ айтқан,
Хақиқатқа қарсы жүріп хақсыз, қамсыз өткендер!..

2012.1.13

ЛАЙЫҚ

Құрғақ сөзбен құс жүгіртіп, аң аулап,
Қайтем жалған атақ қуып танаулап.
Мәңгіліктің сырын түйген мүминге,
Мына дүние қуанышы санаулы-ақ.

Сондықтан да жалған қызыққа елітпей,
Көңілді тек шындықтарға бөліп кей,
Еліктейін алсам егер көз көрмес,
Хақ білдірген хақиқатқа еліктей.

Жазсам қане хақ шындықты жазайын,
Кенімнің тек асылдарын қазайын.
Жақұт біліп жалған тағы жыр жазып,
Қияметте босқа тартпай сазайын.

Қайғымдағы бақытыма беттейін,
Өліп шынға опасыздық етпейін.
Хақ білдірген хақиқатты қана ұғып,
Ибраһимше жүректерден көктейін.

Хақты жазсам болары анық керек бір,
Жалған сөйлеп жөнім қайсы өрекір.
Нені жазу керек болса егерде,
Хақ Аллаһтың хақы мәңгі ерек тұр.

Жазам Соны ілім, халым жеткенше,
Бос қиял мен нәпсіні ойсыз өпкенше.
Жазам Соны ақын еткен Сол мені,
Жазам Соны басым жерге жеткенше!

Анық ақынға Одан басқа айтар жоқ,
Шыншыл үшін Шын жолынан қайтар жоқ.
Ал қайсыбір Хақ ісінде хақы өлген,
Жалғаншыға Ол шындықты байқар жоқ.

Хақ адамға артқаны емес аз міндет,
Сол себепті айту асық «жаздым» деп.
Хаққа хақсып қарсы ұшса қай ақын,
Анығында өтетін сол азғын боп!

2012.1.14

ИӘ

Такаппарлықтан бойда бір көмес нышан бар,
Менмендей бермей мезетінде оны іш аңғар.
Құтылу одан Аллаһқа құлдық бір міндет,
Кеңімес олсыз орныққан жанға қысаңдар.

Ол кетпей бойдан рух та алға аттамас,
Иман да нұрлап қасиетін хақтық сафтамас.
Құлшылықтар да құдіреттеніп, құтайып,
Адамым анық адамдық қалпын сақтамас.

Менім-ай, шіркін, тек биіктікті сүйесің,
Дұрыс-ау, бірақ жуу шарт жанның күйесін.
Өзіңе сіңген бұл сұмдық халды жоймасаң,
Біліп қой соны, отына оның күйесің.

Менім-ай, шіркін, қайтпаса екен меселдең,
Құтылсаң екен құтайтпас бұл сұм кеселден.
Түбіңе түсіп орнығып алған ол бір сұм,
Ол сұм ба,
Ол сұм құбылуға әбден төселген...

Сен байқұс, дұрыс, мейірімді-ақсың, иманды-ақ!
Иманыңа арың, намысың, барың иланды-ақ.
Бәрібір бірақ меніңнің сона-ау түбінен,
Айғайын естіп қаласың оның қираңдап...

Міне бұл сенің ішкі кіріңнің белдісі,
Ішкі кір құлдың құритынының белгісі.
Астағфираллаһ,
Менім, ей, оны құрт онда,
Такаппар адам Хақ алдындағы нөл кісі!

«Барлық жан биік,
Аласасы анық тек менмін,
Мен өйткені ауыр Жер деген үнсіз тектенмін»,
деген ой емес ой ғана, менің боуы шарт,
Сонда әне Хақтың боласың бірі өпкеннің!
Иншаллаһ!

2012.1.14

KIP

Адамдығы адамның жылтыраған жүзде емес,
Жүрек жылтыр болмаса адам хақты іздемес.
Иманы бар,
Ал, бірақ, сол иманды кір шалған,
Сырты кірсіз, іші кір туралыққа жүз кемес.

Турасы оның өз ісі өз ақылы «жөн» деген,
Жау ол үшін достықпен оның жөнін жөндеген.
Бұл мінезден мынандай мақал шығар сияқты:
«Іші кірдің сырты дүр, солына оңы жем» деген.

Іші адамның болса кір ісі оңды болмақ жоқ,
Өлі бала тапқандай сүрмек өмір толғақ жеп.
Құлдық,
Сенім құтайып шапағатты шәшіп нұр,
Іс, сөз тауып үндестік адамдықта толмақ жоқ.

Ішкі кірі адамның сөз бен істен көрінбек,
Күлмек,
Ішпек,
Сараңдық бәрі содан, ерінбек...
Аманатқа қиянат,
Уәде үзу,
Ант бұзу,
Өтірік,
Өсек,
Мүддеқор,
Жар сүйемекте жерінбек...

Сыртын сыптап сыланып, айнаға алты таранып,
Үлде менен бұлдеге алғанымен оранып,
Қасиетті қашыар, берекетті кетіпер,
Іші кірлі құл адамның,
Қоғамның да соры анық!..

2012.1.16

ҚҰЛЫНЫМ

Нәпсі қуып құр бекер дүрмекке ерме,
Болмайды еш мән, құлыным, дүрмектерде.
Дүрмекке еріп аяғың шалыс бассаң,
Айналасың шешілмес күрмектерге.

Жарықсызға дүние – соғар құйын.
Керекпіген көңліңнің доғар күйін.
Шалыс бассаң аяқты дүрмекке еріп,
Күрмектердің шешімі болар қиын.

Дүрмек – сыйқыр адамды аса арбайды.
Дүрмек Хаққа ешқашан апармайды.
Сені мәңгі тозақпен қор ететін,
Дүрмек ішін мекендеп жатар қайғы.

Хақ жолына, құлыным, дара аттағын,
Ақылыңмен әр істі сараптағын.
Бойдан қуып хақсыздық атаулыны,
Әр сәтінді иманмен жарақтағын.

Еш нәрсеге жүгінбе Хақтан басқа,
Еш нәрсеге жүректей қақпаңды ашпа.
Хақ Аллаһқа тек ғана тәуекел ет,
Жарылқаушы жоқ ешбір Хақтан басқа!

Бәрін шығар ойыңнан Хақ басқаның,
Тазард солай тұлғаңның тат басқанын.
Бір жамандық басыңа орнай қалса,
Хақтан басқа көрмессің жақтасқанын!

Шындық осы сырқатсыз сана барар,
(Өмірде адам сан кірлеп, сан ағарар).
Жеке қалсаң нәпсіңмен шайтан залым,
Хақтан бөліп нәпсіңе қамап алар.

Қош айтуға жарамас, не сәлемге,
Берме, балам, ырқыңды еш әлемге.
Барлық бардың Иесі – мәңгілік Бар,
Хақтан басқа кепіл жоқ екі әлемге!

2012.1.22

ОБАЛ-АЙ!

Ортақ дүние жүзсе де – нәсіп көлді,
Бір-бірінен неге адам асық болды?
Бір-бірінен неге адам қашық болды?
Бір-бірінен неге адам пасық болды?

Жер, су баспай біреуі кердеңсиді,
Көсемсиді, біреуі көргенсиді...
Адамдықтай Хақ Өзі берген сыйды,
Тәлкек етіп тәңірдей өрденсиді.

Ақыл жетпес біреуі данасиды,
Құдайсиды,
Құдайдай панасиды...
Ана сыйдан дәметіп, ана сыйды,
Кейі әлемде тек өзі ғанасиды.

Дүниені «мәңгілік» деп ұғынып,
Қызығына дүние көбі құнық.
Хаққа құлдық шынымен қылатыны аз,
Топырақтан жаралған тегін ұғып.

Малдан бетер қылығы көбісінің,
Хаққа қарсы мақсаты көп ісінің.
Миығынан қарайды дүниеге,
Көкке жетіп тұмсығы көбісінің.

Жаны жақсы көреді «мына менді»,
(Бұл да Аллаһтың білгенге сынағы, енді).
Кейі ешкімге еш дәмін таттырмастан,
Жұтып қана жерердей мына әлемді.

Хақпенен жоқ бір мысқал шаруасы,
Кейі-кейін қырады қару асып...
Тіпті өмірмен кейінің жұмысы жоқ,
Берсе болды табылып зәру асы.

Мәңгілігі көбінің осы-ақ әлем,
Өлшейді өмір бақытын босағамен.
«О дүние,
Жұмақ пен тозақ барды»,
Кейі амалсыз санатқа қосады әрең.

Көбі анығы бұл шынға нана алмайды,
Нанбағасын хақ нұрға қана алмайды.

Нұрға қанып,
Хаққа құл болмағасын,
Ондай адам нақ адам саналмайды.

Осылайша нұр текті қор боп адам,
Өз нәпсісі өзіне зор боп адам,
Жарық келіп қараңғы сүруде өмір,
Құс секілді хафазда – торда қаған...

Хақ дінінен қашқақтап осқырынып,
Жамандыққа жатқасын босқа ұрынып,
Төрт аяқтап жатады дін сыртында,
Мәңгіліктен қылмастан ешбір үміт.
Обал-ай!

2012.1.23

ІШ КІРІ

Сана,
Ақыл жат сеніммен былғанса,
Талпынғанмен тазармайды құл қанша.
Адам еш те ағармайды сәбидей,
Рухында оның болғанымен нұр қанша.

Анығында жат сенімге сенгеннің,
Жатқа сеніп нанымынан сөнгеннің,
Рухында нұр болуы мүмкінсіз,
Нұр сенімнен
Хаққа ол қақы сенгеннің!

Сенімде адам сәл басқаға алқыса,
Хаққа жалғар «делдал» іздеп толқыса,
Іші кірлеп ірігені адамның,
Назардан қап тозақ бастар жол құша.

Басқа қылдай күнә етпей өтсең де,
Өмірде тек қайырлы еңбек етсең де,
Сеніміңе серік қосып алдың ба,
Хақ алды онда еш нәтиже жоқ сенде.

Кіміңді ішкі білдіретін нақ сенің,
Серігі жоқ Хаққа сендегі ақ сенім.
Ішің кір ме, сен таза адам емессің,
Іш кірі ол серік қосу – жат сенім!

Сондықтан шарт адам пәктеу иманды,
Пәк иман ол – сенім кірсіз иланды.
Іш кірлеуі – имансыздық деген сөз,
Ішің кір ме, онда емессің иманды!

Ішің қандай тұрад біліп Хақ сенің,
Құлды Хаққа хабибы етпек нақ сенім.
Ішкі кірсіз пәк болмыспен бұл адам,
Түбі жетпек Хаққа оранып ақ кебін...

2012.1.23

ЖОҚ

Хақ жолымен тәу етіп жүрмегені –
Хақ дініне адамның кірмегені.

Хақ дініне адамның кірмегені –
Хақ өмірін иманмен сүрмегені!

Хақ өмірін иманмен сүрмесе адам –
Хақтың сөзін құлаққа ілмегені.

Хақтың сөзін құлаққа ілмесе адам –
Хақтың анық Хақтығын білмегені!

Хақтың анық Хақтығын білмегені –
Мына өмірде шын өмір сүрмегені.

Мына өмірде шын өмір сүрмегені –
Өзін мәңгі тозаққа күрмегені!

Өзін мәңгі тозаққа күрмегені –
Мұнда кеудің мақсатын білмегені.

Мұнда кеудің мақсатын білмегені –
Хаққа емес шайтанға өзін құл дегені...

Имансыз сүрген өмір өмір емес!

2012.1.23

РАББИМ

Дүниеге түскен адам Күннің нұрын «жарық» дер.
Дұрыс, бірақ емес әсте ол нағыз жарық дәріптер.
Нағыз жарық дін жарығы,
Дін, иманым беріктеп,
Қараңғыны дал-дал етіп жарып өтер жарық бер,
Ием?!

Қараңғыны жарып өтіп үндесейін жарықпен,
Рух – қозы жарығандай уызына жарып мен.
Шын жарықтан құл қолына ұстатқан шам-шырағың –
Құран нұрын рухыма құйшы анықты дәріптер,
Хаққым?!

Құран ашқан көкірегімде жарықпенен жарықтап,
Оң-солымды,
Ақыл жетпес ақ-қараны парықтап,
Дүниеге келгендегі мақсатыммен өмірлеп,
Хақ жетейін құзырыңа хар нәпсімді жарып қақ,
Раббым!
Әмин!

2012.1.29

ҚҰДІРЕТТІМ

Құдіреттім,
Жоғы анық Сенен басқа Құдіреттің!
Нұрымен мәңгіліктің жарылқадың,
Келмейтін соқыр едім қыбыр еткім.

Құдіреттім,
Келмейді Сенсіз енді қыбыр еткім!
Мен үшін сондай қорлық шығып қалу,
Сыртына, Хаққым, Сендік құзыреттің!

Құдіреттім,
Келмейді Сенсіз енді қыбыр еткім!
Сыртына шығып қалсам құзырыңның,
Ішінде қалғаным ол құбыр – оттың!..

Құдіреттім,
Келмейді Сенсіз енді еш қыбыр еткім!

Мәңгілік жарылқаушы тек Өзіңсің,
Тек Өзің жарылқай гөр, Құдіреттім?!

Мәңгілік тағындағы Рахымдым,
Сенсіз шынға асыра алмақ мұратын кім?
Жарыққа Өзің ғана бастамасаң,
Оң шықпай қалары хақ құласымның*!..

Жар Аллан!
Жалғыз Аллан Құдіреттім!
Жоғы анық Сенен өзге Құдіреттің!
Әуелсіз, Ақырсыз бәрі Өзіңдікі...
Мәңгілік Мәңгілігім, Құдіреттім!!!

2012.1.29

ЕСКЕ САЛУ

Пенлелік заң-зәкүн мен надан жеңіп,
Хақ жаққа баратқандай қадам кеміп.
Адамдық қақындағы ісін білер,
Сөз ұғар ақылы бар адам кеміп.

Ырықты серілік пен салдық илеп,
Ақиқат жүректерден қалды күйреп.
Деген ой «тек осы өмір» көңілді арбап,
Тіршілік Біршілікті алды билеп.

Білдірген былай қалып хақ шындықты,
Күлдірген озды бұрып нақ шындықты.
Басына не келсе де сабырменен,
Хақшыл топ ақиқатын Хақтың күтті.

Әне сол топ қуалап ақиқатты,
Құрандай қыбыла етіп нәсихатты,
Аллаһтың жәрдемімен,
Әлхәмдулилләһ,
Өзінде бұ дүниенің бақи** тапты!

Бәрі-бір білмейтінге білдіру жоқ,
Көзіне Хақтың Өзін ілдіру жоқ.
Білдіру,
Жолға салу Хақтың ісі,
Ол үшін адамға әсте құлды ұру жоқ!

* Құласы – қортынды, нәтиже

** Бақи – мәңгі

Сондықтан адам Хақты ұлықтасын,
Хақтанбау адамдағы құлыққа сын.
Келген кім дүниеге қайтып ертең,
Хаққына баратынын ұмытпасын!

2012.1.30

БАЙҚА

Адам өмірі жүректі өлшейтін аспаптай,
Соғысын оның қағазға сызған атқақтай.
Немесе бірде жоғары-төмен, түп-түзу,
Мұз бетін сызған шыймай сияқты шатқақтай.

Көңілді бірде,
Көңілсіз бірде, қайғылы,
Пәс, кейде бәсең, жететін кейде Айға үні...
Ұшақпен, атпен, жүретін кейде жаяулап,
Белгісіз, кейде ғаламды соққан айбыны...

Ақыл мен сана болғанмен ортақ, **Сенімде**
алуандық адам баласын тірі өлімге
итермелеуде... бұл халы бар ғой пенденің,
өкіруіне болмақ-ты себеп көрінде...

Бұл халын пенде еш түсіне алмай сорлауда,
Қалауы жанның Хақ көрер көзін торлауда.
Торланған көзбен қараны ақ көріп шатасып,
Хақ ісінде адам надан қап өзін қорлауда.

Қорлаған өзін адамнан кетіп түзулік,
Орнына оның қытымыр орнап қызулық,
Ақыл мен иман астаса алмай жүректе,
Көрінуде оң іс тураны ылғи бұзулық.

Шіркін-ай, адам, жүрегінді өзің тындашы!
Адамсың ғой сен, нәпсіңнен әсте сынбашы.
Бар болмысыңды Хақ Құранымен қарулап,
Қателік көрсең өзінді кешпей сындашы!

Не болар екен өмірің сосын бір байқа,
Жалынам саған бұл анық хаққы сырды айта.
Шүбә жоқ сөйтсең бақтанатыныңа сенемін,
Хақ берер иман – болмысыңа еніп нұр қайта!
Сөйт!

2012.1.31

АЛДАНУ

Надан құл өзін сондай жақсы көрмек,
Сенімде Алланға емес, бақсыға ермек.
Сенімде Алланға емес, бақсыға еріп,
Ақылы тазаны емес, ласты көрмек.

Ұнату өзін де ептеп дұрыс, бірақ,
Бұл жайлы білген абзал мына істі нақ:
Аллаһты,
Сосын Оның Пайғамбарын,
Ең жақсы көру құлды құрыш қымақ.

Көрген құл өзін жақсы аса алдайды,
Өзінен өзі ешқашан аса алмайды.
Сөйткесін ондай әлсіз ақымақты,
Шайтандай лағынеті қас алдайды.

Сөйткесін өзін ғана жақсы көріп,
Сенімде Алланға емес, бақсыға еріп,
Дүниеден тозақтық боп өте шығар,
Тек өзін құдай санап, Хаққы көріп...

2012.1.31

ХАҚ БЕРДІ

Хақ беріп ән жасадым,
Күй шығардым,
Мұныммен мүмкін жұртқа сый шығармын.
Өмірден соны білдім, шыным осы,
Иманмен оңады екен қисық әркім.

Хақ беріп күй шығардым,
Ән жасадым,
Бойда қан, ойнат талай жанда сағым.
Бірақ та келіп қана хақ иманға,
Шындыққа анық, айқын қам жасадым.

Ән шырқап,
Күй де шертіп,
Жаздым өлең,
Болмаған шығар еш те сазды менен.

Ақылым жеткенінше шынды сүйдім,
Бірақ та туа бітті азғын емен.

Өнер де Аллаһ берген керемет-ті,
Өнерден сездім талай кереметті...
Сан шүкір хақ Аллаһқа, Аллаһ берген,
Мені иман,
Өнерді иман ерен етті!..
Әлхәмдулилләһ!

2012.1.31

АЯУ

Адамды адам аямайды,
Аллаһ адамды аяйтын!
Адамды адам аяй алмау ақылдыға жай айқын.
Адамды адам аяу қайтып келмек адам қолынан,
Аяу сезімді Аллаһ бермей кім еді адам аяйтын?

Адамды адам аяу үшін онда боу шарт нұрлы иман,
Нұрлы иманмен болмысына болуы шарт нұр жиған.
Адамды адам аяу үшін әрі дінмен діндеу шарт,
Дінсізде әсте болмақ емес аяу сезім нұр құйған.

Дінсіз пенде ешкімді әсте, еш те аяй білмейді,
Аяу тұр ғой өзден басқа ешті көзге ілмейді.
Өзден басқа ешті көзге ілмегесін адам деп,
Қажет көрсе адамды ұрып,
Қажет көрсе тілдейді...

Өйтетіні ол Хақ Аллаһты танымайды Біреу деп,
Танымайды екі әлемге Ол Өзі ғана тіреу деп.
Сөйткесін де ол пақырдың үш көрімі* жабылған,
Үш көрімі жабылғанға өзден басқа біреу жоқ.

Аллаһ құлын үш көрімі жабылғаннан сақтасын!
Сөйтіп аяу сезімінен қағылғаннан сақтасын!
Діннен тыс қау – Хақ Аллаһтың назарынан тыс қалу,
Діннен тыс қап тозақ отқа жағылғаннан сақтасын!

2012.2.3

*Үш көрім – көз, құлақ, жүрек

АЛАҢ

Анық жайлы асқақ ән,
Дәуір болды шын бұққан.
Тас қараңғы қас надан,
Алға озуда шындықтан.

Саналуда білімсіз,
Ақиқат пен шынды ұққан.
Бас тартпауда ғылымсыз,
Құдайсыздар сұмдықтан!

Обал болды анығы,
Сәбилер мен жастарға.
Жолға ақиқат қанығы,
Көрсетілмей бастарға.

Хақ ісіне бастырмай,
Хақ ғылымға жолатпай,
Хақ Құранын аштырмай,
Жоюда, әттең, жол – ақты-ай.

Дін ісіне тік қарап,
Дінсіз сөзді төкпелеп,
Дінсіз істі тықпалап,
Жатыр жастарға екпелеп.

Дін жайлы көп жақ ашпай,
Хақтың атын да ататпай,
Қурап қалған ағаштай,
Босты ұлықтап атақтай,

«Бисмилләһи» дегізбей,
Аллаһ атын аластап,
Тек жалғанды негіздей,
Айналдырып таласқа,

Хақ илаһи шындыққа,
Надандықпен жұмып көз,
Шайтан құптар сұмдыққа,
Ақыл, сана, тұнып көз.

Сөзде жалған «Құдай» деп,
Намаз оқып көз қылып,
Шыны жанда Құдай жоқ,
Тек жалғанды сөз қылып,

Хақты оларға білдірмей,
Елдің жарқын ертеңін,
Қоюда, әттең, ділгірлей,
Өшіріп ел өркенін.

Солай арсыз қаптауда,
Балдырғанның асына.
Хақиқатты таптауда,
Келгенді істеп басына.

Тосуға, әттең, жоқ дәрмен,
Жүрек босқа тулауда.
Алысқасын сотқармен,
Жанда қайғы шулауда.

Құдайсыздық осылай,
Жас сананы бұзуда.
Бұл сұмдыққа шошына-ай,
Тіл мен жүрек қызуда...

Білмек Саған тән, Аллаһ,
Тек Өзіңсің Бір-ақ Хақ!
Тек Өзіңсің пана, Аллаһ,
Кешір кетсем жырақ қап?!

2012.2.4

ҚАЗАҚ КҮЙІНДЕ

Қазақтың барлық арманы,
Мұңы күйінде,
Қазақтығы оның бұрышсыз қазақы үйінде.
Хақпенен ішкі үндесі, шексіз құлдығы,
Ауратын жапқан ар қабы сынды киімде.

Қазақтың күйін қазақы киіз үйінде,
Үстіне киім қазақы киген күйінде,
Алдыда қымыз, жал, жая, бағлан сырбазын
қарпытқан қалпы тыңдау шарт қазақ күйінде...

Еске түссе олар сөз таптыртпайтын айтарға,
Айналтар лезде қан тулап бойда қайсарға,
Іргеден енген жуа, гүл, тезек, көң исі...
Шіркін-ай, деші,
Қазақы ол өмір қайтар ма?!

Шіркін-ай, рас, қазақтың күйі – арманы!
Ішінде оның қара баласы, сар наны.
Ішінде оның бар сүрген өмір тарихы,
Ішінде оның қол жетпей кеткен Қорланы...

Ішінде оның дұғасы менен тілегі...
Ішінде оның бірліккен жауға білегі...
Ішінде оның адасқан шағы хақсыздап,
Ішінде оның дін тұтқан елдік ірілігі...

Қазақтың содан көңлінен қалса жыр ұшпай,
Жаман қиялдар болмысын алса құрыстай,
Жалғыз күй тыңдап, құрыс-құрысы жазылып,
Жарқылдайтыны алдаспан сынды қылыштай...

2012.2.12

МИРАС

Дамы адам,
Дамып адам Айға барғын,
Жердегі бірі болғын айдағардың,
Бәрі-бір Хақты Хақ деп танымасаң,
Бірісің іші үрленген жай дағардың.

Дамы адам,
Дамып адам Күнге барғын,
Жер беті мықтысы боп кімге барғын,
Бәрі-бір Хақ Иеңді бірлемесең,
Бірісің көңлі соқыр мүлде хардың.

Дамы адам,
Дамып адам ұшып кеткін,
Өмірде ішіп, мейлі құшып кеткін,
Бәрі-бір Хақ жолымен жүре алмасаң,
Өзіңді от – тозаққа түсік-ті еттің...

Мың, тіпті, миллиардтық бол-ақ қауым,
Өзіңе дінсіздікті жолатпауың
керексің, ал хақ діннен сыртта қалсаң,
Емес ол Хақ міндетін сене ақтауың.

Дінсіз бе, дамуға онда сенбе, адамзат!
Сенем деп құдайсыз қап сембе, адамзат!

Дамы,
Тек дініңменен бірге дамы,
Хаққыңа, дұрысы сол, сен де, адамзат!

Жәннәттың ашқышы анық бұл дүние,
Ол да анық дінсізге бұл тұл дүние!
Жәннәт ол дүниесін дін дамытқан,
Болатын мирасы анық құлдың ие.

2012.2.13

СҰМДЫҚ

Хамма істің тағдыры Хақ Аллаһтың қолында,
Жүрмесе де, жүрсе адам Хақ Аллаһтың жолында!
Өйткені өмір Онiкi – келу-кету, жеп-iшiу,
Азуы адам бек сұмдық мәнін бiлмей соның да.

Жолында Хақ Аллаһтың жүрмесе де, жүрсе адам!
Бiлер едi бұл сырды Құранға құлақ түрсе адам.
Өттең, пенде өмiрiн хақ иманмен сүрмейдi,
Бiлер едi бұл сырды сонда өмiрiн сүрсе адам.

Жер,
Күн,
Ауа,
Бас,
Аяқ,
Қолың да ана, Сонiкi!
Сана,
Сезiм,
Ақыл,
Ой – қорың да ана, Сонiкi!
Келiп Содан жаралып, жатсың жайлап дүниесiн,
Сонда қалай болмақ «дiн жолың» ғана сенiкi?

Дiн де Онiкi емес пе,
Өрi хақ дiн – бiр-ақ дiн!
Қайдан шықты ендеше мыңдап кеткен құрақ дiн?
Құраны бар құдiреттi,
Елшiсi бар ел асқан,
Тар боуда ма санаңа Исламдай нұр, ақ дiн?!

Оның құлы боп тұрып,
Оның асын жеп тұрып,
Оның дiнiн тәрк етiп, хақ Құранын жеткiрiп,

Ол жаратқан бар етіп ит пен құсқа табынар,
Қайдан шықты, адам-ау, енгісіз бұл көп ғұрып?!

Сүріп өмірді Ол берген,
Ол жаратқан мекенде,
Табынған соң бұл адам Өзін қойып бөтенге,
Ақылы бар бұл адам хайуандық та ете алмай,
Мәңгі төмен тозақтық боп кетеді екен де?!
Өкінішті!!!

2012.2.18

ҚАЙТЕР ЕҢ?

Болғанымен мұнда бар,
Жәннәтта жоқ жамандық!
Тәмам болар дүние,
Жәннәтта жоқ тәмамдық!
Қор боудасың бірақ та жасап алып жамандық,
Болса да бұ дүние сенің үшін тәмамдық.

Бұ дүние мәңгілік емес, анық тәмамдық.
Сен сүрмейсің дүниені тағы ақырлап, тәмам қып.
Жасап қор боп қаласың бір-ақ сәтте жамандық,
Бұ дүние қайтер ең болмаса егер тәмамдық?

2012.2.19

ЕКІ ДҰҒА

I

Әссәләумуғалайкум, Оразалы!
Қаза етіп алсаң Намаз, Оразаны,
Күнәнді кешіп Аллаһ білмей еткен,
Сен үшін болмаса екен көр азабы?!

Жақсының екі әлемде жары Құдай!
Жарқылдап жүруші едің, жарығым-ай!
Жарқылдап жүруші едің, жарығым-ай,
Сол күннің санадағы жарығын-ай!..

Халқың ба, артыңдағы бейғам әлі,
Хақ ісінде аттатпауда ой қамағы.

Айналған дүние отын көбелектей,
Сияқты сүру де өмір той қонағы...

Хақ өлім талдамас қарт, жасты тағы,
Екенін білсе де елің масқытады.
Сен кеттің қазақ кеп ед қапияда,
Еменнің қиылғандай жас бұтағы!..

«Бір күні біз де осылай кетерміз» деп,
«Бүйтсек қор хақсыз болып өтерміз» деп,
«Бұлайша дінсіз, хақсыз өтіп кетсек,
Өзіміз түбімізге өз жетерміз» деп,

Шынымен шырқай Хаққа бір ойламай,
Иманмен екі әлемді сүре ойламай,
Анығы елің әлі жатыр ұйықтап,
Дін ісін қорылынан тұра ойламай!

«Ертең, не бүрсігүні, арғы күн» деп,
Аллаһтың алмауда еске жарлығын бек...
Біреуі бардан асып басса жерді,
Біреуі жабырқауда «жарлымын» деп!

(Дін жайлы дүниені жайқуда өкпек...)
Кей қуған Раббы жолын айтуда ептеп:
Өмірге келу деген – келген беттен,
Ұғынып Хаққа екенін қайту беттеп...

Әлі оған мән беретін емес дұйым,
Секілді шын іс көптің жемес миын.
Шырағы сөніп қалған үй құсақты,
Надан мен адам құрса кеңес қиын.

Көңлің Хаққа қарсы нала қысып,
Есіне бірі сені алады ішіп.
Кейінің берекеті кесілуде,
Ауызын жалағандай ала күшік...

Дүние өзгеріссіз, өтуде күн,
Хақ білед өшуде кім, өсуде кім?
Қара Жер бетінде түк болмағандай,
Өткеннің ізін көміп көшуде құм...

Әуелден дамулы еткен сүйікті Егең
ғаламды!
Адам Оны сүйіп кеген

жоқ еді, сондықтан да адам салған
үй зәулім, жоқ сана әлі биіктеген...

Құлшылық екі әлемнің дәру асы,
Онымен ешкімнің жоқ шаруасы.
Иманын қорғамайды, дінін өліп,
Нәпсі ісін қорғағандай қару асып.

«Распен, дүние жалған, ұлас» деші,
«Дін тұтын, дін Тәңірлік мұрас» деші.
Құлдық ет өмір сүру мәні сонда,
Айтқаны Құл-ағамның рас» деші!

«Мәнін біл, жаралудың мақсатын біл,
Өмірдің өте шығар әп-сәтін біл.
Құл болып Хаққа ғана, иманды өту,
Жәннәтқа мініп барар жақсы атың, біл,» –

Деп айтшы,
Өйтпегеннің қор боларын,
Олайсыз екі әлемі сор боларын,
Тең ойлап екі өмірді нұр сүргеннің,
Жақта анық өзің барған зор боларын,

Айтшы өзің, айтшы, бауырым, Оразалы!
Қаза етсең Намаз, Зекет, Оразаны,
Тілейтін, дұғам осы: «кешіп Аплаң,
Сен үшін болмағай» деп көр азабы?!

Әмин!
«Әмин» де, әй, бауырым!
Алақан «әмин» деп жәй, бауырым!
Дін тұтып, дініңменен дұға еткенің,
Міндірген оған нұрдан – тай,
Бауырым!..

II

Әссәләумұғалайкум, Оразалы, бауырым,
Тұлпар сынды ақын ең жел сыйпаған сауырын.
Айтып келмес ажалдың ақиқатын білсек те,
Көтере алмай қайыстық қазаң салған ауырын.

Қаза Хақтан, ол анық, айтып әсте ол келмейді,
Қаза – қайту Хаққа адам,
Қайтады, әсте ол өлмейді.
Бірақ, шіркін, тіріде қаза жайлы кеп қалар,
Ойланбайды ол анық, көңіл де оған бөлмейді.

Сен кетуің, сенімен дәуірлестер біздерге,
Қайта қарауды ескертті басып өткен іздерге.
Қайта қарап, әнеки, сені көріп отырмын,
Өнердегі ақшаңқан сенің кемең жүзді өрге.

Сенің кемең ақ кеме желкендерін Көкше етіп,
Тартқан күйі, тағдыр-ай, арғы әлемге кетті өтіп...
Өмірді өтпес көретін адамдарға абайсыз,
Ақ пен қара,
Жоқ, шынды жүректерде екшетіп.

Көп өкінді,
Мен бе, мен, мен де әрине өкіндім!
Бірақ, одан да анығы өтер күнге бекіндім.
Бекіндім де,
Сен барған шын дүние Иесі,
Хақ Аллаһтан күнәнді кешіруін өтіндім!

Олай ету тірінің артта қалған міндеті,
Жанбас мұнда мәңгілік қай-кімнің де күнде оты.
Қатарында жақсылар атың қалды, сан шүкір,
Теңеп айтсам жап-жарық секілденіп Күн беті.

Даурықпайын «жоқ еді артық сенен ешкім» деп,
Хақ қарсы кеп «мезгілсіз жанбай неге өштің?» деп.
Абыроймен Хақ берген қалып халқың аузында,
Көшкен алтын секілді өте шықтың көшкін боп...

Бізде бір күн барамыз мәңгілік ол мекенге,
Кімдер жүрген жоқ дейсің мәңгілік ол мекенде?
Адам атаң бастаған пайғамбарлар шоғыры,
Әулиелер,
Данышпан сонда, бауырым, көсем де...

Күтудесің ол анық Есеп күнді ақымда,
Арман бар ма өзіңдей айтып өткен ақында?
«Обал-ай» деп қояды ойсыз-ойлы бауыр көп,
Менше сенің қалмады дүниеде еш ақың да!

Өйткені, Аллаһ ісі хақ кімнің қанша жасауы?
Кімнің қандай ақын боп жырдан жамбы қашауы?
Тілі болып қауымның тіліп түсіп айтқасын,
Кейде орынды секілді көңілдердің босауы...

Мен, сан шүкір, түсіндім, өлім сыры не екенін...
Кетед тастап неге адам нұр дүние мекенін?..

Сондықтан да тілеймін күнәнді Аллаһ кешуін,
Аллаһ кешкен құлының жеңілдетпек есебін...

Қозыларың жүретін анасына жамырап,
Анасы – аппақ Ажарың сен кетіп ең қаңырап,
Қалғандай боп жүрді де, тағдыр ісі, әрине,
Ол да кетті,
Кетті ұшып өзің жаққа аңырап...

Дұрыс болса Аллаһқа,
Дұрыс болмақ адамға!
Өзгерту жоқ, әрине, тағдыр ісін адамға.
Біз қимадық,
Дегенмен Хаққа ұнады солай боу,
Мүмкін емес ұнамау Хаққа ұнаған адамға.

Мен тілеймін екеуің бір кіруді Жәннәтқа,
Жақсыларға орын кең дүниеден Жәннәтта.
Қайтады адам өлмейді,
Иә, сендер қайттыңдар,
Қол ұстасып бір боңдар мәңгі, мәңгі Жәннәтта!..

Мүмкін, жүріп айтысып болса амалың етпеген,
Болса арманың шындық пен туралықта жетпеген,
Жеткен ісінді еселеп,
Абыройыңды асырып,
Рахымды, Өзі Аллаһ, рахымын төксе екен?!

Рахымды, Өзі Аллаһ, рахымын төксе екен?!
Мұнда жақсы еткендей, жақсы онда да етсе екен?
Сеніміңде, бауырым, секілді еді ақау жоқ,
Күнәнді Өзі кешіріп Фердауыстық етсе екен?!
Әмин!

2012.2.20

ЖЫН ҰЯСЫ

Бұрсаң сөзді салмақсыздар қалжыңға,
Олайы жын ұясы бар қалжыңда...
Сөзге қалжың қосу шыны шындықты,
Қақпақыл қып беру шайтан малғұнға.

Қалжың қоссаң хақ сөз қалмақ хақсыздап,
Қатықсыз шәй ішкен сынды ақсыз қап.
Үнемі елді күлдірумен кім өтсе,
Екі әлемде сорлаушы сол бақсыз қап.

Қалжың Хақты ұмыттырмақ адамға,
Хақ болмайды қалжың құмар адамда.
Шайтанға еріп абайсызда бір айтқан,
Қалжың дананы айналдырмақ наданға.

Қалжыңменен айырылып-жыртылып,
Күлу хақты білген жанға дырқылық.
Қалжыңменен өмір сүрген пенденің,
Ашылмайды рухындағы нұр – құлып.

Депті Лұқпан: «күлкі жүректі өлтіред»!
Тірі ол Хақпен, денедегі ол – тірек!
Күлкі қуып бір де Хақты еске алмас,
Бұл сөз тірі өлікті еске келтіред.

Қалжың хақты, хақ қалжыңды жоқ етпек,
Бірін-бірі оларда жоқ өбекпек.
Мысал, халал ішкеніңді нұр етсе,
Харам халалды арам етпек, боқ етпек...

Демек, анық қалжың шынның жойғышы,
Қалжыңда еш сақталмайды ой күші.
Ендеше адам қас қалжыңнан сақтанып,
Болсын сөзді хақ нұр толы ойлы іші!

2012.3.4

Әй...

Бауырым-ай!
Жанды ұрған жат ойыңның ауырын-ай!

Жидіген сөздеріңнің сасығын-ай!
Ілгішті істеріңнің пасығын-ай!

Дін кеп те діліңменен езілмейсің,
Баяғы тас тіліңмен безілдейсің.

Бауырым,
Шыныменен азарлысың,
Осынша адамдықтан азармысың!

2012.3.4

ӘЙ, ДҮНИЕ-АЙ, ҚАТТЫСЫҢ

Жаратпақ ол Хақ ісі,
Адам ісі сұрамақ!
Жоқты бар ғу Хақ ісі,
Адам оны құрамақ!..
Адамда жоқ жарату, жоқты әмбе бар ету,
Жауап беред бәріне Аллаһ сөзі Құран-ақ!

Аллаһ ісі жарылқау,
Адамдікі өтіну,
Жол көрсету Аллаһтан, басса да әлем бетін у.
Түкті алып бұл адам, бере алмайды түкті де,
Надан ісі сондықтан дүниемен бекіну.

Жәрдем Хақтан болады, етсе адам ол себепкер,
Жұмақы етпек адамды ақ жолда еткен себептер.
Адам құны ақылда,
Адамды ақыл дана етпек,
Тура Өзіне тартқанға Аллаһ Өзі медеткер!

Тура Хаққа тартады ақылдысы адамның,
Қадам жарығы ішінде Хаққа тартқан қадамның.
Ақылы жоқ хайуан танығанда Аллаһын,
Хайуаннан төмендеу ісін қылу наданның.

Ақымаққа дүние шетсіз-шексіз сезілмек,
Тауыспақ ол өмірін «дүние» деп безілдеп.

Тек дүние болғасын мәңгілігі ондайдың,
Мәңгілік Һәм Хақ жайлы рухы өлмек, көз ілмек...

Рухы өлсе, бұл адам, тек кері істі ұнатып,
Бұзылған ас секілді бұзылады түн асып.
Көріп тұрып көрмейтін,
Естіп тұрып сенбейтін,
Бола қалмақ әп-сәтте не кәпір, не мүнәфиқ.

Обал-ақ, шын, адамға, обалы әрине өзіне,
Құлақ аспағасын да Хақтың нұрлы сөзіне.
Сенім заңы мұсылман – сенуі шарт ғайыпқа,
Ақылымен көретін көрінбеске көзіне...

Әй, дүние-ай, тәттісің,
Шынымен-ақ тәттісің!
Сені сүйіп көп пенде кесапатын тапты шын.
Сонша ақылды адамды абы болып арбап бек,
Маңдайынан ұшырдың мәңгісінің ақ құсын...

Әй, дүние-ай, қаттысың!..

2012.3.4

ДІН СЫРТЫНДА

Дін сыртында ешқашан әділдік жоқ, болмайды!
Дін сыртынан әділдік іздесе, адам, сол қайғы.

Дін сыртында дүние мәңгі болып көрінбек,
Дүрлегеннің дін сырты лапылдамақ көрінде от.

Екі әлемге мәңгілік жүргізетін әмірін,
Дін сыртында шын адам танымайды Тәңірін!

Дін сыртында шын адам өзі айланбақ «тәңірге»,
Құлақ аспай құлқы өшіп Құрандағы әмірге!

Дін сыртында барлығы еркін болып ұғылмақ,
Еркін кеткен ақыры тозақ отқа тығылмақ!

Дін сыртында өмірдің жоқ ешқандай бағасы,
Көзі шығып біреудің, жыртылады жағасы...

Дін сыртында уақыттың білінбейді өткені,
Қадірленбей қанша бақ желмен ұшып кеткені.

Дін сыртында ақылдың құны тиын саналып,
Қалмақ асты табанда қасиетті даналық.

Дін сыртында жын сезім айқұлақтап алға озбақ,
Кереметке баланып кердеңсіген сал «боздақ».

Дін сыртында адамдық түбірінен қараң қап,
Харам ішу, зина ғу жігіттікке баланбақ...

Дін сыртында дін ісі құбыжыққа баланып,
Шын құбыжық боп өтпек адам ардан таланып.

2012.3.4

ҰСТАЗ

Ұстазбенен тұрмайды шәкірт қатар,
Шәрбат дәмін ұстаздан шәкірт татар.
Білімсізді қатарға ұстаз қатар,
Надан болса ұстазын шәкірт сатар.

Анық ұстаз Хақ ісі данышпаны,
Анық ұстаз тәңірлік жан ұстамы.
«Екінші ана» деп кейде бағалаймыз,
Шын ұстазды тулаған намыс қаны.

Шын ұстаздан шын шәкірт шығары анық,
Шын ұстазға шын шәкірт шыдары анық.
Шын шәкірттің шын ұстаз бағын ашпақ,
Хақ ісіне жатпас еш шүбәланып.

Құл қожа Ахмет,
Абайдан кейін бізде,
Ұстаздыққа болмады-ау бейім бізде.
Ол ақиқат құдайсыз заман үсті,
Түскен жарық болған жоқ кейінгі ізге.

Тіпті, Абай да ұстазсыз боп өскені,
Мына сөзден белгілі емес пе еді:
«Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім»...
«Олай емес» деп онда егеспелі!

Абайды біз «ұстаз» деп танысақ жөн,
Хақ жолымен өйткені ол таныс әбден.
«Ұстазы жоқ халықпыз» деген кейде,
Жүректі езіп етеді намыс ақжем!

2012.3.7

ШЫН СЕНІМ

Адамды адам ететұғын сенім шын,
Шын сенімде шын менің бар сенің шын.
Шын сенімде шын танысың Хаққыңды,
Сол екенін естіп, біліп, көрушің.

Шын сенімде қылдан таю сенде жоқ,
Шын сенімде желік қуған сәнбек от.
Шын сенімде адамдыққа жетесің,
Нәпсі қуып жүресің де пенде боп.

Шын сенімде ақ-қараның не екенін,
Анық танып, дейсің «пәни не теңім».
Шын сенімде лайықтайсың өзіңді,
Көзбен көріп мәңгіліктің мекенін.

Шын сенімде табынарың жалғыздап,
Хаққа құлдық деп білесің жалғыз бақ!
Шын сенімде тарықпайсың еш неден,
Шын сенімде қор болмайсың жалғыз қап.

Шын сенімде шын Досыңды табасың,
Шынның онда шын білесің бағасын.
Шын сенімде оған дейін қара тас,
Кеудеңде өшкен шырағыңды жағасың.

Ол шырақтың майы сенім болғасын,
Өшпейтін ол мәңгі жарық жолдасың.
Өшпейтін ол Хаққа сенім мәңгілік,
Мәңгілікке ол болмақ сенің жолдасың!

2012.3.14

ДАУЫС

Әр ата-ана нұрланбай,
Әр отбасы нұрланбас.
Әр отбасы нұрланбай
Мемлекет нұрланбас!

Әр ата-ана орнықпай,
Әр отбасы орнықпас.
Әр отбасы орнықпай,
Мемлекет орнықпас!

Әрбір жеке хақтанбай,
Ұлт пен ұру хақтанбас.
Ұлт пен ұру хақтанбай,
Мемлекет хақтанбас!

Әрбір жеке шынданбай,
Әрбір әкім шынданбас.
Әрбір әкім шынбанбай,
Мемлекет шынданбас!

Әрбір ұстаз растанбай,
Әрбір шәкірт растанбас.
Әрбір шәкірт растанбай,
Елдің халқы растанбас.

Мақтаулы Аллаһ тұрғанда,
Мақтаулы құл мақтанбас.
Хақ төбеден ұрғанда,
Жаман одан сақтанбас.
Сақтанбаған сақтанбас!

Халық өзі дінденбей,
Ханы оның дінденбес.
Ханы оның дінденбей,
Мемлекет дінденбес!

Мемлекет дінденбей,
Мемлекет гүлденбес.
Мемлекет гүлденбей,
Елдің күні күнденбес...

Бұл сөзімде қате жоқ,
Мәнін терең білгенге еш.

Хақтан қайтсең де, ей, халқым,
Айырмағын іргеңді еш!

Түк марқадам таппайсың,
Рас сөзге күлген де еш.
Жақсылықтан айырма,
Жамандықпен іргеңді еш.

Ойсыз,
Қамсыз,
Амалсыз,
Алам деуге нұр көнбес.
Сондықтан да, бауырым,
Хақ жолына бірден көш!

Сонда ғана қалмайсың,
Хақиқаттан мүлдемге еш.
Олсыз адам өмірі,
Олла-билләһ гүлденбес!

Ала-алмайсың нәм Хақтан,
Жәннәттайын жүлдеңді еш!
Тиынға опа бермейді,
Бұ дүние білгенге еш!

2012.3.14

ДӘУ КЕН

Жыр арнапсың маған бір, шүкір, досым!
Надан ғана жақынын шұқыр, досын.
Маған айтқан тілегің өзіңе кеп,
Басыңда бақ, бауырым, шүпірлесін!

Рахымет айтпаған рахыметтен,
Кенде қалады екен Хақ рахым еткен.
Сен де, шүкір, ізгінің бірі ең,
Дәукем,
Ақын деген аймаққа аты кеткен.

Екеумізді анық ед Хақ қосқаны,
Алдымыздан әппақ нұр бақ тосқаны.
Мен де саған адал ем, сен де маған
Адал едің суындай ақ – тоспаның.

Жылағымды келтірдің жырыңды арнап,
Жыр боп ұшқан жүрегің – нұрыңды арнап.
«Неге өйтті екен» дейтұғын некер емен,
Жат бұратын жақсы ойды қырын қармап.

Сен де, мүмкін, «аппақ жыр – бұлағым» деп,
Жазған да отқан шығарсың жылағың кеп.
Жақсы көңлің үшін мін,
Арқам міне,
Арманыңа ап ұшайын пырағың боп!

Мендегі арман, менше ұқсас, – сендегі арман,
Мүмкін емес «Хақ» деген сембегі арнаң.
Арманымыз біздердің – Жәннәтқа еніп,
Хақ қауышу!
Бұндай-шы, жеңбек арман!..

Бұдан артық болмайды биік мұрат,
Адам үшін Жәннәт – нұр биік тұрақ.
Сондықтан да Жаратқан хақ Аллаһтан,
Басты жүрген біз бір құл иіп сұрап?!

Көпір салып,
Бақша рас тұрғыздадық,
Сонда да ақты, нақақ па, ұрғыздадық.
Аллаһ Өзі салғалы ақ жолына,
Пейлімізді бұзғыға бұрғыздадық.

Шүкір деуге тиіс пе, шүкір дедік,
«Соқыр» көрсек «алдың жар, шұқыр» дедік.
Күле қарап Хақ ісін тәрк еткенге,
«Байқа, бауыр, бұның шын күпір» дедік!

Мүмкінше жыр бетін бұрдық Хаққа,
Түсіндік те екенін құрлық – қақпа...
Құранды оқып, болмысқа ой жүгірттік,
Ондағы Ұлы Хақ айтқан сырды ұқпаққа!

Дүние емес мәңгілік бақытты іздеп,
Жатар ойдан бас тарттық «жахұтпыз» деп.
Өлі халден Хақ Өзі тірілтпесе,
Мәңгі кетпек екенбіз бақытсыз боп...

Біздің әлі шәш-етек бар күнәміз,
Бір сауаптан жалмауда әр күнәміз.
Тілге,
Көзге,

Нәпсіге ерік беріп,
Қас қаққанша-ақ даңғылды тар қыламыз.

Титтей ғана талаптан аса алмаймыз,
Тек шын үшін жанарға жас алмаймыз.
Болар-болмас көңілге қаяу кетсе,
Қан шапшытқан ызаны баса алмаймыз.

Демек, бізде бар әлі өкпеге орын,
Жыға ғана салуда өкпегі оның.
Олшы, сен де Шынды ең шын өпpegенің!
Олшы, мен де Шынды ең шын өпpegенім!!

Міне бұлар біздегі кемшіліктер,
Демек, ішкі біздегі кем шынықты «ер».
Шын Шын үшін Жалғанды тәрк ете алмай,
Жалған үшін ашуда кеңсіріктер.

Саған айтпай кімге айтам,
Дәукем менің!
Сен мен үшін таусылмас дәу кен де едің.
Сенен өзімді оқушы ем аңқыл қаққан,
Қуаныштан алқынып әукем менің.

Сенің маған ұнайтын сүйіспенің,
Жүрегіңмен жаныма түйіскенің.
Артық соғып кетпесе сүйіспенім,
Саған қайым жақпауы тиіс менің?!

Артық сүйіп жақпасам кешір мені?
Мен әуелден сүйгем жоқ көшірмені.
Мені қай дос достықта ұнатпаса,
Ең сүйгіні ол өзінен өшіргені!..

Отырған-ай бір түрлі жылағым кеп,
Бірақ хақтан басқа іске жылағым жоқ.
Сен де маған ақ, Дәукем, жылы ағын боп,
Мен де саған ағайын жылы ағын боп!

Сөйтіп бірге ұшайық Жұмақ жаққа,
Біздер күткен бақыт тек Жұмақ жақта...
Дүние жалған,
Онда оған пысқырмайық,
Табыстырсын Хақ бізді Жұмақ – бақта!
Әмин!

2012.3.15

СОЛ

«Нәпсіңді тый,
Салтыңа орал»,
Қайт дінге!
Айтар болсаң білгеніңді айт дінде!
Хақ жолында талмай қылып шын құлдық,
Қайтсаң егер «шын құл болып қайттым» де.

Нәпсіге еріп қайта алмасаң хақ дінге,
Дүниеде қасіретке баттым де.
Дүниеден дінсіз болып өттің бе,
Онда өзіңді өзің оқ боп аттым де!

Дүниеде болғанымен тақ кімде,
Мәңгілікке тұрар дейсің тақ кімде?
Екі әлемнің бақыттысы сол, бауыр,
Бұ дүниеде болса құлдық, хақ кімде!

2012.3.16

ШӨЛМЕК

Адамдарды айналдырма мазаққа,
Малғұн шайтан ласы болмақ мазақта.
Адамдарды айналдыру мазаққа,
Анық түбі тартылар іс азапқа.

Тісі орсақ,
Қисық көзі, мұрыны,
Ал біреудің әйелге ұқсайд түр, үні...
Мазақ – кемің,
Сондықтан да доғар, дос,
Бойыңдағы менменсіген іріні.

Бәрі де оның Хақтан,
Хақтың сынағы...
Бұл істе Хақ хақ құлдарын сынады.
Жұртты сылтың қылмақ келмек басқа, дос,
Байқа,
Байқа шөлмек бір күн сынады!..

2012.3.17

ҰШЫРҒЫ МЕН ТАРТҚЫ

Ашу кекті,
Ақыл текті болады,
Ашуына ерік берген солады.
Ақылымен ақиқатқа ұласқан,
Кемелденіп адамдықта толады.

Ақылымен адамдықта толған құл,
Екі әлемде ең бақытты болған құл.
Ашу мініп,
Кек бағатын иіріп,
Жұмыр Жерде-ақ жуадайын солған құл.

Ашу құлды иманынан тұл етіп,
Аллаһқа емес,
Ібіліске құл етіп,
Ізгілікпен қойған бағын гүл етіп,
Бір-ақ сәтте-ақ жібереді құл етіп.

Ақыл құлды тек Аллаһқа құл етіп,
Ізгілік пен хақиқатта түлетіп,
Іс,
Ниетін,
Сөзін нұрлап хақ нұрмен,
Екі әлемін жібереді гүл етіп.

Ашуыңды ақылмен бас сондықтан,
Нұрлы ақылда нұрсыз ашу сең бұққан.
Ақылды құл Хаққа қарсы келмейді,
Құранды оқып,
Исламдық жөнді ұққан!..

2012.3.23

ЖАҢА

Дейміз біздер «дін көне»,
Дін емес, біз көнеміз.
Алмаған соң діндене,
Көрінеді көнеміз.

Көнеліктен күндене,
Көрілмеуі дін шыңы.

Болса анығы кім көне,
Соған жабық дін шыны.

Балағаттан соң адамда,
Басталады ескілеу.
Ұстау жаңа оны адамға
Келмек діннен, естім-оу!

Көнелігі адамның,
Діннен тыс қау мәңгіріп.
Басылмауы қадамның,
Дін – жаңаға мәңгілік.

Дін Хақ қалау болғасын,
Кірсіз, таза, зат жаңа.
Адамға, өзін, ол да сын,
Дінде ұстамау жап-жаңа.

Кірімізді ішкі анық,
Дінмен жуып-шаймақпыз.
Дінмен құл боп күшті анық
Пәк тұрмақпыз жайнап біз.

Болғасын да дін жаңа,
Адам дінге өтеді.
Хақ алдына дін ғана,
Жаңа күйі жетеді.

Қалмау үшін көнеріп,
Қадірсіздеп ескіріп.
Дінге, қане, енелік,
Тұрмай хақсыз оқырып.

Біз іздеген хақ сонда,
Біз іздеген Нақ сонда.
Біз іздеген бақ сонда,
Біз іздеген тақ сонда...

Дінмен жүрсе адамның,
Жаңа халы сақталмақ.
Дінге ендіріп адамның,
Жаңа халын сақта,
Аллаһ?!
Әмин!

2012.4.11

ТАЗАЛЫҚШЫ

Бәріне Хақ қазы анық,
Хақтан үміт үзбеген,
Мұнда келген тазалық
Жұмысшысы біз деген.

Қақымыз бар Хақ алды,
Адамдықты сақтауға.
Дүние үшін ғазалды,
Ар, иманды сатпауға!

Біріміз хан, біріміз
Ғалым,
Ақын,
Данышпан...
Шетімізден іріміз,
Жалған атақ, намыстан...

Мәңгі өлместей байлыққа,
Аш пейілмен кірісіп,
Бола өмірлік шайлыққа,
Сорлаудамыз нұр ұшып...

Хақ жаратқан таза ғып,
Сақтандыра күнәдан,
Анығында тазалық
Жұмысшысы бұл адам.

Білген мұны қорланбас,
Нәпсісіне болып құл.
Хақтар тіпті ел нанбас,
Хақ нұрына толып кіл.

Ұрысқаны аз, кейіткені,
Өтейтін тез жазасын,
Ханнан гөрі, өйткені,
Тазалықшы таза тым.

Дүнияуи сынақта,
Салмағасын «кірге» қол,
Тазалықшы Жұмаққа,
Ханнан бұрын кірмек ол...

Бәріне Хақ қазы анық,
Хақтан үміт үзбеген,

Хақтан келген тазалық
Жұмысшысы біз деген.

Сондықтан да өмірді
Сүрмей тірі қаза қып,
Сүр бірінші нөмірлі,
Боп жұмысшы тазалық!..

2012.4.15

ҚҰЛЫНЫМ

Заң солай...
Дінді оқытпай надан болдым,
Сондықтан нәпсі әр басқан қадамда өлдім...
Өмірді өлі сүріп жүргенімде,
Дін келіп,
Құранды оқып адам болдым!..

Балам, сен дінді, шүкір, оқып өстің,
Көңілге хақты әліңше тоқып өстің.
Сондықтан ерте алмау шарт сені, балам,
Жастықтай жалыны ұрған оты кештің...

Орының одан сенің биікте тым,
Себебі тәрбие алды биікте есің.
Сондықтан бұзғы істен құлан түз кет,
Құлыным, адамдығың биіктесін!

Немесе ұста осы биігінді,
Күшейтпей дүние отымен күйігінді.
Құлыным, сонда ғана жүректегі,
Ашасың алдырмаған тұйығыңды...

2012.4.19

ЖАЛА

I

«Сәләфтарша» софымын,
«Софыларша» сәләфпын.
Ал анығы бұл екі бірінде емен тараптың.
Мен сондамын ендеше, «Мен сендерді, – депті Аллаһ, –
Исламдай хақ дінім (дәл) үстіне жараттым!»

Алғысынан салақпын,
Артқысынан сәл ақпын.
Алғысынша қатал тым,
Артқысынша қалақпын...
Екі топта елемей танытуда салқындық,
Ал өзімше тура Хақ жолындағы талаппын!..

Хақ сенімім жүректе,
Хақ Пайғамбар соңында,
Ағып келем, сан шүкір, Хақ Аллаһым жолында.
Мәзһабтамын ол рас – Имам Ағзам мәзһабым,
Қандай іске сөзі үлгі хақ Құраным қолымда!..

Боу шарт еді мұсылман бір-біріне ең бауыр,
Маған әйтеу қос тарап қимылдайды емге ауыр.
Шүкір Хаққа білгізген, көзім жетті, сол анық,
Дін басқа,
Адам басқа екен... сенбе бұған сен, бауыр!..

Шүкір, шүкір, сан шүкір, Хаққа иман келтірдім!
Оқып намаз, нәпсімнің кері жағына мол тұрдым...
Қаж да бардым Хақ жар боп,
(Жетсе берем) қазірге
Жетпегесін байлығым тек Зекетті «өлтірдім»...

Жұма барып мешітке жұртпен бірге қайтамын,
Қалам қолда,
Таңдайға Хақ салғанды айтамын...
Тырысамын ол да рас шақырғаннан қалмауға,
Бірақ дінде бөлетін жіктерге бар қайқаңым...

Тарабында болмасаң жоқ екенсің еш топта,
Алады екен сыртыңнан, өзсінген не, өш боп та.
Аллаһ құлдың, әмин, азуынан сақтасын,
Азса кетеді екен құл тастап жүріп дос боп та!..

II

Аруақшылдар, масқара, олар үшін арабпын,
Рухани жұтылған мүритімін арабтың...
Олар үшін көк тиын, қазақ тұтқан мың жылдық,
Құндылығы Ислам, ақиқатшыл тараптың.

«Тәңір» дей ме, Аллаһты Тәңірі білмей шатасып...
«Бәрі» екен-мыс олардың жетпіс-жеті атасы...
Өлген дереу «құдайға» шыға келіп айналып,
Бетке ұрады, сұмдық-ай, нанымдағы қатасы...

«Ұлт» дегенде «ұрып» тұр,
Ұлттың діні жауы нақ!
Хақсыздықпен қарайған қасіретін жауып ап,
Отан, ұлт тек, бар ғой-шы, солардікі секілді,
«Аллаһ» десең жаусың сен, ту-у алыстан жауығат!

Әй, шіркін-ай, білгенді білмес тыңдау жөн еді,
Білместіктен бұл қауым не істеп, не жемеді?..
Білмейтіннің рухына білгендікі ем еді,
Бүйтсе ондайлар, білмеймін, өзін дінсіз көмеді!..

2012.4.21

ДЕРЕК

Болса дағы кім ие,
Бәрі өзінде керектің.
Тарих дағы дүние,
Мен ондағы дерекпін.

Құдіреттің күшінде,
Мәужүт* болып кең ырғын
Сүріп өткен ішінде,
Дүниенің өмірмін.

Алар мүмкін ертеңім,
Болса егер керегі.
Кешіп өткен өркенін,
Мен дүние дерегі.

Бір жерінде уақыттың,
Жетегінде Бір Иенің,

*Мәужүт – бар болу

Сүрген өмір уатып шын,
Расымын дүниенің.

Заманақыр келіп қап,
Құламаса Көк пен Жер,
Иншаллаһ, бір жолықпақ,
Дерегім...
Тек, сөкпеңдер!..

2012.4.21

ӨНЕР

Табысың да, жеңісің,
Хақтан, хақта Хақты Аллаһ!
Себебі өнер мен үшін,
Зікір ету Хақты Аллаһ!

ІШКІ КҮН

Күні бар күннің ішінде,
Өрбір ісімді сенімдеп,
Күнімді жағып ішімде,
Күнденбейтін еш жөнім жоқ!

АКТЕР

Ақылым көзін ашпауда,
Жұпарын жұртқа шашпауда.
Білдіріп Хаққым, білгенім,
Қарын қамынан аспауда...

Салғырттық ойды бөлуде,
Уақтым көбі өлуде...
Қырық та мынау қылығым,
Не тындырмақпын елуде?!

Бар ма, жоқ маған ол сәттер?
Өтті шақ «нұрға толсақ» дер...
Құртады екен пенде өзін,
Аллаһтан алыс болса актер!

АЛАҢ

Қорқамын!
Жанымда жалаңдайды мұң...
Жортамын...
Жоқ өткен санамда ай, күнім...
Ойлашы бекісе жүрек,
Көз,
Құлақ,
Бақиына адам боп алаңдайды кім?

ҚАҢҒУ

Сенімі жоқ Аллаһқа,
Мән таппайды еш істен.
Ауадағы салмаққа,
Онда ақылмен көшіс кем.

Қадамдағы әр басқан,
Тыныстағы әр алған,
Мәнді білмей алға асқан,
Құл тұра өзі жаралған!..

БҰЗҒЫ

Туысты сөз бұзады.
Сәбиді көз бұзады.
Ақымақты алқау бұзады.
Жақсы істі жалқау бұзады.
Малды айдау бұзады.
Достықты жай дау бұзады.
Ішті харам ас бұзады.
Әйелді қарамас бұзады.
Сүтті іру бұзады.
Ұлысты ұру бұзады...

СОЛҒЫ

Толғана алам,
Қолға қалам енді алмасам болмады.
Жыр дүниені жырсыз сүю толғамыма толмады.
Аллаһ берген ақиқатты Аллаһ берген өлеңде,
Айтпай қалу ақындағы ақындықтың солмағы!

КЕРЕМЕТ

Керемет ақын жоқ,
Керемет бар Аллаһ.
Жармын дер ақың жоқ,
Бәріне жар Аллаһ!

Пендеге салсаң ба,
Менмін дер керемет.
Құзырда ол қалсаң ба,
Өзіңді керең ет.

Керемет Хақ Аллаһ,
Хақ қана керемет!
Хақ деп тек ақ алға,
Хақ деген еленет!

ЖАРЫҚШАҚ

Жүрегім, сұмдық, өлі еттей,
Кеудемнен мүлде бөлектей.
Рухым менен өзімді,
Қойды ғой мүлде тел етпей.

Ақылы тұрса да өкініп,
Сөйтуді санам өтініп,
Жүрегім жыбыр етпейді,
Алғандай без боп бекініп.

Зікірлеп Аллаһ әр атын,
Ұшсам да жетпей баратым...
Рухым мен өзім ортамда,
Жатқандай шөгіп қара түн...

ДҮМШЕ

Діндегіде дүмше жоқ,
Дүмше дінде еместер.
Діндегіні «дүмше» деп,
Соғар дінде еместер.

Сөйтіп хақтан жерінер,
Көрін қазып өзіне...
Дана жын боп көрінер,
Дінде жоқтың көзіне.

«Дүмше» өзі болмаған,
Бола алмаған білместің,
«Дүмше» жайлы толғаған,
Толғамына мұң кештім...

Өле жатқан «дүмшенің»,
Танығаны Тәңір – Хақ.
Ей, өлі құл, біл соны,
Таны Иенді таңырқап!

«Дүмше» болып ал да әуел,
Қара ол да емес кезіңе.
«Дүмше» болда – молда бол,
Молда ол – ұстаз өзіне!..

ХАҚТАН ТІЛЕК

Барлық мадақ саған тән,
О, Аллаһым – Тәңірім!
Кері істі де оң етер,
Сенің шексіз әмірің!

Сенен басқа Құдай жоқ!
«Бар» деушілер азады!
«Бар» деушілер өзінің
Көрін өзі қазады!..

Қазақтайын момынды,
Арсызға енді жем етпе!
Арсызға арын жем етіп,
Абыройын көн етпе!

Сүйген елді өзіңді
Әл-Мисақтан растап,
Қалдыра гөр қашанда,
Хақиқатта нұр асқақ!

Тарағанды қанынан
Баурынан жертпе!
Саған ғана сенімін,
Санасында берікте!

Бойындағы кемісін
Болмысынан айыр да,
Еткен күллі тірлігін
Айналдырғын қайырға!

Өзіне-өзін силаттыр,
Жат жанынан түңілсін!
Көріп сендік бірлігін
Көре алмастар мұң ілсін...

Бағын жандыр халқымның
Ынтымағын үздіктеп!
Өтердей ет өзіңнің
Жәннәтіңді «біздік» деп!
Әмин!

2012.10.16

ҚЫЛАУ

Жынменен дос болудан қайт, қазағым!
Араққа салыну ма, айтпа о жағын!
Сақтаған болмысыңды дінің тауып,
Қайтадан кәлимәнді айт, қазағым!

Қайтадан кәлимаға тілің келтір!
Асқынған аш нәпсіңді ділінде өлтір!
Қаласың бұл тұрыңмен күресінде,
Орныңнан қатарыңнан, бұрын, бол, тұр!

Кеше ел ең көңілімен көк тіреген,
Түрің бар бүгін шөп жеп, етсіреген...
Оданда үйір де иман, ортаңнан оз,
Қалпыңа ен де қайта өткір, ерен!
Сөйт!

КЕҢЕС

Балам,
Жаратушың Аллаһ!
Білмей қор боп қалма!
Бес фарызыңды өтеп,
Өзіңді Оған жалға!

Соның құлы бол да,
Басқаға құл болма!
Малғұн шайтанға еріп,
Жуадайын солма!

Құлқың Құранға ауып,
Ақ-қараны талға!
Тақуанды асыр,
Қатарыңнан қалма!

ӨТІНУ

Хақ жүрегім,
Саған ешті телмейді,
Жоққа сеніп жоқ боп кеткім келмейді.
Саған сенем – екі әлем Егесі,
Саған сенген екі әлемде өлмейді!

Сөз, ісімді біреулеші – шындайын!
Сенімді етші, Сені ғана тыңдайын!
Жан-тәнімді пәгейте түс Жар-Аллаһ,
Қайдан келген қас малғұнға қыңбайын!
Сені ғана айналайын Хақ Аллаһ,
Жарық алып айналғандай Күнді Айың!..

МАЗА

Мені тарайтып жүрген,
Достарымның тарлығы...
Мені қарайтып жүрген,
Қазағымның харлығы!..

ПЕРДЕ

Сенбейтінді Тәңірге,
Сендіре алмақ құл қайтіп?
Көрмейтінге көрмейді,
Көрсетсең де ұлғайтып!..

ӨТКІ

Тіл де өтеді адамға,
Сөз де өтеді адамға.
Адамыңа абай бол,
Бағдарыңды бағамда!

Суық жүріс өң бұзар,
Зинақорлық ген бұзар...
Ген бұзылу адамның,
Екі әлемін тең бұзар...

ЖЫЛ КЕЛДІ

Күндізге күндіздер ілесіп,
Жылдармен жатады жыл өсіп.
Илаһи ұлы бір әмірмен,
Тұрады жалғасып бұ несіп...

Сүйсе адам Аллаһты, Иені,
Аллаһ та адамды сүйеді!
Әппақ қар Аллаһтың сыйы еді,
Тұр жауып аспаннан киелі...

Куә боп жаныма, сырыма,
Арқау боп өніме, жырыма,
Тағы бір мінеки, жыл келді,
Бөленіп Рахман нұрына!..

2009.11.8

ӨТІНУ

Білімдінің ісі Хақпен болар...
Білімсіздің ісі тақпен болар...

Ілімдіде мін болмайды.
Ілімсізде дым болмайды.

Діннен шығып тарайғаннан,
Ілімсіздікпен қарайғаннан сақта,
Аллаһ!

ИНШАЛЛАҒ

Шәриғатсыз іс қылма,
Өз арыңның соты ол.
Дүниеге пысқырма,
Өртер тозақ оты ол!..

Досым, тыңда сөзімді,
Иман болсын шырағың.
Тіл мен тисаң көзіңді,
Жәннәт болар тұрағың!..

БІЛУ

Бұл жалғанның жалғандығын білдірдің,
Шүкір Аллаһ,
Жәннәтыңа бастай бер!
Білмей қанша бүтінімді бүлдірдім,
Ақылды әлгі Абайларша аспай кер...

Қырық асып, қырық бесте енді ұқтым,
Нұр дегеннің,
Жыр дегеннің не екенін...
Арасында бойлық пенен ендіктің,
Өзер таптым Адам ата мекенін...

Адам ата жер мекені – Мекке екен,
Өрине оның мәңгілігі Жәннәт-ты!
Рухымды нұрландырып Жерде есен,
Нәсіп еткей Атамекен Жәннәтті?!

АР

Таңғалдым Құдіреттің құдіретіне!
Ене алмай жүріппін Хақ құзыретіне...
Хақ Аллаһ ендіріп ед құзыретіне,
Қалмады қақым қайда қыбыр етуге!..

Білмесең «білем» деуден тартынбайсың,
Айтудан қайдағыны арсынбайсың...
Айтудан қайдағыны арсынбауың,
Қалмаудан қасиетіңде ар шыңдайтын!..

КӨЗ

Көз маңдайда төре еді,
Ол бәрін де көреді...
Ол ақылсыз бірақ та,
Нәпсі артынан ереді.

Адамда иман болса анық,
Ақыл оған толса лық,
Нәпсі нұрлап, көз сонда,
Көрер шынды ең қанлық!..

Олсыз көздің көргені,
Нұрсыз нәпсіге ергені...
Не имансыз ақылдың,
Санаға айтып бергені...

Нұрсыз ақылға ер мейлі...
Нұрсыз нәпсіге ер мейлі...
Адам нұрлы имансыз,
Көз шындықты көрмейді!

ЖЕР

Ей, адам!
Адамын нәпсісіне тонатқан надан!
Көрдің бе, анау «Көр»!
Көзіңді аш та көр!
Уақыт уақтыңды жер...
Жер сені жер!..
Мәңгі емес, біл, төр!..

Біреу Жерді нұсқап тұрып: «Жер» десе,
Ол сені ертең жейтұғын «жер» дегені!
Біреу Көрді нұсқап тұрып: «Көр» десе,
Ертең «кірер көрің, ал, көр» дегені!

Жер сөзі әуел «же» деп бұйрық ап тұрса,
Сосын «жер» деп ескерту де беріп тұр...
«Же» сөзінде бұлжымайтын хақ тұрса,
«Жер» сөзінде сені жер Жер торып тұр!..

Онда үстінде жүрсің ненің сен білгін!
Жалын Хаққа, көп жылап, бек, кем күлгін!
Ей, ақылды пенде, өзіңді неліктен
Жер жер бұрын нәпсіңе екі жем қылдың?!..

Ұлым, шақыр, тұр қанеки, Азанды!..

АЛЛАҢЫМ

Тек қана өзімдік тұлғаммен,
Тұтас бір жарыққа айналдым.
Пенде боп көп күнә қылғам мен,
Енді Өзіңе адам боп байландым!
Аллаһым!

Осылай қалдыршы кіл нұрда?
Мәңгілік жалғанып кіл нұрға,
Мәңгілік жарқырай берейін,
Ақырсыз айналмай бұлдырға?..
Аллаһым!

АДАСҚАҚ

Жорам менің, қайтейін,
Еріп кеттің басқаға...
Өкінерсің, әй, кейін,
Басыңды ұрып тасқа, аға!

Тәтті тілін емізген,
Астына уын жасырып.
Құпиялы, сен, ізбен,
Жүріп кеттің бас ұрып...

Өзің кетпей кетсең де,
Айналаңды ап барасың.
Әй, қателік көп сенде,
Жанға түскен жарасың...

Сияқтанып Намұрыт,
Ақ, қарадан тұл болдың...
Діннің тонын жамылып,
Саясатқа құл болдың!..

ХАҚ

Ізгілікпен үндестір?
Ізгілермен дос ет, Хақ!
Өмірімді күндестір?
Берер алда есеп хақ!..

Жарық жолға түсірдің,
Қарыз бенен аманат,
Кісі ақысын түсіргін
мойынымнан?
Санам ақ!

«Пайда бермес ғылымнан,
Қорықпайтын жүректен,
Тоймайтұғын нәпсіден,
Қабыл болмас дұғадан

сиынамын!»... кезексіз
Тілек қабыл Етушім!
Нажағайдай тез өткіз?
Сиратыңнан өту шын!..

ТӨРТІНШІ МҮШЕЛ

Мың тоғыз жүз алпыс үш,
Қарашаның бесінде,
Мен келіппін өмірге,
Ол шағым жоқ есімде...

Жыңғылдының маңы екен,
«Қызыл үйде» турасы.
Түлегі едім қазақтың,
Бураталдың тумасы.

Қырық тоғыз мүшелге,
Шүкір Аллаһ, жеттім кеп.
Айта алмаймын еліме:
«Егей еңбек еттім» деп!..

Сонда да, Аллаһ, сан шүкір,
Бергеніңе **жолға** сап...
Болады екен пенде адам,
Аллаһ Өзі қолдаса!

Адам болдым мінеки,
Хақтың ғана құлымын!
Мұхаммедтің үмбеті,
Қазақтың бір ұлымын!

Әлхамдулилләһ!!

2012.11.5

МИЛЛИОН ЖҮРЕКТЕН ӨТУ НЕМЕСЕ ЖАРҚЫНЫМ

*(Жарқынның «Мың бір сапарының» оқырманы
миллионға толған күні жазылған жыр)*

Жарқыным-ау, жарқыным!
Үдей түссін қарқының!
Мадақ хаққа!
Сан шүкір,
Үні болдың жалпының!

Жарқыным-ау, жарқыным!
Үдей түскен қарқының,
Көз алдыға келтіред,
Нажағайдың жарқылын!

Жарқыным-ау, жарқыным!
Пәсеймесін қарқының!
Жаны иманды нағыз ер,
Жоғын жоқтар халқының!

Жарқыным-ау, жарқыным!
Үнің қандай жарқын үн?
Сөзің қандай сап асыл,
Тілің қандай бал-шырын!..

Жарқыным-ау, жарқыным!
Сендей болсын халқының,
Бола білген жоқшысы,
Діні менен салтының!

Жарқыным-ау, жарқыным!
Үдей түсіп қарқының,
Сеніміңмен Аллаһқа,
Жынын қақтың қарсының!..

Жарқыным-ау, жарқыным!
Мақтанысың жалпының!
Барыңды сал халқыңа,
Тек, Жәннәттә ал тыным!...

Ағаңмын ғой, Аллаһтан,
Тілеуіңді тілейін!
Қасиетыңды әспеттеп,
Қадырыңды білейін!

Өзімсің ғой, өзімсің!
Жатқа сені қимайын!
Жат жанынан түңілсін,
Жаттан артық сыйлайын!

Дүбіріңе жел ескен,
Құлағымды түрейін!
Кел, қане, мін арқама,
Тік көтеріп жүрейін!

Танымастар Хаққысын
Хақтық қақын түсінсін!
Хақшылдығың хақсыздың,
Басып тұрсын мысын шын!

Ер-ұланым – еңселім,
Елдің туған бағына!
Аллаһ – Хақтың жолында,
Шығысайын жағыңа!

Мынау аз-ақ ғұмырда,
Хақтың,
Елдің діні үшін,
Барымызды атайық,
Сүрмей өмір күн үшін!

Сүрген өмір күн үшін,
Ісімізден үлгі алсын!
Хақ құлдарша, Иншаллаһ,
Ізімізде гүл қалсын!..

Түсінбеген түсінер!
Түсінгені бағалар!
Хақшыл жұрттан дәметпес,
Хақтың өзін жағалар!

Өзімізді сыйлайық,
Өзімізді шындайық!
Хақ елшісін үлгі етіп,
Қиындыққа қыңбайық!

Қазақ деген қайсар жұрт,
«Құрттан» аман өзегі!..
Оған содан ел боудың,
Келді қайта кезегі!..

Бірақ, тағы, ол да рас:
Көп ісімсіз қалыпсыз!..

Бір ғасырда көбінен
Айырылған халықпыз...

Соның басы сыйластық,
Ол ділде емес, тілде тұр.
Сондықтан да ел болмысы
Сияқтауда қыл көпір!...

Сондықтан да әуелі
Қайту керек сыйластық!
Жатты жаннан түңілтпек,
Келсе қайтып сыйластық!

Күрес керек ол үшін,
Құлдық керек Құдайға!
Анық құлды өзіне,
Құптары анық Құдай да!

Сондықтан да, бауырым,
Жатқа сені қимайын!
Жат жанынан түңілсін,
Жаттан артық сыйлайын!

Қазақ та өзін сыйласын,
Жұдырықтай жұмылсын!
Сөйтіп, қайта қазақтың,
Өлі рухы тірілсін!..

Бағам еді бұл менің,
Ұнаған соң көпке ісің!
Мақтағаным емес бұл,
Сыйлағаным деп түсін!

Жарқыным-ау, жарқыным!
Мақтаны бол жалпының!
Барыңды сал халқыңа,
Тек, Жәннәттә ал тыным!
Алтыным-ау,
Алтыным!
Әмин,
Аллаһу Әкбәр!

2012. 11. 13

ЖАРЫҚ ІЗДЕУ

Жарық іздеп қараңғыға қадалдым,
Қараңғының тілі жоқ.
Құлағыма үні келді Ғазалдың,
Дыбысы бар, тіні жоқ...

Қараңғыға жарық әні жалған ән,
Қараңғыға қараңғылық ұнайды.
Қара ән ішіп,
Қараңғыны жалмаған,
Жарықтарым жылайды.

Жыламайды,
Жатырқайды тым тіпті,
Қараңғыға енген сайын діл көзім.
Діл көзімнен дүниеде жоқ «Күн» шықты,
Күнді кезім Құдіретке құл кезім...

Қақым осы,
Қараңғыны ұнатам,
Шыным осы «шындығыңды айт» десе.
Қараңғымен жарық боп тұр мына таң,
Мен де жарық боп қалар ма ем әйтпесе?!

2003.4.21

ҚОЖЫРАУ

*Міне ғажап,
үш күннен бері дүние ісіне ерекше көңіл
аударып едім ғибадатым салмақсызданып,
ілімге ынтығым көз іліп, көңілім қожырай бастады.*

Дүние ісі қараңғы,
Асқынтады ол «жараңды».
Ізде өзіңнен табасың,
Өзіне-өзі сараңды.

Дүние ісі қараңғы.
Хақпен ашып араңды,
Өзің жұтып өзіңді,
Батырасың қараңды...

Дүние ісі қараңғы,
Жарығы оның ісі дін.
Ол ағартар қараңды,
Олсыз болмас кісі дым...

ЖҰМАБЕК

Жүрегіңде «Күнің» бар,
Жарығы бар Күніңнің.
Жаны жарық кімің бар?
Жарығың бар кіміңнің?

Күйген Күндей қараңғы,
Жүрегі өлген, көзі ояу,
Батыратын қаранды,
Некер жетер не «жаяу»...

Басқасың сен, басқасың,
Басқадан да басқасың.
Майдай еру тасқа сын,
Тастай қату басқа сын.

Сынсаң «шарт» деп сынасың,
Өз айтқаныңда өлесің...
Ерді ел бір-ақ сынасын,
Екі сынау көне сын!

Қараңғыңды жарытты,
Жаныңдағы жарығың.
Намыс тұтқан нарықты,
Менің жарық жарығым!

Қараңғыңды жарытты,
Аллаһ жаныңды ілімдеп.
Жаның сүйді жарықты,
Жүрек – көзің күлімдеп.

Өліп барып тірілді,
Өзегіңдегі арайың.
Жалған жайлы сыр ілді,
Сәулелеген сарайың.

Жоғын біліп бақ мұнда,
Нұрын ішіп ақ таңның,
Жарық жолын таптың да,
Жарық жаққа аттандың!..
Аллаһ Хай!
Жол ақ болғай!

2002.10.1

ЖЫН КІСІ

Ей, жын кісі,
Жұлдызы жоқ түн кісі.
Жалған күлуге шынығып па едің?
Жалған сөйлеуден шімірікпедің.

Сен,
Жалғаныңды шын етуге зорландың,
Арың оған қорланды.

Сен,
Жалғаныңды тіліңмен растадың,
Сөйтем деп шындық шыңынан бір аспадың,
Өкінішті!

Сен,
Сездің,
Жүрегімнің арайлы әнін сездің...
Шырқап тұрдым бесінде...
Шырқап тұрып мен сездім,
Жүрегіңнің қарайғанын сездім...
Қап-қара боп табы жатты бетіңде...
Ей, жын кісі!
Ей, түн кісі...
Әй, мұн кісі...
Қайт!

2002.10.15

АҢСАУ

Көзім ашық,
Көңлім хар,
Пақырмын-ау, пақырмын.
Көңілі хар,
Көзі тар,
Күні қаран пақырдың...

Аллаһ,
Маған шырақ бер?
Түнегімді нұрлайын.
Пұлыс жонды пырақ бер?
Мінейін де зырлайын...

Зырлайын да өтейін,
Жеті қабат аспаннан.
Жәннәтыңа жетейін,
Адамдығым басталған!..

2002.10.15

ЖАЛЫҒУ

Жалықтым-ау!
Үңгірінде үнсіз жатқан халық мынау.
Түйсінер түкпіріңді тірі жан жоқ,
Жарығым, сен аман бол жарық «Күн-ау!»

Көбісі сырласқанның екі бетті,
Жете алмай жекеніме есіл етті.
Ділдегі ділгірліктер,
Дінсіздіктер,
Көңлімді қырық шұрық тесік етті...
Жалықтым-ау!

2002.10.1

НАМАЗ

Хақ алдында намаздың
Орны өлшеусіз, жоқ теңеу!
Намазсыздың жаны азғын,
Намазсыздық – көктемеу.

Ақиқаты ақыр күн
Құранда...
Оқы Намазды!
Жарығы жоқ пақырдың,
Жарықсыздан жаны азды...

Дүниеден бөлініп,
Жойып ақылға алғанды....
Жарға жанмен телініп,
Төрк ете алсаң Жалғанды,

Иман сені жалғамақ,
Жарығына Аллаһтың.
Жалған атақ, жалған ат,
Қамы мұнда қалмақтың...
Кетші-ей!

2002.11.5

ТАЛПЫНЫС

Екі көзден нұр тамуда,
Үйіріліп иманым.
Сонда да **Оны** бір тануға,
Татымады жиғаным.

Ішім мөлдір аспандай нұр,
Мінезімді мамық қып,
Тайға таңба басқандай бір,
Танымақ ем анық қып.

Мұса кәламда анық Оны,
Көрмегенін білсем де,
Өлмек едім танып Оны,
Күлмесең де, күлсең де!

Ештік пенен ғапылдыңтың,
Мақамында маталып,
Сан тірі өлген бақылдықпын,
Хақсыз ғарып аталып...

Хақ жайлы ойды қиял аулап,
Түлен түртіп тыншымды,
Сенім бойға ұялау қап,
Көшем лезде құм сынды...

Кесірі анық бұл Хақсыздық,
Сақтай алмау халды бұл.
О, Жаратқан, бұл хақсызды,
Сафилардың алды қыл?!
Әмин!

2007.2.1

БАСҚА

Рух басқа.
Жан басқа.
Ілім басқа.
Пән басқа.
Бұл төртеуін айырмай,
Ғылым келмес жамбасқа.

Басқа-басқа болғанмен,
Бір мақсаттың құлдары.

Біледі оны толғаммен,
Ақиқаттың ділмәрі.

Біледі де мәніне
Үңіледі алға аттап.
Дүниенің өніне
Құлдық ұрмай жалбақтап.

Мақсаттарға ең ізгі,
Оны ұшқан соң нақ танып,
Тебіrentсе де теңізді,
Жатпайды олар мақтанып!

Рух басқа.
Жан басқа.
Ілім басқа.
Пән басқа.
Бұл төртеуін біл!
Білсең
Аллаһ жәйлі «ән» басқа!..

2007.12.29

ҮНДЕСУ

Ибраһим мен Шәкәрім,
Мұқаметқали,
Құл-Керім,
Жүзуде иман шәһәрін,
Шығарып нәпсі құл-парын...

Бір шындықты олар мойындап,
Мың жалғанды олар төрк етті.
Дүние – күйік уайым қап,
Шыққан ақ күндей жарқ етті.

Жарқ еткен сол ақ жарықтан,
Дүние соқыр бет бұрды.
Ақыл сонда аумай ғарыптан,
Жылағысы өксіп кеп тұрды.

Абыжылан бір аумаған,
Жіберердей ол қылғып бір.
Сол жарықты аппақ қаумалап,
Дүние соқыр мүлгіп тұр...

2003.11.5

ӨКІНУ

Бойымдағы пендемнен
асып, адам бола алмай
жүрген пақыр пендең мен,
Кешіре гөр, ой, Алла-ай?!

Бетім бұрсам жарыққа,
Жамандарым қаумалап,
Құлатады арыққа,
Жан-тәнімді жаулап ап.

Аллаһ Өзі құл ғыпты,
Құл бола алсам жарады.
Құндай алмай құлдықты,
Күнім өтіп барады.

Өттеген-ай!

АБЗАЛ

Сенген абзал Хаққа,
Көнген жақсы «жоққа».
Таңбау өзін нұрлы іс,
Дүние соқыр – боққа!

ШЫРАҚ

Қатеде қасірет бар.
Дұрыста ырыс бар.
Қатеден қалыс жүр,
Дұрысқа жұғыс жүр!

ҚИЫН

Көше толған нәпсі...
Көңіл толған нәпсі...
Болу оңай бақсы,
Болу қиын жақсы!

БІРЖАН

Балам,
Бүгін туған күнің.
Тура он екі жыл бұрын,
Нұрға тәнді жуған күнің,
Аллаһ берген ділгірім!
Өстіп әйбәт өс, құлыным!
Шуатылмай шылбырың.

Ұқсама ойсыз «жырау» шалға,
Кісі болдың, құлыным.
Ар, иманын қылау шалмау,
Міндеті Хақ құлының.

Үміт – нәзік ақ жіп деген...
Өліп Сүннет, фарызың –
Мойыныңа Хақ жүктеген,
Өтпе өтелмей қарызың.

Шайтан қуып, жынды қуып,
Нәпсіңменен жарысып,
Мұңға айналып, мұңды қуып,
Күйік еміп, зар ішіп –

Нұрдан қашып, пара беттеп,
Сайқалға сап көзіңді,
Харам ішіп... қара бет боп,
Жұтып қойма өзіңді!

Қарсы келіп Жасағанға,
Дінсізге еріп салпақтап,
Өзіңді-өзің жәһаннамға,
Айдап барма талтақтап...

Беріл берік ақ иманға,
Аунай бермей күйеңе.
Намәлімсіз нақ илан да,
Аттан Хақ хақ Иеңе!

Сөйт, жарығым!

2003.6.24

СӨЙТ

Харамдарды көзім көрме, ол – қараңғы,
Ізгілікті байқа баданадай боп.
Харам қарау өшіреді қараңды,
Жүр дітіңе Хақ ісі үшін абай боп.

Нұрсыз сөзге құлағым бол таскерен,
Ізгі ән болса құрышыңа ал құйып.
Мұң,
Салмаққа мойымайды қасберен,
Отырады ол ардан тәтті «бал» жыйып.

Дінсіз сөзге тілім тиыл, бір тиыл,
Жарығыңды өшіреді ол жанған.
Хаққа елтуден қасиетіме нұр құйыл,
Екі әлемдік құр қалмайын олжамнан?!
Сөйт!

2004.1.7

САҚСЫНДЫРУ

Керім,
Келдің қырыққа,
Пайғамбарлықпен құрдассың.
Түссең алтын құрыққа,
Қас қағым сәт тұрмассың.

Дүние тас қараңғы,
Қараңғыда қалтақтап,
Тура бетке ап молаңды,
Таяп қалдың талтақтап...

Мүрдең аузын күзетіп,
Мүмкін, үстінде отырсың.
Қоймайсың-ау тыз етіп,
Әй, соқырсың,
Соқырсың!..

Керім, қамдан!
Қалықта ән
дүниенің үстінде.
Жалғанынан жалыққан,
Ұшады екен құс түнде...
Кері-ім, қамдан!..

ДАҚ

Түнеу күні тініме бір дақ түсті...
Жаным күйіп, рух шыңым пәсейді.
Жан – көзімнің жанарына ақ түсті,
Қалыбымнан қашырғанша-ақ қас ойды.

Жарығы әйбөт жақсылығым бұлданып,
Тоңған Айдай суық төнін өптірді.
Шапағатсыз шарбатына құл қанып,
Келген сезім кереметінен бет бұрды...

Жібергендей от құшаққа қар салып,
Жағымсыздау әнге өзгеріп жақұт үн,
Ынтығысты ынтығыссыз қарсы алып,
Қорлайды екен пенде солай бақытын...

Тәрк етіп сап қолдағы алтын жүзігін,
Түк тұрмасқа түңілуін жоя алмай,
Қорлайды екен адам солай қызығын,
Қорлайды екен өзін-өзі...
Ой, Алла-ай?!

2004.1.14

БІЛУ

Жүрегінде иманы бар адамның,
Қашан да ісін қылмасы анық наданның.
Өйткені ол құл апарарын біледі,
Ақыр күнге әрбір басқан қадамның...

ҒАРЫП

Дүние тас қараңғы,
Қараңғысын «жарық» деп,
Надан жаппас пәрәнжі,
Нәпсісіне қарық боп.

Тас қараңғы дүние,
«Жарық» дейді ғарыптар.
Нәсіп етпей бір Ие,
Көрінбейді ол жарықтар...

Ол ғаламат жарықтан,
Ғалам нұрға кернейді.
Шайтан,
Жынмен шалыққан,
Ол жарықты көрмейді.

Шын құлдың ол несібі,
Екі әлемді тең өпкен.
Аллаһқа ашсын есігін,
Ол жарықтан дәметкен.

Дүние тас қараңғы,
Қараңғысын «жарық» деп,
Хақ – Жарықты қараңғы,
Көрмей өтер ғарып боп.
Өкінішті!

2004.1.14

НОҚАТ

Мақталып,
Кейде датталып,
Аптапта пістім кәуадай.
Қысылып, қырық қатталып,
Дөңгелектегі ауадай.

Дөңгелектегі ауада,
Білерсің қанша күш барын?
Жоймауын тіле, ау, аға,
Құлының Аллаһ құштарын!

Төзімім қатты темірден,
Көңілім жұмсақ арайдан.
Бір ноқат көрсең өмірден,
Ол – менмін,
Әне-еу қарайған...

2004.1.16

БАҒЫТТАЛУ

«Түрмеңде» ұста нәпсіңді,
Жанбасын десең көріңде от.
Кеудеңе қондыр ақ Түнді,
Қаламын десең Керім боп.

Жаныңды ақ Күнмен жарқырат,
Құраның болсын ұраның.
Сан жылдан соң да жарқырап,
Жарық боп десең тұрамын.

Ақ Күніңді әйбәт жақ тағы,
Сәулелеулі әппақ Жолға шық.
Мәңгілік Ғайып жақтағы,
Аллаһқа ғана бол ғашық!

2004.1.16

ӨТІНУ

Тәңір тұтып ырымды,
«Өлгем» қалмай жан – тәнде ар.
Шаша-шаша нұрымды,
Кеуіп қалған аңқам бар.

Кеуіп қалған сезімім,
Нұр өптірмей киеме,
Тірі өлгеннің өзімін,
Тірімді орап күйеме...

Тірімді орап жалғанға,
Сүрдім өмір сұлдермен.
Енді жеттім арманға,
Әй, үлгермен, үлгермен!..

Сен деп шыққан жан оттан,
Жұлдыз ерір жарық бер?
Екі көзден қан аққан,
Жарығыңа зарықты ер.

Мәжүнін боп кетейін,
Бұл жалғанға симаған.
Ғашық боп Өзіңе өтейін,
Ғашықтықты қи маған?!

2004.1.16

ТАНУ

Үйлескенше ақылым мен иманым,
Иір-иір отыз бес жыл жол жүрдім.
Хаққа елтуге жан тапқанша иланым,
Қақыранды қиял мұжып болдырдым.

Үйлесті де ақылым мен иманым,
Отыз бесте ақиқатқа аттандым.
Нұр сәулелеп рухым,
Тәнім,
Жиғаным,
Хаққым берген қасиетпен қақтандым.

Хаққым берген қасиетті мекенде,
Тірі өліппін дінсіздікке тіреліп.
Дінсіз кезім – нұрсыз кезім екен де,
Нұрсыз кезім – кезім екен тірі өлік...
Өкінішті!

2004.1.27

ХИКМЕТ

Шығарып ойдың жалғанын,
Шындықты дітке ілгей-ді.
Хикметімен Алланың,
Қырау да,
Қар да гүлдейді...

Аяз бен аптап туыс та.
Біреуін бірі шындайды.
Аптапты аяз суытса,
Аяз аптапты шындайды...

2004.2.7

ПӘРӘНЖІ

Пәрәнжінің ар жағында шындық бар,
Бер жағы оның өтірік әлем жалтырақ.
Өз жалғанын күзетеді шындықтар,
Пәрәнжінің ар жағынан қалтырап.

Пәктенуді «бітеулену» деп ұқты,
Жан шырағын жаға алмаған ділгірлік.
Нұрлы рухты нұрсыздыққа тоғытты,
Білегі үлкен Бисмилләһсіз білгірлік.

Пәрәнжінің ар жағында бар шындық,
Бер жағы оның өтірік Жалған қараңғы.
Қақырама,
Хайуаннан парқыңды ұқ,
Ақ-қараңды айырады пәрәнжі...

2004.2.9

ТИРЕУ

Мен нағыз мұсылманмын.

Гете

Нұрыменен Алламның,
Нұрсәулелеп тұр ғалам.
Кемеңгер боп қалғанның,
Аллаһ бәрін нұрлаған.

Гете соның біреуі,
Аллаһ жанын нұр еткен.
Ол өнердің тіреуі,
Аллаһты өпкен жүрекпен.

Бақилық боп келеді ол,
Хақты хақтап өткесін.
Құлдық қақын төледі ол,
Аллаһты өле де өпкесін.

Аллаһ жалғыз – шын Мықты!
Хақсыз өлгім келмейді.
Екі әлемде шындықты,
Танығандар «өлмейді»!..

2004.2.9

ЕҒЕ

Ғаламдағы жаршы егең
Аллаһ қана!
Өтіндім –
Денемдегі барша әлем,
Аллаһқа бұр бетіңді!

Басқа әмірге бағынба,
Қор болма аруақ тергеп те.
Аллаһ қана нағында,
Жалғыз егең Жер – Көкте!

Одан басқа Тәңір жоқ!
«Бар» деушілер дінсіздер.
Одан басқа тәңірге,
Табынбайды мінсіздер!

2004.2.9

БЕЛГІ

Жаныңа жарық өткізетін,
Жаныма жарық нұр келді...
Жалғассаң жарқ еткізетін,
Менен де қалды бір белгі.

Бір белгі қалды менен де,
Қалғандай даналардан боп.
Нұрсәулелеп тұр денемде,
Енді өліп кетсем арман жоқ!

Ибраһим,
Әбу Насырға,
Берілген жарық та осы еді.
Құлдығы жеткен ғасырға,
Аллаһтың олар досы еді.

Бетпе-бет келіп Жалғанмен,
Жалғаным жолын кесем көп.
Нұр берген аппақ Аппаммен,
Дос болып өтсем екен деп!

2004.2.23

АЛЛАҺ

Сен де сүй Ол – Аллаһты жаннан тәтті!
Ибраһим

Жанымнан тәттім ақ Аллам!
Жанымнан тәттім тек Сен ең.
Сенсіз отымды жаға алман,
Сенен басқаны көксемен.

Жүрегі жабық қас надан,
Сорлы едім соқыр, тас керең.
Өзінен-өзі аспаған,
Ақылсызды еттің қасберен!

«Жұлдыз боп ақтым» демейім,
Жұлдыз да мендей аға алмас.
Жарыққа толды көмейім,
Жарқылда тілім ақ алмас!

Жарқылда тілім «Аллаһ» деп,
«Аллаһ» деп ділім жарқылда.
Екі әлеміңді жалғап кет,
Жарығың қалсын артыңда!..

ПАЙҒАМБАР

Пайғамбарға берілгені уахи – хақ!
Шындыққа ылғи қылыш,
Қанжар кезелді.
Саған жетпей жататыны ақиқат,
Ақиқатқа жетпегеннің өзі өлді!

Ақиқатқа жетпегеннің сөзі өлді,
Өтірікті өбістіргені үшін де.
Қақ құлдардың ерітеді сөзі елді,
Дүбір толы дүниенің үстінде.

Дүбір толы дүниенің үстінде,
Қақ құлдардың сөзі қалар «мәңгі» боп.
Қақ еместің халы айналып мүшкілге,
Өз арына өзі шабар әңгі боп...

Сөйтіп оны жалмар қорлап мәңгіге от!..
Астағфираллан!

АҒАРУ

Батыр емен бар күші білегінің,
Хақ Өзі көзін ашқан жүрегінің –
Қуат алған Ғайыптан,
Хақ нұрынан,
Өмір атты мектептің түлегімін.

Қараңғылар қақпаған қақты білдім,
Нан, құй нанба, нарқында Нақты білдім...
Рух,
Тәнім әппақ кіл нұрға айналды,
Бірі екемін, сан шүкір, бақты құлдың!

Жалғаныңды, дүние-ай, шындап бақтым.
Қүдіреттім,
Құз да едім шыңға аттаттың...
Жап-жарық боп жанамын рух-тәніммен,
Жарығымды емеді құндақтап Түн...

Таңдайға сап Түн мені сорады-ай кеп,
Жарығымды жалайды орақ – Ай көп...
Дүние – жалған,
Жалғанды шындау үшін,
Жеті айналып жеті қат орады-ай көк...

Дүние – жалған,
Жалғанын шындап бақтым.
Жарығымен жанастым мұңды аптаптың.
Құшаққа алып өбеді күн батты ақ Түн...
Жарға аттану жарқырап қымбатты-ақ тым!..

Батыр емен бар күші білегінің!
Хақ Өзі көзін ашқан жүрегінің –
Қуат алған Ғайыптан,
Хақ нұрынан,
Өмір атты универдің түлегімін!..

2004.3.10

ЖАРЫҚ

Жерге жарық Аспан жақтан келеді,
Рух, тәнді,
Жер-жапанды ағартып.
Жерге жарық Аспан жақтан келеді,
Аспан жақпен астасқанның бағы артық...

Жерге жарық Аспан жақтан келіп тұр,
Аспан жақтан келетіннің бәрі ақ нұр.
Жәләл Аллаһ, жамалыңа жолықтыр,
Жолығуды рух,
Тәнім қалап тұр?!

Жерге жарық Аспан жақтан тұр келіп,
Әппақ нұрмен ақ сәулелеп ақ таңды.
Жүректерге Аспан жақтан нұр келіп,
Жүректегі Аспан жаққа аттанды!..

2004.3.15

ИТЕРМЕЛЕУ

«Абай бол» дейсің,
Қайтіп мен Абай бола алам?
Абай дітінен ақ Аллаһ жаққа жол алам...
«Абай бол» дейсің,
Қайтіп мен Абай бола алам?
Абай болсам мен, Абайға сіңіп жоғалам...

«Абай бол» дейсің,
Аулақпын деуден «болмаймын»!
Үлгісі оның – құйғандай нұрын жолға Айдың.
Абайдан үлгі ап,
Құл-Керім-ақша толғаймын,
Өйткені, олша опалың болу – мол қайғым!..

«Абай бол» дейсің,
Арбауыңды арғы сездіріп,
Қызғаныштарың қызарақтайды көзге ұрып.
Күмісім қола,
Алтындарымды жез қылып,
Хақ Ием берген қайран өнерден бездіріп...
«Абай бол» дейсің!

Маған ғана айтпа,
Абайша сен де ұш, ұш Хаққа!
Жетем дегенге жеткізер анық күш Хақта!
Абайша танып,
Абайша сүйсең Хаққыңды,
Жетесің сен де дана Абай жеткен ұшпаққа!..

Абай ол Хаққын жүрекпен сүйген кемеңгер,
Хаққын сүйгеннің қақы емес әсте төмендер.
Хақталса жүрек қорлауға онда орын қалмау шарт,
Сондықтан қорлап «Абай бол» бәске демендер!
Иә!..

2004.3.30

НҰР ТІЛЕУ

Нұр бер Аллаһ өзіме?
Нұр бер Аллаһ көзіме?
Тарап жатсын жұлдыздап,
Нұр бер Аллаһ сөзіме?

Нұр бер Аллаһ дініме?
Нұр бер Аллаһ діліме?
Иман жұпар аңқысын,
Нұр бер Аллаһ тіліме?

Нұр бер Аллаһ жүзіме?
Нұр бер Аллаһ ізіме?
Жап-жарық боп нұр шашып,
Женелейін түзіме?

Нұр бер Аллаһ???

ӨМІР

Өмір деген – мың жығылу, мың тұру!
Өлім деген – күн артынан күн туу!
Нағыз өмір – талқан етіп нәпсіні,
Жап-жарық боп жақсы өлуге ұмтылу!

ӨЛТІРУ

Пендеден бір періште – дос таппадым,
Әй, досым, өлтіре әтей бос мақтадың...

Кішірейген кісімсіп асқақтадың,
Орағытып алыстан оспақтадың...

Пенделік-ай, қосылып жылап түріп,
Өліп дос боп, кететін лақтырып!..

Жарыдым деп келе атып жақсыға еріп,
Айрылудың жаманы-ай жақсы көріп!..

Шіркін, адам қайдасың қалып бұзбас?

ЖОҚ

Өтірігімді шындықтарым жаба алмай,
Жалған көңіл қанаттарын қаға алмай,
Хақты нақтап танымаған хар сәттер,
Көзін жұмып көкке сіңіп жоғалды-ай...

РАС

Әр сөзімнің ішінде бір мазмұн бар...
Әр сөзімнің үшінде бір жарық бар...
Білмейді оны шайтанға ерген азғындар,
Көрмейді оны көңілі соқыр ғарыптар...

ШҮКІР

Қателіктерім қақ маңдайымнан шарт етті,
Шашылған шоқтай көз отым жанып жарқ етті.
Жанымды жеген жегі құрт – нәпсі жемірден,
Жеріді рухым тегі нұр таза Жар текті...

Қайырылып қалып ақындық қайсар ұлдығым,
Жазалап жатты рухым өшкен құлдығын...
Данышпандарша дағымды жуа бастадым,
Даңғылға түсіп...
Даналық сырын білді кім?

АҚ ЖҰЛДЫЗ

«Құлмын» деп ем тірі жан түсінбеді,
«Құл дегенің қулығың үшін» деді...
Бақсыға еріп сорлаған «соқыр» далам,
Жарығымды көрмеді ішімдегі...

Жарығымды білмеді ішімдегі,
Жүрегімнің жарығым ішінде еді.
Жарығым – **Хаққым** берген ақ иманым,
Ақ иманым ақ жұлдыз пішін де еді.

Ақ иманым ақ жұлдыз пішінді еді,
Қараңғымды жарытып ішімдегі –
Шұғыла шашып тұратын тірлігіме,
Күн сәуледей кірпігім үшіндегі.

Түсінбесе түсінбей қалар ортам,
Құлмын несіп Аллаһтан алар әр таң.
Шын қадірін білетін, Иншалла, әлі-ақ,
Тербетер-ді жырымды дала дарқан!..

2004.5.1

ҰСЫНУ

«Аллаһ» деген құл едім,
«Өнер» деген «тұл» едім,
Болсам ба деп тақуа,
Хақты сүйген ұл едім.
Үйсінтауда туылып,
Тәңіртауда түледім.
Елім, Жерім, Дінім деп,
Боздаулының бірі едім.
Шындық үшін шырқырап,
Жұлып берген жүрегін.
Ұл едім, мен, ұл едім,
Құл едім, мен, құл едім.
Аллаһ қолдап ісімді,
Жинап жігер күшімді,
Жүрегімнен жаныңа,
Ұшырайын құсымды.
Қондырып ал,
Қабыл ал,
Жырым – құсым – жүрегім!

БАҚ ТІЛЕУ

Саған бақыт тілеймін,
Халқымның серкесі деп.
Саған бақыт тілеймін,
Нарымның өркеші деп.
Саған бақыт тілеймін,
Жұртты оңға бастағын деп.
Саған бақыт тілеймін,
Бағы асын, асқағым деп.
Саған бақыт тілеймін,
Еліме саясың деп.
Саған бақыт тілеймін,
Ұрпағын аясын деп.
Саған бақыт тілеймін,
Жаратқан жақтасын деп.
Саған бақыт тілеймін,
Бірлікті сақтасын деп.
Саған бақыт тілеймін,
Елімді ұйытсын деп.
Саған бақыт тілеймін,
Бәрінен биіксің деп.
Саған бақыт тілеймін,
Нарласын намысың деп.
Саған бақыт тілеймін,
Тәңірін танысын деп.
Саған бақыт тілеймін!..

2004.5.2

АЛАҢДАУ

Ағаларым айқасты,
Туыстарым шайқасты,
Кімнен барып үлгі алам?
Жалғасқанды шағады,
Жалғыз-жалғыз шабады,
Көбісі арсыз, қу, надан.
Ат секілді тұлдаған,
Еңбектерін бұлдаған,
Тамтық ұшты тұлғадан...
Не боп кетті бұл заман?
Не боп кетті бұл заман?!
Әй-й!

2004.5.3

ТӘУЕКЕЛ

Бұлай жазсам құр ұйқас,
Қуып жазған болармын.
Өз-өзімнен өлеңнен,
Суып жазған болармын.
Қасиетін қара өлең,
Жуып жазған болармын.
Қасиетті Хақ берген,
Буып жазған болармын.

Сондықтан да Хақ жайлы,
Оймен терең ойлайын.
Жүректегі рухтың
Шүңетіне бойлайын.
Ақиқатты ондағы,
Ақылыммен сойлайын.

Талай өлең өмірім,
Бекер өтіп кетті анық.
Хақ нұры емес, дүние
Тотыменен тоттанып...
Дүние сөзін сөйлеумен,
Сөзім жалған оттанып.
Енді, шүкір, отырмын,
Хаққым жар боп хақтанып!

Өзімдікі жөн демей
Енді өзімнен озайын.
Дүние сөзін сөйлемей
Хақты ғана жазайын!

Мақтау керек болса егер
Лайық екен Сол ғана.
Соны ғана мақтайын
Тереңімнен толғана!

Сұрау керек болса егер
Сұрасаң да нұр Айын,
Бере алатын Сол екен
Содан ғана сұрайын!

Білдім соны – бүгінім,
Ертеңім де қолында
екен Соның, сондықтан,
Өтем Соның жолында!
Тәуекел!

ӨКІНУ

Міне,
Қырық бірдемін,
Мүлде қырық түрдемін...
Некер екем нәпсісі,
Торлап алған нұр көгін.

Ақылыма жағам деп,
Айтқанымда бағам жоқ.
Жарыққа емес, зарыққа
Қанатымды қағам кеп.

Жүргендеймін ізденіп,
Жүзім екі жүзденіп...
Бара жатыр жақындап,
Барар жерге із кеміп...

Раббыма не деймін,
Нәпсімде әлі егеймін?
Жарықтан кеп,
Жарықтан
Жұрдай болған кедеймін!
Өкінішті!

2004.11.5

БАҒАСЫЗ

Діні жоқтың дымы жоқ!
Діні бардың міні жоқ!
Діні жоқтың әр қылған
Ісінің еш құны жоқ!..

Болмайды онда мұрат та!
Білмейді, әттең, бірақ та,
Жетпесін құл дінсіз еш,
Мәңгілік шын мұратқа!..

ШАҚЫРУ

Сыр перделері ашылыңдаршы?
Қүдіреттіме жақындайын бір.
Қасиеттерімді асырыңдаршы?
Айтып өлейін ақындайын-дүр.

Рухым, тәнім үндесіңдерші?
Менімнің сырын көзіммен көрейін.
Әр ойым бір-бір күндесіңдерші?
Күнімді жарық өзім меңгерейін.

Әр сөзім, қане, жөнге кеңдерші?
Берекетсіз қу сирақтанбайын.
Жырымды жөнсіз «жөндемеңдерші?»
Жан – мұнарамды қиратқандайын.

Құранға қарап шынданыңдаршы?
Тек, сонда тектеп, жанданасыңдар.
Аллаһқа, ей, қарақ, шын наныңдаршы?
Аллаһсыз жарымжан ғанасыңдар!..

2005.12.10

КҮН ӨТУ

Бұрысыңды «дұрыс» деген пақырмын,
Дұрысыңды «бұрыс» деген пақырмын.
Көкірегіме содан қатқан қап-қара,
Қан-соқтаны жібіте алмай жатырмын.

Иманымды пәктей алмай жатырмын,
Жан-сарайымды әктей алмай жатырмын.
Күннен нұрлы кәмілдікке жеткенше,
Жетіп келіп қалар ма екен «Ақыр күн»!..

Ақыл соқыр Сенетінге сенді кем,
Дүние оты көкіректен сенді кем.
Көңіл байқұс дәмелі әлі...
Бірақ та, үзілерге таяп қалды соңғы дем...

Үзер тұсқа үміт келед жетелеп,
Хаққа әлімше тартып келем төтелеп.
«Ләә иләәһә илаллаһ» деп, Хақ Аллаһ,
Құзырыңа құлап өлсем жетер ет?!

АЛДАМШЫ

Жалғанымның шетіне таяп қалдым,
Хақиқатқа дей алман «сай ақталдым!»
Бір бүтін бір өмір ем мұнда келген,
Білместікпен бір түрлі аяқталдым...

Кемелдемей толық бір кеттім өтіп,
Жалған мұңды жүрекке көп түнетіп.
Менің жайлы біреулер шын айтса илан,
Жалған айтса, жаным-ау, естіме түк.

Сафты білмей сақылдап қатты күлгем,
Боларымды болғанда Хақты білгем.
Сосын барып өзімді-өзім тауып,
Ажыратқан жайым бар ақты күлден.

Бұл Жалған аз күндік құр тұрақ қана,
Әр қадымды Аллаһсыз құр аттама.
Екі әлемнің бақыты Хаққа құлдық,
Сен солай ет, жарай ма, ей, шырақ – бала!

2005.12.15

ҚАДЫР ТҮНІ

Ғалам қабат-қабаттардан тұрады,
Ғаламның көп адам білмес сұрағы.
Сол адамдар құлдық ұрар Тәңіріне,
Жүрегінде жанып иман – шырағы.

Жүрегінде Шырағы бар пақырдың,
Әр минуты боп елестер «Ақыр күн»...
Себебі ме, сағаттары уақыттың
Сырт-сырт етіп күнін ұрлар ғасырдың...

Сол уақыттың ішінде үш ай бар-ды,
Шеніне еш шендетпейтін айларды.
Сол үш айдың бірі – Ораза.
Ораза,
Хақ Аллаһқа құлдықтағы қайнар-ды.

Сол Ораза әр күні бір-бір ғалам,
Әр сәті оның Хақ нұрымен нұрлаған.

«Аллаһ» деген ақ құлдардың жүрегі,
Онда Аллаһын әр сәт сайын жырлаған.

Сол Ораза ішінде бір түн бар-ды,
Қарыс адым аттатпайтын жындарды.
Жер бетіне өріп шығып сол түні,
Періштелер тыңдайтұғын мұң-зарды...

Сауабы бар мың айдан да ол артық түн –
Қадыр түні! (Хаққа құлдықты ар тұттым!)
Қадыр түні Құран түсіп Аллаһтан,
Жүректерге жауған түн ол бар құттың...

Қадыр түні түндердегі түн жарық,
Шыққандайын қараңғыны Күн жарып.
Екі әлемі жарық Қадыр түніндей,
Өз нәпсісін өтер болса кім жарып!

Қадыр түні түндердегі түн жарық!..

2006.10.17

АЛЛАҒ

Жыр сұрап едім жыр бердің,
Аллаһ!
Күй сұрап едім күй бердің,
Аллаһ!
Нұр сұрап едім нұр бердің,
Аллаһ!
Сый сұрап едім сый бердің,
Аллаһ!

Ән сұрап едім ән бердің,
Аллаһ!
Мән сұрап едім мән бердің,
Аллаһ!
Тірі өлік едім, «жан» бердің,
Аллаһ,
Өзіңе мәңгі-мәңгі ердім,
Аллаһ!

«Дүние» деген пақыр ем,
Аллаһ,
Не екенін білмес тояттың,
Аллаһ!

«Қараңғыда» ұйықтап жатыр ем,
Аллаһ,
Иманмен аппақ ояттың,
Аллаһ!

Ішінде жүр ем бұлдырдың,
Аллаһ!
Тұлданған бірі ем тұлдырдың,
Аллаһ!
Құл екенімді білдірдің,
Аллаһ!
Білгірі Сенсің білгірдің,
Аллаһ!

Көзі бар көзсіз соқыр ем,
Аллаһ,
Білтемді Өзің тамыздың,
Аллаһ!
Тәкаппар, тарпаң, поқыр* ем,
Аллаһ,
Болып барамын жаны ізгің,
Аллаһ!

Көрнеуді, көмес көретін,
Аллаһ!
Сұрағаныңды беретін,
Аллаһ!
Сұрамасаң да беретін,
Аллаһ!
Жомартсың, Хақсың өр есім,
Аллаһ!

Жолдарын кесіп кесірдің,
Аллаһ!
Қатемді қай бір кешірдің,
Аллаһ!
Жылауын тиып жесірдің,
Аллаһ,
Дәрежемді Елдік өсіргін,
Аллаһ?!

Фарызыңды адал атқарыт,
Аллаһ!
Нұрыңмен иман бақ дарыт,
Аллаһ!

*Поқыр – такаппар

Ханға адал Елді басқарыт,
Аллаһ!
Шын мүмин халын жақсарыт,
Аллаһ?!

Шын мүмин болып өтейін,
Аллаһ!
Фарызымды адал өтейін,
Аллаһ!
«Сираттан» зымқап өтейін,
Аллаһ!
Жәннәтыңа аман жетейін,
Аллаһ?!

Тілегімді аппақ қабыл ет,
Аллаһ!
Болайын бірі сафидың,
Аллаһ!
Нақты нақ таныр қабылет,
Аллаһ,
Бер Өзің Кәрим заты Игім,
Аллаһ?!
Әмин!

2006.10.13

ҰЯТ-АЙ

Көңілім тастай қараңғы,
Жарығын өзім өшіргем.
Көп көріп,
Көп жеп харамды,
Кешегі күнде есірген...

Ұят та болған Ұлықтан,
Кесір де болған кешірімес.
Құтылсам ерте былықтан,
Едім ғой сәулемді өшірімес.

Қайтейін, ақыл тозды да,
Анықты ол, білдім, алмайды.
Жарығым алға озды да,
Қараңғым артта қалбайды.

Ойымды қанша жисам да,
Шашылып лезде қап барам.
Ішіме Сәуле құйсам да,
Қараңғы – қапас боп қаран...

Жарықша жарық шаша алмай,
Түтіндеп қара бықсимын.
Өзімнен-өзім аса алмай,
Тағы өзім ұп-ұлықсимын.
Ұят-ай!

2006.11.19

ИНШАЛЛАҢ

Жанбайтын да боп алдым, күймейтін де,
Есім кетіп ескіше сүймейтін де.
Қайран басты тауға ұрып, тасқа да ұрып,
Өмір сүрмей өткен соң кіл кейпімде.

Қиын екен шындықты кеш білгенің,
Жөнді білсем жөргектен өстір ме едім?
Әй, қояйын,
Келтірдім тағдырға иман,
Бүй деуге онда қақым жоқ ешбір менің!

Әй, қояйын,
«Сөйтсем жол табар ма едім?
Ерте жүрек шырағын жағар ма едім?
Нәжістерін нәпсінің тіміскімей,
Ғарышқа ерте қанатты қағар ма едім?» –

Деп, надандық танытар қақым бар ма?

Жоқ!
Жоқ, шүкір, мың шүкір бұл күніме!
Гүлдеп шыққан нәпсімнен гүл күніме!
Ештен жақсы таныдым Хақ Иемді,
Хақ Иеме, сан шүкір, құл күніме!

Білмей кетсем қайтер ем Хақ Иемді,
Хақ Аллаһтай мәңгілік бақ Иемді?!
Танытты Өзі,
Таныдым, енді өлгенше,
Хақтап өлем, Иншаллаһ, Хақ Иемді!!!

2006.11.19

ҰШҚЫ

Кеңи алмай-ақ қойдым-ау,
Абайша сүйіп Аллаһты.
Ақындыққа әбден тойдым-ау,
Бір ой да тартпай салмақты...

Неге мен сонша зарықтым,
Өзімнен-өзім жерініп?
Жарыққа қарап жарықтың,
Жарығы құсап көрініп.

Жарыққа қарап жарықтың,
Жарығы құсап көрінбей.
Кешейін күйін ғарыптың,
Жеткенше Хаққа ерінбей!

Асылық болды-ау, анығы,
Бұлайша шүкір етпеуім!
Адамым Хаққын таныды,
Еді ғой бұл да көктеуім!

Айтпайын енді өтірік,
Хақтығын Хақтың жыр еттім!
Ендеше неге өсіріп,
Айтамын шынын жүректің?!

Айтайын шынын жүректің,
Түбіне сұңғи отырып.
Өзімді бекер кір еттім,
Қайғырып босқа өтірік!

Қайғырман босқа, шүкір сан,
Бергенін жаздым Иемнің!
Неге өзімді онда тұқыртам,
Ішінде өз тұрып жүйемнің!

2006.11.19

БҰРЫЛУ

Көкірегімді ашайын,
Ашайында оқиын.
Кесапаттан қашайын,
Тіл тартқызбас топиын*.

Көкірегім құлыпты,
Құлыпты құл тас қара.
Хақ ашады құлыпты,
Ашылмаса масқара.

Хақ аспаған жүректе,
Шынның жанбас шырағы.
Жүректі ондай «құры ет» де –
Ібілістің тұрағы.

Ниетіңді бұр Хаққа,
Бәрін Хақтан алғансың.
«Хақ Аллаһ» деп тұр сапқа,
Екі әлемің жалғансын.

Ниетімді бұрайын,
Екі әлемім жалғансын.
Хаққа басымды ұрайын,
Рухым нұрға, ал, қансын!
Әмин!

2006.11.19

КЕМІСТІК

Жарығының күшімен,
Көрсетпейді Күн өзін.
Дүниенің ішінен,
Танымайсың мінезін.

Көтерілсең Күн жаққа,
Жердегілер қақпайды.
Күн – шырақты кім жаққан?
Оны ақылдар таппайды.

*Топин – улы шөп дәрі

Қасындасың,
Алайда,
Күн жақ сенің тұрағың.
Қараңғыға балайды, ә,
Жанып тұрса шырағың?!

Жалған деген осы ғой,
Күндізінді «түн» десе.
Ол, Аллаһтың досы ғой,
«Құлмын» десе, «кім?» десе!

Күнді көре алмасаң,
Күннен емес кемістік.
Жарығыңды жалмасаң,
Қайда саған кеңістік!

2006.11.19

ҚОБЫЗ

Үніндегі кереметке мәңгі игі,
Қиял сүңгіп қияндарға қаңғиды.
Тигенде ысқыш туқұйрыққа тіл бітіп,
Өуен жылап,
Күй қоңырсып,
Өн күйді...

Күн сорғалап,
Ай тамшылап,
Сам еріп,
Тік шапшыды тамырларда қан өріп...
Ішек пенен арасында ысқыштың,
Өуен қалды сан тіріліп, сан өліп...

Тереңдерге тартары қақ толғамың,
Бақыр – басың тіл ділгірлер толған үн...
Ол ақиқат дана тұтқан жоқ сені,
Бақсының жын шақырғышы болғаның.

Мұным сені қаралауым емес-ті.
Аңыздардан үн келеді көне, ескі...
Сол үндерден ақиқаттар сен жайлы,
Бізге жетті... қарақандым соны естіп.

«Мұртымменен бұлтты тіліп, көк тестім, –
Дей алмаймын, – Жерде туып, көкте өстім»!..

Хан – қазақтың көнекөзі болсаңда,
Тәңір тұрып саған құлдық етпеспін!

Құдіретше құламаса Күн егер,
Қияметке жалғасарсың... біле гәр!
Бізге жеткен дүниенің түбінен,
Көне қазақ көзіндей боп жүре бер!..

2007.1.20

ТАРИХ...

Бекер, босқа налысың.
Налыма, ісін қыл ердің!
Адамзаттың тарихын,
Хақтан басқа білер кім?

Күн айтуға ділгірлеу,
Айта алмайды ол дұрысы.
Білмейтінді білдірмеу,
Құдіреттің бір ісі...

Екіленбе, анық ол –
Адам – атаң, Хауа – анаң!
Хақ – Иенді таны, бол,
Танығанға жауады «ән»...

Ісін қылма наданның,
Бос қиялды қармап құр.
Саф тарихы адамның,
Өз Құранда сарнап тұр...

2007.1.21

ЖАРУ

Мұңмен бастап өлеңді,
Нұрмен аяқтап келем.
Болмағанмен көлемді,
Ақиқатын тапты өлең.

Ақиқатын тапты ақын,
Ақиқаттан ап білім.
Қабыл болып мақсатым,
Хаққым ашты,
Ақ ділім!

Хаққым ашты – ақ ділім!
Шүкір Аллаһ, жарыдым.
Құранда екен бақ, ғылым,
Жырға құйдым жарығын.

Бұрын мұңым – нәпсі еді,
Қазір мұңым – Хақ қасы.
Ақын қандай тапшы еді,
Ашылмаса қақпасы?!

2006.11.21

ХОШ

Мен өлдім –
Соқырдың көзінде өлдім,
Наданның сөзінде өлдім,
Кереңнің құлағында өлдім,
Нәпсінің сынағында өлдім...

Соқыр көрмеді,
Басымнан аттап кетті.
Надан білмеді,
Данамды даттап кетті.
Керең естімеді,
Тазамды ластап кетті...

Шыдадым!..
Шындық – шырағым,
Жап-жарық әлемге
Ол мені бастап кетті...

Кеттім...
Хош соқыр!
Хош надан!
Хош керең!

2006.11.27

ҚАЙТАРУ

Сен үшін үздім бір тамшы,
Ауадай тұнық – ақ мөлдір.
Бетіңді Хаққа бұрсаңшы,
Басыңа нұрдан бақ келгір!

Басыңа нұрдан бақ тұнғыр!
Өзіңе-өзің тіреліп,
Қаперсіз,
Қамсыз жатсың бір,
Көдімгі халде тірі өлік.

Жатырсың халде тірі өлік,
Ұйқыдағы аю сияқты.
Жүрегің жынға сіреліп,
Серіппей бір де тұяқты.

Келмесең құл боп уәжге егер,
Қарғыстылармен жақтассың.
Басыңды қоймай сәждеге,
Бақыттың жолын таппассың!

Басыңа нұрдан бақ жауғыр?!

ҰЙҚЫ

Мен білетін айнала,
Дым білед деп ойлама.
Бас дегенді құлақ деп,
Білетіндер жай ғана.

Мен білетін айнала,
Дін білед деп ойлама.
Құлдық ұрған құлқынға,
Құлқын құлдар жай ғана.

Мен білетін төңірек,
Жеп-жерерлер сені іреп...
Анық жайлы ақ сөйлер,
Ақылдысы кемірек.

Мен білетін бұл маңай,
Қайра-ан, қайда тұлғам-ай?
Мейірсіз сап мекерлер,
Бір іс қылмас бұлдамай.

Мен білетін бұл қауым,
Туралықтан тұл қауым.
Тимайтындар бір өңкей,
Тұнықтарын былғауын.

Мен білетін қазақта,
Аллаһ ісі аз-ақ та,
Айналдыру көп, сұмдық,
Ақиқатты мазаққа...

Мен білетін жайсаңның,
Жабығынан тайсандым.
Жарығы жоқ ішінде,
Жарығындай май шамның.

Мен білетін мына елді,
«Жарығы» бар – «түн» елді,
Айналдырма елге, Аллаһ,
Жүрегінде Күні «өлді»?!
Әмин!

2006.12.2

ӨЗІН КӨРУ

Ақиқатқа ақылы аштың,
Аллаһ,
Құлыптанған жүрегін аштың,
Аллаһ!
Құлыптанған жүрегін ашып, қара
түнегіне ақ жұлдыз шаштың,
Аллаһ!

Түнегіме ақ жұлдыз шаштың,
Аллаһ!
Бал-шарбатқа айналды аштым,
Аллаһ!
Ағараңдай бастадым түнегімнен,
Ішіндегі аққа ұқсап шаштың,
Аллаһ!

Ағына ұқсап бір өңкей қара құдың,
Даналарша жолыңды дара құдым.
Түнегімнен тік тұрдым,
Арасынан
көтерген ақ байрақтай қара тудың!..
Шүкір!

2006.12.3

ҰЛАСУ

Қараңғыны әр сәуле тесіп кіріп,
Жол ашады жарыққа несіп қылып.
Жалған менен мәңгілік парқын білген,
Өлімге өзін алмайды өшіктіріп.

Өшіктіріп алмайды өлімге өзін,
Шындықпенен шыңдайды өлімде өзін.
Ар-иманның ақ туын желбіретіп,
Ақылдының ашады өлім көзін...

Өлім ащы болғанмен,
Шындық тәтті...
Өлімге көп үңілген шындық тапты.
Өлімге көп үңілген шындық тауып,
Өмірінің әр сәтін шындықтатты...

Есік ашар өлімге шындық – шәһар,
Өтірік пен тұрмайды шындық қатар.
Өлім сені апарар мәңгілікке,
Емес өлім ол бір-ақ күндік сапар...

2006.12.10

ТІКСІНУ

Жер – анаға ақ маңдай,
Өріп шықты бар қастық.
Алтынбекті атқандай,
Саддам ерді дарға астық.

Абыл,
Қабыл кезінен,
Ақылдыға надан жау.
Дүниенің көзінен,
Байқалады алаңдау...

Құдайсыздар зайырлы,
Қоғам құрып қараңғы,
Жұртты Хақтан айырды,
Әспеттетіп харамды...

Хақ әмірінде отырып,
Хақты білмеу болды өлім.

Өркен жайып өтірік,
Суалды иман – көлдерім...

Жан мен тәнді бұзар у,
Қыршынды сол қиятын.
Ел – анасы қыз-ару,
Жаппас болды ұятын...

Өтірікші «данышпан»,
Шыншыл «жалғаншы» атанды.
Халық жеріп намыстан,
Қалықтатты қате әнді...
Әй-й!

2007.1.18

ТӘУЕКЕЛ

Өр сәтім өтпей төзіммен,
Наданым шықпай өзімнен,
Арман-ай, қайран пәгею,
Бұлбұл боп ұшты көзімнен!..

Қусам бір қайта жетер ме ем?
Жеті қат көктен өтер ме ем?
Пәгейіп Адам атамдай,
Жәннәтыңа, Аллаһ, жетер ме ем?

Қуайын, Аллаһ, жеткізші?
Жеті қат көктен өткізші?
Сафи қып Адам атамдай,
Жәннәтыңа, Аллаһ, жеткізші?!

Бақыттылардың қасында,
Бақытым жанып басымда,
Сафиларыңмен сырласып,
Өрлесін өрге тасым да...
Хақ Пайғамбарымның қасында!..
Әмин!

2007.1.20

ТҮРМЕДЕГІ ЖАРЫҚ

Хақтың құлы едің,
Қазақтың қайсар ұлы едің.
Тұранда туып,
Түнек түрмеде түледің.
Түнек түрмені тілгілеп өткен жасындай,
Сен деген, Тәке, даланың өткір тілі едің!

Сен деген, Тәке, қазақтың өткір тілі едің,
Қасқайып тұрып, хақтықты ғана тіледің.
Шындық пен жалған жаныға қарсыласқанда,
Жарқ етіп барып жарылып кетті жүрегің.

Жарқ етіп барып жарылып кетті-ау жүрегің,
Бір өзің, Тәке, бір ғасырға азық жыр едің.
Сан жекпе-жекте жыртылып кеткен қазақтың,
Даласын дал боп жырыңмен көктеп жүр едің...

Жыртығын көктеп даланың жүрген кезінде,
Нұр ойнап қанда, намысың ойнап көзінде,
Қараңды бағып, қарайған артта жау барын,
Сезсең де сезбей қалғансың, Тәке-ау, өзіңде...

Лап етіп лаулап жанған шағыңды кешірмей,
Жалынды жырды дауылды Түнмен өшірмей,
Тынбайтын тыңшы қайда жоқ дейсің?
Мәселен,
Міндетін ит те өтей алмас-ты еш үрмей!..

Міндетін өтеп артыңа түскен «Ақтабан»,
Жауығып саған, жауыңның дітін ақтаған...
Қайран ерім-ай, қарға-құзғынға жем етті,
Арыңды сотқа,
Төніңді отқа қақтаған...

Ала қарғалар арыңды отқа қақтады,
Міндетін солай Ақтабан төбет ақтады...
Сөйтсе де бізге «Түнектің сырын айтсын» деп,
Жау сақтаған жоқ,
Аллаһым Өзі сақтады!

Аллаһ сақтады!
Жыр алауынды өштірмед!
Қазақтың бағын қайтпастай етіп көштірмед.

Көбеңе ине,
Үрпіңе шиді тықса да,
Сайраған қобыз – тіліңді жауға кестірмед!

Сайраған қобыз – тілің түнекті осқылап,
Түрме түбінен Тұранға тартты көш құлап...
Жарқылдап жасын жақсы әуен жатты талықсып,
Бұрын да соңды ести қоймаған еш құлақ.

Бұл қайдағы әуен?
Бұл қандай тәтті өн, жарық?
Келгендей жарық қауызын әсем таң жарып?..
Ал, қане, аш жол, ақының келді, ағайын,
Аяқта кісен...
Алшаңдай басып Таңжарық!

– Әссәләмуғаләйкум уә рахматоллани уә бәрәкәтүн!

2003.8.11

АҚ ҮМІТ

Бисмилләһир Рахманир Рахим!
Шыдаса дәтің қарсы қара да тұр!
Не деген өкініш, ә, дара батыр
кешегі келген тісті тіршілікті,
Ақымға бүгін алып бара жатыр...

Тек алып бара жатқан ата-анасы,
Бір жан жоқ ақымдасқан, атамашы!
Сұрланып сұры бұлттай қас батыр тұр,
Өз байқұс кемсеңдейді жас анасы...

Сорлыны осылай сорлататыны,
Бәрінен жүрекке шын бататыны,
Сүйегін жарып шыққан келешегін,
Сұмдық-ай, өзі көміп жататыны...

Қайда наз,
Қасиетті қайда көктем,
Арына махаббатты айғақ еткен?
Бүйрегің көре-тұра бұлк етпейді,
Адам-ай, адамдығың қайда кеткен?!

Ар ғой ол, адамдыққа бағынып қой!
Жасайсың өлгенге де қағынып «той»...
Жәннәтта шапағатшы болатұғын,
Бұл да бір кеткен өтіп ақ үміт қой...

МАХАББАТТЫ ЖАУЛАСА ЕГЕР ЕРКІНДІК

Бисмилләһир Рахманир Рахим!
Бүгін кейбір қалаңызда қайнаған,
Нәпсіге елткен сайтан тірлік ойнаған...
Керең кеуде кезбелерді көресің,
Хағын жалмап, қасіретін тойлаған...

Бұлай болса құрығаны наздың да,
Бұлай болса азайғаны аздың да...
Бұлай болса тіршіліктің қожырап,
Махаббаттың айналғаны азғынға!

Бұлай болу даламыздың салтында
Жоқ, жоқ, рас біздің қазақ халқында
хақ иманды өткен талай ғашықтар,
Арын таза сатпайтұғын алтынға.

Шын жүректер шырқамайды жәй әнді!
Хақтың ісі хақшылдарға аян-ды...
Ер жүрегі еңіреді хақ бұзған,
Есіне алып Қозы менен Баянды...

Бізден ешкім аса алмайды «нұрлі ек» деп.
Сұлулықтың өзі сырлы бір мектеп...
Біз ежелден хақиқатты растап,
Келген елміз махаббатты құрметтеп!

Қақың қанша ед қасиетке налуға?
Әлің жетпес арды сатып алуға.
Мазасы жоқ махаббаттағы еркіндік,
Баянсыздар базарға өзін салу ма?

Қызойнаққа айналдырған сауықты,
Хақ білместер мысықтайын мауықты...
Бұлай болса іңкәрліктің тозғаны,
Тіршілігің әлде қайда қауыпты!...

Махаббатты махаббат деп білу құт!
Ол ғаламға бағыштайды жылыулық.
Өз іреңін өзгертеді дүние,
Жер бетінен жойылғанда сұлулық!

Кер даланың кермаралы кекілді,
Кері ынтықтың кесірінен кетілді...
Махаббатты жауласа егер еркіндік,
Сүюді адам ұмытатын секілді!..

АҚ ТІЛЕУ

Бисмилләһир Рахманир Рахим!
Самалалардың сағымы көміп беткейді,
Жылы бір әннен жүрегі жырдың көктейді.
Көлкілдеп тұрған жанардың бұла жасындай,
Көк зеңгір Жерге төгіліп неге кетпейді?!

Сырын ұқпайтын сырлы да, нұрлы көк тунек...
Мекендеп өткен астарын Айдың көп түнеп,
Аспанға қағып Күн сынды – күйген шаланы,
Жер шарын соған арқандап біреу кетті ме?

Жоқ!
Тәңір оны жаратқан солай о бастан...
Тәңірден анық тәңір боп ешкім жоқ асқан!
Күн «өліп» бірде, «тіріліп» қайта келеді,
Тістеп ап Жерді домалап бірге доға – Аспан...

Домалап Жермен, домалайд бірге қыр-аңыз...
(Хикімет сырын Иесі Хақтан сұраңыз!)
Қалпынан жазбай қас нұрда мына неліктен,
Жақындап Күнге,
Алыстап қайта тұрамыз?!

Бәрі де жұмбақ...
Жұмбақсың бізге боз далам.
Күн қуып Айдан, Ай қуып жылдан озбаған...
Тілімнің сырын білмектік пенде көңілмен,
Жер болып ойлап,
Жерменен бірге қозғалам!..

Қозғалам бірге...
Иншаллаһ, қоздап жана алам!
Қолдайтын Аллаһ, тілекшім барда – жан анам.
Тілеймін мен де Иесі Хақтан мәңгілік,
Елді аман ет деп, болсын деп Жердің жаны аман?!

ҚАРЫНДАСЫМ

(Гауһарға)

Айналайын, қарындасым,
Сен ағаңның арындасың.
Ағаң саған арнап салған
Ардақ әнін орындасын.

Айналайын, қарындасым,
Басыңнан бақ арылмасын.
Пейілі кең, қарағым-ай,
Пейілің еш тарылмасын.

Ілмей ешті назарыңа,
Ілдің еп назарына.
Ұқсатамын өзіңді, ерке,
Айгүлім мен Базарыма!

Олар менің өзім еді,
Айтылмаған сөзім еді.
Екеуі екі – қос қанатым,
Екеуі екі – көзім еді.

Айналаңа шуақтысың,
Кім алқамас шуақтысын.
Мен үшін сен, қарағым-ай,
Сол екеуі сияқтысың!

Жолатпадың қайғы-мұңды,
Кірлетпедің айдыныңды.
Сағынсам мен саған бардым,
Базарым мен Айгүлімді.

Айналайын, қарындасым,
Кім сағынбас қарындасын.
Не тілесең тілегіңді,
Тәңір Иең орындасын!
Қарындасым!

АҚ ЖАЙЫҚ (Фариза апамға)

Емес ол пенделердің батырағы.
Аймағы гүлге толған, атырабы,
Қасында Махамбеті – Әбіші бар,
Жайыққа Фариза апам шақырады!

Жиырма бес қосып дүлдүл арасына,
Патшасы, сөздің өңкей сарасына,
Қазақтың Хақ сыйлаған өнердегі,
Көзінің ағы менен қарасына...

Фариза апам «кел» деп,
Кеттік ұшып...
Жан толқыр махаббатпен көкті құшып.
Шаттықтың шарбатына шүпілдеген,
Ел көңлін елбіреген өптік, ішіп...

Ел көңлін елбіреген қанып ішіп,
Жайықта бір жасадық жанып ұшып.
Қырқылған қырығында Махамбеттің,
Алды ойды айтылмаған әні қысып...

Атырау құшты бізді аңқыл қағып,
Сабатта жүздік-ай бір сампыл қағып.
Халықтың сағынышынан қайта туған,
Қаройда Махамбет боп саңқылдадық...

Махамбет құп-ақ екен Құдай сүйген!
Құдайын құлай сүйген, жылай сүйген!
Болмаса, мүмкін, аты қайтпас еді,
Халқының арасына былай сыймен!..

Жүздірді батыс солай Жайығында,
Симайды бұл шаттығу жәй ұғымға.
Сазымен Құрманғазы тербетілдік,
Шәмшінің Каспидегі қайығында...

Ақ апам Махамбеті – Әбішімен,
Шыққандай жанып жүрді бақ ішінен.
Батыстың көрдім күнін сол жолы мен,
Махамбет найзасының нақ үшінен...

Ақ апам енді қашан шақырады,
Маңайы гүлге толып, атырабы?!

Күн батар тұсқа кейде қарап қоям...
Батып Күн Хаққына ол да бас ұрады!..

Аймалап түнегендей Айы құмға,
Симайды бұл махаббат жай ұғымға!
Көңліммен ылғи саған барып қайтам,
Ақ Жайық, Сені сүйсем айыбым ба?!..

2007.1.20

ХАЛҚЫМ

Халқым, әлі алдыңда бөгет тұр сан...
Өзің-өз ғой... кетпейді ол өзекке ұрсаң...
Қасиетің емес ол, қасіретің,
Қандасыңа қанжарды кезеп тұрсаң!..

НАУ ЫРЫСТА

Тыныштыққа әсем ұйып қыр,
Аллаһтың нұры құйып тұр.
Аллаһқа құлдық етейік,
Сәждеге маңдай тиіп бір!

Құшағын дала жимасын,
Кеудеге мейірім сыймасын.
Жүректерге Аллаһ хақ беріп,
Игілік, иман сыйласын?!

Сабырды әбден тауысқан,
Сағынышпенен қауышқан,
Өр күні Хақтың жаңа өмір,
Ертеңмен орын ауысқан.

Ел болып қалдық есейіп,
Ендеше шүкір етейік.
Рахымымен Рахманның,
Жарыққа самғап өтейік!

Жалғандықтарға құл етпей,
Жанымыз толы гүл еткей?
Апымызды* ашып жабылған,
Иманымызды, Аллаһ, түлеткей?!
Әмин!

*Ал – көкірек

КҮМІС ТАМШЫЛАР

Күміс тамшылар,
Күміс тамшылар,
Шырқалған көктен күмісті ән шығар?
Біреуі бір-бір дүние болып,
Жиналып қалған күміс таң шығар?

Күміс тамшылар тамшылар күміс,
Құйылған көктен ән шығар күміс?
Сатырлап келіп сабалап кететін,
Оятып жерді қамшылар күміс.

Күміс тамшылар (жырымдай ұқтым),
Құяды жерге нұрын Ғайыптың.
Біздікі әйтеу ұқсату ғана,
Хақ қана білед сырын Ғайыптың...

Тоқтатпай жерді қамшылағанды,
Күміс тамшылар тамшыла мәңгі.
Күміс тамшылар – ырыс тамшылар,
Берген Тәңірім жан сұрағанды!..

Күміс тамшылар тамшыла мәңгі?!

2006.9.24

АЛЛАҢ

Бәрін де Аллаһ көреді,
Бәрін де Аллаһ береді.
Әуел мен ақыр жоқ Онда,
Мәңгілікке Өзі төре еді!

Бәрін де Аллаһ біледі,
Дүние Олсыз тұл еді!
«Білмейді Ол» деген бітеу де,
Әл-Мисақ та Оған құл еді!

Бәрін де Аллаһ естиді,
Жәрия, жабық, еш күйді...
Хақсыздың бақсыз екенін,
Менің де менім кеш түйді.

Жаныңмен нұрға кенелгің,
Келсе егер Хаққа жөнелгің!
Білетін,
Көріп,
Еститін,
Аллаһта бәрі өнердің!..

Қамқор Ол,
Жұмсақ әрі өктем,
Сүйілсең тақуа, дара еткен.
Шебер Ол ғана, қас Шебер,
Бәрін де Ол жоқтан бар еткен.
Солай!

2007.2.6

ИНШАЛЛАҢ

Қырық кітап шығарып,
Қырық шумақ Хаққа арнап,
Жаза алмаған бұ ғарып,
Қалай Мақшарда ақталмақ?!

Шайтан салса бұғалық,
Хаққа иман дақталмақ.
Хақсыз қалып бұ қалып,
Хақсыздықтан сақта,
Аллаһ?!

Тыныс сайын дұға ғып,
Кетпес тілеп бастан бақ,
Жетсең ғана,
Раббы
Тік көтермек аспанға!..

Сонда ғана шырағың,
Жанып мәңгіге ұласпақ.
Мәңгі емес мына күн,
Өтпе өміріңді ыластап...

Қырық кітапсыз-ақ та,
Қырық өлең Хаққа арнап,
Жазған кірмек Жұмаққа,
Бас-аяғын бақ қармап!
Иншаллаһ!

2007.2.8

ТАНЫСТЫРУ

Бисмилләһир-Рахманир-Рахим!
Ныспым Керім,
Кәрим Сенің бір атың.
Құл боп Саған (құдіретті Хақ Аллаһ),
Құзырыңа құлап өлу мұратым!

Құлмын Хаққа,
Мұхаммедке үмбетпін,
Солай өткен бірі менмін мың көптің.
Хаққа құл боп,
Қазаққа ұл боп өте алсам,
Түскені еді мойнымдағы міндеттің.

Тегім Адам!
Адам тегі топырақ!..
Дінсіз болса пенде қан-ндай соқыр, ө?
«Тегім маймыл»,
«Тегім көкжал» дегендер,
Ескермесе бұл шындықты от ұрад!

Тегім Адам – топырақтан жаралған,
Мен бір құлмын Хақ нұрынан нәр алған.
Бері-бері, бері-і келіп ұлт болып,
Сақ,
Ғұн,
Үйсін,
Қазақ болып таралған...

Мадақ Хаққа!
Хақсыз жоқпын – елеспін.
Хақсыз демен «айдарымнан жел естім».
Қазақпын мен ішіндегі Үйсіннің,
Қазақтағы Үйсін тағы емеспін!

Мынау жарым Аллаһ қосқан – Жәнәтым,
Жақсылығым,
Жанымдағы жан отым.
Анау қызым – Еліғайым Ай сынды,
Ал, екі ұлым – оң-сол екі қанатым!

Шүкір Хаққа,
Хаққа ғана жуықпыз.
Хақсыздыққа қанымызбен суықпыз.

«Жетісудың күй мектебі» атанған,
Біздер күйші Елеместен туыппыз!

Шүкір Хаққа,
Шүкір демей не дейін?
Хақты сүйген аманында – егейім!
Хақты сүйген жүрегіммен Хақ берген,
Қазағымды,
Қазақстанымды өбейін!
Әмин!

ҚҰЛ-КЕРІМ ҚҰЛАСЫ

Абілез аға,
Қағылез аға,
Өнші аға!
Жатқан жұрт мынау, «келді екен, – десіп, – қаншаға?»
Қаншаға келу Хақ ісі, онда қақым жоқ,
Жетпіс пе, мейлі, жетпісте Күндей жаншы, аға!

Хақ Аллаһ саған өлең де берді, әнді де,
Спорттағы ісің ұлық бір ұза-ақ әңгіме...
Бастысы сізді қазағың сыйлап хандауда,
Қазақпен бірге өл!..
Қалады дейсіз мәңгі не?!

Жетеді сода қазақпен бірге жасасу,
Қайсы бір төрде қазақ боп жая асасу.
Жетпісің – Талқы!
Талқыдан асып самғадың,
Талқыдан асу жай асу емес, бас асу!

Талқыдан асу – Тәңірлі құлға талықпау,
Тағынан таймай тұлғаша өзін қалыптау.
Талқыдан асу – таза да мөлдір әуен боп,
Талқыдан аққан қырандай құйғу, қалықтау...

Талқыдан асу – Тәңіріге табан жақындау,
Нәпсіні тыю, харлықтан қару асынбау.
Талқыдан асу – мейірім күткен жүрекке,
Нөсерлеп, селдеп, түнегін түре жасындау.

Талқыдан асу – талқыға түсу өзімен,
Бетпе-бет келу ісімен, өктем сөзімен.

Талқыдан асу – Тәңірін «Бір» деп нақ танып,
Ғаламды көру сыртқы емес, ішкі көзімен...

Талқыдан астың,
Талқыға түстің, жан-аға...
Талқыға түспей тарланның бағы жана ма?
Еліңе еткен еңбегің кетті ел кезіп,
Шүкір ғой, шүкір, «шүкір!» де Хаққа, ән – аға!

Шүкір ғой Хаққа,
Тамып тұр беттен нұрыңыз,
Нұрланып әлі осылай ұза-ақ жүріңіз.
Жақсысы істің – екі әлемді екен тең ойлау,
Әніңіз – Азан,
Құрандасса екен жырыңыз?!

Әніңіз – Азан,
Құрандасса екен діліңіз,
Сәждеден тұрып, сәждеде көзді іліңіз...
Мүмкін сонда, аға, бұдан да самғап кетерсіз,
Мен соны білдім...
Сіз дағы соны біліңіз!..

«Білдім мен» демен, Аллаһым Өзі білдірді,
Мейіріне бөлеп Меккеде көзімді ілдірді...
Құл едім жынға, құл ғып, сан шүкір, Өзіне,
Адам ғып қойды, хас надан мендей – ділгірді.

Сан шүкір Хаққа,
«Сан шүкір» демей не дейін?
Хақ жайлы сізге айтатын менің көп ойым...
Қазірше мынау Талқыдан асқан тойыңда,
Құлын – жырыммен құйғытып барып өбейін.

Әкемді көрген,
Әкемдей болған әкем-ай!
Сайрамды бойлап сен салған әннің әсемі-ай.
«Әбілезі-ім!» деп отырушы еді Елекем,
Ендігі сенсің Елекем – Әбілез – әкем-ай!

Елбіреп ылғи жүресің Кер, жоқ, «Кәрім» деп.
«Кәрімге, тіпті, жетпейсің мынау, бәрің» деп.
Жаныммен іштей жаныңды оқып мен жүрем,
Жүк қалтырмайтын жолыңда болсам нарың деп.

Сара апам, олда «Кәрімім!» дейтін, рахымды!
Сіздер ғой менің айтқызбай білген мұратыңды...

Сізге арнап, Әбем, құлыннан өзің баптаған,
«Жырқұла» сынды жібердім осы бір – атымды...

Мініңіз дағы құйрық бір жалын төгілтіп,
Талқыдан асып,
Сайрамды басып егілтіп,
Буратал менен Жыңғылды барып қайтыңыз,
Сағынған елім қабырғаларын сөгілтіп...

Сұраушы болса «Керім Құласы» дегейсіз.
Сіз деген, Әбем, сол елден шыққан егейсіз.
Елге де,
Сізге бақыт тілеген мен бір құл,
Демейтін шығар маған да ешкім «өгейсіз!»

Бақыты жанған Елекем сынды әкем-ай!
Сайрамды бойлап сен салған әннің әсемі-ай?!
Сол әнің енді Азанға ұлассын, жан-Әбем,
Жан-Әбем – әкем Елемес сынды – әкем-ай!
Әмин!

2008.10.15

ТҮС

Түннің тура Жерге тиген жерінде,
Жердің тура Түнге тиген жерінде,
Ұйықтап кетем Жер,
Түн,
Өзімді ұмытып,
Онда еш қайғы, мұң қалмайт Құл-Керімде...

Жер жастайтын қайғы менің не теңім?
Жастық басқа тиді ме ұйықтап кетемін.
Сол-ақ екен бұ дүниеден қол үзіп,
Хақтың басқа аралаймын мекенін...
Рас!

ЖІГІТ

Ибалы жігіт елі-жұртын сыйлайды.
Ибасыз жігіт ауылына сыймайды.
Ақылды жігіт өзін-өзі ер етеді.
Ақылсыз жігіт ата-анасын жер етеді.
Әдепті жігіт өз тілін өзі тияды.
Әдепсіз жігіт өз қыршынын өзі қияды...

БАР МЕН ЖОҚ

Діні бар адам – діңі бар адам.
Діні жоқ адам – діңі жоқ адам.

Діңі бар адам тұратын адам,
Білетін анық мұратын адам.

Діңі жоқ адам тұрмайтын адам,
Мұратын құлдық ұрмайтын адам.

Демек, дінді адам анық құл адам,
Дінсіз ол бейбақ тамұқ құлаған...

2004.6.5

БІЛДІРУ

Иманды адам нәпсісін өзіне құл етеді.
Имансыз адам нәпсісіне өзі құл болады.
Иманды адамға нәпсісі өзі қызмет етеді.
Имансыз адам нәпсісіне қызмет етеді.
Иманды адам нәпсісінің алдында жүреді.
Имансыз адамның нәпсісі алдында жүреді.

2004.6.6

СОЛАЙ

Нәпсі аздырады!
Құмарлық қоздырады!
Жалқаулық тоздырады!
Тек, сенім оздырады!..

ШИКІЛІК

Қалалық бақтың шөбіндей,
Ай сайын тұрам оталып.
Өлкеге пысқан егіндей,
Бола алмай жұртқа опалық.
Әй-й!

2004.6.6

РАС

Өтіріктер өлеңге айналып шын сияқтанды.
Жазықтар белеңге айналып шың сияқтанды.
Ал шыңдаршы?
Шындар – өтіріктердің көзімен құм сияқтанды.
Сосын қайта Шың шыңданды.
Шын шыңданды.
Құм құмданды.
Ақиқат сәл сынған-ды...
Қайта құнданды!
Шүкір!

ӨТІНУ

Жалған дүниеге жармасқан,
Өтірік, шыны арбасқан тұлдырмын.
Жалғанды шындыққа қимаймын,
Ол жағынан шың емес, мидаймын...
Бар мен жоғы белгісіз бұлдырмын.
Дүрия нұрға ділгірмін.
Кешірші мені,
Ием?!

Кешірсең Сен мені кешірерсің,
Пенде кешіре алмас!
Өшірсең Сен ғана өшірерсің,
Пенде өшіре алмас.
Өйткені, пенде-пенде,
Сен Хақсың!
Сенімен пенде тең бе?
Сен Пәксің!
Сен Ақсың,
Сен Нақсың,
Сен Хақсың Ием!!!

2005.02.27

ҚҰЛДЫРАУЫН

Қазақша айтса қуандым,
Абайша айтса үнсізбін.
Өтірікке өле жұбандым,
Өйткені, «мен» «күнсізбін*»...

Бар сияқты жоқпын,
Жоқ сияқты бармын.
Жоғыма атқан оқпын,
Жоқтауына зармын.
Олайы, мен тармын.
Себебі, хақсыз хармын!
Иә!..

ШҮКІР

Көзім көкке сіңіп жоқ болды,
Білмесім өзіме атылған оқ болды.
Отызға шек жиғаным,
Өтірігі көп болды...
Кердеңсіген менменім,
Кесір екен топ болды.
Құл-Керім кеп иманға,
Керім – нәпсі жоқ болды.
Анашымнан бір туып,
Ана – Отаннан бір туып,
Ақ иманнан бір туып,
Енді менің тап шыным,
Көксегенім Көк болды!..
Шүкір!

ЕЛІКТЕУ

«Білмеді» деме мені ешкім,
Білімің өссе жарайды.
Ақылыңменен кеңескін,
Нұрлаған иман арайлы.

* Мен – дінсіз көп, күн – иман мәнде

Пайғамбарлық жоқ құлда,
Пайғамбар басқа,
Құл басқа.
Пайғамбарлығы жоқ құлға,
Ұрынбау لازым қылмасқа.

Ақылды ұштау бір міндет,
Ілімді парыз шыңдамақ.
Халықты бастау нұрға үндеп,
Бет бұру құлға Шынға нақ.

Бет бұрып Хаққа шүбәсіз,
Пайғамбар айтқанды екі етпеу,
Құлдықтағы анық шүбәсіз,
Мүміндікке өзін жетектеу.

ҮМІТ

Аллаһым көздің жасын көреді екен,
Аллаһым шын тілесең береді екен.
Аллаһым иманымды бақ қып берді,
Аллаһқа шүкір ету керек екен!

Істеу шарт әрбір істі Аллаһ үшін,
Адамның кетірмесін, Аллаһ, күшін.
Иманым – Аллаһ берген бақ мәңгілік,
Бағыңда, ал ендеше, самға құсым!

ШӘМШӘ

Шәміс деген – Күн аты.
Күн аты оған қойылған
Шәмшә, ол апашым аты,
Көзі аумамайтын мойылдан.

Күннен алып жарықты,
Нұрын шашқан Ай сынды.
Маңайын ол жарытты,
Жарқ-жұрық етіп жай сынды.

Айналасы Шәмшәнің,
Хақтан қуат, нәр алып,
Тағып мөлдір моншағын,
Жатты аймаққа таралып...

Жарық алар жарықтар,
Жарқыраған жарықтан.
Шәмшәда да жарық бар,
Айналасын жарытқан.

Хақ силаған жарық ол,
Қараңғысын көрсін деп.
Хақиқатқа жарып ол,
Хақ Аллаһқа ерсін деп!

Хақиқатты ол құшса екен,
Қасиетін жарықтап.
Хақ Аллаһына ұшса екен,
Артында аппақ жарық қап!..

2008.9.22

САЙЛАНБАҒАН КӨСЕМ (*Айтанға*)

Ұлтын сүйіп өмірін хақ еткен адам,
Жан мен тәнін жаманнан пак еткен адам.
Хақ жаратқан халқының қызметін етіп,
Мүмкінінше дүниеден ақ өткен адам.

Имансыз жан шынды шын сүйе алмасы анық,
Имансыз жан ештен де ұялмасы анық.
Иманды жан қырандай қорғар-ды елін,
Қорғағандай ұясын қиянға салып.

Адам қыран болмайды, қыран да адам,
Айналмайды қайтсе де ұранға надан.
Әккі құлдан әулие шықпайды тағы,
Әмсе Аллаһтың есімін ұрандамаған.

Ұлтың сенің ғашығың – сүйгенің еді,
Бала шақтан ғашық боп күйгенің еді.
Адамды ұлт пен ұруға бөлген Ол – Аллаһ,
Ұлтты сүю – Хақ шынын сүйгенің еді!

Діннен шықпай хақ дінге бағынған, аға,
«Тәңірім» деп Аллаһқа табынған, аға.
Ана сүті бойына иманмен дарып,
Бала шақтан елдікті сағынған, аға.

Қара-қорым қазақтай нуда өскен, аға,
Шыншылдармен шындыққа «шүү» дескен, аға.
Тәуелсізін елінің жастығында аңсап,
Етігімен ерлерше су кешкен, аға!

Тек еліңнің жүруші ең қамын жеп, аға.
Одан өзге шырқаған әнің жоқ, аға.
Сайланбаған көсемдей саңқылдап өттің,
Алты алашқа есімің мәлім боп, аға!

Тәуелсізі еліңнің арман боп, аға,
Бір өзің бір сыңсушы ең орман боп, аға.
«Елім, елім, елім!» деп еңіреп өлдің,
«Ел!» деп өлген сен де осы-ау, арман жоқ, аға!

Үлкен, кіші күнаңді кешсе екен, Ғафур?!
Әмин, Аллаһу Әкбар!

2009.02.07

СОЛАЙ

Топырақтан Адамды жаратқан,
Аллаһ!
Адамзатын Адамнан таратқан,
Аллаһ!
Жер жүзінде адамды ұлт, ұруға бөліп,
Бір-біріне бағынтып қаратқан,
Аллаһ!

Қалауынша жер бетін кең еткен,
Аллаһ!
Астын рызық, қазынаға кен еткен,
Аллаһ!
Біреу кедей, біреу бай болғаныменен,
Жаратуда адамды тең еткен,
Аллаһ!

Жаратуда адамды тең еткен,
Аллаһ!
Басқадан* тек ақылда кен еткен,
Аллаһ!
Сол ақылмен сенімде сыналу үшін,
Тақулықта артық, не кем еткен... Аллаһ!

* Басқадан – басқа жаратылыстардан

ҚАЗАҒЫМ

I

Ауел баста Адам ата ұлы едік,
Әл-Мисақтан бір Аллаһқа құл едік.
Сосын ата Нұқтан қайта таралып,
Қазақ болып,
Ғажап болып түледік...

Содан бері мұсылманбыз біз деген,
Біз қазақпыз тек әділет іздеген.
Жерден ауыр күн туса да басына,
«Хақ Аллаһ» деп Хақтан күдер үзбеген!..

Солай едік,
Бүгін халқым қандайсың?
Тек бықсисың, сөнбейсің, не жанбайсың.
«Абай» дейсің аузы-мұрның қисаймай,
Абай айтқан ақиқатқа нанбайсың.

Парықтамай қараңғы мен жарықты,
Анықтамай залым менен ғарыпты,
Иманы әлсіз рухыңды сүйреткен,
Тән байқұсың Хақ нұрына зарықты.

Маймыл менен көкбөріге телініп,
Бірліксізден таусылдың-ау желініп.
Аз болғандай бөлінгенің үш жүзге,
Енді дінде барасың ба-ау, бөлініп?

Тас, аруаққа етпей құлдық, қазағым,
Хақ Аллаһқа ет сәждеңді, ғажабым.
Ұстап тұрып қабарсыз қап Құраннан,
Екі әлемнің тартып өтпе азабын!

II

Тас, аруаққа етпей құлдық, қазағым,
Хақ Аллаһқа ет сәждеңді еңкей, бар!
Ұстап тұрып қабарсыз қап Құраннан,
Өлексеңмен толуда дөң, кең сайлар...

Екі әлемнің тартып өшпе азабын,
Өз ойыңша озып туған хандайсың.
«Абай!» дейсің аузы-мұрның қыйсаймай,
Абай айтқан ақиқатқа нанбайсың.

Абай сенген хақ Аллаңқа сенбейсің,
Тек бықсисың, жанбайсың, не сөнбейсің.
Бар мен жоқтың арасында отырып,
Өбектейсің, «өзімдікі жөн» дейсің!..

«Аруақ» деп сеніміңді күйретіп,
Айырмастан қараңғы мен жарықты.
Нәпсіңде өлген рухыңды сүйретіп,
Тән байқұсың Хақ нұрына зарықты!..
Оянсай!

2009.03.08

ЖАУАП

Атам малмен күн көруші еді,
Сөзінің жоқ қатесі.
Атам менің, кім болушы еді?
Әкемнің ол әкесі.

Ерте кетіп, түн келуші еді,
Ісінің жоқ шаласы.
Атам менің, кім боушы еді?
Қазақтың бір данасы!

Құлаққа әйбәт үн келуші еді,
Күйінің үні-ау шамасы.
Атам менің, кім болушы еді?
Қазақтың қара баласы.

Күзетіп түнде қораны барып,
Қойменен бірге өретін.
Дәу қара тонға оранып алып,
Ертегі айтып беретін...

Орынсыз сөйлеп, мақтанып, тасып,
Орынсыз тіпті күлмейтін.
Жамандықтардан жүретін қашық,
Жатырқауды әсте білмейтін.

Иман мен толған кереметке іші,
Атам-шы, менің, керемет кісі!
Рас!

АНА

I

Жарасқан басына әппақ кимешегі,
Ана кіл махаббатпен күй кешеді.
Ана Аллаһ рахымынан жаралмаса,
Бәйек боп барлық жанға күймес еді.

Ана Аллаһ рахымынан жаратылған,
Ана асыл, асыл ана бар асылдан.
Пайғамбар құрметтеген орны ананың,
Адамдар арасында дара тұрған!..

Аллаһтың рахымымен алабөтен,
Ана емес, әлем нұрға толады екен.
Ананы аялайық, пәк ананың,
Жәннәт та табанында болады екен!..

II

Жарасқан басына әппақ кимешегі,
Ананы ақ шың десе үйлеседі.
Көйлегі шың етегі көлбеп жатқан,
Етегіне орап елін сүйді есебі!..

Ана – шың,
Шың – анаға үйлеседі,
Екі шың мүмкін ұқсас күй кешеді...
Адамға Аллаһ мейір бермесе егер,
Ана, ол өз баласын да сүймес еді!..

III

Ана күлсе бар жауыздық іркілген,
Ана өксісе алып мұқит күрсінген.
Ана «әй» десе Күн жүрегі дүрсілдеп,
Ана ақырса дүние дүр сілкінген!

Ана,
Ана – бұл недеген ардақты ат!
Жүрме қыздар анаға тән арды аттап!
Түсінсеңдер мынау байтақ Жерді де,
«Ана» дейміз,
«Ана» дейміз ардақтап!

2009.03.12

ОТАН

Бұл жалған – жарық дүниеден,
Отаның – ардан қымбатың!
Аллаһын шындап сүймеген,
Қымбаттың білмес қымбатын!

Дүние – жұмбақ...
Жұмбақтың
Аллаһқа аян дерегі...
Қымбаттың білген қымбатын,
Қымбатын қорғап өледі!..

2002.1.22

МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ

*Мен Қазақстанға керек емес шығармын.
Ал, бірақ, Қазақстан маған керек!
Иегер*

Көрмей,
Білмей өпкемін,
Қайран Қазақстаным!
Тұл таусылып от демім,
Саған самғап ұшқамын...

Менің Қазақстаным!

Аллаһ берген еншілеп,
Торқа топырағымсың.
Көңілімді көншілеп,
Сындырмайтын сағымсың!

Жауға салсаң қанжарың,
Дауға салсаң тіліңмін!
Кешіп келген қан – жалын,
Құлақкесті құлыңмын!

Аллаһқа аян, аялап
Сені шексіз құшқаным!
Тың тыңдайтын саялап,
Мен емеспін дұшпаның!

Жүрегімде сақтағам,
Нұрдай таза мекенім!

«Шұбырындыға ақтабан»,
Мен айыпты ма екемін?!..

Қайран әкем, білгі еді!
Өле-өлгенше сені өпті!
Мен есімді білгелі,
Жүрегіме сені екті!..

Содан қалған нұсқамын,
Баламағын мекерге.
Менің Қазақстаным,
Саған ел де ел жетер ме?!

Жауға салсаң қанжарың,
Дауға салсаң тіліңмін!
Кешіп келген қан, жалын,
Құлақкесті құлыңмын!

Құдай деген құлыңмын!..

Менің...
Менің...
Менің Қазақстаным!

2002.1.23

ҚАЙТУ

Өлеңім, сені өр тұтып едім,
Мендегі ең биік армандардан да биік деп.
Жаныма келіп жармасып едің,
Жан күйдірер бір күйіктерден де күйік боп.
Нұр – жүрегімді емізіп едім,
Алғандай жұлып кеудемді қарыс айырып,
Аруанадай боп
Тоқсан мың тарау тамырыммен бір иіп кеп.
Енді сен неге қарамас болдың?

Енді сен неге қарамас болдың?
Қарамас болдың неге сен?
Қыл қимас па едім,
Қырық қайтара егесінде ердің егесең.
Сені қуам деп сергелдең болдым,
Сексен бел асып сен кеттің...
Басқаға бармай баяным күл боп,
Сенімен кетті бек есем!..

Табақ жалаған күшік – қиялым,
Қыңсылап шәу-шәу-шәу етті...
Келтіріп еске керемет күндер,
Өн салған айғыр төуетті...
Бекер-ақ екен бермесе Аллаһ,
Бекер-ақ екен, бекер-ақ?!
Бәрін де байқұс кеш білген ақыл
Ештен-кеш, Хаққа тәу етті!

Бұған да шүкір, сені де мені,
Жаратқан бәрін Хақ екен!
Алдында Хақтың айыбым ауыр,
«Қара» дегенім ақ екен...
Білмес күндерім білегін түріп...
Перделеп кепті көзімді,
Арымды арбап,
Нәпсімді нарлап...
(Қайтемін қарғап?)
Аға-екем?!

2002.1.19

ҚҰРСАҚ

Қараңғы ғайыптың құрсағы,
Күн одан туады інгөлап.
Дүниеге толтырған нұр сағым –
Сәулесін құбылтып мың жолақ.

Бұл сөзім сендірмес сараңды,
Шындықты көремін түсімде...
Дүние әсілі қараңғы,
Жарығы қараңғы ішінде.

Сен де бір дөңгелек дүниесің,
Сенің де қылғаның далбаса.
Жарқ етіп алатын дүние есін,
Ішінде жарығың болмаса!

2002.1.19

МЕН

Көзімді жұмсам кәдімгі Түнмін – түнек Түн,
Бірі екем менде жұлдыздап тұрған түнектің...
Жұлдызым сөніп,
Жұлдызым жанып жарқырап,
Ағып келатып Ай астында бір түнептім...

Түнеген жерім дүние екен – дүр жалған,
Егескен арман еңтіге ұмтылды бір жалдан...
Қашқанды қуып,
Қуғаннан қашып қанжілік...
Қалжыған түрі қасқаның мынау ырғалған.

Солқиды ішім соқадан қайтқан өгіздей,
(Бұл емес еді немеурін келген негізгі ой).
Көрсетпей шегін көсіліп кеткен ғаламмен,
Кеудемде жанған көзді жүрегім егіздей.

Жүрек – көзімнің кірпік – шыңында тоқтаған
тамшыдай таза мәңгіліктерге оқталам...
Көзді ашсам фәни,
Көз жұмсам бақи – екі әлем,
Екі арасында алқынып тұрды от ғалам!..

ШЫН КҮШТІ

Ғаламның көзі ғаламат нұрлы Күн – жарық
болғаны сынды жүрегім жарық, тым жарық!
Астамсып кетсем, Астағфираллаһ, кеш мені?
Туып келеді кеудемді жарық «Күн» жарып...

Бұл Күнім Күннен миллион есе күн күшті,
Күнделген көңілім Күннен де биік Күнге ұшты...
Жап-жарық болып тас түнегімде жанамын,
Жанғаным бұлай жарық әлемімде тұңғыш-ты!

Жанғаным бұлай жарық әлемімде тұңғыш-ты,
Жарығым тіпті жарқырау үшін «түнді» іштім.
Құдіреті еді жабығым бұлай жанғаны
Жаратқанымның!
Жоқ екен Одан тым күшті!
Жоқ екен Одан шын күшті!!
Аллаһу Әкбар!!!

ИБРАҺИМГЕ ҰМТЫЛУ

Бірі едім мен де кеудемде,
Жұлдызы жанған пақырдың.
Таныдым өлер-өлгенде,
Ақылы оянған ақылдым.

Жолсызға түскен соқпақсың,
Татырға тартқан бұлақтай.
Өулиелікке оқ қапсың,
Күндізге жаққан шырақтай.

«Аллаһтың Өзі де рас» деп,
Аруақты ауызға алмапсың.
«Аллаһтың сөзі де рас» деп,
Хақ жолын ғана талдапсың.

Тәңір тектім-ай талғамы,
Сарыны басқа... Самы ығай!
Сен танығаныңмен Алланы,
Біз жүрміз сені танымай.

Қимасын саған қиды Аспан...
Емес қана едің Ай ғана.
Ибраһимдікке қимастан,
«Абай» дей салдық жай ғана.

Емес қана едің Ай ғана,
Бірі едің білгі тіректің.
«Абай» дей салдық жай ғана,
Ашылмай көзі жүректің...

«Хикіметін сез Алланың,
Сүй, – дедің бізге – адамды!»
Бәсіне қойып «балғаның»,
Азалап келдік Азанды.

Сен білсең білгі жарықтық,
Жаннан да Тәттінің не екенін?...
Біз көре де алмай қарықтық,
Дүр-дүниенің көтенін...

Тәңірі тектім-ай талғамы,
Сарыны басқа... Самы ығай!
Сен танығаныңмен Алланы,
Біз жүрміз сені танымай!..

МИНДЕТ

Ғалам тылсым әрі астам,
Көруге оны кендесің.
Жаратқанға жарасқан,
Таң қалдыру пендесін.

Ісімді Аллаһ демеуде,
Қоя-ақ қойдым өңгесін.
Таба алмадым теңеуге,
Тағаланың теңдесін?!

Бұрып бізге Күн бетін,
Қылады Аллаһ таң жарық.
Ақыл-ойдың міндеті,
Тану Оны таңғалып!

Аллаһ ісі жанға айқын,
Менің Оның медеті.
Көрмей, білмей нанбайтын,
Көзсіздердің* әдеті.

Қан мен зәрден айырып,
Сүбхан Аллаһ сүт берді.
Тарпаңсыған, тәйірі,
Тағдырынан сұқ көрді...

Әл-Басирға бәрі анық,
Ындыныңның ыңғайы...
Ақ нұрына таранып,
Айналады Күнді Айы.

Жүргеніңмен ноянша,
Селт еткізбей сезім ер.
Көкірегің оянса,
Қораштығын сезінер...

Бұрып бізге Күн бетін,
Қылады Аллаһ таң жарық.
Адамзаттың міндеті,
Тану Оны таңғалып!

2002.1.28

* Көзсіз – хақсыз

TOP

Мүминнің жолын қия гөр,
Аллаһ!
Тәуекел еттім Өзіңе!
Жүрегіме иман құя гөр,
Аллаһ!
Нұр сіңірейін өзіме!

Енді ғана ұқтым Жалғанның жалған,
Шындықтың шырқауда екенін.
Жамандықтармен жалғанып алған,
Құтылмас құрсауда екемін...

Өрмекші – өмірдің торында қаптым,
Нұр сәулелермен торланып.
Құзға аққан шыңнан қорымда қаптым,
Орланып маңым...
Қорланып!

Жатамын қанша торға іліп қойған
Фосфордай түнде жарқырап?
Туайын қайта зор білікті ойдан,
Шолпандай таңғы жарқырап!

Өлеңім өлме, сыр тыңдата біл,
Құлын көзіңнен құшайын.
Нұр сәулелерді быртылдата бір,
Үздіге үзіп ұшайын!

Мүминнің жолын қия гөр,
Аллаһ!
Қия гөр, Аллаһ, қия гөр?!
Жүрегіме иман құя гөр,
Аллаһ!
Құя гөр, Аллаһ, құя гөр?!
Әмин!

2002.1.30

АРҚАН

Әр адам бір-бір дүние,
Әр адам бір-бір-бір әлем.
Әр адамға ілкі дін ие,
Дін тұтар мүлтсіз мұра (гер) кем!

Дін тұтынбасаң – тұлданған
тұл тұлпар жүген-ноқтасыз,
О жалғанда да бұл жалған,
Қадалған қарғыс оқтасыз...

Әсілі діндәр адамның,
Жүректегі әппақ рухы.
Ақылы дімкәс наданның,
Алмайды-ау өттең құлуқы?!

Кететін ұшып құс пенде,
Тігүлі үй қалып, мінген ат...
Секем ап түстен, істен де,
Қорқудың қақы дінде нақ!

Салбырап тұрған ғайыптан,
Әр кімге бір-бір «арқан» бар.
Пендешіліктен айыққан,
Құл жүрегінен арқандар.

Ол арқан – діні Ислам,
Хақ айтқан: «Одан ұста!» деп.
Жаудырағанымен қысып ән,
«Бұ дүние жалған, қысқа!» деп...

Мәңгілік мұнда жоқ тіптен,
Мәңгілік бақи әлемде.
Мәңгілік нұрлы от күтсең,
Тіліңді келтір Кәлемге:

Ләә иләәәә илаллаһ!
Мұхәммәдур расулоллаһ!
Аллаһтан басқа Тәңір жоқ!
Мұхаммед Оның елшісі!

2002.1.31

СӘТ

Қалғандай төсінде ұлып ән – даланың,
Жарықтан жарық іздеп сандаламын.
Жатырын жарып шыққан шолпандай боп,
Жарқ ету қандай қиын таң қараның?!

Жеретін бұлттың бүркіп жасын дәйім,
Жарқ ету қандай қиын жасындайын?
Аңыздан аңқылдаған шың сәуле боп,
Ғасырда қайта туар Қасымдайын –
Жарқ ету қандай қиын жасындайын?!

Жарқ ету үшін Айға түнек керек,
Жасынға отпен осар сүмек керек.
Ақынға Аллаһқа алып ұшатұғын,
Нұр толы жұлдыздаған жүрек керек!

Туғандай Айды аспанда бір тұмса Түн –
Құдірет қылса жебеп бір күн сәтін,
Дүние көзіндей жарқ етері қақ,
Пәгейіп періштедей нұр сіңсе ақын!

2002.2.1

СЫЗЫҚ

«Адам мен Хауа аңыз» деп,
Маймыл боп алдық... масқара-ақ!
Жүрекке жұмсақ ән іздеп,
Жанымды тінттім ашқарақ.

Аныққа жетпей ақылым,
Артыма қанша құладым?
Кешірет ме екен пақырын,
Рахымды Аллаһ – Раббым?!

Жалғанның өзі жарасым,
Бар менен жоқты теліп тұр.
Адам мен маймыл арасын,
Тағдыр сызығы бөліп тұр...

Аллаһқа аян, өшпес тек...
Тұрағы қайда, ұлты кім?

Ол – шәриғат жолын кескестеп,
Қарғысқа кеткен құл-тұғын...

Аллаһты алқап сүйе алсаң,
Жаныңның көзін ашар ең.
Құранға басыңды ие алсаң,
Маймыл «бабаңнан» қашар ең!..

Аныққа жетпей ақылың,
Артыңа қанша құладың?
Бетіңді бұрсаң... пақырым,
Кешірет еді-ау Раббым?!

2002.2.3

КҮНДІЗ

Күндіз Түннің тумасы,
Күндізді еміп күн көріп
жүрген жанмын, турасы –
Күндіз тірі, түнде «өліп»...

Жарықпенен жарықпын,
Қараңғымен қараңғы.
Жана берші жарық Күн,
Өшірмейін қарамды...
Әмин!

2002.2.3

ИБРАҺИМ

Әмәнту* оқымаған кісі бар ма?
Уә, кутубиһи дегенмен ісі бар ма?
Абай

Әмәнту оқитұғын кісі қалмай,
Өзінен бұ дүниенің тозақ таптық...
Кісінің кісіменен ісі қалмай,
«Сорлының» сорақы өнін созақтаттық...

Аллаһ бір, сипаты мың барша есебі...
Білмедік,
Білуге оны асықпадық.

*Әмәнту – Аллаһқа иман келтіру немесе алты негізді сенім

Аллаһқа ашкөз нәпсі қарсы етеді,
Нәпсі еміп... хақиқаттан қашықтадық.

Біз үшін: «бұ дүние – мәңгі мекен,
Ал, Бақи – шын өлудің шегі шексіз...
Құраның – ескі ертегі, әңгіме екен...» –
Боп тындық деп осылай тегі тексіз!..

Сен болып ақыл айтар данасы кем,
Доңыз жер қой орнына заман туды.
Қазақтың ғибратлы баласы кем,
Заманың қандай нұрлы ет «Әмәнтулы»?..

Сүйдің де ақ Аллаһты танып-біліп,
Шырақтай шығысында жанып қалдың.
Айтсаң да бәрі-бәрін анық қылып,
Кеттік біз әсерінде сан ықпалдың...

Әмәнту оқитуғын кісі қалмай,
Өзінен бұ дүниенің тозақ таптық...
Кісінің кісіменен ісі қалмай,
«Сорлының» сорақы әнін созақтаттық...

Заманың қандай нұрлы ет Әмәнтулы?!

АЛШАҚТЫҚ

Арсыз болмай атақ жоқ.
Алдамшы болмай бақ қайда.
Абай

Сен жүрсің атақ – «шыңды» іздеп,
Сен жүрсің түнді «күндіз» деп.
Мен жүрмін иман – шынды іздеп,
Күннен де әйбәт «Күнді» іздеп!

Елесін қуып бал шақтың,
Аласұра бір, ал, шаптың.
Досыңа жаудай жал таптың...
Жал таптың дағы мал таптың...
Ал, шаптың...

Арамыз алшақ, алшақ тым...
Елесіне ермей бал шақтың,

Аллаһты ғана аңсап тым,
Жүрегіме еніп жан таптым...
Аллаһты ғана аңсап тым!

Аллаһты сүйген ғарыппын,
Сондықтан жаным жарық тым.
Сезгесін сырын жарықтың,
Құл екенімді ары ұқтым...
Аллаһты сүйген ғарыппын!

Шайтанды жинап ішіңе,
Сенесің сен өз ісіңе.
Сенесің сен өз күшіңе...
Сенемін мен Хақ ісіне!..

Бір елде жанып тұрсақ та,
Бір елде сауық құрсақ та,
Екеуіміз екі қағанбыз,
Отыра алмайтын бір тақта!
Бір үйде жанып тұрсақ та,
Арамыз алшақ, алшақ тым!..

2002.2.10

АҚ ӘЛЕМ

Жер де әппақ,
Тоғай да әппақ,
Аспан да әппақ,
Әппақ шың әппақ басын аспандатпақ.
Оранған әппақ әлем ақ кебінге,
Кеткендей кептері ұшып аспан жаққа...

Ілінген сіңіріне тарамысы,
Ақ әлем ағарғанда қараны ішіп,
Белінен ақ әлемді өтті кешіп,
Мауыққан қара мақпал қара мысық...

Үйлесіп ақ пен қара отасқанда,
Көкейден көтеріліп от аспанға,
Көңілім әлденеден секем алды...
Белгісіз болар бұл сыр топас жанға?!

Ақ әлем құбылмалы, құбылады,
Шулы алап шырқай берсін шұғылалы!

Жүрегім ауызыма тығылады...
Бетке алып басымды идім Қыбыланы!..

Ақ әлем көзін жұмып ақпандатқан,
Сезгендей бір сыбысты ақтаңдақтан...
Дүние көк көйлегін киіп жатты,
Келгендей кептері ұшып Аспан жақтан...

2002.2.12

БӨЛІНІП ҚАЛУ

Жүзінен дүниенің нұр тамады,
Ұшырып, күл ғып көкке үр – сананы.
Тетігін дүниенің бір білуге,
Пенденің ділгір қанша қылса амалы!

Жүзінен дүниенің нұр тамады,
Нұрынан кетті айырылып жыр танабы.
Жүзімен дүниенің жүздесе алмай,
Жер шұқып Жер адамы құм санады...

Жүзінен дүниенің нұр тамады,
Нұр қалпы нұрлы дүние бұрқанады.
Нұрымен нұр – дүниенің нұрлана алмай,
Қараулап қанша жүрек сырқамады?..

Жүзінен дүниенің тамады нұр,
Салғасын сайтан – нәпсі санада ығыр,
Нұрға елтіп,
Аллаһқа өзін жалғай алмай,
Көзінің жасын пенде санады құр...

Жүзінен дүниенің тамады нұр!..

2002.2.12

КӨЛЕҢКЕ

Көлеңкемді оқимын,
Ұзарады, қысқарып...
Жүрегіме тоқимын,
Жеткізбейді қысқалық.

Сәскеде еді ол артымда,
Тал түсімде табанда.
Қосып қара барқынға,
Қалды ілініп бағанға...

Жүрсем бірге жүреді,
Тұрсам бірге тұрады.
Сыздай ма екен жүрегі?
Жана ма екен шырағы?

Ұзай-ұзай ұласты,
Көкжиекке бір сіңіп.
Созып барып құлашты,
Баттым Түнге күрсініп...

Көлеңке тіл қатады,
Қысқарады, ұзарып...
Баты-ып бара жатады,
Күнмен бірге қызарып...

2002.2.12

СЫЙ

Көрмесең де Тажалды,
Жаның тұрар шошынып.
Ауру әсілі ажалды,
Ұмытудың жосыны.

Жан ләззәтін шақырып,
Өмір мәнсіз күлмесең.
Ауырмасаң аһ ұрып,
Аллаһ барын білмес ең.

Түскеніндей алманың,
Кетер күнә жуыла.
Ауру сыйы Алланың,
Назары ауған құлына.

Ар, иманнан тұл кенде,
Хаққа қылар «әмірін».
Жаны ауырмай құл – пенде,
Танымайды Тәңірін!

2002.2.13

ӨЛІМГЕ АСЫҚ

1. Тәтті ойларды, тәтті ләззәтті ащы қылатын өлімді көп ойлаңдар.
2. Өлмей тұрып өліңдер. Хадистер

Өлімге «асық»,
Өмірдің мәні өлуде,
Міндеті құлдың – Аллаһқа көңіл бөлуде.
Тұлпар – тағдырың күптеп ап күміс күймеге,
Өлімге қарай бозқыраулата желуде...

Өлімге «асық»,
Өмірдің мәні өлуде,
Міндеті құлдың – Құранға көңіл бөлуде.
Жармасқаныңмен Жалғанның жалған жалына,
Тұтқынсың түбі өзегі шындық өлімге!

Нұрлануы абзал өмірдегі әрбір қадамның,
Өлімге асығу – көңілін бұзар наданның.
Өлімге асығу – Аллаһқа асығу ағарып,
Өлімге асығу – Мекенін іздеу Адамның*...

Өлім мен өмір «ғасыр» деп қалма арасын,
Өлімге қарай жұлдыздай жүйткіп барасың.
Нәпсіңді бекіт, қасара берме қас надан,
Айырады өлім ақыры ақ, не, қарасың!

Өлімге асық,
Өмірдің мәні өлімде,
Өлімге асығу – иманның жүзу көлінде.
Шын Мекеніңді Хақ жолында өлмей таппайсың,
Хақ жолы қатаң...
Хақтана аттан өлімге!
Сөйт!

2002.2.15

*Адам – Адам ата

АЛЛАҒТЫҢ ІЗДЕП...

I

Шын жарық мекен ғайыпта ғана екенін,
Күнжарықта өсіп қалайша білмеді екемін?
Мекенсіз қайдан дәрғағын іздеп Аллаһтың,
Көктерді көктеп ақылмен самғап өтемін...

Шіркін, дүние-ай, табаным сенде тілінді...
Нәпсіні нарлап, ақылсыздығым білінді.
Тұнықта туып,
Түнекте ділім тоттанып,
Келтіре алмадым Кәламға қанша тілімді?!

Мекенсіз қайда Аллаһтың іздеп жамалын,
Ақылмен самғап, Жәйнамазымда жанамын...
Құдірет Аллаһ, тағдырымды Өзің жарық ет,
Ындынымды оқып... жатырында жазған ананың?!

II

«Қымбатпын!» дептім, қымбаттың білмей не екенін,
Қартаңдап қалған қара Жер менің мекенім.
Иман – шырағым алдыма жағып алам да,
Аспанда ағамын, Адамның* іздеп мекенін...

Арман-ай, деші!
Ағаттық үшін бір мысқал,
Жұмақтан шығып жұтап-ақ қалды тұрмыс, хал...
Жеті қат төмен жексендеп кеттік...
Енді оған
Жүрегі нұрлы жетеді Хаққа шын құштар!

Жетеді оған Аллаһқа шындап берілген,
Өркімнің арман, несібесі бар терілген.
Өлім сызығы – Аллаһтық әділ таразы,
Фәни мен бахи екі ортасына керілген...

Ажалсыз одан аттамасымды білемін,
Өлім оятқан күнденді өлі жүрегім...
Кіршіксіз,
Кірсіз жете алсам ғана сол шекке,
Мәңгі Жұмақтық құл екенімді білемін!..
Иншаллаһ!

2002.2.14

*Адам – Адам ата ғаләйһис сәлам

АЗАТТЫҚ

Иманға ұмтылу – азаттық алу нәпсіден,
Жалғанның сырын Жалғанда білер жақсы кем.
Өтеді пенде бір де рет өзін біле алмай,
Иманның үсті, нәпсінің самғап астымен...

Нәпсіні тыңдап, жүректі қою тыңдамай,
Тозақы түбі қорлық екенін білді Абай.
Нәпсінің емес, жүректің ісі оянған,
Жарқырай беру, жарқырағанын бұлдамай.

Өтірік, атақ, мақтан қорегі нәпсінің,
Бұл үштен қашу – қасиеті асқан жақсының.
Бұл үштен қашу егейдің келмес қолынан,
Қолынан келген Аллаһтың ембек ақ нұрын!

КІММІН?

Көзімді жұмсам түнмін,
Жұлдыздап тұрады аспаным.
Осы, мен, осы кіммін?
Басымдағымнан басқамын...

Түнімді жарып әппақ,
Күн туып келе жатады.
Ағарып аласақсақ,
Танакөз таңым атады.

Іргемді сілкіп, түріп,
Рухымның ақ «күн» – шырағы,
Жүрегімді тінтіп кіріп,
Шашырап, нұрлап тұрады...

Нұры оның ғажап, басқа,
Һәммәға ол нұр сыйланбас.
Жүрегі қара тасқа,
Айтқаныңменен иланбас...

Көзімді жұмсам түнмін,
Жұлдыздап тұрады аспаным.
Осы, мен, осы кіммін?
Өуелдегімнен басқамын!..
Қызық, ә!

ОЙЛАН

Тәжірибені ғылымға балап,
Ғылымды құнсыз күлкі етіп.
Тұтпап ең дінді ырымға қалап,
Бүйрегің бір де бүлк етіп.

Қыңыр бұтақтай қылықсыздығын,
Дос-жарың түгіл, жатқа мін.
Құдайы іске құлықсыздығың,
Дүниені асқақтатқаның.

Дүние ісі – дүлейдің ісі,
Намұрыт сынды наданның ісі.
Аллаһтың ісі – ұлы ойдың ісі,
Абайдай даңғыл адамның ісі!

Қиялыңды ішіп қызып та аласың,
Бақыттан басың айланып.
Сор – кемеменен жүзіп барасың
түнекке, тілің байланып...
Ойлан!

ЕЛІМ

Елім! Сендерге немді беремін?
Жаралған нұрдан жақындарым едің.
Мөлдір өлең боп мөлдіремедім,
Тұлға тұтатын ақындарың едім.

Елім! Сендерге немді беремін?
(Дұшпан «күл» десе, дос «жыла» депті).
Мөлдір өлең боп мөлдірегенің,
Кеуде тұсымды осқылап өтті...

Елім! Сендерге немді беремін?
Келмедің тілеп бауырдан жәя...
Елім!

Сені еміп мөлдірегемін,
Ананың сүті ауыр қандай, ә?..

Елім,
Аллаһқа сен!
Аллаһ береді!..

ТӘТТІ ДҮНИЕ-АЙ

Өзінде өмірдің сұрақ, жауабы...
Оны білмесе ғасыр – атаға сын.
Әйбәт көзіңнен сұрақ жауады,
Түнектерімді шашырата жасын.

Сан талпына оқып, білмей бірін де,
Әйбәт көзіңе аңырып қалам.
Ес өліп елтіп үрдей дүр үнге,
Самғап барады самұрық – санам...

Нәпсіге бауыр тәтті қиял-ай,
Жырламайтынды жыр еткізетін.
Сап күдік жарға* бақты қия қай...
Тұнық көңілін дір еткізетін.

Тұнық көңілді бұзып тынатын,
Түннің астымен қашты жымия «ай»...
Арды шимайлап сызып тынатын,
Тәтті дүние-ай!
Ащы дүние-ай!

«Тәтті» деп талай татып уыңды,
Қалды ойымда талып тұрғаным...
Қайтем, қай жаққа асығуыңды?
Жабықтырғаның – жалықтырғаның!..
Қажама жанды малып нұрға мұң!
Тәтті дүние-ай!
Ащы дүние-ай!..

2002.2.28

*Жар – қосақ

ЖАРЫҚТАУ

Ақын болып жарытпаспын,
Құл боп жарытпағасын.
Жанымдағы жарықты аштым,
Жүрек жарықтағасын.

Пенделіктен биік, (білем)
Құл боу Аллаһқа әуелі.
Құлдан нұрлы сүйікті кем,
Аллаһ алдында мәуелі.

Толсаң кілкіп Хақ нұрына,
Нұрланған құл боласың.
Жүзген онда Аллаһ ақ нұрына,
Адам сафи боласың.

Болсаң ғана сафи адам,
Ділің нұрға кенейді.
Нұрлы ділден қапия да
Жыр бүлкітер көмейді.

Ділге Хақтың нұры өтпеген,
Діл діл емес, түн қара.
Нұрланбаған жүреппенен,
Жыр жыр емес, тыңдама!

Ақын болып жарытпаспын,
Құл боп жарытпағасын.
Жанымдағы жарықты аштым,
Жүрек жарықтағасын!

2002.3.7

ӘЙ...

Абысына арбалып нәпсінің,
Кебінін жамылып бақсының,
Шаңырақта ойнаған шәлкез ем,
Жанына үңілмей жақсының.

Жанына үңілмей нұрлының,
Нұрсыздың шиырлап құрдымын,
Сәулелеп жере алмай әр сөзін,
Пәсейтіп алыппын жыр құнын.

Ай қарап, Абайды аңдамай,
Жарқырата алмапты жанды арай.
Құдайға құлдығын құрдым ғып,
Ақылсыз арбасқан таңдар-ай?!
Ө-әй!..

2002.3.7

ДҮНИЕ-АЙ

Өскендей өзегінен жарып тастың,
Сәл-л өрлеп мильққа ала жарық бас Күн
Жарқ етіп Жалған жаққа қарап қап ед,
Зытты-ай кеп зілдей қара жарықта аш Түн...

Қараңдап құйрық жағы жатты бара...
Өткендей Аспан кешіп атты қара.
Түншыққан түніменен Түн астыңда,
Шық – терге шүпілдеген бақты қара!..

Дүние-ай, шүпілдеген нұрға мәңгі,
Шыңыраудан шығарады ырғап әнді...
Дүниені дүлдүл күндер аунатқанда,
Бір жарық алмасады,
Бір қараңғы...

Дүние-ай!..

БАРА АЛМАУ

Бар-ау деймін бір жарық нұрдан да әппақ?
Көк көзінен көншітер ұрғанда аптап,
Жерді біреу істікке шаншып алып,
Күнге аунатып секілді тұрған қақтап?..

Бары ақиқат бір Жарық нұрдан да әппақ!
Көк көзінен көншітер ұрғанда аптап,
Жерді Хақтың қазыналы хикіметі,
Күнге аунатып күйдірмей тұрған баптап!

Салғаныңмен сан қысым ақыл – кенге,
Аңғаруға ғаламды ақыл кенде.
Баянына бара алмай бағзылардай,
Жанып-сөніп болармын бақұл менде!..
Солай!..

ӨКІНІШТІ

Аллаһтың сөзін оқып, Өзін көрмей,
Сенемін хақтығына сезімге ермей!
Аспан,
Жер өздігінен жаралмаған,
Жаралған «бол» деген Хақ сөзінде өрлей...

Нанамын бұл шындыққа шүбәм қалмай,
Күдікті күресінге шығарғам қай...
Жарқырап жан аспаным сәулелеп тұр,
Бұзақы бықсық оймен мұнарланбай.

Ардан да ақ ақиқатты кеш біліптім,
Нәпсіге намысымды кештіріптім.
Ақтанған әл-Мисақтан аңғарымды,
Жөн білмей жөргегінде өштіріптім...

Шындықтың сыртын оқып, ішін көрмей,
Қүдіреттің құпиялы күшін көрмей,
Бір де рет жүрегімді күзетпептім,
Қатырған храмдағы мүсіндердей...

Аллаһты хақтар орын жүрек екен!
Жүрек – тәж тәніңдегі тірек екен.
Құл Хаққа жайса алақан жаны оянып,
Аллаһ құл жаққа қарай жүреді екен!..

Ардан да ақ ақиқатты кеш біліптім,
Нәпсіге намысымды кештіріптім.
Ақтанған әл-Мисақтан аңғарымды,
Жөн білмей жөргегімде өштіріптім!..
Түу-у, өкінішті!

2002.3.12

КӨШ

Көрініп шұбырғаны көш-күліктің...
Ақылға ауаны ұрып ескіліктің,
Мүлгиді Нұхтың нұрлы кемесіндей,
Жарықты белшесінен кештіріп Түн...

Жарықты белшесінен кештіріп Түн,
Кежімін кестелейді кешкіліктің...

Дүние-ай!
Дүбір келді құлағыма,
Түбінен ықылымның естіліп тым...

Көш Күнмен шағылысып жүріп өтті...
Жүрекке жүрек жалғап жыры жетті...
Түйелер сыңғыр қағып барады ұзап...
Шарпыды шапағаттың нұры бетті.

Жүрекке жүрегінің жыры жетті...

2002.3.12

ЗІКІР

Аспанның ақбоз беті, қара түбі...
Секілді көздің ақ пен қарашығы.
Нұрына Аллаһтың ақ нұрлана алсаң,
Көзіңе көрінеді бар асылы...

Табиғат біз білгеннен таңғажайып,
Атады бір шындықпен таң ғажайып...
Зат біткен өз тілінде Раббынан
Тілейді алақанын таңға жайып?!

Ғаламды ғылымы астам сап қырағы,
Күзетіп періштелер сап құрады.
Зат біткен өз тілінде Жаратқанды
Растап, мүлгіп зікір сап тұрады!..

Нарсынып намысы өлген надандана,
Хақ беттеп жасамаған қадам дана,
Қылмаса бір қылмайды ғибадатын,
Шайтан мен шайтан ділдес адам ғана?!

Аспанның жарық беті, жарық түбі,
Қойған-ды Күнді Түнге жарып тығып...
Құдайдың құзырына құлағаным,
Рухымның Хақтан алған жарықтығы!..

2002.3.14

ЖЫЛЫЛЫҚ

Әмірі-ай, Аллаһ әмірінің!
Айыртып ойдың ақ, көгін,
Құзырына ұйып Тәңірінің,
Жыр жазу қандай тәтті едің?!

Тұла бойымды кернеген,
Өз отыма өзім жылынып,
Нұрланып мұндай көрмегем,
Қандай бұл жүзді жылылық?!

Қандай бұл жүзді жылылық,
Мәнімді майдай еріткен?!
Өз жүрегіме өзім жылынып,
Жалғаннан барам жеріп мен!

Сан шүкір, Аллаһ, аһ, Нұрым,
Жыр етіп жырдың жекейін,
Кетіріп жанның дақ-кірін,
Құдыретіңе құлдық етейін!
Нәсіп ет самғап жетейін?!
Әмин!

2002.3.16

ОЙЛАН

Дүние жалған, мәңгілік
Өлімнен ары басталмақ.
Имансыз өткен мәңгіріп,
Тозақ отына тасталмақ...

Аллаһ хақ! Бейіш, Тозақ хақ!
Құдайы құлда жанбақ жоқ.
Өз ісін алар өзі ақтап,
Наданда оған нанбақ жоқ!

Хақ жолы құлға тәбиғи-ақ,
Біздерді Бірден* таратқан.
Жаратушы емес табиғат,
Табиғатты да Аллаһ жаратқан!

*Бірден – Адам ата ғаләйс сәләмнан

Дүние жалған,
Мәңгілік
Өлімнен ары басталмақ.
Имансыз өткен мәңгіріп,
Тозақ отына тасталмақ...

Ойлан!

ТАҢДАУ

I

Ісімен Хақтың тіреусіз тұрған шатырдың
үстінен құлап, астына түскен пақырмын.
Бір шындық бұл да – тәнімнің тегі топырақ,
Рухым ұшып, топырақ болам ақыр күн...

Рухымды ұшқан періште қоршап ап кетед,
Жеті аспан асып илаһи жарық жаққа өтед...
Аллаһ алдында құл екенімді айта алсам,
Бардың Иесі бас айналардай бақты етеді!..

Қайта түсем де қабірден табам тәнімді,
Жаңғыртпан бірақ жалғанда салған әнімді.
Қабірім кеңіп, Жәннәт саңылауы ашылат...
Мына жалғанда мазмұндай алсам мәнімді!..
Рас!

II

Хақсыздың рухы осы аспаннан-ақ керіге ұшып,
Кірген бетінде-ақ қарабеттеніп көрге ұшып,
Саңылаулап тозақ оты ұрып содан, қабырға
айқасқанша бір алқымдап тұрмақ Жер қысып...

Астамсып басқан алдыдан шығып Жер күші,
Жалқындап тозақ, алқымдап тұрмақ көр қысып...
Астағфираллаһ,
Ол күннің бетін аулақ қыл!
Сен де ойлан хақсыз құдайсып кеткен өр кісі!..

«Өлем» деп қалма, өлмейсің мәңгі – ол анық.
Жәннәт,
Тозақтың жарқырап жатыр жолы анық...
Аллаһым берген таңдауды бізге, ал, таңда!
Қалмауың үшін қан жұтып, отқа оранып!..

2002.3.19

ҰРШЫҚ

Жер – ұршық Тәңірім иірген,
Күн көзі жылудың тұрағы.
Бірде оң,
Бірде сол бүйірден,
Жылуын өткізіп тұрады.

Біздіңше әр маусымның бар мәні...
Жер дүлдүл дүниенің жүрегі.
Хаққа аян ғаламның бар жаны,
Жаны бар болғасын жүреді...

Мезгілмен атады әр ақ таң,
Жер аумаит жүрек пен алмадан.
Ғаламды Хақ Аллаһ жаратқан,
Осылай жарала қалмаған!

Нанбасаң шайтан боп қаласың,
(Ғаламмен ғалам боп үндесем.)
Тағдырға ешбір жоқ таласым,
Жер,
Саған жабысып күн кешем!..

Жер – ұршық Тәңірім иірген,
Күн көзі жылудың тұрағы.
Бірде оң,
Бірде сол бүйірден,
Жылуын өткізіп тұрады!..

2002.3.20

АДАМНЫҢ ІШІНДЕ ШАЙТАН БАР

I

Адамның ішінде шайтан бар.
Шәкірті, достары бар тағы...
Белгісі – болмайды шайтанда ар,
Арсыздыққа адамды тартады.

Жәннәтқа балатып Жалғанды,
Жәннәтті бағады далдалап.
Татырға тарттырып талғамды,
Жатқандай қылады бал жалап.

Пенделік шыңында шырқатып,
Тәңірге бұрғызбай бетінді,
Ібіліс суымен сырқатып,
Аузыңа құяды өтінді!..

Нәпсінің жінігіп уымен,
Арыңды балталап кетеді.
Ақылсыз сезімнің буымен,
Жүректің түбіне жетеді!..

Шайтан бар ішінде адамның...
Шәкірті, достары бар тағы...
Құдайы ол құлықсыз наданның,
Қаруы – Аллаһқа ортағы!..

II

Адамның ішінде шайтан бар,
Шәкірті, досы бар тағы...
Белгісі – болмайды шайтанда ар,
Қаруы – Хаққа ортағы!

Не қылсаң да ерік береді,
Ғаламды жібер төңкеріп.
Желпініп желікке ереді,
Өңешін тесіп өң-көрік!..

Атақ пен даңқ ауылына,
Айтақтап самғаттырады.
Нәпсінің байлап бауырына,
Шаманды шаң қаптырады!..

Ар ісін жерге жеті ұрып,
Нәпсіні сүйікті етеді.

Арлының арын кетіріп,
Арсызды биіктетеді.

Сылып ап жүзден ұятты,
Ашық та шашықтатады.
Көрінгенімен миятты,
Иманнан қашықтатады...

Ол білгі ғалым, дәнішпан...
Астында жердің білмесі.
Орағытады алыстан,
Сөзінің шөлкез жүлгесі...

Ол қараүзген хас дарын,
Тұрмаған бірде құлап қап.
Аңдамай ойдың астарын,
Арбалып қалар құл аппақ.

Шәриғатқа ағып тұрады,
Аузынан ақ гүл себелеп.
Ол – жынның жаққан шырағы,
Шырмалып қалдың...
Не керек?!

Шайтан бар адамда осындай,
Ол – жақын жаның жарындай.
Ол – жақын жаның досыңдай,
Ол – жақын жаның арыңдай!..

Байқаңдар!
Адамның ішінде шайтан бар!..

III

Ішінде шайтаны бар адам –
Зауықтан зауалға қараған,
Қалпынан қасірет тараған,
Жарығын жалмаған қара адам!

Ішінде шайтаны бар адам –
Құзыры құрттаған парадан,
Ақылы айныған сарадан,
Көрнеуді көрмейтін хар адам!

Шайтан бар адамның ішінде –
Шайтанға шәкірттігі үшін де,
Ғаламды жаратқан күшінде,
Қақы өлер Тәңірінің ісінде ...

Шайтан бар адамның ішінде –
Шайтанға арбалғаны үшін де,
Әуейлер әулие пішінде...
Шайтан бар адамның ішінде...
Шайтан бар адамның ішінде...

2002.3.25

ҚУАТ БЕР?

Жаратқан Ием, қуат бер?
Қуаттанайын!
Нұрсәулеленген шуақ бер?
Шуақтанайын!
Құран кәусарын қана ішіп,
Суаттанайын...
Ғасырларыма жана ұшып,
Ту-у аттанайын...
Қуат бер, Ием, қуат бер?
Қуаттанайын!
Ту-у аттанайын!..
Жаратқан Ием, қуат бер?!
Әмин?!

2002.3.25

КІНАЛАМА

Тым-ақ биіктен құлап барамын...
Жаттыққан едім жасын көзінде.
Сәл-л есіркесең жылап қаламын,
Жабығып тұрмын жасын кезімде.

Жарқылдап едім жасын көзінде,
Отты ұрттап алып, кіл жалын бүркіп.
Ібіліс ойнап қасым, көзімде...
«Алмасын» аңдып Құлжаның бір түп...

Обалды білмей,
Сауапты білмей,
Балалық бағлан өтті басымнан...
Тағдырға налып, тауапты білмей,
Айырмас күндер отты жасынан,
Өтті басымнан!..
Кінәлама!

ТОЛҚУ

Кеудеме кірдім, керемет екен қараңғы.
Қараңғыға еніп қашырып аулақ қарамды,
Жүрегіме ендім, ақ айдын екен әппақ нұр,
Ақ айдында әппақ рух – әппақ қуым таранды...

Рух – әппақ қуым Жәннәт-бақ нұрға өзгерді,
Жалғаннан тәтті жарықтың барын көз көрді.
Ділімді сүйдім,
Ділімді қара көн еткен,
Тілімді тидым көгендеп көзсіз сөздерді...

Тілімді тидым,
Ділімді оқыдым ежіктеп...
Аллаһтан арым алғанын білдім не* жүктеп...
Дүние алдында қарауға Хаққа қақы өлген,
Тығылды ұятым тура кеудеме безіп кеп...

Ділімді оқымай құлы боп дүние – қоңыздың,
Кейпіне еніп қаймықпас қара доңыздың,
Жан – өлкемді өзім жалмап боп қорыс қопалап,
Толқып отырмын толқығанындай теңіздің!..
Астағфираллаһ?!

2002.3.27

АҚ ПЕН ҚАРА

Қараңғы жарықты көрмейді,
Қараңғы жарықта білмейді.
Қараңғы жарықты кернейді,
Қараңғы жарықты күндейді.

Қараңғы жарықты қуады,
Қараңғы жарықты ұтады.
Қараңғы жарықты туады,
Қараңғы жарықты жұтады.

* «Егер Біз осы Құранды бір тауға түсірген болсақ, сол таудың Аллаһтан қорыққанынан бас иганін, быт-шыт болғанын көрер едің. Осы мысалдарды Адам баласы (Аллаһтың құдіретіне) ой жүгіртсін деп баяндаймыз» «Хашыр (сүргін)» сүресі, 21- аят.

Қараңғысы ұқсайтын ымыртқа –
(Пендеге мағұлым арысы...)
Ғалам – бір қап-қара жұмыртқа,
Күн – оның ішінде сарысы.

Толып та тұратын, арып та,
Пенде – құл – халифа миятты.
Нұрлысы ұқсайды жарыққа,
Нұрсызы қараңғы сияқты...

2002.3.31

ҚАРАҚҰРТ

Құлы едім Хақтың,
Елемес шалдың қарағы.
Нұрлап тұратын жүректің аппақ парағы.
Қайран көңілді қап-қара қылып харамға,
Көңілшек көзім қадалып қанша қарады!

Харамға қарап қара көз қанша талмады?
Қарайған көңіл қайдағыны еске салмады?
Жақсылықтардан жалмандап тапқан жарықтың,
Қарақұрт – нәпсі қарасын қоймай жалмады.

Қарақұрт – нәпсі жасындарымды жалмады,
Жат қылықтардан жанымда жарық қалмады.
Қаңбаққа айналды қазан – басымдағы қалың ой,
Азғындап иман,
Ақылдың айнып салмағы.

Тағдыр бекіту Аллаһ алдында қиын ба!
Игілік кетіп, қиғылық қалды миымда.
Қақымды өлтірдім харамды қорек етем деп,
Менің мендігім татымай қалды тиынға.
Бар, не жоқ қылу Аллаһ алдында қиын ба?
Жоқ!!

2002.4.1

ЖАЛҒЫЗДАУ

Аллаһқа иман – қорегі рух киенің,
Имансыз ділге ілінуі оңай күйенің.
Рухыңды иманмен жарқырата біл, жарығым,
Сезгір сен түгіл кәміл иманы түйенің!

Аллаһқа иман ақыл көзіңді ашады,
Ақыл көз ашса арыңа шұғыла шашады.
Ар шұғылаланса рух пен тән үздік үндесіп,
Жын, шайтан жасып арбаудан аулақ қашады.

Аллаһқа иман қоламта ашқандай күлді үрлеп,
Діліңді ашады дүние қойған ділгірлеп.
Аллаһқа иманмен арғы әлем де есік ашады,
Бұ дүниеңіз де сырларын бізге білдірмек!..

Аллаһқа иманмен үміттің жегіп кемесін,
Жаратқан нұрдан рух – шаһарыңа енесің.
Рух-шаһарға еніп жалғыздай алсаң Аллаһты,
Хаққа аян, мүмкін, «Аллаһ жоқ» әсте демесің!

2002.4.3

ТЕКПІ

Жауың да жақсы көрсең достасады,
Досың да жаман көрсең қоштасады.
Наданның бір белгісі жауы түгіл,
Досымен түк тұрмасқа қастасады...

Үйіңе шақырып ап қарсы алмадың,
Бұлай тек бірінші емес қарсы алғаның...
Қар жауған қабағыңмен «келдіңбесіз»,
Жаныңның жаныма ұрдың бар салмағын.

Үйіңе шақырып ап сыйламадың,
Мен ем ғой меніңдегі сыйлы адамың.
«Шық төрге, қалай халге» жарамастан,
Жөн боп па былай қорлап, қинағаның?!

Үйіңе шақырып ап аямадың,
Мен ем ғой менің ішкі сай адамың.
Жаныңды жайып жеріп өзге бәрін,
Көңліңнің ағыменен аяладың.

Үйіңе шақырып ап елемедің,
Кеше-ақ сен басқаша едің, бөлек едің...
Жаныңның бесігіне басқаларды,
Бәйек болып бөлегендей бөлемедің.

Үйіңе шақырып ап мән бермедің,
Салатын сахың ем ғой әнге өрнегін.
Бас-ақыр бір қарамай бетің бұрып,
Айналып «оғжетпеске» мәңгі өрледің...

Пенде ол «нәпсі» деген зор қамақта,
Құл нұрсыз болса ақыл – көз торланад та.
Қалдырдың құзырыңның ту сыртында,
Досым-ау,
Шақырып па ең қорламаққа?

Деуші еді «Намаз тияр арсыздықтан»,
Құлшылық жетпесе оған нәрсыздықтан.
«Кек сақтар үш күн артық бізден емес»,
Дегені қайда, ей, Нәби, хәлсізді ұққан?

Мен тегі сен күткендей тас емеспін,
Ешкімге,
Тіпті саған қас емеспін.
Қолымнан келгенінше тілекшімін,
Мен үшін уақты өшкен бәс, егестің!..

Тіліңде «тазалық» деп сайраулысың,
Діліңді әлдекімге қайраулысың.
Тазалық тіл айтумен орнамайды,
Біл соны, паңдықпенен жайраулысың.

Бұл ісің тазалық па, бауырым-ай?
Кекшілдік кесіріңнің ауырын-ай.
Жәннәт, ол, такаппарға харам екен,
Күн көзін, тұрса да еміп сауырын Ай!

Жүруші ем «жан жолдасым, садағам» деп,
Кетуге дайын едім садағаң боп.
Болмысың толған қара құртқа айныпты,
Хақ сүйер тазалықтан садағам кет!

Тауба етіп, туралықты сақтағыр-ай!
Хақсыз қап, харамда аунап жатпағыр-ай!
Жанымды «Аллаһ» деген ауырттың-ау,
Ақ көңлім,
Адал асым атпағыр-ай!

ӨСИЕТ

Әл-Мисақта Аллаһқа қылған серт
Құл едім нұр толған кесеме.
Қайтсам мен пәниден, қылғам серт,
Басыма орнатпа кесене!

Не жазса, сол болмақ талайым,
Нұр* оқып бағышта есеме...
Жерменен жер боп-ақ қалайын,
Басыма орнатпа кесене!

Басыма орнатсаң кесене,
Барзаққа барар-ды шатағы...
Тіріге қалатын нешеме,
Болғанмен арзандау атағы...

Тәнімнің атасы – топырақ...
Жермен жер бола алсам бақытым.
Топырақ қабірде тоқырап,
Ақыр күн күтемін бақытын...

Аллаһтан қалмасын алшақтап,
Ұрпағым кезгектеп кесене...
Құл болсаң Хақ жолын ал хақтап,
Басыма орнатпа кесене!
Сөйт!

2002.3.29

*Нұр – Құран

ЖАҒАЛАУ (Уақап, аға)

Қызыл өкімге тұрмасаң да ашық қасқарып,
Өзегіңді анық өртегені оттың аш-қарық!
О, Уақап, аға,
Құс өтпес тұста елшектен,
«Біз-біз» деп тұрдың «Біздің Отанды» басқарып!

«Біздің Отан» ол тұрғандай еді шақырып,
Отанға еді ол Шақырусыз бір шақырық!
Бір себепші еді ол жүрекке Отан орнауға,
Тұрса да қанша Қызыл өкімің ақырып!..

Үніңіз оның жасырын, кейде күшінде,
Жататын еді харфінде, жақша ішінде...
Ой көзіменен оқыған оны қай қазақ,
«Отаным!» дейтін, ойлы бір батыр пішінде!

«Отаным!» дейтін, «Біздің Отанды» қолға алып,
«Отаным!» дейтін, тебірене терең толғанып!..
Оқитын оны Отанын оқып жатқандай,
Жатқандай оқып Қазақстанын қолға алып!..

Жан түбіндегі Отанға деген ақтық үн,
Сөйткізетұғын өзінің ақтап ақтығын!
Сөйткізетұғын сырттағы жүрген қазақты,
Отанға деген Хақ берген махаббат-тұғын!..

Ағатайым-ай,
Ата-тайым-ай,
Атам-ай!
Біздерге қымбат аят нұрлаған батаң-ай!
Біздерге қымбат Хақ Аллаһ сөзі – Құранды
Тәпсірлеп, жұртты тәлімдегенің!..
Атама-ай!

Сексенің, баба, сеңгірлі болсын – шың биік!
Тұрады дейді Тәңірге басын шың да иіп!
Сексенге сіздей сөтер боп жету Хақ бағы,
Сексенге келіп селтеңдеп жүру шын күйік!..

Дүние жалған...
Жалғанға бірақ үйір шын
Құранын оқып, иманын адам үйірсін!..
Сіз сынды бізге (Өзіне Аллаһ хақ бастап),
Сексенге сіздей сөтер жетуді бұйырсын!
Әмин,
Аллаһу Әкбар!

2012.12.18

БИБИНІҢ ТІЛЕГІ

Гүлнәрім-ау,
Гүлнәрім!
Қанып іштің гүл нәрін.
Көгілдірі ең Жайықтың,
Аққу етті гүлзарың.
Гүлнәрім-ау,
Гүлнәрім!

Ақ Жайықтан мен де іштім,
Ақ Жайықтан мен де ұштым...
Қиырыңды бетке алып,
Қияныңа сен де ұштың...
Қияныма мен де ұштым...

Артығайма, пәсейме,
Әуейленбе әсейге.
Отауыңа оттай бол,
Отаныңа қасейме.
Артығайма, пәсейме!

Гүлнәрім-ау – Жібегім!
Мен өзіңмен жұп едім.
Ұшқаныңа ұшпағым,
Жарылып тұр жүрегім!..
Жібегім-ау,
Жібегім!

Ортасында өрен кіл,
«Төлегеніңді» терең біл!
Жаттың жаттық сөзіне,
Қосқұлынды* керең қыл!
Төлегеніңді терең біл!

Қиырымызды бетке алып,
Жүрегімізді «от» қарып,
Сағыныссақ ұшайық,
Сүйіспендікке боп қарық,
Ақ Жайықты бетке алып!..
Гүлнәрім-ау,
Гүлнәрім!

2001, ақпан

*Қосқұл – құлак

МЕНИҢ ЖАНЫМ

Өмірге де, көңілге де ұнамды –
(Кешірсе екен Тәңір Өзі кінәмді?!)
Ес білгелі, мен өмірге келгелі,
Ауық-ауық шырқап келем бір әнді...

Ол ән мені қарсы алады ақ таңдай,
Қарсы алады арманым боп ақ маңдай.
Ол әнменен елестейді ауылым,
Балалығым қайталанып жатқандай...

Арман, арман деп қаламын дауыстап,
Ойлар, ойлар... тағатымды тауысты-ақ.
Мен келемін көңіл сұңқар астымда,
Мезгіл солай бірден-бірге ауыспақ...

Мезгіл-мезгіл бірден-бірге ауыспақ...
Біз екеуміз Хақ жолында қауышсақ,
Арман не еді-ай, қосылып ап осы әнді,
Шарықтата шырқап кетсек дауыстап!

Арман не еді-ай, Хақ жолында өстіп тек,
Біз екеуміз шырқағанда «достық» деп,
Қосылып ап екеумізге Жер жүзі,
Шырқап кетсе-ай «достық, достық, достық!» деп!

Бақыт бар ма одан асқан баянды?
Біз екеуміз шырқамаушы ек жәй әнді!..
Менің алғаш ұйқыдағы жүрегім,
Хақ жәйлі анық хақ осы әнмен оянды!..

Сондықтан да ауық-ауық шырқаймын,
Шырқасам-ақ жоқ болады бір қайғым...
Адамдарға арман екен бәрі де,
Деп жатады «алма жүзден нұр тайды!..»

Сонда олар өлмеуді армандай ма екен?
Мен өзіме дәл осы ойды айна етем:
Өлсең мейлі ізің қалсын жарқырап,
Бір өлесің ерте ме екен, жәй ма екен?!

Деп мұңайман «алма жүзден әр тайды!»
Менің үшін хақиқат пен ар қайғы...
Менің жаным хақ пен арға ғашық жан,
Өйткені ол хақпен, армен марқайды!

1987. Құлжа

ЕГЕЙІМ – ЕЛІМ

Егемен болмай Ел болмас
Махамбет

Сан шүкір, Аллаһ,
Әлхамдулилләһ, төр меңде!
Егейім – Елім, жендеттерге енді жерленбе!
Қақ жарып түнді самұрық – жүрек сарнап тұр,
Кешегі шерлі тілі бар тілсіз шерменде!..

Сарнап тұр әне миллиондардың тілінде,
Ақ алмас – арым жарқылда тілім, ділімде.
Ділімді бұзып,
Тілімді кеспей... жерге енсін,
Шығыста шырқап Ағжарық әмсе күлімде!

Күлімде әмсе жау жасып жалт-жалт қарасын,
Нұрымен Азан Жер – ана жазсын жарасын...
Мейіріміңе дінсіздің қатқан ділі еріп,
Хақ ақиқаты қанатын жая тарасын...

Сілкініп жылдар,
Бұлқынып жылдар аққанда,
Арыңа сенің арсыздар күйе жаққанда,
Жексұрындардың жергегінде үнін өшіріп,
Миллион шырқар айналдың, шүкір, мақтанға!

Ғасырдың бұла қойнауларында сан қатпар,
Іздерің қалды мағынам менің – мандаттар!
Ізінде жатыр өшпейтін ілкі тарих,
Жүзінде жатыр кетпейтін табы қан-дақтар...

Жер шатыната жетелі жырым кернесін,
Ғаламның әнін,
Ғасырдың басып пернесін.
Хақ жар боп биік зымқаған бастап Сұңқарға,
Үндесіп хақшыл сұңғыла Ел неге ермесін?!

Ереді Елім,
Биікке бірге самғайды!
Хақиқат барда хақ жолдан арым танбайды...
Нұрына Хақтың малынып мекен тұрғанда,
Сүмелек сұмдық аулаққа кетсін қам-қайғы!

Аулаққа кетті...
Кешегі жоқтық кемес-ті!
Кереметтермен кеңістікте ойың кеңесті...
Жұлдызы жанып бақытты елдің бағының,
Тектілерменен терезелері теңесті!..

Планетаның бойлығы менен ендігін
Қос қанат етіп самғадың...
Самға Сен бүгін!
Сен ғана мынау **сенім**ді аз,
Серт кем заманда,
Сақтай аласың ғаламның тепе-тендігін!

Иншаллаһ!

ЖЕР – АНА МЕН АДАМ

(поэма)

Бисмилләһи-Рахмани-Рахим

Аңдатпа: «Аллаһ қаңғыртқан адамды ешкім де оңай алмайды» (7 – 86). «Медет тек ғана Аллаһтан» (8 – 10). «Өзің білмейтін бір нәрсенің соңына түспе. Расында құлақ, көз және жүрек олардың барлығы одан сұралады» (17 – 36). «Жер жүзінде дандайсып жүрме. Өйткені, сен жерді әсте жара алмайсың. Бой жағынан да таулармен теңесе алмайсың» (17 – 37). «Аллаһ сендерге қалаған нәрселеріңді береді. Оның (Аллаһтың) бергендерін санап тауыса алмайсыңдар. Негізінде адам баласы өте залым әрі берілген нығметтерден бейқабар» (14 – 34). «Кім дүниені қаласа, біз де қалаған кісімізге дүниеде қалағанымызды береміз. Сосын оны тозаққа саламыз. Ол оған (тозаққа) қор болып, мархаматтан мақұрым болған күйде кіреді» (17 – 18). «Дүние тіршілігі әншейін алданыш, ойын ғана» (6–32) «Дүние тіршілігінің игілігі ахиреттің бақытының алдында түкке тұрғысыз» (9–38). «Әсілінде өлген, бірақ біз тірілтіп (иман берген), оның адамдар арасында дұрыс жүруіне жарық берген бір адам мен қараңғылықта (күпірлікте) қалып, одан шыға алмаған адам ұқсас па? Кәпірлерге өздерінің істері әне сондай ұнамды етіп көрсетілді» (6 – 122). «Расында адамдардың көбі бұзық» (5 – 49).

Әлхамдулилләһ,
Кеммін бе тегі басқадан?
Басқалар шырқап салғанда шаттық асқақ ән...
Кеудесін дар-дар айырған қара бұлттың,
Нажағай сыңды жарқ етпей неге жасқанам?!

* * *

Жер – ұлы ана!
Анамдай оны сағынам!
Жерге емес, бірақ, Хаққыма ғана табынам!
Өйткені Хаққым анамнан ақ сүт емізіп,
Орын ап берген адамгершершілік тағынан!

Едім мен алғаш басындай қолдың бөлшек ет,
Тілеген анам «қызығымды елім көрсе» деп.
Аманат емес,
Азамат болдым жаужүрек,
Қолында өсіп ұлы ана – Жердің еркелеп!

Жер – ұлы ана,
Көркіне нұрлы қызығам!
Былайша айтқанда біз тудық соның «қызынан»...
Қақымыз бар-ды ойлауға соны,
Адам-ай,
Онда осы ұлы ананың неге жүзі қан?..

Ойласам соны көгімді тұман торлайды,
Жатады ылғи өзегімді өртеп ор-қайғы...
Елжіреп жүрек,
Мөлдіреп көзден жас тамад,
Байқаймын бүйтсе түбінде адам оңбайды!

Ойласам соны ағарып таңым атпайды,
Батпайды күнім,
Басымнан жұлдыз – бақ тайды...
Өкініш, үрей, қасірет-қайғы сумаңдап,
Жер – ананы ылғи ажал боп төніп жақтайды...

Сезем де соны жарқ етпей, жанбай, жасқанам...
Өксімін кейіп жүзімді жуып жасқа әмән?
Өксімен қайтіп бомбалар гүрс-гүрс жарылып,
Далада мынау өзен боп толқып ақса қан!..

Әлемде ғажап раққа дауа таппаған,
Атомды жойқын,
Атомды қайтіп тапты адам?
Сұмдық-ай, сұмдық, бірімен-бірі қырқысып,
Қырғын боп жатыр әлінен әбден асты адам.

Таласса иттер «заты оның ит қой» дер едік!
Ойлансын адам, соғысу үшін кемедік!
Ойлансын адам,
Ойлансын адам жыртқыштар,
Жыртқыштар азса кім айтар оған төрелік?!

Не жетпей жатыр, нұрлы ақылдым-ай, сендерге?
Сыймайтын мынау,
Сыймайтын алып – кең Жерге?
Сөйлейтін тілің,
Ойлайтын миың бар баста,
Болғаны парық айып па, сірә, өңдерде?!..

Бұл неткен сұмдық адамды адам арбаса,
Адамнан көріп жауыздықты адам зарласа?
Білмедім мүлде соңының немен тынарын,
Бұл арсыздыққа Хақ Аллаһ кейіп қарғаса?!

Адам-ай, адам!
Бәрінен білгір, мамандар,
Болмау шарт сенің болғасын адам санаң хар!
Жер – анаң ғана болғасын барда Хақ берген,
Мекенің, өзің, баспанаң, анаң, балаң бар!..

Жер – анаң барда ақ таң бар күліп ататын,
Жер – анаң барда кештерің нұрлы-ақ бататын.
Жер болғасын да жайнауда барлық тіршілік,
Соларды көріп мылтықты қайтып атасың?!..

Жер – анаң барда ішесің, жейсің, киесің...
Жер – анаң барда жарыңды құшып, сүйесің.
Жер – анаң барда махаббат сенде, қасиет,
Жер – анаң барда әлемге өзің иесің!..

«Хақ» десең Хаққың жуытпас саған кесірді еш,
«Хақ» десең Хаққың адам атыңды өшірмес!
Бомбалап жерді әліңнен ассаң,
Адам-ай,
Жер нәм сені Аллаһ жаратқан Иең кешірмес!

Ғаламат сырлы тіршілік, мынау, жасаған,
Демегей адам: «бақытым қолда, бас аман!»
Хақ кейісе егер бәрі де тайып басыңнан,
Ұстатпас саған,
Ұстатпас тағдыр қашаған...

Білесің бе сен, келгенін қайдан қайырдың?..
Бөлшектеп жерді шекара неге айырдың?
«Бірлік» деп ұшқан,
«Тірлік» деп ұшқан лашынның,
Қанатын неге,
Қанатын неге қайырдың?

Ғаламда десек: «жыртқышты тізіп санасын»,
Біріншісі оның осы Адам ата баласы
болатын еді, атысып ара мізбақпай,
Додалап жатқан өз алып Жердей – анасын!

Білсеңші-ей, адам,
Өмір де өмір Жерменен!
Өлсек біз егер осы алып Жерге жерлеген...
Жауызды сендей анасын өзі қорлайтын,
Жалғанда басқа жандыдан еш те көрмегем!

Жаратқанда алғаш, Аллаһым, сені адам ғып,
Ми беріп ерек, ар беріп саған адамдық.
Емізген сені Жер – ана,
Осы Жер – ана,
Жер – ана саған етіп ед қашан жамандық?

Ел-ел боп алып, орындалғандай мұратың,
Шекараларға мың қабат жасақ құрасың...

Жер – ана қашан жамандық қылды,
Адам-ай,
Жамандық қылсаң өзіңе-өзің қыласың!

«Мақұлық» деме әнеу бір шымшық торғайды,
Өзінің ол да өлімнен басын қорғайды.
Жер – ана оған етпейді-ау, сірә, жамандық,
Қорласа оны тағы осы адам қорлайды...

«Ойы жоқ» деме доңыздың дағы ол жайлы,
Өзінің ол да өлерін бұртын болжайды...
Жер – ана оған етпейді-ау, сірә, жамандық,
Оны да надан кеңірдегі үшін борлайды...

Адам, ол, адам,
Отырып бәрін ойлайды...
Ойлайды дағы «қызық» деп біліп тойлайды...
Тойлаған болып бәрін де өзі жайлаған,
Адамның көзі топыраққа да тоймайды!

Адамдар екен жан алғыш сұры мергендер...
Түсінер оны кешегі соғыс көргендер...
Бәрін де соның Жаратқан Ие кешірді-ау,
Бәрін де соның Жер – анаға әкеп жерлендер!..

Кешіре бермес, мазасын Хақтың алмаңдар!
Жарам деп бомба Жеріне жара салмаңдар!
Жыламасыншы жүрегі Жердің ауырып,
Жыламасыншы,
Сендер де жылап қалмаңдар!..

Жер жыласа егер әлемге қатер төнгені!
Жер құласа егер алып бір жұлдыз сөнгені!..
Сақтай гөр, Аллаһ, Жер құлағаннан,
Құласа ол
«Үзілді» дей бер бар тіршіліктің өңмені!..

Дейтін шығарсың: «Жер құласа егер – мекенім,
Марсқа,
Айға,
Ғарышқа шығып кетемін»!..
Жер құласа егер тартылыс заңы жойылып,
Кім біледі, әлде, ғаламның не боп кетерін?!

Адам-ай, адам,
Білетін бәрін ақымақ!
Ізіңнен басқан қыртысы жердің қақырап,

Қасиеті ұшып қаңсиды қара топырақ,
Зәресі қашып жылайды дарқан атырап...

«Мың жасамадым» деп кейің арман қыласың!
Жасасаң, бәлкім, тірлікті типыл қыласың!..
Сондықтан саған Тәңірім мың жас бермеген,
Берсе-шы, мүмкін, жұтумен Жерді тынасың!

Сұрланып кейде сұқтансаң қадап сұғыңды,
Жылан да саған бет келмей алыс бұғыңды...
Кейіңнің осы жыртқыштығыңды күллі әлем,
Жер жүзіндегі тіршілік тұтас ұғыңды...

Хайуандар, байқұс, сорлауға біткен маңдайы,
Тең келмес саған жыртқышы, мейлі, қандайы...
Тағдыры олардың бір-ақ тал оқтың үшінде,
Бір-ақ тал оқпен мәлім ғой бізге аң жайы...

Адамға күші, қайраты еркін жететін,
Мысалы, аю, қабылан қайда, көкешім?!
Солардың бәрін «жыртқыш» деп осы адамзат,
Тұқымын құртты көрсетіп көзге көкесін!..

Жыртқыш боп олар ешкімге залал салмаған,
Салса да әсте адамнан аса алмаған.
Осының бәрін байыптап көрсек ғаламда,
Адамнан асқан жыртқыш та жыртқыш болмаған!

Бәрін де соның Жер – ана баулып өсірген,
Олқысы болса Тәңірі Өзі кешірген.
Солардан, бірақ, ақылды бола тұрып та,
Тек адам ғана танымай Хаққын өсірген?!

Есірді-ау адам...
Жер – ана төзді ол, төзгі еді!
Әр іспен Аллаһ ескертті... адам сезбеді!
Сезгені сол ма, қатерді күліп қарсы алып,
Тыныштықты емес, тек залымдықты көздеді!...

Көмді де жарды төсіне Жердің минаны...
Опасыз соғыс Жер – ана жанын қинады.
Қиналса дағы бағынып Хаққа,
Адамдай
Құлынын әсте өлімге атап қимады!..

Бұл неткен ерлік жатса да тәні жыртылып?
Ойлашы-ей, адам, өнеме Жерсіз бір шыбық?

Қасиетіңнен айналайын-ай,
Жер – ана,
Сенімен ғана тіршілік, осы тіршілік!..

Ананың неткен пейілі дарқан көл еді?
Аналар үшін ұрпағы ғана керегі!
Ұрпағы үшін жанының жайып базарын,
Ұрпағы үшін өлімге өзін береді!

Өрқандай ана ұрпағын шетке қақпайды,
Қақпайды, кейі еркелетеді, мақтайды!..
Еркелік асса қасиеті оның жойылып,
Түбінде ақыр пәк, адал ардан аттайды!..

Аттаған деген сенсеңіз осы, досым-ау,
Додалап жатқан ұлы ана – Жерді осынау!..
Осылай дамып, жалғасса қырғын соғысың,
Зауал ол келген...
Зауалдан қорлық шошымау!..

Адам, ей, саған болғанмен байлық, сән керек,
Басқаға сенен еркіндік керек, жан керек!..
«Жансыз зат» деме орманды,
Жасыл әлемді,
Ағарып атар оған да жарқын таң керек!

«Адаммын» дейсің, қайда екен арың, ұятың?
Тұқымын құрттың аққудың бұзып ұясын...
Жуаны жұлып,
Шалғынды көктей орасың,
Көкөрім талды қиясың-ай кеп, қиясың!

Сұңқылдап аққу баласын жоқтап төбеңнен
Ұшып ед атып тастадың, жоқсың бөгелген.
Әй, арсыз пенде-ай, өзіңді атып тастасам,
Балаңды жұтып, қайтер ең сонда, егер, мен?!

Оның да бар ғой алатын Жерден үлесі,
Бір-ақ тал оқпен қатырдың әне сілесін...
Бір шөкім етін жегенде соның тойдың ба,
Неге сен сонша жыртқыштық жолмен жүресің?!

Бұлбұлды қойдың телміртіп теңбіл аспанға,
Хафазға салып, сайрайтын бақта ақ таңда...
Ажал боп төндің алдыңнан тұра қашқанға...
Адам-ай,
Сенің қатты-ақ қой ділің тастан да!

Лақты тарттың, сен үшін ол бір қызық-ты.
Қолыңда ол сенің қыршындай жанын үзіпті...
Хақ Өзі, бірақ, халиф қып сені жаратқан,
Сондықтан демен: «жаратқан неге бұзықты?!»

Дегеніңменен: «жат іске әсте жолама!»
Демейсің-ау, сен: «осыған обал бола ма?»
Ең сорақысы ұрпақты құрту* мақсатың,
Ойлашы-ей, адам,
Орнында жоқ ол оңа ма?!

Айта берсемші, қылмысың көп-ті шашыңнан...
Адам боп соның көбіне жоқсың ашынған.
Мен де адаммын ғой, ойласам тілім бармайды,
«Айналдым» деуге адамдық кейде атыңнан!

Бірақ та мұным күллі адам солай дегенім
Емес-ті, құл бар тек Хақтың қылар дегенін!
Тек Хаққа құл боп,
Үммет боп пайғамбарына,
Өмірге дін мен ізгі іс деп білер егерін!..

Хақ құлдар солар!
Шын адамдық тән соларға!
Адамға лайық күллі адамшылық соларда!
Олар мен сені айырып тұрған ақ иман,
Иманы жоқтың адамы адам болар ма?!

Адам-ай, адам,
Сөйлесең тілді шешенсің.
Ақылдың кені, алды-алдыға ойлы көсемсің...
Періштелерден имандың биік болғанмен,
Имансыздарың хайуаннан төмен екенсің!..

«Хайуаннан көбің төменсің» десем арланба!
Тоқтады деме «адамдық бағам арзанға»!
Бәріне соның Жер куә,
Ғалам,
Көк куә,
Айтқаным нақыл ақылы, есі бар жанға!..

Сен неге сонша адамдық ардан безіп ең?
Қорықпай жойқын Тәңірдің қатал тезінен?..
«Емеспін жыртқыш» дейсің-ау, жыртқыштығыңды
Білер ең көрсең өзінді хайуан көзімен!

*Ұрпақты құрту – Қытай жоспарлы туыты көзделген

Сен сонда, мүмкін, мойындар едің мініңді...
Арыңмен таза өлшер ең, бәлкім, құныңды!
Дәл сонда сенің мерейің шексіз аспандап,
Қадамас та едің дәнеңеге де сұғыңды!

Бәріміз сонда шаттанар едік, күлер ек!
Қазіргі ең ізгі армандай өмір сүрер ек!
Нәпсіге ермей,
Құл болмай малғұн шайтанға,
Тепе-тең халде түрегеп тегіс жүрер ек!...

Қу дала қайта жасарар еді, нулар ет...
Сайрандап құстар бақтарда, көлде шулар ет...
Теңіздегі өнеу «алғыштың торы» жиылып,
Жайындар жайып қанатын еркін зулар ет...

Меңіреу өлке кеудесін көшкен құм басқан,
Жайнайтын еді, жұлдызы самсып түнгі Аспан...
Бақыттың бағы шомылып алтын сәулеге,
Жататын еді еркіндік әнін тыңдап маң...

Аллахтың сонда жолықпас та едік кәріне,
Жер – ана нұрлап кірер ет қайта әріне.
Телміріп тұрған теңсіздік түгел жойылып,
Еркіндік күні туатын еді-ау, бәріне!..

Ол күннің қазір ауылы алыс бақсаңыз!
Ол күн бір арман оқ жетпес, бәлкім, атсаңыз...
Со үшін де, ей, адам, өксітпе Жердей – анаңды,
Хақ налып бір күн қапия қырғын таппаңыз!

Ойыңда, бәлкім, басқа бір өлем,
Басқа үміт...
Барады-ау, өттең, құдайсыздығың асқынып.
Құдайсыздықтан көбіңнің кеудең бекіліп,
Жалғаннан өтіп жатырсың көзде жас тұнып!..

Құдайсыздықтан дүние үшін дауласып,
Келесің ылғи бірің мен бірің жауласып...
Пейліңді соқыр Жер тойдыра алмай қамықты-ау,
Жеті құрлықтың ойпаты,
Келі, Тауы жасып!..

Әй, пенде-ай,
Неғып ниетің сонша бұзылған?
Аулақ ет, Аллаһ, бұл ындынды ұрпақ – қыз, ұлдан!..
Болса екен олар еркіндік өлем қожасы,
Болмағай әсте дәл қазіргідей бұзылған!..

Шашса екен олар ғаламға теңдік ұрығын,
Оларда болғай «тұтастық» дейтін бір ұғым!
Тұтастық болса хайуандар әлемі де азат боп,
Еркімен жүзіп ішер-ді судың тұнығын!..

Қазір біз осы «дамыдық, – дейміз, – дамыдық!»
Дамыған дамып,
Көбіміз жүрміз қамығып...
Дамыса рас атом ғой, атом дамыған,
Рақтың сырын білген жоқ әлі еш жан ұғып!..

Адам көп өлген обадан және сүзектен,
Солардың бірін де ала алған жоқсың түзеп сен.
Себебі неде минутта қисаң қыршынды,
Оңалмай алты ай жатады жай бір сыз өткен?...

Жер – анаң барда мынау бақ заман тоқшылық.
«Бір Аллаһ» десең жуымас сірә жоқшылық!
Адам-ай,
Неге жерісің тегі өзіңнен?
Баланы жойдың анадан туа шөктіріп!..

Баланы жойма, ол сенің соңғы із басарың!
Қорлама ананы, біл оның киесі атарын!
Болмаса ұрпақ өспейсің, өксіп өшесің,
Білуің керек асқанның жүз жас жасарын!..

Ақ сәуле шашып шыққан Күн кеште батпай ма?
Тұлпардың ізін құлын, тай, құнан баспай ма?
Әкеге ұлы, шешеге қызы мұрагер,
Туа да бірге құлақтан мүйіз аспай ма?!

Сондықтан балаңды ұрмауың керек, ұрмауың!
Қырмауың керек құлыныңды, әсте қырмауың!..
Өзіңнен шыққан бақытың – бауыр етіңнің,
Қылмыс қой, сұмдық, өмірін өзің ұрлауың!..

Төзгісіз қатер бар екен, адам, кей ісінде...
Хайуанды,
Бәрін жатасың қырып жейсің де.
Ұрпаққа тиді залалың, соңғы мақсатың,
«Қаңырап иен Жер – ана қалсын» дейсің бе?!

Жер – анаменен,
Ұрпақпен хан, ел – керімсің!
Екеуін жойсаң төріңнен жақын көрің шын!..

Анадан аулақ, баладан аулақ,
Залымдар,
Тілеуің, тек, өз басыңа ғана көрінсін!

Азайса адам «байлыққа бөгем» дерсің бе?
Бегерсің, бірақ, өмірді көгендерсің бе?
Ақшаны дос қып мың жасау келмес қолыңнан,
Тағдырың, біл, ол әсте емес сенің еркіңде!..

Дегеніңменен: «жамандыққа әсте жолама!»
Демейсің-ау, сен: «осыған обал бола ма?»
Ең сорақысы ұрпақты құрту мақсатың,
Ойлашы-ей, адам, орнында жоқ ол оңа ма?!

Осыған ақын налиды-ай келіп, кектенет.
Кейде оған өртті өлеңмен ажал боп төнет!
Нар ғаламдағы дамыған елдер, ғажап-ай,
Атомды, сұмдық, – алғышты неге тектемет?!

«Дамыдық қазір, ғарышқа төте самғадық!
Ай түстік жол ғой, келгеміз оған сан барып...» –
Дегеніңменен, ойлашы-ей, адам, осыны,
Осы біз неге жыртқыштық жолдан танбадық?!

Әкеге қарап баласы неге оқ атты?
Адамға адам неге осы төре боп апты?
Абалап жатқан зеңбірек аузын тоспаған,
Құрамыз неге «Халықаралық Одақты»?!

Хайуанның неткен ынтымағы осы келіскен?
Онда адам ұқсап шекара жоқ қой бөліскен?
Несібесін тек тауып жеп қана жүреді,
Қашан да көрсең өз ортасынан – өрістен...

Олар да кейде қалады-ау аздап қағысып...
Қағысса сендай «жауым» деп алмас жабысып!
Көрші отырып та абайсыз басса «сызықты»,
Атысасың-ай автомат, танкенді ап ұшып...

Адам-ай, енді шындықты ғана айталық!
Гершілікті ұқсаң жерін бер жаттың қайтарып...
«Ғаламға қожа боламын» деген Шыңғыстай,
Боларсың мықты болғанда...
Бірақ, байқалық!

Езбегей елді, безбегей енді ұяттан!
«Адаммын» десең, нап-нағыз адам сияқтан!
Ананы қорға, баланы, нәзік әлемді,
Атаны қорға шежіре шерткен, күй аққан...

Орманды қорға,
Өсімдік,
Жәндік,
Тірлікті,
Ауаны қорға,
Төрт мұхит,
Жеті құрлықты...
«Қорғамадың, – деп, – ортаны – өмір ұясын»,
Жоймасын сені ғайыптан келіп бір Мықты!..

Осының бәрі тіршілік үшін керектер,
Сенбеймін десең ақылға салып елеп көр!
Барады бәрі таусылып,
Құрып,
Жойылып,
Жойылуына, адам-ай, өзің себепкер!..

Адам-ай, оян, ұятың, арың боса енді!
Қайтесің Отан,
Армия,
Сотты,
Көсемді?
Жатырсың бәрің Жершарын ғана мекендеп,
Жершары **ғана** – Отаның білсең, дос, енді!
Жер – ана **«ана** – Отаның» деген осы, енді!..

Бағыттама: Қасиетті Құранда күллі ғаламның Раббы Аллаһ тағала: «Бетінді ауытқымай хақ дін Исламға бұр. Аллаһ адам баласын сол дін үшін жаратқан» (30 – 30). «Дін жөнінен Ибраһимнің дініне (*Ислам дініне*) кіршіксіз ілескен адамнан өтер жақсы адам болар ма?» (4 – 125), «Аллаһтың айтқаны хақ. (*Ислам деп аталатын*) Ибраһимнің хақ дінін ұстаныңдар» (3 – 95), «Сендердің діндеріңнің Ислам діні болуын қоштадым» (5 – 3), «Аллаһтың алдындағы өтуерлі дін – Ислам діні» (3 – 19), «Аллаһтың дініне табанды болыңдар. Аллаһтың дінінен артық кімнің діні бар?» (2 – 128) дейді. Одан ары: «Дінде зорлық жоқ. Туралық азғындықтан айқын бөлінді. Кімді-кім тағұтқа (*бұтқа, жынға*) қарсы болып, бір Аллаһтың Өзіне ғана сенсе, ол берік, сынбас бір тұтқаны ұстаған болады. Аллаһ – барлығын естуші, білуші» (2 – 256) дейді. Сосын тағы да қадағалай түсіп: «Аллаһ арқанынан (*дінінен*) бәрің де (*күллі адамзат*) жабылыса ұстандар. Айырылмаңдар!» (3 – 103). «Өздерің тура жолда (*Исламда*) болсаңдар, басқалардың адасқаны сендерге кесірін тигізе алмайды» (5 – 105) деген... (**Қасиетті Құран аяттарынан**).

1986 жыл.
Жыңғылды.
Қытай.

ЖАРАТУШЫ БІР АЛЛАҢ

Аллаһ деп тұр ақ таңда,
Аллаһ деп жат жатқанда.
Сабырлы бол әр істе,
Әуес болма мақтанға.

Аллаһ деп жүр жүргенде,
Аллаһ деп кір кіргенде...
Аллаһ десең есепті,
Шығарасың бір демде.

Аллаһ деп ки кигенде,
Аллаһ деп шық үйден де.
Әкең менен шешенді,
Аллаһ деп сүй сүйгенде.

Аллаһ деп іш тамақты,
Аллаһ деп қос томатты.
Аллаһ деп тұр орныңнан,
Қане, балам, таң атты.

Аллаһ деп бар мектепке,
Аллаһ деп жүр мектепте.
Аллаһ деп гүл өседі,
Көктем келсе көкпекте.

Алласы бар көктің де,
Алласы бар шөптің де.
Күлкі жүректі өлтірер,
Аллаһ деп күл,
Көп күлме.

Аллаһ дейді Ай-дағы,
Аллаһ дейді сай-дағы.
Аллаһ демей ұйықтасаң,
Түс көресің қайдағы.

Аллаһ дейді Күн-дағы,
Аллаһ дейді Түн-дағы.
Аллаһ демей сәбидің,
Жайлы болмас құндағы.

Аллаһ дейді атаң да,
Аллаһ дейді апаң да.
Аллаһ демей ешқашан
Кешірілмес қатаң да.

Аллаһсыз таң атпайды,
Аллаһсыз күн батпайды.
Ақылы бар жақсы жан,
Ақ Алласын сатпайды.

Өлім деген зор қайғы,
Өлтірмеңіз торғайды.
Аллаһ, Аллаһ деп жүрсең,
Аллаһ сені қорғайды.

Пенде өмірдің қонағы,
Ақыл бір күн толады.
Аллаһ, Аллаһ деп жүрсең,
Аллаһ разы болады.

Аллаһ десең манағы,
Жүрек нұрға қанады.
Аллаһ деп көп айтқанның
Түбі бағы жанады.

Аллаһ ұлы, Ол – шебер,
Сені іске мол шегер.
Бағым жанды деп түсін,
Аллаһ разы болса егер.

Аллаһ деп өт, ал, күнім,
Аллаһ деп өт, алтыным.
Аллаһ деген ұмытпас,
Қасиетін халқының!

Ұлық Аллаһ,
Нұр Аллаһ,
Бекем боп өс мұралға.
Бәрі, бәрі, бәрін де,
Жаратушы Бір – Аллаһ!

НАҚЫЛ

Ақыл айтам, бері қара,
Әппақ, балам, ақылды.
Шөліндей боп Кербала,
Қармап қалма тақырды.

Сөзіңді өзің бақылап,
Қосып сөйле нақылды.

Ақылы жоқ ақымақ,
Тыңдамайды ақылды.

Ақылы бар ақылды,
Болам десе, егер, «ер»:
Үлгі тұтсын нақылды,
Көсегесі көгерер!

Шын нақыл – ол Құран хақ,
Сосын сөзі Пайғамбар.
Екеуінде (жүр аңдап),
Екі әлемдік пайдаң бар!..

АТА ӘЛДИ

Көрдім қанша ұлыны,
Жұрттан асқан ғылымы.
Кеше олар да мендей бір,
Қарттың болған құлыны.

Атасының ап тілін,
Анасының ап тілін,
Олар да сөз ұққан соң,
Қонған солай бақ – ғылым.

Бата берсе атасы,
Бата берсе анасы,
Немересі өспей ме,
Болып жұрттың данасы.
Әлди,
Әлди,
Әлди-ай!

Мен батамды берейін:
Үстем болсын мерейің.
Фарабилер секілді,
Қас биіктен көрейін.

Атаң сенің Абылай,
Бар қазаққа хан болған.
Оның қылған ерлігі,
Аңыз болған,
Ән болған...

Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Үш ноянның біреуі,
Шапырашты Наурызбай!

Солардай бол, құлыным,
Ізімен жүр ұлының.
Айбаттанып айдарың,
Желкілдесін тұлымың,
Құлынымның құлыны!
Әлди,
Әлди,
Әлди-ай!

Жиреншедей шешен бол,
Нұрсұлтандай көсем бол.
Хақ қолдасын ісінді,
Қайда жүрсең де есен бол!

Хақтың сөзін қолдана,
Жыр жазатын толғана,
Баласағұн,
Иассауи,
Абайдайын бол дана!

Елдің ісін ар ұстар,
Өткен талай арыстар.
Күтуде алда сені әлі,
Сен ашатын ғарыштар!
Әлди,
Әлди,
Әлди-ай!

Сұраса елің, сүйікті ер
бол да жаның қиып бер!
Алда сондай тұр күтіп,
Сен шырқайтын биіктер.

Малды мен-ақ бағайын,
Отты мен-ақ жағайын.
Қас биікке шық та сен,
Қанатыңды қақ, Айым!

Қас биіктен көрейін,
Қас биіктеп мерейім.
Керек десең жанымды,
Қазір жұлып берейін!

Біл адамдық қақыңды,
Хақ нұрласын затыңды.
«Қаңғыбасы пәленнің» -
Деп, естіртпе атыңды!
Әлди,
Әлди,
Әлди-ай!

Қойғандай көр қазылып,
Қойған тағдыр жазылып...
Қара қылды қақ айыр,
Қарсы келсе қазылық.

Жолың болсын жортқанда,
Жолыңды өзің жорт, таңда.
Әр сөзімде мән жатыр,
Ақылымды қортқанға.

Жалғасымсың, еркем, сен,
Мен де өртенем өртенсең.
Мен жалғасам кешені,
Мені жалғар ертең – сен...

Нұрдай аппақ жүрегім,
Жүрегімнің жыры едің.
Қолым жайып Аллаңқа,
Тілеуіңді тіледім!
Әлди,
Әлди,
Әлди-ай!..

2011.03.09

СӨЙТЕ ҒОЙ, БАЛАМ

*Аллаһ тағаланың разылығы ата-ананың разылығында болады екен де,
ал Аллаһ тағаланың ашуы ата-ананың ашуында болады екен...*

Жақсы бала болу үшін,
Жүрек нұрға толу үшін,
Бала әуел мыналарға,
Керек көңіл бөлуі шын:

Сөз тыңда да санаңды аш,
Ата көрсең саламдас.
Тіпті кімді көрсең де,
Қол берісіп амандас!

Сөйтсең олар елбіреп,
Жүректері елжіреп,
Ақ батасын жаудырап,
Көзден жасы мөлдіреп.

Тілек тілер «көгер» деп,
«Жақсыларға көп ер» деп!..
Сол тілекпен сенің де,
Көсегең, біл, көгермек.

Бос шаппа еріп дүрмекке,
Бақыт деген құрметте.
Ұстаз – екінші ата-анаң,
Ұстазыңды құрметте!

Ақылды боп, алтыным,
Ата-анаңның ал тілін.
Бола бала өседі,
Қамын ойлап халқының.

Әдеп сақта әр істе,
Һәм үздік бол дәрісте.
Түкке тұрмас сөз үшін,
Достарыңмен керіспе.

Үлкен тілін ал, балам,
Сонда аттайды алға адам.
Оңға қадам баспайды,
Үлкен тілін алмаған.

«Қой» десе атаң қоя сал,
«Қой» десе әжең қоя сал.

Болам десең ақылды,
Бір шыны асқа тоя сал.

Алды-артында тамақтың,
Бет сипай ғой, қанаттым.
Сөйтсең, балам, боласың,
Ішінде әркез санаттың.

Ұйқышылдық құрғырың,
Бойыңдағы бір мінің.
Ырыздығың молайар,
Күннен бұрын тұр, күнім!

Түнде жатып оң жақпен,
Тұруың шат оң жақпен.
Айтқан сөзді ұқпайтын,
Емессің ғой оңғақ сен.

Оңнан киіп киімді,
Солдан шешкен сиымды.
Оң аяқпен үйге еніп,
Солмен шыққан тиімді...

Бұл деу емес: «ойнама»,
Ойынға тек бойлама.
Жүр, құлыным, қашанда,
Бала болсаң да ойлана.

Біл, үрлемей ас-суын,
Іш оң қолмен, жас буын.
Оқудан тыс бұларды,
Білу дағы басты ұғым.

Сөзімнің жоқ шаласы,
Ойымның жоқ аласы.
Ойлы болар туа да-ақ,
Өсер елдің баласы.

Тек ұмтылып «білсемге»,
Ойланып күл күлсең де.
Бала Абай секілді,
Жақын боу шарт үлкенге.

Керек таң боп атуың,
Балам, алда әлі асуың...
Саны аз жұртта, жері кең,
Керек онға татуың!

Бұлар талабы ескінің,
Бұлар ісі естінің.
Бұларды әзір істемей,
Ер болмассың ешбірің.

Бұлар талабы өткеннің,
Ақиқатты өпкеннің.
Бағы жанбас бұларды,
Аяқ асты еткеннің!

Біліп жүрсең бұларды,
Боп өсерсің ұл арлы.
Айналарсың жеріңнің,
Қожасына құнарлы!

Деме өзінді «сәбимін»,
Білері көп сәбидің.
Сүреді адам өмірін,
Білгенімен сәби күн.

Мән бер, балам, сөзіме,
Тура қара көзіме.
Он жаста елі тоқтаған,
Бала бидің сөзіне...

Оқымаған ол тіпті,
Кемшілігі мол тіпті...
Ол айтқан шын билікке,
Қалың елі толқыпты.

Сендей шақта жасы анық,
Ел-жұртынан бата алып,
Аты қапты аңыз боп,
«Бала би» деп аталып.

«Бала биім» – құлыным,
Бағыңды ашып ғылымың,
Өсиетімді екі етпей,
Бірі боп өс «ұлының»!

Батам осы беретін,
Қызығыңды ет көретін.
Сеніп саған артыңнан,
Халқың болсын еретін!

Астам әсте болмағын,
Астамдық ол солмағың.

Боп өспесең мұралды,
Кетер ұшып қолдағың.

Берік боп өс сенімге,
Барлық бақыт сенімде.
Берік болсаң сенімге,
Бақтағаның сенің де!

Сөйт-сөйт, балам, сөйте ғой!

ҚОЖА

Күнде сенің оқитының Құран ба, әлде жыр, ән бе?
Болмас шындық өзегінде Құраны жоқ жыр, әнде!
Хақты таныр хақиқаттан құры қалдым деп түсін,
Құранды алмай есіңе түк болса ойың тек жыр, әнде!

Хақты қақтар өзегінде болмаса нұр сөзіңнің,
Болмағаны хақиқаттың болмысыңда өзіңнің.
Өмір сүріп дүниеден өткеніңмен адам боп,
Екі әлемдік хақ шындыққа жетпегені көзіңнің!

Ол деген сөз – адам болып келгеніңмен өмірге,
Неге келген мақсатыңды түсінбеуің өмірге!
Нәпсі менен шырмауыңда лағынеті шайтанның,
Ақылыңмен өз-өзіңнен аса алмауың өмірде!

Сөйтіп атақ, қуып байлық, қамыменен қарынның,
Күшін сезбей жүрек, қайрат, жауһар ақыл, қарымның,
Дүниеге ашық келіп жабық күйі өтуің,
Олардағы Хақты таныр көзін ашпай дарынның.

Ашылады адам дінде,
Дін адамның жобасы*,
Жобасы жоқ емес адам, халал ісі, жоқ асы!..
Адамды ашар жүрек кілті – Ләә иләәһә илаллаһ,
Дінде ашылған адам ғана болмысының қожасы!

*Жоба – программа

АДАМ ЖҮРЕГІ АУЫРАДЫ

Адамның шын адамы анық,
Жүрегінде адамның.
Адамы жоқ жүрегінде,
Аллаһы жоқ наданның.

Жүректе адам қазынасы,
Бар адамға тәндіктің.
Жүрегіңе енде, ондағы
Хақиқат пен мәнді ұққын...

Хақпен емес жүрек байқұс
Бұтпен толып кенесе,
Бұзылады Бір-ақ Тәңір
Демесе тек немесе!

Бұзылады жүрек байқұс,
Көп ойнап һәм көп күлген.
Өмір осы-ақ, басқа өмір жоқ,
Өлім – құру деп білген.

Бір де алмастан ақылына,
Жалғыз Хақтай Ұлықты,
Тек дүние толған жүрек,
Қоқсық салған тұлып-ты.

Бұзылады ондай жүрек,
Ауырады ем дарымай.
Ондай жүрек иесі өтер,
Мәңгі хаққа жарымай!

Адам жүрегі ауырады,
Хақ нұры оған толмаса.
Адам жүрегі ауырады,
Ішінде иман болмаса!

ХОШ

Мен сені сағынып барғамын...
Нәпсіме бағынып, арманым!
Нәпсіде көз болмайды екен ғой,
Бұл ісім болды анық арға мін...

Ғашықтық қасиетін аса ұқтым,
Мен сені көргенше асықтым.
Нәпсінің қасіреті екен бұл,
Нәпсім-ай, тасқындай тасыттың...

Бұл ісім оң емес Хаққа нақ,
Хақ та Өзі сүйгенін хақтамақ.
Хақ сүйіп хақталған құл ғана,
Күнәдан болмысын ақтамақ.

Сен кеттің аралап гүлді бақ...
Жанымды жаралап, бұлдырап...
Мен қалдым түнек боп тұнжырап...
Өксітім қалғандай Күн жылап...

Сенікі дұрыс-тын, себебі,
Біз білмес хикімет көп еді...
Сол күнді еске алсам жарықсыз,
Өз арым өзімді сөгеді...

Хош, хош, хош көңлімнің қалауы,
Өртеген нәпсімнің алауы!
Қарасам шимайдан көрінбейд,
Өмірімнің жастық сол тарауы...

Сені де, мені де кешсін Хақ?
Жүректен жүрекке көшсін хақ...
Жас Хаққа жас қалпы аттансын,
Хақ қайтпай таппайды ешкім бақ...
Хақ қайтпай болмайды ешкім хақ!

ҚҰЛ-МҰҚАННЫҢ ҚҰЛЫНЫ

Атыңды затыңа сай «Қайратсың» деп,
Қойыпті, жалынсызға қайрақсың көк!
Мүнкін Хақ жырды сынап берді саған,
Хақ қарсы «жалғандықты жайратсын» деп!..

Ақтадың ақ үмітін Құл-Мұқанның,
Қарғалдақ шыңға шыққан гүл құсандың.
Ақын боп саңқылдадың сап биіктен,
Қашырдың зәре-құтын құл-құтанның...

Жасадың досқа достық, қасқа сынбай...
Хақ жар боп құлап жатты «қастасың» қай!..
Ылғида аламанда керме бұздың,
Қас жүйрік Марғабылдың қасқасындай!..

Басқадан басқа туған арғымағым,
Қашанда сақтаудасың ардың ағын!
Шыңдармен бірге «шыңға шығамын» деп,
Жастыққа тимеді-ай бір жар құлағың...

Бақ берді, Аллаһ, саған қуат берді!
Жел жетпес жеңістерден ту ап берді...
Сен әлі мекендеуге мүмкіндесің,
Тимеген ел аяғы шуақ – керді!..

Бір тілек, үйір танып үмбетіңді:
Шындыққа шырқай бұрып шын бетіңді, –
Қырыққа – пайғамбарлық жасқа келдің,
Хақ қайт, дос!
Атқар құлдық міндетіңді!

Ол сенің адамдығың болады анық!
Хақсыз сөз, хақсыз іске жолама анық!
Өлшемнің не екенін Құраннан біл...
Ертеңнің не боларын моладан ұқ!..

Ақынсың сөз төркінін ұғынатын,
Орын жоқ Хақ алдында бұғынатын.
Амалың жасамасаң есеп күні,
Бауырым-ау, қайда барып бұғынасың?!

2006.10.6

ЕСКЕРТУ

Ей, жазушы, ақындар!
Деп түсінер өздерін,
Ақиқатқа жақындар!
Келгілерің шындыққа,
Келсе шындап жақындар,
Менмендікті тәрк етіп,
Өздеріңнен асыңдар!

Ұйқыдағы оянып
Халдеріңнен тұрындар!
Хақсыздықтың пердесін
Ойларыңнан сырындар!
Хақты танып Абайша,
Хаққа мойын бұрындар!
Хаққа бұрып мойынды,
Сапқа таза тұрындар!
Хақтан тілеп кешірім,
Сәждеге бас ұрындар!..
Содан тапқан танымда,
Мәңгілігің, нұрың бар...

Шындық алып ол анық,
Келеді әлі ертеңдер...
Бұйыртса олар болады,
Хақ жолдағы өркендер!
Жеткізбендер оларға,
Өтіріктерді өртеңдер!..
Сөйтіп Хаққа хақтанып,
Жайындар да желкендер,
Жалғандықты қойындар
Жазғышпын деп желпендер!..

Ал қазір ме, анығы,
Шеттеріңнен дүрсіндер...
Шеттеріңнен ірісіндер...
Екінші әлі ешкім жоқ,
Тек бірінші... бірсіңдер!..
Анығы өстіп алданып,
Жер сыпырып жүрсіндер!..

Соны білмей тоқсындар.
Ойша ерек топсындар!..
Олай емес, шын жауы –
Нәпсіге атқан оқсындар...

Нәпсі айтқанын қылған соң
Бар сияқты жоқсыңдар...
Хақты танып, себебі,
Хақты жазған жоқсыңдар!..

О жайлы айтсақ нақ шыны,
Жүрсіндер құр алданып!
Шайтанға еріп, көңілдің
Қалауына малданып...
«Хақ бар, Жалғыз Жар Солға»,
Нанбай босқа салданып!..
Ол жаратқанды Өзінен,
Айыра алмай далданып!
Өнерге анық шынның тек,
Көлеңкесін қолданып!..

Соны өнер деп жүрсіндер,
Құранға анық бір бармай!
Бармаған соң Құранға,
Жанда шындық бүр жармай!

Тым құрыса Абайды,
Оқып, олша ойламай.
Абай жеткен шындықтың
Шүңетіне бойламай!..

Абай нанған Аллаңқа
Анық, тура бір нанбай!
Нанып, Хақтың нұрына
Абайдайын нұрланбай!..

Бойын алып біреудің,
Көзін алып біреудің,
Ойын алып біреудің,
Сөзін алып біреудің...

Тек сезімді қуалап,
Жасап жалған кейіпкер.
Тарихта өткенді,
Тап бүгінгі кейіпте:

Ол етпегенді еттіріп,
Ол ішпегенді іштіріп...
Мал сияқты жүргізіп,
Құс сияқты ұштырып...

Жатырсыңдар...
Жалған ба?

Хақтай сеніп жалғанға,
Жалған мынау Жалғанда,
Жалған қосып жалғанға!..

Құдайсыздар сенімін
Ап тастаған жүрекпен
Жырлайсыңдар немесе,
Құдайы жоқ құр етпен!..

Сомдаған боп тұлғаны,
Қарсы шықсаң Құдайға,
Сөйтіп Оның шындығын
Бұрсаң Құдайға ұнай ма?!
Жо-жоқ өйтсең қор қылып
Қарғамай ма Құдай да!
Қарғыстының өмірі
Айналмай ма лайға?!..

Әй, жазушы, ақындар,
Хақтай сеніп жалғанға,
Жалған мынау Жалғанда,
Жалған қосып жалғанға,
Жазғаныңа алданба!..

Оған өзің, өзіңдей
Хақ білместер алданар.
Хақ білместер алданып
Хақ білгенше малданар!..

Ал Хақ,
Сосын Хақ сенген
Оған әсте алданбас!
Олар оқып, ол анық,
Жалған сөзді малданбас!

Жалғанынан білгірлер
Тірісінде құтылған...
Сөйтіп Хақтың сыйынан
Емес олар ұтылған!..

Біз де, ендеше, осынау,
Екі келмес Жалғанда,
Жалғанымызды өшіріп,
Расымызды өсіріп,
Айналайық растар,
Армандайтын арманға!

Әй, жазушы, ақындар!

ГҮЛ – БАҚ

Қуанышым деп біліп өзіңді мен,
Сені қалай сүйгенімді өзім білем...
Сен талайдың қарманса қолы жетпес,
Бағындағы бақыттың сезім гүлі ең.

Жарқ-жұрқ етіп жүруші ең жасылдардай,
Тоқсан гүлдің ішінде асыл қарға-ай!
Ғашық болып сыртыңнан өртенуші ем,
Сүйемін деп айтуға дөтім бармай.

Қарындасым деуші едім, «мен кім» десең.
Ал, ағаңмын дегенге сендің бе сен?
Бір жақсылық нышанын елестетіп,
Мүмкін, талай түсіңе ендім бе екем?!

Мүләйім ең, тым нәзік, сылық та едің...
Қармағына талайдың ілікпедің.
Сонда менің сыртыңнан ғашық болып,
Жүргенімді ішіңнен біліп пе едің?!

Білдің, білем...
Қажеті аз оттың басқа!
«Ақын едің, – дедің де, – екпінді, асқақ»...
Қақ жарылып қарсылықтар қала берді,
Бақытыңның бағына кеттің бастап!..

Шүкір Хаққа, келеміз содан бірге,
Содан бірге сүңгідік қоғам дүрге...
Екі ұл, бір қыз өсірдік тәрбиелеп,
Жаным мүрде болған жоқ, жағам кір де...

Тек көшкенді Хаққына «қай көш» дедік.
Жерде тұрып аспанға әй көшпедік...
Тапшылықтар болды ептеп – Тәңір сыны,
Оған бола, сан шүкір, шәй деспедік.

Тәңір Өзі салды кеп ақ жолына,
Жалғыз діні Ислам – хақ жолына!
Мәңгілікке баста Өзің Тәңір, енді
Ауып малғұн қалмайық қап жолында?!

Қараңғыдан шығардың жарыққа Өзің,
Біздей пақыр тірілттің ғарыпты Өзің.
Біздей пақыр тірілтіп ғарыпты Өзің,
Жарығыңмен таныттың жарық көзін.

Енді бізді көрліктен сақа, Құдай!
Сақта Құдай, нұрыңмен сафта, Құдай!
Күнәмізді бар қылған мағфират қып,
Тоzaғыңа қор етер атпа, Құдай?!

Күнәмізді бар қылған ақта, Құдай!
Ақта Құдай, тек Өзің жақта Құдай!
Иесі Өзің ілімнің, ешің бізді,
Даналықпен, іліммен нақта, Құдай?!

Сенсіз біздің ісіміз қаран, Аллаһ!
Жейтініміз, ішетін харам, Аллаһ!
Сенің ғана рахым етуіңмен,
Бөлдік әрең малғұннан араны, Аллаһ!

Бөліп әрең малғұннан араны, Аллаһ!
Сапалақтан айырдық сараны, Аллаһ!
Сапалақтан айырып сараны, Аллаһ,
Әрең таптық Өзіңдей Дараны, Аллаһ!

Әрең тауып Өзіңдей Дараны, Аллаһ!
Ақтан хақпен айырдық қараны, Аллаһ!
Ақтан хақпен айырып қараны, Аллаһ
Жаздық нұрмен жандағы жараны, Аллаһ!

Жазып нұрмен жандағы жараны, Аллаһ!
Әдеттегі өшірдік пәрәні, Аллаһ!
Әдеттегі өшіріп пәрәні, Аллаһ,
Амал менен өсірдік шараны, Аллаһ!

Сенің нұрлы сөзіңді қуат қылып,
Хақ иманға рухтағы суат қылып,
Өзімізді сонымен өздеудеміз,
Құдіретті бұл неткен қуаттылық?!

Бойды билеп бір кезде мәнсіз шүпір,
Бізді күтіп тұрыпты сансыз шұқыр...
Содан өттік Сен салған сара жолмен,
Шүкір, шүкір, сан шүкір, сансыз шүкір!

Сансыз мадақ Өзіңе, Жарылқаушым!
Сенің ғана ырқыңда жарылқау шын!
Сен ғанасың бақытты ететұғын,
Жарылқай гөр мәңгі Өзің, Жарылқаушым?!
Әмин!

ШЫН СӨЗ

Қарамай Хақ сөзі – Құранға,
Құл сөзіне өтірік жуықпыз.
Тұрса да шын хақ сөз Құранда,
Келеміз жалғанды қуып біз.

Келеміз жалған сөзді растап,
Хақ сөзін ақтарып бір білмей.
Ақылдан аулақта рас қап,
Жалғанды талшықтап, ділгірлей...

Құл сөзін «өнер» деп әспеттеп,
Хақ сөзін «ақыл» деп хар болдық.
Нұрсыз сөз айтам деп ескектеп,
Қалып хақ назардан қор болдық!

Құраннан аулақтап – жарықтан,
Нәпсінің шыңынан ары асып,
Біз бір қор пендеміз зарыққан,
Секілді суалған қарашық!..

ӨЛШЕМ

Адам Тәңір әрине болмағасын,
Беру қиын адамның дәл бағасын.
Шүкір дейсің жүрегін Хақты сүйген,
Жүрегіңе хақ сүйген жалғағасын.

Түсініктен тұрады адам деген,
Парқы иманда адамның наданменен.
Жалғанбайды мың жерден жалғасаң да,
Хақсыз надан жүрегі адамменен.

Міне осыдан біл білгің келсе мұны,
Адамның жүз, наданның нөл сенімі.
Баға берме адамға, дегенменен,
Өлше иманмен өлшегің келсе мұны!

ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫМ

Қалада түнде, көшеде баяу,
Келемін жалғыз көңілім ояу.
Құлаққа ұрған танадай әлем,
Малынған нұрға қап-қара бояу.

Сол қара бояу ішінен жарық,
Көрінді жарық жұлдызым жанып.
Көрінген сол бір жұлдызым жарық,
Жарқырап тұрды түнімді жарып.

Сол жұлдыз жарық түнімді жарып,
Келемін кешіп күнімді жарық.
Сол жарық, шіркін, кеудемнен құды,
Имансыз, надан күнімді ғарып...

Қалада түнде, көшеде баяу,
Келемін жалғыз, келемін жаяу.
Ұйқылы түнде жұлдызбен көкте
Жалғасқан жарық көңілім ояу...

АЗ БЕН КӨП

Адамның пендесі көп, адамы аз,
Себебі хақиқатқа қадамы аз.
Адамның адамы көп болу үшін,
Болу шарт Хақ танымас наданы аз!

Аллаһын танымаған надан болмақ,
Құдайсыз надан қайтіп адам болмақ.
Аллаһын танып құлдық етпегесін,
Надандық адамдағы содан болмақ!

АЛА

Білмесең досың болар көп,
Білдің бе жалғыз қаласың.
Аласы адам ішінде,
Көрмейсің сырттан аласын!

ТАНЫМАУ

*Көп пенде нәпсі айтқанды қоя алмай жүр,
Көзі ашық, көкірегі оянбай жүр.
Жаралған мәңгілікке – адам рухы,
Фанидің қызығына тоя алмай жүр.*
М.Т.

Өйткені танымай жүр Жаратқанын!
Жаратып, бір Адамнан таратқанын!
Өзін де, екі әлемді жоқтан бар ғып,
Рызықтап, Өзіне Оның қаратқанын!

Таныса көкірегі ашылар ед!
Рухынан иман нұры шашылар ед!
Мақсатын жаратылу біліп, бақтап,
Дүниеге махаббаты басылар ед!

Шайтанды иман ғана «жоқ» етеді!
Имансыз адамдық та жоқ есебі!
Хақ бірақ сүйген құлын иманды етпек,
Иманмен адам адам боп өтеді!
(Ондайлық көпте болмақ жоқ есебі...)

НАДАН

Таныса Аллаһты адам жақсы көрмек,
Сөйтсе адам «Аллаһ» деген жақсыға ермек.
Сөйтсе адам «Аллаһ» деген жақсыға еріп,
Болмайды онда надан бақсыға ермек!

Таныған Оны өмірін Жұмақтайды.
Қыңбайды келсе қанша сынақ – қайғы...
Танымсыз көкірегі жабық надан,
Жоқ біліп Оны ешқашан ұнатпайды.

Ол ма, ол «Аллаһ» десең ауырады.
Ол жәйлі орынсыз бос дау ұрады...
Ол ма, ОЛ жаратқанның бәрін сүйіп,
Оның тек, тек Өзіне жауығады!
Өкінішті, ә!

АЛЛАҢ ХАЙ

Мәңгінің иесі Өзің Аллаһ – Құдай!
Білетін өткенді де, алдағыны-ай...
Сені ұғар жүрек болса ойға аудың тек,
Мәңгілік жоқ болар ед салмағына-ай!

Білмеуден айтудамыз Аллаһ-ай деп!
Жаббар деп, Әл Кәрим деп, Аллаһ Хай деп!...
Уәли деп, Әл Ғалим деп, Рахман деп,
Өзің мен жүрегімізді жалғашы-ай деп!

Білмеуден Хақ есімін тура атап біз,
Құрдастай қайқандаймыз тура тақ біз!
Бірақ та Аллаһ шексіз мейірімді,
Атымен жарылқауда қумасақ та із...

Атымен жарылқауда атағанды,
Жүрегін Өз атына матағанды.
Біз «Ұлы» десек Ұлы Ол, немесе құл
Солай Ол қалай десе Жасағанды!

Әй, шексіз құдіретті Құдай – Аллаһ!
Өрлеттің Өзің дегенді ұдайы алға!
Өрлетіп Өзің дегенді ұдайы алға,
Әділсің, алмайсың жәй «Құдай алға»!..
Әй, шексіз құдіретті Құдай – Аллаһ!

БАЛАМ

Балам, сенен күтетінім көп менің!
Мынау сенің шешек атқан көктемің!
Тек Хақты сүй, бағың жанар сөйте алсаң,
Бағы жанар тек Тәңірін өпкеннің!

Балам, айтқан сөздерімнің сырын ұқ,
Нәпсіге еріп қалма өкініп, сүрініп...
Жастығыңды таусып алма тақатсыз,
Сезім билеп тағдырсызға ұрынып...

Хаққын сүймес айналады ғапылға.
Хаққың сүймей қалма айналып ғапылға.
Балағат пен үйленудің арасы,
Сынақ құлға...
Шайтанға еріп шатылма!

МҰХИТДИН ИСА

Хатыңды алдым Мұхитдин, бауырым-ай!
Маңдайын нұр – Күн өпкен, сауырын Ай.
Мысыр, Сирия, Хақ діні жәйлі айтқан,
Расында ойыңның ауырын-ай!
Әлем жұрты шынымен қарап отыр,
Бауырына талатып бауырын-ай!..
Әншейінде «еркіндік» деп қақсайтын,
Батыс, шығыс қайда сол қауымым-ай!
Еркінсіздік Мысырда боп жатса да,
Болмағандай еш... үнсіз қалуын-ай!
Қолдан келер дәрмен жоқ, шыныменен
Тек көңілдің өксуі-ай, налуын-ай!..

Неге бірлік жоқ боп тұр мұсылманда?
Біріксе тең келер кім мұсылманға?!
Хақ Құраны қолында – хақиқаты,
Аллаһы бар жебейтін қысылғанда!
Дін «тілде бар, ділде жоқ» боп тұр ма рас,
Неге бірлік жоқ боуда мұсылманда?!

Дініндегі бірлігін ұстап берік,
Діліндегі иманын ұшбақ көріп,
Бір жаға бас шығарса, бір жеңнен қол,
Кімнен зардап тартар ед қыспақ көріп?!

Жол бергесін малғұнға арадағы,
Көңілдердің ұлғайып қара дағы,
Мұсылманды мұсылман қырғындауда,
Жан, тәндегі асқынып жара дағы!..

Бірге қуса шайтанды арадағы,
Нұрға айналып жүректің қара дағы,
Ғаламдағы ықпалы, бірлігі артып,
Мұсылманның жанар ед дара бағы!

Мұсылманның жанғаны дара бағы,
Бөлшектеулер жойылып арадағы,
Адамдардың рухы рахат тауып,
Күллі әлемнің өшкені ед қара дағы!

Мұны кейлер білгесін ерегесіп,
Бойындағы малғұндық дерегі өсіп,
Арасына мұсылман жік салуда-ай,
Дұшпандыққа жатуда-ай өле көшіп!..

Отырған жоқ оны ешкім тағы білмей,
Білсе дағы ақылға тағы да ілмей,
Ібілістің сөзіне бек еріп тұр,
Кейдің берсе болды өзі бағы гүлдей!..

Негізі Адам баласы үндес еді,
Рухы иман, жүрегі діндес еді!
Бірақ соны түсінбей тегіс бәрі,
Көп дінденіп өз ара күндеседі...

Міне соның кесірі Мысырдағы,
Басқа былай тірлікті ысыр дағы,
Осыны шеш дүние, ей, таубаңа кеп,
Көңіліңнен өштікті ұшыр дағы!

Жасап жатып анығы бір мекенде,
Болғандықтан сенімде БІРге кенде,
Алты бақан алауыз боп отырсың,
Ауаны бір, тамақты бір жесеңде!..

Түсінсеңші ақылды, мініңді, адам!
Ойласаңшы екі өмір күніңді, адам!
Адамдығың, бірлігің анығы шын,
Хақты қақтар жалғыз Хақ дінінде, адам!..

Имамдарды біздегі қаралауы,
Жоқтың ісі анықты саралауы...
Бауырым-ай, түсіндім жан даусыңды,
Ол шындықтың жаныңды жаралауы...

Алғашы мен қайы хат түсінбедім!
Өлеңдеріңді оқыдым күшіндегі.
Өлеңдеріңді оқып ап күшіндегі,
Мәніне ептеп мән бердім ішіндегі...

Екеуі де жақсы өлең, дұрыс бәрі,
Емес екен анықтан жыр ұшқары.
Хақтың хақ Хақ екенін білдіріпсің,
Болса құяр құлақтар құрыштары...

«Хат жазып ем Құл-Керім Елемеске,
Елер ме екен, білмеймін, елемес пе?!»
Депсің, бауыр, неге мен елемейін,
Елемеуім сұмдық та, жөн емес те!
Хатыңа хат осылай жазып салдым,
Оқыған жұрт жақсы еді-ау өнеге етсе!

Әссәләму ғаләйкум, Мұхитдинім!
Өз алдына ілімде мұхит-ты інім!
Хақ жолында бір болып бағытымыз,
Хақтың бірге жүзейік мұхит – дінін!
Иншаллаһ!

2013.9.2

БІР ҮЙДЕ ЖАНЫП ТҰРАЙЫҚ

Жалғанып үміт үзілген,
Қуанып қалдым қайтадан.
Хақ сүю үшін түзілген,
Жүрегім күліп айтады ән...

Жүрегім күліп айтады ән,
Рухына жиып арайды.
Хақ десем ғана жәй табам,
Хақ десем қайғым тарайды.

Пәс еді көңлім кешегі,
Барады қайта биіктеп...
Хақ нұрын ойым кешеді,
Хаққа өтем басты иіп тек!

Махаббат болып осы ұлық,
Болайық мәңгі сәлем мың...
Тартылыс болып қосылып,
Тартылысына әлемнің!..

Хақ үшін сені ұнаттым,
Хақ үшін сені сүйейін.
Тұрғындығы үшін Жұмақтың,
Басымды Хаққа иейін!

Сағынып сабыр күткенше,
Хақ үшін басты құрайық.
Білтеміз қашан біткенше,
Бір үйде жанып тұрайық!

КҮЗ

Сұлу сияқты мына күз,
Сарғаймаған, сарғайған.
Мен жүріп өткен жылады із,
Бір бұрышта сарнайды ән...

Кербездеу шыққан Күнді еміп,
Күлгіндеу ауа жылиды.
Жүректі жұмысақ мұң көміп,
Жапырақтар ұлиды...

Қызарып кеткен қысымнан,
Оқалы дала ойлылау.
Уақыт сенің мысыңнан
Көңілі кірбең,
Қайғылы-ау!..

НЕГЕ?...

Өз тілінен халық шын жалыққан ба?
Шығады екен білместік алыптан да, ә?
Қайран тілін Хақ берген сөйлемейді,
Кімнен өзі бұл індет, халықтан ба?!

Құстардағы сайрайды тілінде өзі,
Хайуандар да сөйлейді тілінде өзі.
Біз ғанамыз, тек, рас, біз ғанамыз,
Сөйлемейтін байырғы тілін де өзі.
Қазақ дегің келмейді кейде кейді,
«Қазақпын» деп тұрса да күлім көзі...

Өз тілінен сонша ма безе ме екен?
Өзін қор ғып өзі адам езе ме екен?
Жат тіл десе сайрайды, осы қазақ,
Біз білмейтін бірдеме сезе ме екен?!

Тіл деген ол Хақ берген бақ емес пе ед!
Қазақ, ділің ежелден ақ емес пе ед!
Байлық берген, жер, мемлекет, бәрін берген,
Бәрін берген, ойлашы, ей, Хақ емес пе ед?!

Жөнің бар ед тіліңмен жарқ ететін!
Хақ бергенді неге сен тәрк етесің?
Хақ бергенді неге сен тәрк етіп сап,
Неге өзіңе Тәңіріңді қарсы етесің?!
Неге???...

КҮЙ

Өнімді тауысты «түн» ішіп,
Кем емес еді ғой ғазалдан.
Кеудемнен шықты бір күн ұшып,
Қансырап қалғандай ажалдан...

Тас-түнек ішінде тұншығып,
Жанбаған кезінде жанатын
үмітім өлгенде... күн шығып,
Жасындай жарқ етті жан отым.

Өнімді құрбан ғып күн үшін,
Жүрегім тұр үнсіз қылаулап.
Жаннан нұрлы ұшқандай күміс үн,
Жауып тұр көк-жасыл нұр аумақ...

ХАҚ ЕРКІ

Иір де қиыр Кеген суындай керге аққан,
Кегежім кейіп кері тартады кербаққан.
Бәрі – мың ұлып мидың мың түкпірлерінде,
Үрей кеп ішті тіміскілейді көр жақтан...

Көр жақтан келген үрейдің үні тым қатты...
Көрші шал кеше кеселдің кебін тыңдапты...
Ауылды басып Ай астыменен аяңдап,
Түйе көш өтіп баратса керек құндақты...

Шағала шаңқан киінген өңкей бір әппәк,
Түйе көш шеткі отауда аз-кем тұрақтап,
Алып кетіпті жалғыздың жалғыз тұяғын –
Талпынған әрең екі аттап, қайта бір аттап...

Шу-у ете қалды ел, сөгіле таңның танабы,
Жас емес, көзден жатқандай қызыл қан ағып.
Оларша қойған тасемшек тағдыр иімей...
Ескі ұғым солай түсініктегі манағы...

Ескі ұғымша әлгі: «отаудың өртеп оттығын
Күл ғып тындырған тағдырың – жасын от-тұғын!..»
Бірақ бұл теріс таным, ей, пенде, бар, жоқ қу
Хақ еркіндегі іс, болмасын оған боқтығың!

1998.12.22

РАСЫМ

Тек қызға бола егіліп сонша,
Қабырғаң қара сөгіліп сонша,
Шелектеп құйған жаңбырша ессіз,
Не болды, бауыр, төгіліп сонша?!

Мақтау мен мадақ тек Хаққа лайық!
Хақ ойым үшін бек тақпа да айып?!
Биік деп біліп биік сөз айттым,
Надан қайғыны түсетін ойып!

Арналған қызға құты қалмай жырдың,
Тек Хақ деп хағын ұшыра алмай жырдың,
Хақ білместе айтқан хағы жоқ сөзден,
Расым, бауыр, құтыла алмай жүрмін!

МАХАББАТ БОП...

Олпы-солпы өтіп кеткен көп күндер...
Қасақана кейде тәлкек еттіңдер...
Қиып қимас қыршын ұлды құрдымға,
Қарлығаштар, қайда ұшып кеттіңдер?!

Байғұс жүрек өкінішін баса алмай,
Өксіп кетті-ау, жанарына жас алмай.
Ұлпа көңілді үсік шалып жазыңда,
Қатып қалды-ау, асуынан аса алмай...

Жаратқаным, берші нұрлы ақыл-ақ?
Арсыз істі жатпайыншы ақылап.
Тәңірісің, табынарым Өзіңсің,
Тірлігімді күзететін бақылап?!

Беу, дүние-ай,
Бедерің бар не түрлі,
Кейде жалын, кейде жәйдің оты ұрды.
Қайшылыққа толы мынау тіршілік,
Додаға сап мазамды әбден кетірді.

Бірақ, кімге жалынамын наз айтып?
Бара жатыр Хақтың ісін қаз айтып...
Сен ғанасың сырласарым адамнан,
Кеп-кетіп тұр мұңымды сәл азайтып.

Сәл ғана сәт ұмытайын қайғыны,
Арманымның жетсін барып Айға үні...
Махаббат боп ұласайын мәңгімен,
Көңілімнің құсқа толып айдыны...

1987.
Құлжа

ШАРТ

Нұрлы жырлар жетер нұрлы жүрекке!
Нұрсыз болса жүректі емес құры ет де.
Жүрек нұрлы, болу үшін жыр нұрлы,
Құл құл боу шарт Хаққа – жалғыз Тірекке!...

ҰЙҚЫ

Келді де түн жұтып алып Күнді арбап,
Қара жерді жаншылады бауырында.
Жұлдыз – шәші үрпе-шүрпе дудардай,
Қан-сөлі жоқ бозарады Ай сауырында.

Сіміріп ап қара түнек қасіретті,
Бір қор етіп талып кетті тіршілік.
Содан бір түн, жоқ, мүмкін, бір ғасыр өтті,
Ұйқылы үміт қылшасынан қыршылып...

Аңқа кеуіп Азаны жоқ аймақта,
Балапан – таң жұмыртқасын жара алмай,
Іріп кетті ұйқылы түн ішінде,
Қауызында қаңсып қалған аралдай...

Тапжылман соң тарамайды қан бойға.
Шырын түстен жүйке тоны сүзілді.
Ғамалсыз түн мен салатын ән қайда?
Қорылымнан қобыз ішегі үзілді...

ҚАС ҚАҒЫМ ҒҰМЫР

Тотияйынға барып батты Күн,
Кіреу көзденді жарық Ай.
Шәшірады жұлдыз – шаттығым,
Тауыққа шәшқан тарыдай.

Ағарған жалғыз көз – түннен,
Санаға ұйқы тамып тұр.
Қазан астынан боз күмбез,
Қараңғыны іштім қанып бір.

Қараңғыны ішіп қаңсыған,
Масаңдау майпаң екпінмен,
Түн – нұрдың әуен аңқыған,
Көңліне сіңіп кеттім мен.

Ес жиғанша есер мауықтан,
Қарадан аққа ауысыпты.
Жұлдыз біткеннің тауық – таң,
Шоқылап бәрін тауысыпты...

ЕКІ АРЫСТАН

Мен өзіңмен сырласпаған пенде емес,
Аяр досым, ал қанекей, жөнге көш.
Сенің көңілің көңіл екен, мақұл-ақ,
Басқанікі гүлзардағы «сембе» емес.

Менің бағам сенен тиіттей кем де емес.
Мендегі ми ақылдан да кенде емес.
Қайран менің адамшылық арым-ай,
Безбүйрекке бәйек болған еңбегі еш.

Қиып түсер ақ дүзіндей алмастың,
Намыс, ұждан мейлі кезек алмассын,
Мені мен деп құп ал, алма, бірақ мен
Битке өкпелеп тонымды отқа салмасын...

Жауың болсам жасын ұрып мерт етпей,
Баяғы «әнді» қайталайсың ертектей...
Шегірткенің айғырынша жер теппей,
Еркектерге мінез керек еркектей!

Адам болу қиынырақ десек те,
Қиынырақ төзе білу өсекке...
Қиын, қиын, қылмыс тіпті кешкісіз,
Орын беру тұлпар тұрып, есекке!

Мінез, көңіл екі басқа өрісте,
Құпта мейлің, шығар оны теріске.
Арым менің мінезімді жақтайды,
Дейді «өлсең де шындық үшін беріспе!»

Махаббаттың маздап жануы әр үйде,
Ол, көңіл ғой, көңіл шіркін кәри ме?
Бірге туып, бірге жасау үшін де,
Көлдей көсем көңіл керек, әрине!

Жараспайды сый, құрметке шен, шек, қыр!...
Ағытайын осылай бір емсек сыр:
Мінез, көңіл – екі арыстан, арбатпай,
Ақылға сап әр екеуін теңшеп тұр!

ҚҰМҚОРА

*Жұңғар ойпаты менің туған мекенім.
Қамысты өлке. Күз келіп қамыс үлдіректегенде
сары жәйқын теңіз кейіптенеді.*

*Оның дәл ортасында
Құмқора деп аталатын биік құм төбе бар.
Ол сол сары теңізді жүзіп бара
жатқан алып кемеге ұқсайды...*

Сары қамыс, қызық, телегей
сары теңіздей шайқалақтаған.
Құмқора тұр жүзіп кемедей,
Сары сағымда жәйқалақтаған.

Ұшар басына ұмтылушы едім,
Сары сағымды кештіріп атпен.
Қытықшыл аумақ қымсынушы еді,
Құлпырушы еді кешкілік... әттең?!

Сары Күн қимай аз-кем тұрақтап,
Құмтау басында – сары мойнақта,
Асатын ары назбен бір аттап,
Сары киіктей сағым ойнақтап...

Жататын солай сары күз бөртіп...
Ол жәйлі менің өнім күшінде.
Оны мен жүрем өзіммен ертіп,
Ол қазір менің жаным ішінде...

ЖАҢБЫР

Аймалап ән қарағайды,
Жылы ағын жанды аралайды...
Құлағы қалқиып қарап,
Күмістей кірпігін тарап,
Тағы бір таң балалайды...

Аспанды көсеп есі шығар,
Жасынның кеселі осы шығар?
Дүрілдеп көк өріп кетті,
Дүние көгеріп кетті,
Көктемнің көсегесі шығар.

Мүлгиді мұңлы ысқыық қыр...
Нұр кілкід құм үсті иіп бір...
Жерде өлі тірілту үшін,
Күміс бұлт күміс құйып тұр...

ТЕККЕ ТАРТУ

Еріксе – тескентау асып балханға барған...
Әбіш Кекілбай

Талай маған,
Мен талайға қорландым.
Дерт талаған, өрт жалаған орманмын.
Аждаһалар омыртқасын опырып,
Жөргегінде тұншықтырған арманмын!

Скиф те мен,
Үйсін де мен,
Сақ та мен...
Тәңір деген, тәжілеген тақ та мен...
Ен-жалғанның егесе де кетпейтін,
Қолқасына қатып қалған қақ та мен!

Мен – тарих!..
(Кешір Тәңір құлыңды-ай?)
Күн түбінен кісінейді құлындай
Күн бегі – елім, күймелері сыңғырлап,
Күс абандар кеткен үзіп жұлындай...

Содан менің Қағанатым қақ болды.
Тағым күйреп тақсыретке тап болды.
Көкжиегім көз жұмуға мәжбүр боп,
Хақшыл кейім хақсыздарға жақ болды...

Күстабандар кірекелеп өткенді,
Бір ауыққа көрсетпеді көктемді...
Сәл соң шындық басын қайта көтеріп,
Керең кезең келмеске өксіп кетті енді...

Хақшыл елмін!
Көкіректе арман көп...
Хақ құлымын, хақиқаттан танғам жоқ.
Қайта тұрып келем міне қасқайып,
Апандарды қақырата қан-қан боп!...

ІРІТІНДІ

Жүздіктердің керегі жоқ қазаққа.
Одан қазақ тұспеді анық аз отқа...
Жүздіктерге тұрғанында бөлініп,
Қазақ анық емес әсте азат та!

СЫНҒАН СӘУЛЕ

Марқұм анам – Жұмахан Мұхамәдияр қызы біраз жылға созылған науқас себебінен, тауық (1993) жылы қарашаның он тоғызы таң қылая көз жұмды...

I

Мен енді қайтіп жалындап,
Өрт боп жана алам?
Жүруші ең Хақтан тілеуім тілеп, жан анам!

II

...Сол күні,
Күн көзі сәл қанталады...
Көңілде ажал жәйлі ой анталады...
Ділгірміз,
Түс ауа анам мызғап кетті,
Көлкіген көкжиектен қан тарады...

Шам болды...
Құптан болды...
Ұйықтадық...
Ниетті хақ сеніммен тұйықтадық!..
Өлім хақ, бірақ та кім қия алады,
Өсірген өз анасын сүйіп, бағып!..

Таң атты...
Күн шарбыда аяңдады...
Болғанын бір сұмдықтың баяндады...
Жалған-ай, күлімсіреп жатыр анам,
Мұз тәні...
Кетіпті өтіп...
Оянбады!..

Мәңгілік Фердауысқа енші, анашым!

АЛАҚАН

Түн пердесін ысырғанда шапырашты Аспан,
Көзін ашты есінеп Күн шашырап тастан.
Өбісіп жас сәулемен өрле-еп кеткендей,
Шамқарады шағыр шың шашын ақ басқан.

Көкжиектің сәл-л үсті қызыл-ақтанып,
Буаз тұман барады жүзіп, аттанып.
Жұлдыз шықтар жымыып көзін ашады,
Шалғын беті бурыл бу қызымақтанып.

Шөккен мұнар балбұлы үлбір етегі,
Сұйық әйнек секілді дір-дір етеді.
Көзбен ғана өбісіп көріктенесің,
Қарсы бассаң ғайып боп ділгір етеді.

Шуақ сүртіп көк көзін айықтырады,
Үп еткен леп шөп басын жәй-й ықтырады.
Жүрек-гүлдер Аспанға ауыз аша ма?
Жоқ,
Құйттай алақандарын жәйіп тұрады.

Тотияйынға етегін малып қойғандай,
Ғайып кезген кеме – Жер алып қой, қандай?!
Торғын-тоты бояуға тоғытып алып,
Күреңіткен күндізге жәйіп қойғандай.
Ғайып кезген кеме – Жер алып қой, қандай!

КЕЛЕШЕК

Бір өмір тұр екен ғой басталғалы,
Жанарға қуаныштан жас толғалы.
Бір қызық келді міне дүниеге,
Қысқанда жас ананың жас толғағы...

Тәңірдің таңғажайып үлесіндей,
Бұл тісті тіршілік қой, білесің бе, ей!
Космысты көз алдыңа көлбіретіп,
Қояды ол, Иншаллаһ әлі, күлесің ғой!

Тоқтатпай дінсіздікпен ерегесін,
Шарт-марттың шағып тастап керегесін,
Бір жарық әлемді әкеп орнатады ол,
Быт-шыт қып осы заман ережесін...

Сенсең сен, сенбесең қой, ерік сенде,
Қашанда келешекке жерік пенде...
Тік тұрып орынынан тірі өліктер,
Бір сырлы үн естисің өліктен де...

Күн керуен,
Күрес керуен ол тынбайтын...
Демеңдер: «ойран салып, олқымды айттың!»
Алдында келешектің күн туады,
Тарих тарих қалпы солқылдайтын!

ДҰҒА

Уа, Раббым!
Тұтылған Күнім ашылмағаннан сақта!
Шуағы жерге шашылмағаннан сақта!
Мезгілсіз зауал жасындағаннан сақта!
Өзіңе құлың бас ұрмағаннан сақта?!

Еркекке ұрғашы ақыраңдағаннан сақта!
Ұрғашыға еркек бақыраңдағаннан сақта!
Байлыққа мас боп осыраңдағаннан сақта!
Адамға надан қоқыраңдағаннан сақта!

Әкеге бала қарсыласқаннан сақта!
Жақынын «жат» деп жар сынасқаннан сақта!
Жақсының жаман нарқын ашқаннан сақта!
Зауалға заман қарсы басқаннан сақта!

Көрші мен көрші миланасқаннан сақта!
Ел діннен азып зиналасқаннан сақта!
Адам мен надан қидаласқаннан сақта!
Арудың арын қинап ашқаннан сақта?!
Әмин,
Аллаһу Әкбар!

2003.1.1

ТӘММ

Қалдым міне жеңілдеп тым,
Талай ойлар соқты ауыр.
Көп өлеңді жеңілдеттім,
Болмасын деп көпке ауыр.

Тілсім істер тұнып, төніп,
Елжіретті бек тәуір.
Түспесем деп үміттеніп,
Айнала ұштым «отты» ауыр.

Қол жеткені осы, досым,
Жетпесе аса сөкпе ауыр.
Менің дұғам осы босын,
Сен де дұғанды ет, бауыр!

Аллаһ сені жарылқасын!
Әмин!

САНАҒА ТҮСКЕН СӘУЛЕЛЕР

Қазақ жырының шалқарына сел нөсерден кейінгі тау өзендеріндей лықылдай тасыған жаңа арналар келіп қосылуда. Әсіресе Қытайдан, Моңғолиядан келген бауырларымыздың тегеуріндері мықты. Тілдері айшықты. Сезімдері соны. Навталин мен шаңсорғыш тимеген жаңа кілемдей көзінді қыдықтап, көңілінді еркелетеді. «Жұлдызды түнді» жазған Құл-Керім Елеместі оқығанда сондай әсерде қалдық...

Әбіш КЕКІЛБАЙ,
жазушы,
Мемлекеттік сыйлықтың иесі.

...Құл-Керім Елеместің өлеңіндегі сыр-сипаттар бір акынның ғана емес, жалпы қазіргі қазақ поэзиясындағы қайратты қалам ізденістерін, өзгеше өлең өлкелерін танытады. Бүгін ақындарымыздың өзі түгелдей мойындай бермейтін мұндай ізденістерден туған жырлар мінберден оқуға арналмаған. Азды-көпті интеллектуалды дайындық пен тәжірибені қажет етеді.

...Ешкімге ұқсамайтың Құл-Керімнің рухани әлеміндегі құбылыстарды көкірегіңізге қондыру үшін ілтипатпен қарап, арнайы уақыт бөлу керек.

...Хақ жолында мойынұсынған, көзге түскісі келіп дүрсінбейтін, кербезденіп, кемеңгерсінбейтін Құл-Керім Елемес ақын өз жаны – өз ғарышының сәулелерін моншақтап, әдепті де нәзік сезімталдығымен, сыршылдығымен, бейнелік әлеміндегі өз кестесімен тазалыққа іңкәр көңілді ризалайды.

Бекен ЫБЫРАЙЫМ,
профессор, сыншы,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының иесі.

Сенің өлеңдеріңді анық көңіл қойып оқығаным – осы жолы. Сені ешкімнен артық, ия кем демеймін. Бірақ үні, бояуы өзгеше ақын екенсің. Өлеңдегі сөз саптауларыңнан, салған суретіңе дейін ешкімге ұқсай қоймайтын бір бөлек бейне бар. «Жан-түнегіңнен жасап алған ғарышыңның» суреті – тылсым. Тұспалы – түкпірлі.

Сен жасаған «ғарыш» – жұмбақ жанының этикалық бір әлемі болып көкейге қонды. Табиғат суретін бергенде де жаңа бояулар, тосын рендер табасың...

Қысқасы осының бәрі қазақ өлеңіне және бір жаңа ақынның, жақсы ақынның келгенін айтады.

Яғни, сенің келгеніңді...

Тұрсынжан ШАПАЙ,
жазушы, сыншы,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының иесі.

...Әдебиет әлеміне қараңғылық пен жарықтың алмасуынан құралғандай күрделі де күрмеулі өзіндік өрнегімен келген Құл-Керім Елеместің «Жетінші аспан» жинағы автордың рухани ізденістерін паш етерлік жандауа жырларын қамтыған. Ақын өлеңдерінің ишаралық мәні мол...

...Бірден аңғарылатыны – автор эмоциялық бояуы қалың, экспрессивтік қуаты күшті сөздерді таңдап ала біледі әрі үзік-үзік өлең жолдары арқылы сезімдік тербелістерді күшейте түседі.

...Оның мінәжаттарының өзі еркіндігімен, ерік күшінің, жігерінің молдығымен ерекшеленеді. Бұл – сопылардың парасатты көнбістігінен де өзгереді, махаббат пен парасаттың шарпысуынан туған бір сезім.

...Мінәжаттың жоғары рангалы жанр ретіндегі ерекшеліктерін айқын көрсететін мысалдар талдау назарына алынып отырған ақын туындыларынан байқалады. Адресаттың ең басты маңызға ие болуы, сезім-сырларды жеткізуге мүлтіксіз, мінсіз, үздік лексиканың таңдалуы, құрылымда да қарабайырлыққа жол берілмеуі Құл-Керім жырларының деңгейін қабылдаушы назарында сөзсіз биіктетеді.

Айнұр ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ,
ақын,
филология ғылымдарының кандидаты.

Расында да бүгінгідей алмағайып уақытта Мұсылманның бес парызын ұстап қана қоймай Хақты, хақиқатты тануға бар ынтасымен ден қойған ақын Құл-Керім алдыңызға арлы жырдың алтын сандығын ақтарып салады. Оның әрбір жыры жаңа сапа, жаңа сатыға шығып сөйлейді. Ол «Адам қайдан келді, қайда келді, қайда барады» деген адамзаттық пәлсафаға Алланың ақ жолымен сөз сабақтап, ой түйеді.

О бастан ақын боп туған Құл-Керім Елемес он сегіз мың ғаламның Иесіне иіп сөйлегенде оның әр жолы, әр шумағы нұрға малғандай көңілге салтанат-шуағын шашыратады.

Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ,
ақын,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының иесі.

ӨЗЕК СӨЗ

Бисмилләһир Рахманир Рахим

Менше әдебиет арлының ісі. Олай болатыны әдебиет өз алдына бола қалатын іс емес. Оны тудыратын адам – әдебиетші. Міне сондықтан оны тудыратын адам арлы болмай ол тудырған әдебиет әркез арлы болмайды. Демек, әдебиет өзін тудырған әдебиетші арлы болмай арлы болмайды. Мұнда ардың адамдағы өзін жаратқан Иесіне болған оның шүбәсіз сенімінен келетінін ескерсек, әдебиетті тудырушының Иесіне болған кіршіксіз сенімінің бар, не жоғы, ал бар болса қай дәрежеде екені бірінші көзде ұсталмақ. Демек, әдебиетті тудырушы Хақ тағаласына сенімде шүбәсіз болса, ол тудырған әдебиет сөзсіз арлы болмақ. Немесе әдебиет иманы берік жүрек иесінің пайымынан барлыққа келу арқылы арлы әдебиет ретінде өмірлемек. Анығында ол деңгейге жеткен әдебиеттің болмысында таза емес сөз бен пайым болмайды. Діңі мен ділі Хақ тағала кәламынан болады. Тұтасымен түзелген сөз болады. Ондай сөз тындаушысын да түземек...

Мен өзіме тән жазушылық өмірімде бұл іске, Аллаһ тағаланың нәсібімен, міне осы мөлшерден үңілдім де. Қолдарыңыздағы жинақ (және «Жарыққа махаббат» атты кітабым) осы ойымның қазірінше мен жеткен мені. Мұнда (және «Жарыққа махаббатта») бұған дейін жазған дүниелерімнің арлысы мен нұрлысы (кейі қайтадан өңделіп) топтастырылды. Әрі бұл (екі) кітап осыған дейін жазғандарымның негізгі шоғыры да. Себебі бұл (екі) кітапта жаңа жырларым мен ескі жырларымның мақсаты үндестірілген. Бұл мақсат пен талапқа үндеспегені мен жауап бере алмағандарын тастадым... Сондықтан ол дүниелерімді оқырмандарымның (тіпті керек болған жағдайда да бұл екеуінен) өзге кітаптарымнан іздемеуін талап еткен болар едім...

Құрметпен Құл-Керім ЕЛЕМЕС

МАЗМҰНЫ

Өлеңдер мен поэмалар.....	3
Санаға түскен сәулелер.....	301
Өзек сөз.....	303

Құл-Керім ЕЛЕМЕС

ЖАРЫҚ

жыр кітабы

Редакторы *О. Сапархан*
Техникалық редакторы *А. Тлеукеева*
Компьютерде беттеген *Л. Садықова*

Басуға қол қойылды 15.07.2014 ж.
Қаріп түрі «Agial». Офсетті басылым.
Пішімі 60x90/16. Шартты баспа табағы 19.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

«Сөздік-Словарь» ЖШС, Қазақстан Республикасы
Алматы қ-сы, Жандосов көшесі, 7-11.
Тел.: +7 (727) 274 59 23
E-mail: sozdik@mail.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 9965-822-90-5



9 789965 822902